


**Д.А. ҚАЛДИЯРОВ
А.Е. БЕДЕЛБАЕВА**

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Оқу құралы

АЛМАТЫ
2016



ӘОЖ 330. 322. 011
КБЖ 65. 290-56
Қ 25

Баспаға Т. Рысқұлов атындағы ЖЭУ жанындағы ҚР БжҒМ-нің
РОӘК ОӘБ-нің «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес»
мамандықтар тобы бойынша ұсынған.

Пікір жазғандар: **Сапарбаев Ә.Ж.** – э.ғ.д., профессор, ҚазҰЖҒА академигі,
Қайнар университеті;
Мухамадиев Б.М. – э.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ;
Рахметова Р.Ө. – э.ғ.д., профессор, Т. Рысқұлов атындағы
Жаңа экономикалық университет;
Қожахметова М.К. – э.ғ.к. доцент, Т. Рысқұлов атындағы
Жаңа экономикалық университет;
Шарипов А.Қ. – э.ғ.д., «Есеп және аудит» кафедрасының про-
фессоры, І. Жансүгіров атындағы ЖМУ.

Қ 25 **Қалдияров Д.А.**
Инвестициялық жобаларды талдау және бағалау: оқу құралы
/ Д.А.Қалдияров, А.Е.Беделбаева – Алматы: Экономика, 2016. –
224 бет.

ISBN 978-601-225-888-2

«Инвестициялық жобаларды талдау және бағалау» атты оқу құралында
инвестиция ұғымының теориялық-әдістемелік аспектілері, инвестициялық
жобалардың мәні мен қажеттілігі, инвестициялық жобалардың ақша ағымдары,
жобалардың тиімділігін талдау, бағалау және басқару әдістері қарастырылған.

Оқу құралы кәсіби білімге қойылатын жоғары талаптарға сай болатын
және басқару шешімдерін қабылдап, тандай алатын, инвестицияны тиімді түрде
ұйымдастыра алатын және оны дұрыс қолдана алатын, инвестиция саласындағы
жоғары білікті мамандарды қалыптастыруға септігін тигізеді.

«Инвестициялық жобаларды талдау және бағалау» атты оқу құралы барлық
экономикалық мамандықтарында оқитын студенттер мен магистранттарға
арналған.

ӘОЖ 330. 322.01(0758)
КБЖ 65. 290-56

ISBN 978-601-225-888-2

© Қалдияров Д.А., Беделбаева А.Е., 2016.
© «Экономика» баспасы» ЖШС, 2016.

Бұл еңбекті немесе оның бөліктерін автордың келісімінсіз таратуға және
авторлық құқық жөніндегі нормаларға қайшы келетін басқа да әрекеттерге
тыйым салынады әрі заң бойынша жазаланады.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	5
1 НАРЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖҮЙЕСİNДЕГІ ИНВЕСТИЦИЯЛАР	6
1.1 Инвестицияның экономикалық мазмұны	6
1.2 Инвестицияның негізгі түрлері	12
1.3 Жоба түсінігі және жобалардың түрлері.....	17
1.4 Инвестициялық жобалардың өмірлік кезеңдері.....	24
1.5 Кәсіпорынның инвестициялық саясатының стратегиясы.....	34
2 ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ТАЛДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ	40
2.1 Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау көрсеткіштері	40
2.2 Ақша ағымы (cash flow) туралы түсінік.....	45
2.3 Жобаларды қаржыландырудың тәсілдері мен түрлері.....	50
2.4 Жобалық қаржыландыру	67
3 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ	72
3.1 Жобаның тұжырымдамасын әзірлеу	72
3.2 Жобаларды талдаудың негізгі аспектілері.....	76
3.3 Техника-экономикалық негіздеме және бизнес-жоспар	80
3.4 Бизнес-жоспардың құрылымы.....	84
4. АҚША АҒЫМДАРЫНЫҢ МЕРЗІМІН БАҒАЛАУ	96
4.1 Ақша ағымдарының түрлері және оларды бағалау	96
4.2 Пайыздарды есептеу тәсілдері.....	100

4.3 Дисконттау	104
4.4 Төлемдер ағымы. Қаржылық рента.....	109
5. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУДЫҢ ӘДІСТЕРІ	114
5.1 Инвестициялық жобаларды бағалаудың статикалық әдістері	114
5.2 Ақша түсімін дисконттауға негізделген инвестицияларды бағалау тәсілдері	120
6. ТӘУЕКЕЛ ЖАҒДАЙЫНДА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ	127
6.1 Инвестициялық тәуекелдер және олардың түрлері	127
6.2 Инвестициялық жобалардың тәуекелдігін бағалау әдістері	141
6.3 Инфляция жағдайында инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау әдістері.....	146
6.4 Тәуекел және белгісіздік жағдайында инвестициялық жобаларды бағалау әдістемелерін талдау	150
6.5 Жобалық тәуекелдерді басқару.....	155
7 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ БАСҚАРУ	162
7.1 Жобаларды басқару әдістері	162
7.2 Жобаларды басқарудың ұйымдастырушылық құрылымдары	166
7.3 Жобаларды жоспарлау мен басқарудың желілік әдістері	174
7.4 Жобаларды басқарудағы ақпараттық технологиялар	176
7.5 Инвестициялық жобаларды басқаруды бағдарламалық қамсыздандыру.....	181
ГЛОССАРИЙ	191
ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ	199
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	221

КІРІСПЕ

Нарықтық экономика жағдайында кез келген инвестициялық қызметтің түрі, оған капитал жұмсау немесе инвестициялау барысында арнайы инвестициялық жобаның болуын талап етеді. Сонымен қатар, кәсіпорын тұрақты дамуын қамтамасыз етуді немесе жаңадан құруды мақсат етсе, міндетті түрде қаржылық жоспарлауды жасап, оның баламалары арасынан тиімдісін таңдауы қажет.

Бүгінгі таңда инвестициялардың көлемі, Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының экономикалық дамуының ырғағын жылдамдату үшін жеткіліксіз. Бұл жағдайды жақсарту үшін, экономикалық талдаудың сұрақтарын – инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалауды қамтитын, инвестицияларды басқарудың экономикалық тетіктерін жетілдіру қажет. Инвестициялық салымдардың сәттілігін қамтамасыз ету үшін, инвестициялық жобалардың тиімділігін нақты бағалауға және оларды жүзеге асыру бойынша негізделген басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін, ғылыми-әдістемелік әзірлемелердің болуы қажет.

Инвестициялық жобаның тиімділігін бағалаудың негізінде, жобаны жүзеге асырудан алынатын кіріс пен инвестициялық шығындарды өлшейтін, көрсеткіштер жүйесі жатыр. Инвестициялық қызметтің табыстылығы мен тәуекелдерінің оңтайлы үйлесімділігін анықтау үшін, әртүрлі жағдайларды ескеру қажет.

«Инвестициялық жобаларды талдау және бағалау» атты оқу құралында инвестицияның табиғаты, оның жұмыс істеу ерекшеліктері, қоғамдық өндірісті тиімді дамытуда категория тетігінің мүмкіндіктерін зерттеу, инвестицияны ұйымдастыру нысандарының өзара байланысы мен өзара іс-қимылы және қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының нақтылы жағдайында оларды қолданудың әдістері түсіндірілген.

Оқу құралының маңыздылығы – инвестицияны теория тұрғысынан терең меңгерген білімгерлер инвестицияның принциптерін, әдістерін тәжірибеде қолданып, оны толық меңгереді. Іс-тәжірибеде инвестициялық талдау жасап, оның қандай жағдайда сол ұйым үшін пайдалы жақтарын анықтайды.

Оқу құралы барлық экономикалық мамандықтарында оқитын студенттер мен магистранттарға арналған. Оқу құралы кәсіби білімге қойылатын жоғары талаптарға сай болатын және басқару шешімдерін қабылдап, тандай алатын, инвестицияны тиімді түрде ұйымдастыра алатын және оны дұрыс қолдана алатын, инвестиция саласындағы жоғары білікті мамандарды қалыптастыруға септігін тигізеді.

1 НАРЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИНВЕСТИЦИЯЛАР



Инвестицияның экономикалық мазмұны

Қазіргі кезде Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан инвестициялық процесс әлеуметтік – экономикалық дамуымыздың негізгі алғышартына айналып, еліміздегі реформаларды табысты іске асырудың басты себебі болып отыр. Инвестициялар кез – келген ұлттық экономиканың маңызды да қажетті қоры болып саналады.

Қазақстандық экономикада «инвестиция» термині нарықтық қатынастарға көшу кезеңінен бастап қолданыла бастады. Инвестицияның синонимі капитал жұмсалымы, бірақ тәжірибе көрсеткендей, «инвестиция» түсінігі кең мағынаны білдіреді. «Инвестиция» термині латын тілінен аударғанда – кейіннен табыс алу мақсатында капиталға салым салу дегенді білдіреді.

Инвестиция (латынша *investire* – киіндіру) – табыс алу, меншікті капиталын молайту, елдің материалдық байлығы мен бейматериалдық сипаттағы қоғамдық құндылықтарын еселей түсу үшін шаруашылық жүргізуші субъектілер салатын инвестициялық қаражат. Сонымен қатар инвестиция экономикалық дамудың жоғарғы және тұрақты қарқынын қалыптастырудың, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін өсірудің, инфрақұрылымды дамытудың маңызды факторы болып саналады.

ҚР «Инвестициялар туралы» Заңына сәйкес, инвестициялар – бұл лизинг шартын жасаған кезден бастап қаржы лизингі заттары, сондай-ақ оларға құқықтарды қоса алғанда заңды тұлғаның жарғылық капиталына инвестор салатын мүліктің барлық түрлері немесе кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді ұлғайту, сондай-ақ концессионердің (құқық мирасқорының) концессия шарты шеңберінде жасаған және алған тіркелген активтері.

Отандық және шетелдік әдебиеттерде «инвестиция» түсінігіне әр түрлі анықтама береді.

Әлеуметтік-экономикалық мазмұны бойынша инвестициялар қоғамдық-пайдалы қызметтерді атқарады және оларға келесілер жатады:

1. Өндірістік, өндірістік емес салалардағы жай және ұдайы өндіріс үдерісін қамтамасыз ету.

2. Өндірістік үдерісті қайта жаңарту үшін тозған негізгі қорларды және қолданылған шикізат пен материалдардың орнын толтыру.

3. Капиталдық, қаржылық салымдарды жұмсау негізінде бір саладан басқа тартымды салаларға капиталды аудару.

4. Адам әлеуетін, жаңа технологиялар мен материалдарды дамыту.

5. Болашақтағы экономикалық өсу үшін негізді қалау.

6. Қажетті шикізат базасын құру.

Инвестицияның күрделі қаржыдан өзгешелігі бар. Инвестицияда қаражат тек материалдық активтерге ғана салынбайды, қаржылық және бейматериалдық активтерге де салынады. Инвестиция қаржы институттары, инновациялық және әлеуметтік сала арқылы тікелей де, жанамалай да салынады.

Шетелдердегі әр түрлі экономикалық мектептер инвестиция түсінігін түрліше анықтайды. Дж. Кейнс өзінің «Жұмыспен қамту, процент, ақша туралы жалпы теория» еңбегінде инвестицияны «бағалы капиталды мүліктің негізгі, айналмалы, өтімді капиталдан құрылуына қарамастан оның өсуі» деп анықтама береді. Дж.М. Кейнс пікірінше, инвестиция дегеніміз – капиталды мүліктің осы кезеңдегі өндіріс әрекеті нәтижесіндегі құндылықтың өсімі немесе ұлттық табыстың тұтынылмаған бөлігі.

Э. Дж. Долан және Д.Е. Мендсей өздерінің «Рыноктан микро-экономикалық үлгі» кітабында инвестицияны экономикалық жүйедегі қызмет атқарып жатқан капиталдық, яғни адамдардың жасаған өндіріс құрал-жабдықтарының ұсынылған санының көлемінің көбейіп өсуі деп анықтама береді.

И. Варсей және Д. Цовентлу тұрмыстық дәрежеде инвестицияны үй, көркемөнер еңбектерін, асыл-әсемдік бұйымдарды сатып алу ретінде түсіндіреді. Сонымен қатар, инвестиция деп акция, облигация салынған затқа берілетін қарыздарды айтады.

В. Фельзенбаумның айтуынша, «инвестиция» түсінігі нақты инвестиция аталатын мәні бойынша «күрделі қаржы салу», портфельді инвестиция, яғни акцияға, облигацияға және басқа бағалы қағаздардың меншіктің тікелей табыс алуға байланысы бар бөлігіне қаржы салу деп түсіндіріледі.

В.В. Бочаров «инвестицияны белгілі бір кезең ішінде инвестициялық қызметтің соңғы өнімінің және меншік түрінің өзгеру процесінің тек тіркеп есептеуі ғана емес, оның өсіп дамуы ретінде түсінген дұрыс. Демек, пайдалануға болмайтын бөлігі» – дейді.

М.И. Кулагин инвестиция деп ұлттық экономиканың өндіріс, көлік, ауыл шаруашылығы мен басқа салаларға, ұзақ мерзімді пайдалану мақсатында салынған қаржыларды түсінуді ұсынады.

Г.И. Рузавин және В.Т. Мартынов бойынша инвестиция – күрделі қаржының қалыптасуымен байланысты ақша капиталына қарағанда капиталдың табиғи ұлғаюы болып табылады.

Г.П. Журавлева мен Ю.И. Малышева «инвестиция дегеніміз – жаңа технологиялар, материалдар және басқа да еңбек құралдары мен заттарын енгізумен байланысты өндірісті кеңейту мен жаңартуға кететін шығындар» – деп есептейді. Бұл пікірге кейбір қазақстандық экономистер «инвестициялық қызметтің негізгі объектісі айналым құралдарын толтыру үшін негізгі капиталға салымдар салу болып табылады» деген кері пікір айтады.

Инвестицияның анықтамасы ғылыми әдебиеттерде сан алуан. «Жекешелендіру және инвестициялық еңбектерінің жиынтығы» кітабында инвестицияны материалдық және материалдық емес активтерге ресурстар салу ретінде қарастырады. «Инвестицияның қаржылық жинағы» кітабында инвестиция деп ұлғаймалы ұдайы өндіріске жұмсалған ақша қаржысын, яғни күрделі қаржыны ұлғайтуды айтады. Р. Кареновтың терминдік сөздігінде инвестиция деп мүлік заттардың барлық түрлері, кәсіпкерлік объектілері және басқа қызметтерге жұмсалып нәтижесінде табыс қалыптасатын немесе әлеуметтік тиімділікке жеткізетін ойды көздеген құндылықтар аталады. Бұл құндылықтарға автор ақшаны, құнды қағаздарды, мүліктерді, мүлікке құқықты, авторлық құқықты, ноу-хау және өндірістік тәжірибе тұрғысында әзірлеген техникалық және технологиялық, коммерциялық бөлімдер жиынтығын жатқызады.

– Экономикалық әдебиеттердегі жоғарыда көрсетілген анықтамалардағы және Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» заңындағы заң саласы бойынша берілген анықтама тұрғысынан қарағанда «инвестиция» ұғымының өзіндік белгісі болып «табыс алу» белгісінің болуы табылады.

Инвестицияны молайту және қорғау туралы Қазақстан Республикасының екі жақты келісіміндегі халықаралық-құқықтық дәрежеде құқықтық реттеудің жүзеге асырылуында «инвестиция» ұғымы:

– жылжымалы мүлік пен жылжымайтын мүлік түріндегі иелік;

– үлесті қатысымға және компаниялардағы қатысудың өзге де формаларына құқығы;

– экономикалық құндылықты немесе инвестициялармен байланысты және экономикалық құндылықтарға ие қызметтерді құруда қолданылатын ақша құралдары бойынша талап ету құқықтары;

– технология, өндірістік үлгілер мен тауар белгілерін ойлап табу сияқты интеллектуалды иеліктерге құқығы;

– өзі жүзеге асырылатын территориядағы елдің заңдылықтарына сәйкес инвестиция деп танылған мүліктік құндылықтар мен өзге де құқықтар.

Жоғарыда көрсетілгендерден Қазақстан Республикасында өзара инвестицияны молайту және қорғау туралы шартты келісімі бойынша «инвестиция» анықтамасында «табыс алу мақсаты» белгісі жоқ.

Халықаралық құқықта «инвестиция» категориясының құқықтық түсінігі тұрақты емес және заңдылықтың алдына қойған талаптарына әрдайым тәуелді болып отыратындығы көрсетілген. Шетелдік инвестицияларға қатысты көп қабатты халықаралық конвенциялар «инвестиция» ұғымы анықтамасына ие емес. Көп қабатты конвенцияларды қалыптастырушылардың мұндай анықтаманы ұлттық заңдылықтың конвенция әрекетінде кездесетін қатынас шеңберін өзі таңдауына кедергі келтірмеу үшін конвенция мәтініне саналы түрде қоспағандығы туралы пікірлер кездеседі. Дегенмен, мұндай анықтамалардың әртүрлі нұсқалары

тек ұлттық заңдылықтарда ғана бар емес, өзара инвестицияны молайту және қорғау туралы екі жақты келісімдерде де бар және жоғарыда айтылғандай, бұл екі топ анықтамалар аралығында екі жақты келісімдегі анықтамадағы «табыс алу мақсаты» белгісінің жоқтығынан туған маңызды айырмашылық бар.

«Инвестиция» ұғымына жасалған талдаудан инвестициялардың мүліктік және мүліксіз сипатқа ие екендігін айтуға болады. Кең аспектіде мүліксіз инвестициялар астарында әдеби және шығармашылық туындыларға құқық, ойлап тапқан жаңалыққа құқық, өндірістік үлгілер, интегралды кестелер типологиясын түсіну керек; сонымен бірге өзіндік ерекшелікке ие технологиялық мәліметтер, өндіріс құпиялары, конфиденциалды коммерциялық акпараттар, тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, фирмалық атаулар, яғни интеллектуалдық мүлік, иелік ұғымына кіретіндердің барлығы қамтылады. Инвестицияның бұдан өзге категориялары мүліктік инвестицияларға жатқызылады. Олардың өзіндік белгісі болып материалдылық көрінеді: қаржы, материалды құндылықтар, заттық құқықтар.

Осы айтылғандармен қатар инвестиция экономикалық дамудың жоғарғы және тұрақты қарқынын қалыптастырудың, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін өсірудің, инфрақұрылымды дамытудың маңызды факторы болып саналады.

Жалпы, инвестициялық қызмет – инвестицияларды салып және инвестицияларды жүзеге асыру бойынша тәжірибелік әрекеттер жиынтығы болып табылады.

Экономикалық және қаржылық тұрғыдан *инвестициялық қызмет* – бұл экономикалық ресурстарды болашақта таза пайдаға жету және бұл пайданы бастапқы салынған капиталдан асырып түсіру мақсатымен ұзақ мерзімді салым деп анықталады.

Капиталдық салымдар дегеніміз – негізгі капиталға (негізгі құралдар және т.б.) салынатын инвестициялар, оның ішінде жаңа құрылысқа, іс-әрекет етіп жатқан кәсіпорындарды кеңейтуге, қайта жөндеуге және техникалық қайта қаруландыруға, машиналарды, құрал-жабдықтарды, саймандарды сатып алуға, жобалық-іздістіру жұмыстарына арналған және т.б. шығындар.

Инвестициялық қызмет объектілеріне жаңадан қалыптастырылған және жаңаландырылған негізгі қорлар мен айналым құралдары, бағалы қағаздар, мақсатты ақшалай салымдар, ғылыми-техникалық өнімдер, меншіктің басқа да объектілері, оған қоса мүліктік құқық пен интеллектуалды меншік құқығы да жатқызылады.

Инвестициялық қызметтің субъектілеріне инвесторлар (инвестициялық іс-әрекетті жүргізетін жеке және заңды тұлғалар), тапсырыс берушілер, жұмысты орындаушылар, инвестициялық іс-әрекеттің объектілерін қолданушылар, сонымен бірге жеткізушілер, заңды тұлғалар (банктер, қамсыздандыру ұйымдары, инвестициялық қорлар) және басқа да инвестициялық үдерістің қатысушылары жатады.

Инвестициялық үдерісті жүзеге асыруда инвесторларға аса мән беріледі, инвестор деп болашақта табыс алу мақсатымен инвестициялық жобаға меншікті қаражатын салатын жеке және заңды тұлғаларды айтады. Капитал нарығы тұрғысынан инвесторларды екі типке бөледі: акционерлер және лендерлер. Акционерлер өзінің қаражатын инвестициялау арқылы ағымдағы пайданың бір бөлігін алу құқығына ие болса, ал лендерлер тұрақты процент түрінде табыс алу құқығын иеленетін тұлғалар.

Инвестор болып мыналар табылады:

- Мемлекеттік және белгілі аумақтың мүліктерге немесе мүліктік құқыққа ие мекемелер;
- Азаматтар, соның ішінде шетелдік тұлғалар;
- Кәсіпорын, кәсіптік бірлестік және басқа заңды тұлғалар, оның ішінде шетелдік заңды тұлғалар, мемлекеттік және халықаралық ұйымдар.

Инвестициялық қызмет субъектілері келесі белгілері бойынша жіктеледі:

1. Кәсіпорынның ағымдағы қызметінің бағытына қарай:

- Институционалды инвесторлар;
- Жеке инвесторлар.

2. Инвестициялау мақсатына қарай:

- стратегиялық;
- венчурлық;

- коржынды (портфельді) инвесторлар.
- 3. Резидент болуына байланысты:
 - отандық;
 - шетел инвесторлар болып бөлінеді.

Сонымен, *инвестициялар деп* – өнеркәсіпке, құрылысқа, ауыл шаруашылығына және өндірістің басқа да салаларындағы шаруашылық субъектісіне мүліктей, заттай сондай-ақ ақша қаражаты түрінде, яғни капитал түрінде салынып ол шаруашылықты әрі қарай өркендетіп дамыту үшін жұмсалынатын шығындардың жиынтығын айтады.



1.2 Инвестицияның негізгі түрлері

Отандық экономикалық әдебиетте инвестициялардың жіктелуіне бірнеше көзқарас бар.

«Инвестициялау объектісі» белгісі бойынша инвестициялардың келесі түрлерін ажыратады:

- қаржылық (қоржынды) инвестициялар;
- нақты (капитал қалыптастыратын) инвестициялар;
- материалды емес активтерге салынатын инвестициялар.

Қаржылық инвестициялар – бұл мемлекеттің, өзін-өзі басқару органдарының, корпоративтік компаниялардың шығарған акциялары, облигациялары және басқа да құнды қағаздарына салынатын ақша құралдары. Әдетте олар кәсіпорынның акционерлік капиталдарының 10% көлемінде ғана болып инвесторға оны басқаруға немесе болуға толық құқық бермейді.

Нақты инвестициялар, тар мағынада – бұл нақты активтерге, яғни материалдық-өндірістік қорларды толтыруға салынатын ақша құралдары. Бұл мағынада аталған ұғым экономикалық талдауда және де БҰҰ-н ұлттық шоттар жүйесінде қолданылады.

Материалдық активтерге салынатын инвестициялар – ғылыми-техникалық әзірлеулерді дағдылануға салынған ақша құралдары (мүліктік құқық, өндірістік меншік құқығын аударуға лицензиялар, ноу-хау және т.б.).



Сурет 1.2.1 – Инвестицияның негізгі түрлері

Инвестициялық жобаның мақсатына қарай нақты инвестициялар келесідей топтарға бөлінеді:

- өндіріс тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инвестициялар: олардың мақсаты – тозған қондырғыларды ауыстыру немесе өндіріс және салық салу шарттары неғұрлым тартымды аймақтарға өндірістік қуаттарды алмастыру есебінен инвестордың өндірістік шығындарын төмендету үшін жағдай жасау;
- өндірісті кеңейтуге бағытталған инвестициялар: олардың мақсаты – өндіріс және өнімді сату көлемін ұлғайту;
- өндірісті қайта құру мен техникалық қайта қаруландыруға бағытталған инвестициялар: олардың мақсаты – өндіріс тиімділігін жоғарылату, оның көлемі мен тізбектемесін кеңейту және өндірілетін өнімнің сапасын жақсарту;

– жаңа өнімді өндіруге бағытталған инвестициялар: олардың мақсаты – жаңа өнім шығару, сондай-ақ жаңа ішкі және сыртқы нарықтарға шығу;

– қосымша жұмыс орындарын құруға бағытталған инвестициялар: олардың мақсаты – мемлекеттің және оның жеке аймақтарындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың қауырттылығын төмендету;

– өндірісті шикізат пен жартылай фабрикаттармен қамтамасыздандыруда тұрақтылыққа қол жеткізуге бағытталған инвестициялар;

– қоршаған ортаны қорғау мен өндірілетін өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған инвестициялар.

Көріп отырғанымыздай, инвестициялау мақсаттары алуан түрлі болуы мүмкін. Бірақ, негізінен, оларды төрт топқа топтауға болады:

- 1) нарықта өнімді сақтап қалу;
- 2) өндіріс көлемін ұлғайту және өнім сапасын жақсарту;
- 3) жаңа өнім өндіру;
- 4) әлеуметтік және экономикалық міндеттерді шешу.

Инвестициялардың *жалпы және таза* түрлерін ажыратады. *Жалпы инвестициялар* капитал қорының ортақ өсімін сипаттайды. *Таза инвестициялар* – белгіленген кезеңдерде амортизациялық шегерімдерді аударған жалпы инвестициялар болып келеді.

Таза инвестициялардың көрсеткіштерінің динамикасы елдің әр кездегі экономикалық дамуының сипаты. Егер таза инвестициялар сомасы теріс болса, бұл дегеніміз өндірістік әлуеттің төмендеуі, яғни шығарылған өнім көлемінің азаюы.

Егер таза инвестициялар нөлге тең болса, бұл дегеніміз экономикалық өсудің жоқ болуы, өйткені өндіріс потенциалы өзгермейді. Егер таза инвестициялар оң көрсеткішті көрсетсе, бұл экономика даму сатысында дегенді білдіреді. Өйткені өндірістік потенциалының қайта өзгеруін қамтамасыз етеді.

Инвестициялар толық ғылыми-техникалық және өндірістік циклді де, сондай-ақ оның элементтерін (кезеңдері) де қамтуы

мүмкін: ғылыми зерттеулер, жобалық-конструкторлық жұмыстыр, кеңейту, қайта құру немесе істегі өндірісті техникалық қайта қаруландыру, жаңа өндірісті ұйымдастыру немесе жаңа өнімді шығару, кәдеге жарату және т.б.

Инвестицияларды топтастырудың түрлі әдістемелері бар. Немістің профессоры Вайнрих ұсынған классификациялаудың бір түрін қарастырайық.

Құралдардың салыну объектілеріне қатысты:

1. *Мүлікке салынатын инвестициялар* (материалдық инвестициялар). Нақты инвестициялар деп, тікелей өндірістік процесске қатысатын инвестицияларды айтамыз. Мысалы, құралдарға, ғимараттарға, материалдар қорына салынатын инвестициялар.

2. *Қаржылық инвестициялар*. Қаржылық мүлікке, басқа фирмалардың ісіне қатысу құқығы мен қарыз құқығын сатып алуға салынатын салымдар. Мысалы, акцияларды, басқа да құнды қағаздарды сатып алу.

3. *Материалдық емес құндылықтарға салынатын инвестициялар*. Мысалы, кадрларды даярлау, зерттеулер мен әзірлеуге, жарнамаға және т.б. салынатын салымдар.

Инвестициялық іс-әрекеттің бағыттылығына қарай инвестициялар келесідей бөлінеді:

1. *Жоба негізіндегі инвестициялар* (бастапқы инвестициялар), немесе нетто-инвестициялар, олар кәсіпорынды негіздегенде немесе сатып алғанда жүзеге асады.

2. *Кеңейтуге арналған инвестициялар* (экстенсивті инвестициялар), олар өндірістік әлуетті арттыруға бағытталған.

3. *Реинвестициялар*, яғни кәсіпорынның негізгі қорларының құрамын қолдау мақсатымен, өндірістің жаңа құралдарын сатып алу немесе дайындау бағытында қайтадан бос инвестициялық құралдарды байланыстыру.

Оларға мыналар жатады:

- ауыстыруға бағытталған инвестициялар, нәтижесінде қолда бар объектілер жаңаларға ауыстырылады;
- рационалдауға бағытталған инвестициялар, технологиялық жабдықтар мен процесстерді жаңартуға бағытталған;

— шығарылу бағдарламасын өзгертуге арналған инвестициялар (шығарылым бағдарламасының пропорционалды құрамы);

— диверсификацияға бағытталған инвестициялар, өнім тізімдемесін өзгертумен, өнімнің жаңа түрлерін шығарумен және өткізудің жаңа нарықтарын ұйымдастырумен байланысты;

— кадрларды дайындау, жарнама, қоршаған ортаны қорғау бағытындағы кәсіпорынның болашақтағы өміршеңдігін қамтамасыз етуші инвестициялар.

4. *Брутто-инвестициялар*, олар нетто-инвестициялар мен реинвестициялардан құралады.

Француз экономикалық мектебінің өкілі Анри Кульман инвестицияларды классификациялаудың тағы бір түрін ұсынады. Ол инвестицияларды *жанама* (ақша құралдарын пайдаланумен байланысты), *тікелей* (ақша құралдарын пайдаланусыз) және *аралық* деп бөледі. Анри Кульман ақша құралдарын пайдаланумен байланысты кез келген инвестициялауды жанама инвестициялау деп, ал еңбек өнімінің тікелей өндіріс затына айналуын тікелей инвестициялау деп қарастырады. Меншікті қаржы капиталын пайдалануға негізделген инвестициялаудың аралық механизмі — бұл кәсіпорынды өзін өзі қаржыландырудың механизмі болып табылады.

Инвестициялар туралы шешім қабылдау стратегиялық сипатта болып табылады, яғни басқарудың аса маңызды және күрделі міндеттерінің бірі. Бұл ретте инвестордың қызығушылығы ықпалында кәсіпорынның экономикалық қызметінің барлық аспектілері орын алады, қоршаған әлеуметтік-экономикалық орта, инфляция көрсеткіштері, салықтық шарттар, нарық жағдайы мен болашақтағы дамуынан бастап, өндірістік құжаттардың, материалдық ресурстардың бар болуы мен жобаны қаржыландырудың стратегиясына дейін қарастырылады. Міндеттің кешенділігі жобаның стратегиялық жоспарын әзірлеуде, мәліметтерді дайындау тәртібі мен инвестициялық жобаның қаржылық талдауын жүргізуде ерекше талаптар қояды.



Жоба түсінігі және жобалардың түрлері

Жалпы, *инвестициялық жоба* (ИЖ) деп (ағылш., investment project), пайда алу мақсатында капитал салымдарының жоспарын айтады.

Отандық әдебиеттерде «*инвестициялық жоба*» ұғымы екі мағынада қолданылады:

— анықталған мақсаттарға жетуді қамтамасыз ететін (нақты нәтижелерге жету), қандай да бір іс-әрекеттер кешенін орындауды көздейтін іс-шара, қызмет мағынасында;

— белгілі бір әрекеттерді іске асыруды қажет ететін немесе сондай әрекеттерді сипаттайтын, ұйымдық-құқықтық және есептік-қаржылық құжаттардың белгілі бір құрамын қамтитын, жүйе мағынасында.

Сонымен, *жоба* деп — қоғамның өмір сүру жағдайын жақсартуы мен ұлттық экономиканың тез дамуына алып келетін кез-келген іс-шараны айтуға болады, яғни қоғамның әлеуметтік мақсаттары мен шектеулерін есепке ала отырып жүргізілетін іс-шаралар жиынтығы.

«Инвестиция» және «инвестициялық жоба» ұғымдары бір бірімен тығыз байланысты, себебі кез-келген инвестициялық жоба белгілі бір инвестиция көлемін қажет етеді.

Инвестициялық жобалау — бұл техникo-экономикалық негіздемесі бар техникалық құжаттардың кешенді әзірлемесі (сызбалар, түсіндірме жазбалар, инвестициялық жобаның бизнес-жоспары және жобаны іске асыруға қажетті басқа да материалдар). Инвестициялық жобаның құнын анықтайтын сметаны әзірлеу оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Жоба — бұл техникалық материалдар (сызбалар, есептеулер, жанадан құрылған ғимараттардың, құрылыстардың, көліктердің, құрылғылардың макеттері және т.б.), жоспар, ой. «*Жоба*» ұғымы ойдан (мәселе), оны жүзеге асыру құралдарынан (мәселенің шешімі) және жүзеге асыру барысында алынатын нәтижеден тұрады.

Егер жобаны жүзеге асыру нәтижесі болып физикалық объектілер, мысалы ғимараттар, құрылыстар немесе өндірістік кешендер болса, онда жоба деп, оның шегінде анықталған мақсаттар жүйесі танылады. Бірқатар салалардың немесе өндірістік кешендердің жасалған құжаттары мен объектілері жобаның шегінде болмаса, оларды орындаудың неғұрлым күрделі және көлемді міндетін білдіретін бағдарламалар әзірлейді (мысалы, энергиямен қамту бағдарламасы, энергияның дәстүрлі емес түрлерін қолдану, орманшаруашылық кешенінің дамуы немесе инвестицияларды тартудың ұлттық бағдарламасы).

Инвестициялау объектілері бола тұра, кәсіпорындар түрлі бағыттар бойынша дами алады: олардың бірі жаңа өнімді өндіруді әзірлеу мен ұйымдастыруды жоспарласа, екіншілері – жаңа технологиялық құрылғыларды сатып алып, өндірістің ағымдағы шығындарын қысқартуды көздейді, үшіншілері – өнімді өткізудің жаңа құрылымын жасап, тұтынушыларға қызмет көрсету желісін құруды жоспарлайды. Барлық айырмашылықтарға қарамастан, оларға инвестициялық жобаға деген қажеттілік ортақ болып табылады.

Инвестициялық жоба – бұл ең алдымен, экономикалық пайда табу мақсатымен жаңа тауар өндірісін құру (өнімдер, жұмыстар, қызмет көрсету) немесе істегі өндірісті жаңартуға бағытталған, жобалау, құрылыс, жаңа технология мен құрылғыларды сатып алу, кадрларды даярлау іс-шараларын қамтитын кешенді жоспар болып табылады. Ол белгілі бір іс-әрекеттерді жүзеге асыруды қажет ететін құжаттардың ұйымдастырушылық-құқықтық және есептік-қаржылық жүйесі ғана емес, сондай-ақ бұл нақты мақсаттарға жету үшін орындалуға міндетті шаралар (қызметтер) жиынтығы.

Инвестициялық ресурстардың қатаң тапшылығы жағдайында болашағы бар жобалардың әзірленуі өндірістің басты салаларында, ауыл шаруашылығында, әлеуметтік салада жүргізілуі керек және де ол жылу-энергетикалық кешенде (ЖЭК), халықты тамақ пен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуде кезек күттірмейтін сұрақтарды шешуге бағытталуы тиіс.

Жоғарыда айтылғанның барлығы, жоба түсінігінің қоғамдық өмір мен қызметтің әр түрлі жақтарын қамтитын кешенді ұғым екендігін көрсетеді.

Басқа да әмбебап құралдар сияқты, жобаларды басқару әдістері, ең алдымен, орташаланған, «қалыпты» жобаға есептелген. «Қалыпты» жобаның шын мәнінде не екендігін анықтау, жобаның тәжірибелі басшысының (менеджер) өзіне де қиындық туғызады. Ол үшін, әрбір нақты жобаны анықтайтын негізгі төрт факторды атап айту керек:

- жобаның масштабы (көлемі);
- іске асыру мерзімі;
- сапасы;
- ресурстардың шектеулілігі;
- жобаны іске асыру орны мен шарттарын есепке алу керек.

«Қалыпты» жобада осы барлық факторлар тең дәрежеде ескеріледі. Оған қарамастан, кейде аталған факторлардың біреуі басты рөл атқарып, өзіне ерекше зейінді қажет етеді, ал қалған факторлардың әсері бақылаудың тұрақты әдісінің көмегімен жоққа шығады.

Көлеміне байланысты жобалардың шағын, орташа, ірі және мегажоба түрлері ажыратылады.

Шағын жобалар масштабы бойынша кішігірім, қарапайым әрі көлемдері жағынан шектелген болып келеді.

Әдеттегі шағын жобаларға мысал: тәжірибелі-өндірістік нұсқаулар, кішігірім (бөліктік-модульдік түрде жиі кездеседі) өндірістік кәсіпорындар, іс-әрекеттегі өндірістерді жаңарту.

Шағын жобалар жобалау және жүзеге асыру, жоба командасын құру (интеллектуалды, еңбек және материалдық ресурстарды қысқа мерзімге қайта бөлуге болады) рәсімінде бірқатар жеңілдіктерді рұқсат етеді. Оған қоса, жіберілген қателіктерді түзету қиындығы (уақыттың тапшылығы есебінен) жобаның көлемдік сипаттамаларын, жобаның қатысушылары мен олардың жұмыс жасау әдістерін, жобаның кестесі мен есеп беру түрлерін, сондай-ақ келісім-шарттарын жете анықтауды талап етеді.

Шағын жобалар, әдетте, технико-экономикалық негіздеменің және онымен байланысты сұрақтардың айрықша пысықталуын қажет етпейді. Бірақ жобаларды жасауда жіберілген қателіктер байыпты түрде олардың тиімділігіне әсер етуі мүмкін.

Шағын жобалар өндірісті кеңейту және шығарылатын өнім ассортиментінің ұлғаюының жоспары болып табылады. Олардың ерекшелігі іске асыру мерзімдерінің салыстырмалы қысқа болуы. Шағын жобаларға сондай-ақ, әлеуметтік-мәдени саладағы объектілерді құруды жатқызуға болады.

Орташа жобаларға – іс-әрекет етіп жатқан өнім өндірісін қайта құру мен техникалық қайта қаруландыру бойынша жобалар жатқызылады. Олар кезең-кезеңмен, жеке-дара өндірістер бойынша, алдын ала әзірленген барлық ресурстардың келуі туралы кестесінің қатаң сәйкестігі арқылы жүзеге асады.

Ірі жобалар – бұл әдетте, ішкі және сыртқы нарықтардағы сұраныстарды қанағаттандыру үшін қажетті, негіздемесінде өнім өндірудің озық өндірістік пікірі жататын, ірі кәсіпорындар объектілері болып табылады.

Мегажобалар – түпкілікті өніммен байланысты көптеген жобалардан тұратын мақсатты инвестициялық бағдарламалар. Мұндай бағдарламалар халықаралық, мемлекеттік, аймақтық деңгейде болуы мүмкін.

Іске асыру мерзімдері бойынша, әр түрлі жаңа өнім шығаратын, тәжірибелі қондарғылар, қайта жөндеу жұмыстары бойынша кәсіпорындарда іске асатын, қысқа мерзімді жобаларды атап айтқан жөн. Мұндай объектілерде тапсырыс беруші жобаның ақырғы (нақты) құнының ұлғаюын көздейді, себебі ол жобаның тез арада аяқталуына қызығушылық танытады.

Жобаның сапасына қатысты кемістіксіз жобалар ерекшеленді, басынқы фактор есебінде бұл жобаларда жоғарыланған сапа қолданылады.

Әдетте кемістіксіз жобалардың құны тым жоғары болады және жүздеген миллиондармен, тіпті миллиардтаған доллармен өлшенеді. Мысалы, атом электр станциялары.

Бұл жобалардың өзгешелігін оған деген қойылатын талаптары шарттайды:

- жобалық-сметалық және құрылыс-монтаждық жұмыстарды біріктіретін, жобаның жалпы жоспары;
- құрылыстың қиыстырылған кестесі (жүргізілетін жұмыстармен бірге);

– жобаның барлық жүйелерінің сапасын қамтамасыз етуге және дер кезінде тексеруге мүмкіндік беретін, жеке технологиялық желілірмен ерте шығарылым;

– жобамен байланысты мәселелерді дер кезінде анықтап және оларды жоюға мүмкіндік беретін арнайы әзірленген мәселелерді талдау бағдарламасын қолдану;

– мәселелерді дер кезінде анықтап, жоюға мүмкіндік беретін, жобаларды басқарудың барынша икемді жүйесін қолдану.

Ресурстардың шектеулілігіне байланысты мультижобаны атап айтуға болады.

«*Мультижобалар*» ұғымы (жобалардың дербес әртүрлілігі сияқты) жобаға тапсырыс берушінің ойы бір-бірімен тығыз байланысты бірнеше жобаларға қатысты болғанда қолданылады.

Мультижобалар әрекет етіп жатқан ұйымдар мен фирмаларды өзгерту немесе жаңаларын құруды қарастырады. Мультижоба деп, өндірістік, қаржылық, мерзімдік мүмкіндіктері мен тапсырыс берушінің талаптары шектеулі, фирманың өндірістік бағдарламасы шегінде көптеген тапсырыстар (жобалар) мен қызметтерді орындауды айтамыз.

Мультижобаларға келесідей мысалдар келтіруге болады:

– бір мердігер әр түрлі тасырыс берушілердің әр түрлі көлемді қамтитын жеке келісім-шарттар бойынша жұмыстар кешенін орындайды;

– бірнеше мердігер бір тапсырыс беруші үшін бір объектінің кешендерінде жұмыстарын орындайды;

– бірнеше мердігер бір территорияда әр түрлі тапсырыс берушілер үшін жеке-дере келісім-шарттар бойынша жұмыстарын атқарады.

Мультижобаларға балама ретінде, ресурстық, мерзімдік және басқа да шектері анық көрсетілген, бірегей жобалық командамен жүзеге асырылатын және жеке инвестициялық, әлеуметтік және басқа да жобаларды айқындайтын моножобалар қолданылады.

Модульдік құрылыс жобаларды басқарудың бірқатар міндеттерін шешудің салыстырмалы жаңа тәсілі болып табылады. Отандық терминологияда бұндай әдісті жинақтық-топтық деп атайды.

Оның мәні мынада: күтілетін объектінің басым бөлігі (кейде – оның құнының 95%-ы) болашақта қолданылатын жерде емес, «шетте» – кейде зауыттық немесе жартылай зауыттық жағдайларда құрылыс алаңынан мыңдаған шақырым қашықтықта жасалады. Мұндай ірі модульдер жасалынып шыққан соң, болашақтағы пайдалану жеріне жіберіліп, орнатылады.

Бұл әдіс өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымы дамымаған, шалғай аудандарда салынатын өндірістік объектілер үшін (әдетте, жылу-энергетикалық маңыздылығы бар) тиімді.

Халықаралық жобалар аса күрделілігі және құнымен ерекшеленеді. Сондай-ақ олардың ерекшелігі, олар әзірленетін мемлекеттердің экономикасы мен саясатында маңызды рөл атқаруымен байланысты.

Мұндай жобалардың өзгешелігі келесідей:

- бұл жобалар үшін жабдықтар мен материалдар әлемдік нарықта сатып алынады. Жоба үшін сатып алуды іске асыратын ұйымдарға деген қатаң талаптардың болуы осыдан;

- мұндай жобалардың дайындық деңгейі құқықтық және нормативтік базалардағы айырмашылықтарды ескере отырып, баламалы «ішкі» жобаларға қарағанда жоғары болуы тиіс;

- бұл жобалардың дайындық кезеңінің ұзақтығы, ұйымдастыру мен басқарудың күрделілігімен байланысты, әдетте көбірек болып келеді;

- халықаралық жобалардың ақпараттық қолдауы, «ішкі» жобаларға қарағанда, әрқашан да аса тиімді.

Мұндай жобалар әдетте бірін-бірі толықтыратын қатынастар мен серіктестердің мүмкіндіктеріне негізделеді. Бұл жобалардың міндеттерін шешу үшін белгілі бір коммерциялық мақсаттарға жетуді көздейтін, бір немесе бірнеше қатысушыны біріктіретін, бірлескен кәсіпорындар құрылады. Бұл ретте, әрбір серіктес өз үлесін қосып, пайдаға қатысты еншілес болады.

Жобаның көлемі оны жүзеге асырудағы негізделуінің деңгейі мен шығындарын анықтайды.

Әлемнің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық жағдайына елеулі әсер ететін жобаларды, жаһанды жобалар деп қа-

растырады. Бұл жобалардың тапсырыс берушілері белгілі бір қызығушылығы бар мемлекеттердің Үкіметі бола алады.

Мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық жағдайына елеулі әсер ететін, бірақ өзге мемлекеттердің жағдайына әсерін тигізбейтін, жобаларды – *ірі көлемді жобалар* деп атайды.

Белгілі бір аймақтың, қаланың (саланың) экономикалық, әлеуметтік және экологиялық жағдайына әсерін тигізіп, бірақ өзге аймақтарға, қалаларға (салаларға) елеулі әсерін тигізбейтін жобалар – аймақтық, қалалық (салалық) жобалар деп анықталады. Мұндай жобалар топтарына тапсырыс беруші ретінде жергілікті басқару органдары, АҚ және т.б., бола алады.

Жүзеге асыру барысында тікелей қатысушыларына пайда әкелетін жобалар, *коммерциялық жобаларға* жатқызылады. Бұл жобаларға жеке инвесторлар немесе олардың топтары тапсырыс беруші бола алады.

Аталған ерекшеліктермен қатар, инвестициялық жобалар басқа да сипаттары бойынша бөлінеді.

Егер бір жобаны инвестициялау туралы шешім, екіншісін қаржыландыру туралы шешімге әсер етпесе, талдау жасалатын жобаның екеуі *тәуелсіз жобалар* деп аталады. Мысалы, жана медициналық технологиялар орталығының құрылуы туралы шешім, қалалық сауықтыру орталығының салынуы туралы жобаның іске асуы мүмкіндігіне әсерін тигізбеу керек.

Егер екі не одан да көп талданатын жобалар бір мерзімде жүзеге аса алмаса, онда бұл жобаларды баламалы жобалар деп атайды. Әдетте мұндай жобаларға өнімді өндіруді ұйымдастыру, технология, сондай-ақ көлік қатынасы мен энергиямен қамсыздандыру жүйесімен біріккен, жеке өндірістерден тұратын, ірі кәсіпорындардың құрылысы жатады.

Инвестициялық жобалардың басым бөлігі ортақ мақсатқа жету үшін әр түрлі жолдарды қарастыратын, жанжалдық жобаларға жататынын ескерген жөн. Жүзеге асырылуына бірдей инвестицияларды қажет ететін, әр түрлі мақсаттық бағыттылықтағы жобалар да жанжалдық жоба бола алады. Сондықтан да инвестициялық фирма талданатын нұсқалардың ішінен, бюджеттік шектеулер жағдайында неғұрлым көп пайда әкелетін жобаны таңдайды.



1.4 Инвестициялық жобалардың өмірлік кезеңдері

Әрбір инвестициялық жобаны жүзеге асыру барысы бірнеше кезеңдерден тұрады. Бұл *жобаның өмірлік циклі* деп аталады.

Өмірлік цикл барысында әр түрлі жұмыстар жүзеге асады, оларды екі ірі топқа топтауға болады:

- жоба бойынша негізгі қызмет;
- жобаны қамсыздандыру.

Жобаның негізгі қызметіне мыналар жатады:

- инвестициялау алдындағы зерттеу;
- жобаны жоспарлау;
- жобалық-сметалық құжаттарды әзірлеу;
- саудаласуды жүргізу және келісімшарттарды бекіту;
- құрылыс-жөндеу жұмыстары;
- реттеу жұмыстарын орындау;
- тапсырыс берушіге жобаны тапсыру;
- жобаны пайдалану және өнімді шығару;
- жабдықтарды жөндеу және өндірістің дамуы;
- жабдықтарды бөлшектеу;
- қалған мүлікті сату (жобаның жабылуы).

Жобаны қамсыздандыру қызметтеріне мыналар жатады:

- ұйымдастырушылық-экономикалық;
- құқықтық;
- кадрлық;
- қаржылық;
- материалды-техникалық;
- коммерциялық (маркетинг);
- ақпараттық.

Өмірлік циклдың барысында жоба бойынша негізгі қызмет кезеңдер мен сатыларға бөлінуі мүмкін.

1. Жобаның инвестиция алдындағы кезеңі.

1.1 Инвестициялық мүмкіндіктерді талдау.

1.2 Алдын-ала техника-экономикалық негіздеме (ТЭН).

1.3 Жобаның техника-экономикалық негіздемесі және инвестициялық салымдардың тиімділігін есептеу.

1.4 Инвестициялық мүмкіндіктер туралы баяндама және келесі кезеңге өтудің мақсаттылығы туралы резюме.

2. Жобаның инвестициялық кезеңі.

2.1 Келіссөздер жүргізу мен келісімшарттарды бекіту.

2.2 Жобалау.

2.3 Құрылыс.

2.4 Маркетинг.

2.5 Кадрларды оқыту;

2.6 Материалдық ресурстарды сатып алу және олардың қорларын құру.

3. Жобаның пайдалану кезеңі.

3.1 Жобаны қабылдау және іске асыру.

3.2 Өнімді өндіру мен сату.

3.3 Жабдықтарды жөндеу, жаңарту және ауыстыру.

3.4 Өндірістің дамуы, өндірілген өнімді жетілдіру (инновация).

4. Жобының аяқталуы.

4.1 Өндірістік қызметтің тоқтатылуы.

4.2 Жабдықтарды қайта жөндеу.

4.3 Жобаның аяғына дейін қолданбаған заттарды сату және кәдеге жарату.

4.4 Жобаның аяқталуы және тоқтатылуы.

Инвестициялық ойды қалыптастырған кезде оны қаржыландырудың көздері жайлы, оған әлуетті қызығушылық білдіретін инвесторлар мен олардың жобаға қатысуларының мүмкіндігі; тіпті инвестициялық жобаны жүзеге асыру барысында қойылуға және шешілуге тиісті нақты мақсаттар мен міндеттер туралы анық түсініктің болмауы мүмкін. Сондықтан инвестициялық ойдың инвестициялық ұсынысқа айналуы инвестиция алдындағы кезеңнің басты міндеті болып табылады.

Инвестициялық жобаны жүзеге асыруда инвестиция алдындағы кезеңнің негізгі қадамдарын қарастырайық (1.4.1-сурет).

1. *Инвестициялық ойды қалыптастыру.* Ең алдымен инвестициялық ойды алдын ала негіздеп, қарастырылатын инвестициялық ойды жүзеге асыру нәтижесінде кәсіпорынның қандай

стратегиялық мақсаттарға жету мүмкіндіктерін анықтау қажет. Содан кейін белгіленген мақсаттарды және шешуді қажет ететін міндеттерді анықтау керек. Сондай-ақ бұл сатыда қалыптастырылған инвестициялық ойды болашақ инвестициялық жобаның әлуетті қатысушыларымен бірге, қажет болған жағдайда республикалық, аймақтық және салалық басқару органдарымен біріге отырып келісіп шешу қажет.

2. *Инвестициялық ойды жүзеге асырудың баламалы нұсқаларын қарастыру.*

Кәсіпорынның басшылығы қолда бар баламалы нұсқаларды талдамай-ақ, инвестициялық жобаны қабылдайтын жағдайлар жиі кездеседі. Бұл жағдай тиімсіз шешімдер қабылдауға әкеліп соқтырады және қойылған мақсаттарға жету мен міндеттерді шешудің үдерісін барынша оңтайландыруға мүмкіндік бермейді. Сондықтан, бұл сатыда инвестициялық ойды жүзеге асырудың баламалы нұсқаларын қарастыру қажет. Мүмкін, қарастырылатын барлық баламалы нұсқалар кәсіпорынға пайда әкеліп, жобаға салынған ресурстардың қайтымдылығын қамтамасыз етеді, бірақ компания неғұрлым пайдалы әрі тиімді болатын инвестициялық шешімнің (шектеулі ресурстар жағдайында) біреуін ғана таңдау керек. Егер инвестициялық жобаның біреуін жүзеге асырғанда, қалған жобалардан пайда алу мүмкіндігі жойылса, мұндай инвестициялық жобалар *баламалы* деп аталады.

3. *Жоба алдындағы инвестициялық мүмкіндіктерді зерттеу.* Алдын ала жасалатын техникo-экономикалық негіздеме жобаның барлық мүмкін болатын баламаларының қарастырылғанын және бағаланғанын, таңдалып алынған инвестициялық жобаның барлық аспектілері іске асырымды және болашақта терең зерттеуді қажет етуін, инвестициялық жобаның өміршеңдігі туралы нақты қорытындының болуын растайды. Жоба алдындағы техникo-экономикалық негіздеменің негізі бөлімдері келесілерден тұрады: өнімнің сипаттамасы, нарықты талдау, әлуетті сатып алушыларды (тапсырыс берушілерді) анықтау, инвестициялық жобаның қатысушыларының құрамын анықтау, инвестициялық жобаны жүзеге асырудың ұйымдық-құқықтық формасын әзірлеу, инвестициялық жобаның іріленген көрсеткіштерінің мәндерін

анықтау, ұсынылған инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау, көптеген жобалардың ішінен инвестициялық жобаны таңдап алу.

Ендігі кезекте жоба алдында жүргізілетін инвестициялық мүмкіндіктерді зерттеудің негізгі сатыларын толық қарастырайық.

Нақты инвестициялық жоба бойынша өндіруге ұсынылатын өнімді жан-жақты сипаттау және зерттеу, жоба алдындағы зерттеудің *бірінші сатысы* болып табылады.

Нарықта орын алған бәсекелестердің өнімін талдау:

- бәсекелес өнімдердің функционалдық және тұтынушылық қасиеттерін сипаттау;
- бәсекелес өнімдердің мықты жақтарын анықтау;
- әзірленген инвестициялық жобамен салыстырғанда бәсекелес өнімдердің әлсіз жақтарын анықтау;
- бәсекелестердің баға белгілеу қағидаттары;
- бәсекелестер қолданатын өнімді өткізуді ынталандырудың тәсілдері.

Нарықты талдау инвестиция алдындағы кезеңнің *екінші сатысы* болып табылады. Бұл жерде жоба бойынша өндірілетін өнімнің өткізу нарығын, сондай-ақ кәсіпорынның осы нарықта (жаңадан құрылған нарықта) сәттілікке жету мүмкіндігін зерттеу қажет.

Нарықтың сипаттамасы:

- нарық көлемі (аймақтық, республикалық, әлемдік нарық);
 - нарық дамуының деңгейі мен тенденциялары;
 - өнімнің өткен, ағымдық және болжамдалған бағасының деңгейін бағалау;
 - нарықтың болашақта дамуының тәуелсіз болжамдары;
 - кәсіпорынның өнімі орын алатын нарықтың үлесі;
 - экспорттық әлует;
 - нарықтағы ерекше мақсаттар.
- Өнімді тұтынушылардың сипаттамасы:
- тұтынушыларды анықтау (айқындау);
 - олардың географиялық орналасуы;
 - өнімге қойылатын талаптар.

Бәсекелестердің сипаттамасы:

- бәсекелес-кәсіпорындардың тізімі;
- олардың күшті және осал жақтары;
- технологияның деңгейі;
- нарық үлесі;
- маркетингтік стратегиясы.

Жобаны жүзеге асырудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмі жоба алдындағы техникo-экономикалық негіздеменің басты әрі ең мазмұнды тарауы болып табылады. Осыған орай, инвестиция алдындағы зерттеудің үшінші сатысы инвестициялық жобаны жүзеге асырудың ұйымдастырушылық-құқықтық формасы және ұйымдастырушылық-экономикалық механизмін қарастырады.

Ең алдымен, инвестициялық жобаның қатысушыларының құрамын анықтап алған жөн. Бұл аса күрделі мәселе.

П.Л. Виленский, В.Н. Лившиц және С.А. Смоляктың «Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау: Теория және практика» еңбегінде жобалардың қатысушыларын анықтау мәселесіне қатысты бөлек тарау арналған. Авторлар инвестициялық жобаның қатысушысына келесідей анықтама береді – бұл, сәйкесінше, іс-әрекетті орындауға міндетті (инвестициялық жобаны жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайда) тұлға (жеке немесе заңды). Егер, заңды немесе жеке тұлға инвестициялық жобаға қатысып, бірақ қарастырылатын жоба бойынша заңды түрде ешқандай міндеттемелермен байланыспаған және ресми түрде оның қатысушысы болмаған жағдайда, онда жобаның ресми қатысушылары барлық жауапкершілікті немесе жобаға қатысты іс-әрекеттер бойыша тәуекелді өз мойындарына алады.

Инвестициялық жоба оның барлық қатысушылары үшін тиімді болуы керек. Инвестициялардың тиімділігін бағалағанда оның қатысушыларының құрамы, олардың қызметі, олардың жобаға қандай міндеттемелер мен талаптар бойынша қатыстылығы туралы толық ақпараттың болуы шарт. Жоба алдындағы техникo-экономикалық негіздеменің жеке тарауларын әзірлеу үрдісінде инвестициялық жобаны жүзеге асыратын қатысушылардың құрамы өзгеріске ұшауы мүмкін.

Кәсіпорынның инвестициялық стратегиясы	
Инвестициялық ойды тұжырымдау	
Инвестициялық ойды жүзеге асырудың баламалы нұсқаларын қарастыру	
Инвестициялық мүмкіндіктерді алдын ала зерттеу (ТЭН)	
Жоба алдындағы мүмкіндіктерді зерттеу сатысында инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау	
Қоп баламалардан инвестициялық жобаны тандап алу	
Тандалып алынған инвестициялық жобаның техникo-экономикалық негіздемесі (ТЭН)	
ТЭН негізінде бағалаудың қорытындысын әзірлеу	
Инвестициялық жобаны жүзеге асыру туралы шешім қабылдау	
Инвестициялық жобаны жүзеге асыру	Инвестициялық жобаның жүзеге асырылуын бақылау
Жобалық жұмыстарды орындау	Жобалық жұмыстарды орындауға кететін нақты шығындарды талдау
Құрал-жабдықтарды сатып алу	Құрал-жабдықтарды сатып алуға кететін нақты шығындарды талдау
Құрылыс-жөндеу жұмыстарын орындау	Құрылыс-жөндеу жұмыстарына кететін нақты шығындарды талдау
Реттеу жұмыстарын орындау	Реттеу жұмыстарын жүргізуге кететін нақты шығындарды талдау
Инвестициялық жоба бойынша өтімді өндіріс мен сату	Нақты шығындардың жоспарланған мөндерден ауытқуын талдау
	Нақты таза табыстың оның жоспарланған мөнінен ауытқуын талдау
	Инвестициялық жобаның экономикалық тиімділігін жетілдіретін туралы басқарушылық шешімдер қабылдау

Сурет 1.4.1. Кәсіпорындағы инвестициялық жоспарлау

Жоба алдындағы техникo-экономикалық негіздеменің үшінші сатысына өнімді өндірудің технологиялық үрдісін әзірлеу жатады, ол келесідей ақпараттарды қамтиды:

- жер учаскелеріне, ғимараттарға, құрылыс және коммуникацияға сұраныс туралы;
- технология мен өзге құрал-жабдықтарға сұраныс және оларды сатып алу шарттары туралы;
- энергия көздеріне деген талаптар мен олардың қол жетімділігі;
- шикізаттар мен материалдарға сұраныс және оларды жеткізудің шарттары туралы,
- өнімді өндірудің барлық сатыларында оның сапасын бақылау бойынша талаптар және өнім сапасын қамтамасыз ету шарттары жайлы.

ҚР-ң заңдарына сәкес инвестициялық жобалар экологиялық тексерулерден өтуі қажет. Сондықтан инвестициялық жобаны жүзеге асырудың инвестиция алдындағы кезеңінде, оның техникo-экономикалық негіздемесін әзірлегенде қарастырылатын баламалы инвестициялық жобалардың мемлекеттің экологиялық стандарттарына сәйкес болуын ескерген жөн. Экологиясы туралы тарауда инвестициялық жобаны жүзеге асырудың экологиялық нәтижелері туралы ақпарат, сондай-ақ келесі мәліметтер қамтылуы шарт:

- инвестициялық жоба объектілерінің орналасуын сипаттау;
- инвестициялық жобаның объектісіне арналған жерді пайдалану туралы;
- жобамен байланысты құрылыс жұмыстарын немесе физикалық өзгерістерді сипаттау;
- қоршаған ортаға тигізетін әсерді төмендету бойынша ұсынылатын іс-шаралар;
- кәсіпорынның инвестициялық саясаты.

Инвестициялық жобаны жүзеге асырудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизміне, сондай-ақ, өнімді өткізудің шарттары да қатысты болады, олар: өнімнің бағасы, өнімді өткізуге кететін уақыт, сату көлемі.

Ұйымдастырушылық-экономикалық механизмді сипаттаудың ең күрделі тарауларының бірі – бұл инвестициялық жобаны жү-

зеге асыруы үшін қажетті қаржы ресурстарының жеткіліктілігі туралы ақпараттың болуы. Егер, инвестициялық жобаны жүзеге асырудың ұйымдастырушылық-құқықтық механизмін, өндірістің технологиялық үрдісін ескерсек, онда инвестициялық жобаны жүзеге асырудың инвестициялық және операцияндық сатыларында қаржы ресурстарына деген қажеттілігін алдын ала анықтап алуға болады. Берілген тарауда сызбанұсқаларды дайындауды, инвестициялық жобаны қаржыландырудың мүмкін болатын көздерін анықтауды, несиелеу шарттарын, қарыздарды өтеу мерзімдерін қарастырады. Инвестициялау алдындағы техникo-экономикалық негіздеменің қаржылық тарауында инвестициялық жобаның үздіксіз өндірістік процесті қаржыландыру үшін қажетті ақша құралдарының түсуін қамтамасыз ету, кредиторлық қарызды уақытында өтеу, сондай-ақ қарыз бойынша қызмет көрсету мүмкіндіктері бағаланады.

4. *Жоба алдындағы мүмкіндіктерді зерттеу кезеңінде инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау.* Бұл жерде алдыңғы кезеңде жинақталған мәліметтердің негізінде инвестициялық жобалардың тиімділігінің негізгі көрсеткіштері анықталады. Инвестициялық жобалардың тиімділігінің көрсеткіштері салыстырылып, сарапталады.

5. *Инвестициялық жобаны таңдау.* Алдыңғы сатыларда жинақталған және алынған ақпараттың негізінде, көптеген баламалардың ішінен инвестициялық жобаларды жүзеге асырудың неғұрлым тиімдісі таңдалып алынады.

6. *Техникo-экономикалық негіздемені әзірлеу және құру (ТЭН).* Неғұрлым тиімді инвестициялық жобаны таңдап алған соң, инвестициялау туралы шешім қабылдау үшін барлық қажетті ақпаратты беретін жобаның техникo-экономикалық негіздемесін әзірлеу керек. Инвестиция алдындағы техникo-экономикалық негіздеме сатысында баламалы нұсқаларды таңдауды жүргізгенде, инвестициялық жобаға қатысты негізгі коммерциялық, техникалық, қаржылық, экономикалық, экологиялық есептеулердің барлығы жүргізілген болатын. Ал техникo-экономикалық негіздеме сатысында алдында

жүргізілген есептеулерді басшылыққа ала отырып, біржолата жобаны қалыптастырамыз.

Бірақ техникo-экономикалық негіздемені әзірлеу ірі көлемді зерттеу болып табылады және қосымша тараулар мен мәселелер бойынша тиянақты ақпараттарды қамтиды:

- толық көлемдегі маркетингтік зерттеулерді жүргізу;
- инвестициялық жобаны тиімді пайдалану мерзімі ішінде өнімді шығарудың бағдарламасын әзірлеу;
- техникалық шешімдерді, өндірістік үдерісті ұйымдастырылу жоспарын әзірлеу, пайдаланылатын шикізаттық, материалдық, отын-энергетикалық ресурстарды анықтау, технологияның жағдайын, құрал-жабдықтардың құрамын талдау, өндірісті келтіру;
- құрылыстық шешімдерді дайындау, құрылыстың ұйымдастырылуын сипаттау, инженерлік қамсыздандыруды әзірлеу;
- қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шараларды әзірлеу,
- кәсіпорынды басқару жүйесін, еңбектің ұйымдастырылуын сипаттау;
- сметалық-қаржылық құжаттарды әзірлеу, кәсіпорынның шығындарын, капиталдық салымдарын, айналым капиталына қажеттілігін есептеу, жобаны қаржыландыру көздері;
- инвестициялық жобаны жүзеге асырумен байланысты тәуекелдерді бағалау;
- сәйкесінше келісулер мен сараптамалардан өту.

Бұл техникo-экономикалық негіздемеде міндетті түрде көрсетілуге тиісті негізгі сұрақтардың тізімдемесі. Сондай-ақ техникo-экономикалық негіздеме инвестициялық жобаның мақсаттылығын негіздеу керек.

7. Бағалау бойынша қорытындыны дайындау. Техникo-экономикалық негіздемені әзірлеу аяқталғанда, осы үдерістің түрлі қатысушылары, мүдделі тұлғалар, ұйымдар өздерінің нақты көздеген мақсаттары, күтілетін тәуекелдер, шығындар мен пайдалар бойынша инвестициялық жобаға жеке баға береді. Ірі қаржылық және инвестициялық компаниялар бағалау қорытындысын да-

йындайды. Жоба бойынша бағалау қорытындысын дайындау инвестициялық және қаржылық шешімге түпкілікті әсер ететіндіктен, ол инвестиция алдындағы кезеңнің жеке-дара сатысы ретінде қарастырылуы тиіс.

8. Инвестициялық жобаны жүзеге асыру (қабылдау) туралы шешім қабылдау. Инвестициялық жобаны жүзеге асыру (қабылдау) туралы шешім қабылдау инвестиция алдындағы кезеңнің ақырғы сатысы болып табылады. Шешім қабылдау үшін жоба бойынша барлық ақпаратты қолдану қажет: инвестициялау алдындағы техникo-экономикалық негіздемені, инвестициялық жобалардың тиімділігінің бағасын, техникo-экономикалық негіздемені, жүргізілген тәуелсіз сараптаманың қорытындысын, бағалаудың қорытындысын.

Жобаны жүзеге асыру сатысы жұмысты жобалау мен құрылыстан тұрады. Бұл сатыға жобаның екі алдыңғы кезеңі бойынша (инвестиция алдындағы мен инвестициялық) шығындар мен уақыттың орташа көрсеткіштерінің неғұрлым үлкен үлес салмағы тиеді, жобаның әрбір сатысының үлес салмағын келесі статистикалық мәліметтердің көмегімен анықтауға болады:

- тұжырымдық саты – 3%;
- жоспарлау сатысы – 5%;
- жобалау сатысы – 20%;
- құрылыс сатысы – 60%;
- соңғы саты – 12%.

Жобаның өмірлік циклінің құрылымы жөніндегі біліктілік оның болашақтағы дамуы мен мақсаттылығы туралы баға беруге, нақты кәсіпкер мен мемлекет үшін қатаң экономикалық негізде маңызды болатын жобаларды басқару жүйесінің құрылуына септігін тигізеді.

Жобаның алдыңғы екі кезеңін орындағанда оның экономикалық негіздемесіне, яғни алдын ала зерттеу кезеңінен бастап, белгілі жобаны жүзеге асырудың мақсаттылығын растайтын немесе жоққа шығаратын нақты есептеулердің соңғы кезеңіне дейін, ерекше көңіл бөлген жөн. Қарастырылатын жобаның оң экономикалық тиімділігі мен мақсаттылығы жағдайында ғана, оның келесі сатыларын жүзеге асыруға кірісуге болады.



Кәсіпорынның инвестициялық саясатының стратегиясы

Инвестициялық саясат – инвестициялық қызмет субъектісінің өндірістік және экономикалық әлуетін кенейту және жаңартудың неғұрлым тиімді жолдарын жүзеге асырудың тәсілдерін анықтайтын, ортақ стратегияның құрамдас бөлігі.

Кәсіпорынның жалпы инвестициялық саясатын дайындау келесі негізгі кезеңдерді қамтиды.

1. Өткен кезеңдегі кәсіпорынның инвестициялық қызметін талдау. Бұндай талдаудың негізгі мақсаты болып кәсіпорынның инвестициялық әлеуетін және оның инвестициялық қызметінің тиімділігін жан-жақты бағалау саналады.

2. Сыртқы инвестициялық ортаның шарттары мен инвестициялық нарықтың конъюнктурасын зерттеу және оның есебі. Мұндай зерттеудің барысында инвестициялаудың толық немесе жекелеген нысандары негізінде инвестициялық қызметтің құқықтық шарттары зерделенеді, инвестициялық нарықтың ағымдағы конъюктурасы мен оны анықтайтын факторлар талданады. Сыртқы инвестициялық орта мен инвестициялық нарықтың конъюнктурасын зерттеу стратегиялық, техникалық және қолданбалы талдаудан тұрады.

3. Алдағы инвестициялық қызметпен қамтамасыз етілетін кәсіпорын дамуының стратегиялық мақсатының есебі.

4. Кәсіпорынның инвестициялық ресурстарын қалыптастыру саясатын таңдау.

5. Тәуекелді ескере отырып, капиталды салу мақсаты бойынша кәсіпорынның инвестициялық саясатының типін негіздеу. Бұл сатыда инвестициялық қызметтің табыстылығы мен тәуекел өлшемдерінің қатынасы негізінде оның мақсаты функциясы айқындалады. Мұндай өлшем кәсіпорынның стратегиялық жиынтығына кіретін кәсіпорынды қаржылық басқару философиясына негізделеді.

6. Инвестициялаудың басым бағыттары бойынша кәсіпорынның инвестициялық саясатын қалыптастыру. Бұл сатыда кәсіп-

орынның алдағы кезеңдегі инвестициялық қызметтің процесі барысында нақты және қаржылық инвестициялау көлемінің қатынасы айқындалады.

7. Кәсіпорынның инвестициялық саясатын сала бойынша қалыптастыру, инвестициялық қызметтің салалық бағытын анықтау ең қиын мәселе болып табылады.

8. Кәсіпорынның инвестициялық саясатын аймақтар бойынша қалыптастыру.

9. Кәсіпорынның инвестициялық саясатының негізгі бағыттарының өзара үйлесімділігі. Бұл сатыда инвестициялық қызметтің көлемі, атқарылу мерзімі және басқа өлшемдері бойынша жекелеген бағыттарының үйлесімділігі қамтамасыз етіледі.

Инвесторлар белгілі бір экономикалық немесе әлеуметтік мақсаттарды көздейді. Бұл ретте, кәсіпорынды қоршап тұрған экономикалық ортаның барлық аспектілері инвестордың мүддесінде болады: инфляция, салықтар, заңдар, өткізу және тұтыну нарықтарының дамуы, тәжірибелі мамандардың болуы және т.б. Міндеттердің кешенділігі инвестициялық ойды жүзеге асыру стратегиясын әзірлеуге ерекше талаптар қояды.

Стратегия кең мағынада, мақсаттарды, сондай-ақ, оларды жүзеге асырудың құралдары мен тәсілдерінен тұрады.

Стратегияны әзірлеп шығару үдерісі кәсіпорынның ұлғаюы мен позициясын бекітуді қамтамасыз ететін, ортақ бағыттарды орнатумен тікелей байланысты. Кәсіпорынның стратегиясын, бизнес-жоспардың нақты бөлімдерін тиянақты әзірлеу үшін арналған мақсатты нұсқамалар деп тұжырымдауға болады.

Стратегиялық жоспарлаудың үдерісі үш сатыдан тұрады: стратегиялық талдау, мақсатты тұжырымдау және стратегиялық таңдау жасау.

Кәсіпорынның даму стратегиясында көрсетілген басты мақсаттарды есепке алу мен терең ұғыну, бизнес-жоспарды әзірлеудің негізі болып табылады.

Бизнес-жоспар мен инвестициялық жоспардың стратегиясын әзірлеген кезде, ең алдымен, меншік иелерінің, инвесторлардың, кәсіпорын жұмысшыларының, өнімді тұтынушылардың, жабдықтаушылардың мүдделері ескеріледі. Содан соң, жағдайды талдаған

соң, фирманың басты мақсаттары мен стратегиясы анықталады. Келесі сатыда материалдық, еңбек, қаржылық және инвестициялық ресурстарды қамтитын өндірістік әлуегі пайдалану бойынша міндеттер анықталады. Ақырғы сатыда, кәсіпорынның ұзақ мерзімді және оперативті (жедел) бизнес-жоспары әзірленеді, инвестициялық жоспар оның құрамдас бөлігі болып табылады.

Кәсіпорынның стратегиясы иерархиялық қағидат бойынша құрылады. Яғни, барлық құрылымдық бөлімшелердің, кәсіпорынның жалпы даму стратегиясына негізделген және ішінара үлестірілген, өзінің жеке даму стратегиялары бар. Стратегиялық жоспарлау үздіксіз процесс, ол стратегиялық жоспарды қалыптастырумен аяқталмайды.

Кәсіпорын дамуының мақсаттарын қалыптастыру үдерісі – көп кадамды әрі қайтымды байланысы бар процесс. Инвестициялық жобаларды талдау стратегиялық жоспарды тексеру үшін қажетті қайтымды байланысты қамтамасыз етеді. Кәсіпорынның даму стратегиясы мен оны жүзеге асыру үдерісі тікелей байланысты. Кәсіпорынның стратегиясын жасаған кезде, оның жаңадан алынған ақпараттардың негізінде өзгерістердің енгізілуін көздейтін, интеракциондық процесс екендігін ескерген жөн.

Стратегияны дайындағанда циклдік жоспарлауды қолдану мүмкін емес. Сыртқы ортаның жоғары турбуленттілігі жағдайында, стратегиялық шешімдер циклдік жоспарлауға қарамастан, жедел қабылдануы керек. Сондықтан кәсіпорынның стратегиялық саясатын жүзеге асырудың кез келген сатысында мақсаттардың түзетілуі немесе олардың толықтай жаңадан қалыптастырылуы мүмкін. Стратегиялық икемділік күтпеген сыртқы өзгерістерге қатысты жедел әрі дұрыс стратегиялық шешім қабылдауды көздейді.

Кәсіпорын жалпы стратегиясының төңірегінде инвестициялық стратегияны әзірлеуі керек. Стратегиялық басқару процесінде басқаруның басты міндеті – кәсіпорынның нақты инвестициялық бағдарламасы мен мақсаттары арасындағы балансты анықтау, яғни үдерістің сәйкестігін қамтамасыз ету болып табылады. Кәсіпорында жасалатын инвестициялық жобалар оның стратегиясына сәйкес келуі керек.

Инвестициялық стратегияны таңдағанда төмендегілерді ескерген жөн:

- қарастырылатын іс-шаралардан экономикалық, әлеуметтік әсерге қол жеткізу – әрбір инвестициялау объектісі үшін тиімділікті бағалаудың жеке-дара әдістері қолданылады, содан соң, тең шарттарда субъектіге неғұрлым тиімді инвестициялық қызметті қамтамасыз ететін инвестициялық жобалар таңдалып алынады;

- салынған капиталдан неғұрлым жоғары пайда алу;
- әлеуметтік, экологиялық, ғылыми-техникалық әсерге жетуге бағытталған, пайдасыз инвестициялық жобаларды жүзеге асыруда құралдарды тиімді пайдалану;

- инвестициялық жобаны жүзеге асырумен байланысты инвестициялық тәуекелдерді төмендету;

- инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуымен байланысты іс-шаралар ҚР-н инвестициялық қызметін реттейтін заңнамалық және құқықтық актілеріне сәкес келеуі керек.

Инвесторлар, кәсіпорынға өз қаржы ресурстарын орналастыра отырып, олардың қайтарылуын (мысалы, несиені қайтару) немесе белгілі бір пайыздың (табыс) сақталуы мен алынуын; ал кейбір жағдайда басқаруға қатысуды талап етеді. Бұл жағдайда кәсіпорынның негізгі мақсаттары салықтарды, дивидендтерді төлеуге, несиелерді және олар бойынша пайыздарды қайтаруға мүмкіндік беретін инвестициялық, операциялық және қаржылық қызметтің нәтижесінен жоғары табыс алу болып табылады. Осылармен қатар, капиталдың сақталуы мен дамуы үшін жағдай жасау керек. Сондай-ақ капиталдың меншік иелеріне кәсіпорынды басқару ісіне қатысуға мүмкіндік беру қажет.

Кәсіпорынның жұмысшылары (персонал) өздерінің өндіргіш күштерін, білімін, тәжірибесін басқарушылардың құзырына береді және әділетті еңбекақыны, пайдаға қатысуды, еңбектің қауіпсіздігін құру мен қамтамасыз етуді және жұмыс орындарының сақталуын талап етеді.

Мемлекет салықтық және құқықтық тәртіптің орындалуын қамтамасыз етеді және кәсіпорыннан қажетті салықтар мен аударымдардың бюджеттік емес қорларға төленуін талап етеді. Өнімді тұтынушылар мен жеткізушілер белгілі бір мақсаттармен

кәсіпорынмен байланыста болады. Инвесторлар мен кәсіпорын жұмысшыларын, әсіресе, басшыларды, анықталған мақсаттарды жүзеге асыруға ерекше ықылас білдіретін басты мүдделі тұлғалар ретінде қарастырған жөн.

Осылайша, кәсіпорынның сақталуы, тиімді қызмет етуі және сәтті дамуы, сондай-ақ тұтынушылардың қажеттілігін барынша толық қанағаттандыру кәсіпорынның негізгі мақсаттары болып табылады. Аталған мақсаттардың жүзеге асырылуы капитал құндылығын (табыстылығын) жоғарылату арқылы іске асады.

Капиталдың құндылығы кәсіпорынның шаруашылық қызметінің нәтижесінде пайда болатын барлық ақшалай кірістер сомасының шығыстардан асып түсуінің сандық сипатын көрсетеді. Егер ақша ағымдары қаржы ресурстарын пайдалану тиімділігіне қатысты акционерлердің, кредиторлардың немесе инвесторлардың талаптарын көрсететін, дисконт мөлшерінің көмегімен дисконтталатын болса, онда таза табыстың өлшемі кәсіпорынның жиынтық капитал құнының сандық сипатын береді. Егер жиынтық капиталдың құнынан инвесторлар капиталының құнын шегерсек, онда алынған өлшем кәсіпорынның меншік капиталының құнын сипаттайтын болады.

Осылайша, кәсіпорын – капитал құнын жоғарылату мақсатында, қызмет ететін меншік иелерінің, инвесторлардың, қызметкерлердің, жабдықтаушылардың, тұтынушылардың сондай-ақ мемлекет мүдделерінің іс-әрекет ету орталығы болып табылады.

Басты мақсатқа жету үшін, кәсіпорынның қаржылық-өндірістік қызметінің үдерісінде пайда болған барлық мақсаттардың жиынтығын ескерген жөн. Оларға келесілер жатады: материалдық (өндірістік) мақсаттар – бұл белгілі бір сапа деңгейінде өнімді шығару, жұмыстарды атқару немесе қызмет көрсету бағдарламасы; бағалық (қаржылық) мақсаттар – бұл пайдаға қарай талпыну, оны бөлу, өтімділікті қамтамасыз ету және т.б.; әлеуметтік мақсаттар – болашақта күтілетін кәсіпорын жұмысшылары арасындағы қарым-қатынас, жұмысшылар табысының деңгейі, өндіріс мәдениеті, қоршаған ортаны қорғау.

Бүгінгі таңда қазақстандық компаниялардың өзекті мәселесі – дамудың аңдаусыз стратегиясы. Ол инвестициялық үдерістің мәнін


жоққа шығарады. Кейде стратегияның мүлдем болмау жағдайлары да кездеседі.

Осыған орай, инвестициялық процесс субъективті сипатта болады. Егер, капиталдың салынуы кәсіпорын таңдаған стратегияға қайшы келсе, онда инвестициялық жоба тиімсіз болып табылады. Бұл жағдайда, кәсіпорын үшін тиімсіз инвестициялық жобаны жүзеге асыруға құралдарды салу және кателесу тәуекелі жоғары болады. Белгілі бір стратегияны ұстанып, инвестициялық жобаларды жүзеге асыратын кәсіпорында тәуекелге әлдеқайда аз ұшырайды.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. «Инвестиция» түсінігіне экономист-ғалымдардың берген анықтамалары қандай?
2. Инвестициялық климат қандай факторларға байланысты?
3. Инвестицияның негізгі түрлерін атаңыз.
4. Инвестициялық қызметтің объектілері мен субъектілерін атаңыз.
5. «Жоба» түсінігіне анықтама беріңіз.
6. «Инвестициялық жоба» дегеніміз не?
7. Инвестициялық жобалардың қандай түрлерін білесіз?
8. Инвестициялық жобалардың өмірлік циклі қандай кезеңдерді қамтиды?
9. Кәсіпорынның инвестициялық стратегиясы қалай қалыптасады?
10. Инвестициялық саясаттың мәні мен мағынасы неде?

2 ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ТАЛДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ



Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау көрсеткіштері

Инвестициялық жобаның тиімділігі – бұл жобаға қатысушылардың мақсаттары мен мүдделеріне инвестициялық жобаның сәйкестігін көрсететін категория. Инвестициялық жобаның тиімділігін бағалау үшін жобаның барлық өмірлік кезеңдерін қарастырған жөн, яғни, жоба алдындағы әзірлеуден бастап оның толық аяқталуына дейін.

Капиталдық салымдардың және жаңа техниканың экономикалық тиімділігінің мәні қоғамдық еңбек өнімділігін жоғарылатумен байланысты, яғни өнімнің құнын төмендетуге бағытталады. Қазіргі қоғамда капиталдық салымдардың тиімділігі екі аспектіден тұрады – экономикалық және әлеуметтік.

Капиталдық салымдардың экономикалық тиімділігінің аспектісін анықтау кезінде шығындар (негізгі және қосымша) толығымен өндірушіде де тұтынушыларда да есепке алынуы тиіс.

Жалпы тиімділік көрсеткіштеріне келесі көрсеткіштерді жатқызуға болады: капиталдық салымдардың өтелу көрсеткіші, яғни салынған қаражаттардың өтелу (қайтарылу) мерзімін білдіреді, және капиталдық салымдардың үлесі, яғни капитал салымдарының көлемін білдіреді (өнімнің, қызметтің, жұмыстың бір теңгесіне келетін ресурс мөлшері).

Аталып кеткен көрсеткіштерден басқа бағалау көрсеткіштер жиынына келесілер жатады: еңбек өнімділігі; қор қайтарылымы; өнімнің өзіндік құны; өнімнің сапасы мен техникалық деңгейі; өнімнің, қызметтің, жұмыстың материал – және энерго сыйымдылығы; жоба қуатын игеру ұзақтылығы; әлеуметтік тиімділігін әлеуметтік нормалармен салыстырудағы көрсеткіштер; еңбек жағдайын жақсарту және қоршаған ортаны қорғаумен байланысты көрсеткіштер.

Капиталдық салымдардың тиімділігін есептеуде инвестициялық емес факторлаға байланысты тиімділіктерді (эффект) шегеру керек. Мысалы, бұрындағы жобалардың өндіріс қуаты немесе еңбекті ұйымдастыруды алдында енгізіген шаралары, кәсіпорынның ауысымдылығын жоғарылату, өндіріс пен еңбекті прогрессивті басқару және ұйымдастыру формаларын игеру, сонымен қатар капиталдық салымдарды қажет етпейтін шаралар.

Инвестициялардың әлеуметтік нәтижесін бағалау дегеніміз адамның құқығын, әлеуметтік жағдай нормасын, стандартын сақтайтын жоба.

Жұмыскерлерге жақсы еңбек ету мен демалу жағдайларын жасау жөнінде, оларды азық-түлікпен, тұрғын үймен және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар міндетті болғанымен жеке бағалануға жатпайды.

Жобаларда орын табуы тиіс инвестициялардың әлеуметтік нәтижелердің негізгі түрлері:

- аумақта жұмыскерлер орнының өзгеруі;
- жұмыскерлердің тұрғындық және мәдени-тұрмыстық жағдайларының жақсаруы;
- жұмыскерлердің еңбек жағдайының жақсаруы;
- өндірістік персонал құрылымының өзгеруі;
- халықтың тауралармен жабдықталуы (отын – энергетикалық кешенінің жобалары үшін – отын мен энергия; аграрлық сектор мен азық түлік кәсіби жобалары үшін – азық түлікпен және т.б.);
- жұмыскерлер мен қоғамның жалпы денсаулығы;
- халықтың бос уақытын үнемдеу.

Әлеуметтік нәтижелердің құндылығын бағалауда олардың жеке маңыздылығы есептеледі. Жобаның әлеуметтік нәтижесіне жетуге керекті шығындар (мысалы, жұмыссыздыққа немесе уақытша еңбек қабілетін жоғалтумен байланысты төленетін жәрдемақы шығыны), тиімділікті есептеуде жалпы қолданылады және әлеуметтік нәтижеге құндылық баға беруде қолданылмайды.

Болашақ шығындар мен нәтижені бағалау инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалауда есептеу мерзімімен шектеледі, оның ұзақтылығы (есептеу горизонты) есепке келесі жағдайларға сәйкес алынады:

- объектіні құру, эксплуатациялау және керек болса жою ұзақтылығы;
- негізгі құралдардың орташа өлшемді нормативтік мерзімі;
- көздеген пайда мөлшері (кіріс нормасы, пайда массасы және т.б.);
- инвестордың талабы.

Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау бойынша әдістемелік ұсыныстар, келесі қағидаттарды анықтайды:

- жобаны оның барлық өмірлік кезеңінің (есептік кезеңі) аралығында қарастыру – инвестициялау алдындағы зерттеуді жүргізгеннен бастап, жобаның тоқтатылуына дейін;
- жобаны жүзеге асырумен байланысты түрлі валютаны қолдану мүмкіндігін есепке ала отырып, есептік кезеңдегі ақша түсімдері мен шығыстарды қамтитын, ақша ағындарын болжау;
- әр түрлі жобаларды салыстыру шарттарының баламалылығы (жобаның нұсқалары);
- оң мәнділік және барынша тиімділік қағидаты, яғни жобаны жүзеге асырудағы әсер оң мәнге ие болуы керек; баламалы инвестициялық жобаларды салыстырғанда, барынша тиімді жоба таңдалып алынуы керек;
- тікелей жобаны жүзеге асырумен байланысты күтілетін шығындар мен кірістерді есепке алу;
- инфляцияның әсерін есепке алу;
- жобаны жүзеге асырумен байланысты ықтималдылықтар мен тәуекелдерді есепке алу;
- уақыт факторын есепке алу.

Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалағанда уақыт факторының аспектілері ескерілуі тиіс.

Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау бойынша әдістемелік ұсыныстарда инвестициялық жобалардың тиімділігін анықтаудың келесі түрлері ұсынылады:

- инвестициялық жобаның толық тиімділігі;
- жобадағы қатысушының тиімділігі.

Инвестициялық жобаның (бұдан әрі – ИЖ) толықтай тиімділігі оның мүмкін болатын қатысушыларының әлуетті тартымдылығы мен қаржыландыру көздерін іздеуді қамтамасыз ету мақсатында бағаланады. ИЖ тиімділігі толықтай бағалау келесілерді қамтиды: *ИЖ қоғамдық (әлеуметтік-экономикалық) тиімділігі мен ИЖ коммерциялық тиімділігі.*

Қоғамдық (халық шаруашылық) тиімділіктің көрсеткіштері жалпы қоғам үшін ИЖ жүзеге асырылуының әлеуметтік-экономикалық салдарын, сондай-ақ ИЖ қатысты тікелей шығындар мен нәтижелерді және экономиканың біріккен секторларындағы сыртқы шығындар мен нәтижелерді ескереді: экономикалық, экологиялық, әлеуметтік және басқа да әсерлер. Экономиканың біріккен салаларындағы тиімділікті сәйкес нормативтік және әдістемелік материалдар болған жағдайда бағалаған жөн. Жеке жағдайларда экономиканың біріккен салаларындағы тиімділікті бағалау үшін тәуелсіз жоғары тәжірибелі сарапшылардың бағасын пайдалану рұқсат етіледі.

ИЖ тиімділігінің коммерциялық көрсеткіштері ИЖ жүзеге асыратын тікелей қатысушы үшін оны іске асырудың экономикалық салдарын ескереді.

Жобаға қатысудың тиімділігі оның жүзеге асырылуын тексеру және оның барлық қатысушыларының қызығушылығын қамтамасыз ету мақсатымен анықталады. ИЖ қатысу тиімділігі келесі есептеулердің түрлерін қамтиды:

- кәсіпорынның жобаға қатысу тиімділігі, кәсіпорын акцияларына инвестициялау тиімділігі (ИЖ қатысушылары – акционерлік кәсіпорындардың акционерлері үшін);
- жоғары құрылымдардың ИЖ қатысу тиімділігі, олардың қатарында: аймақтық және халық шаруашылық тиімділік – жеке аймақ пен халық шаруашылығы үшін; салалық тиімділік – халық шаруашылығының, қаржылық-өндірістік топтардың, біріккен кәсіпорындар мен холдингтік құрылымдардың жеке салалары үшін;
- ИЖ бюджеттік тиімділігі (ИЖ мемлекеттің қатынасу тиімділігі).

ИЖ тиімділігін бағалауды екі сатыда жүргізген жөн. Бірінші сатыда жобаның жалпы тиімділігінің көрсеткіштері есептеледі. Жергілікті жобалардың тек коммерциялық тиімділігі ғана бағаланады. Қоғамдық маңызы бар жобалардың ең алдымен олардың қоғамдық тиімділігі, ал содан кейін коммерциялық тиімділігі бағаланады. Қанағаттанарлықсыз қоғамдық тиімділігі жағдайында ИЖ жүзеге асырмаған жөн. Қоғамдық маңызы бар ИЖ коммерциялық тиімділігі жеткіліксіз болған жағдайда, ИЖ коммерциялық тиімділігін қолайлы деңгейге жоғарылатуға мүмкіндік беретін, оны қолдаудың әр түрлі мүмкіндіктерін қарастырған жөн.

Бұл жерде құралдар тегін, қайтарылмайтын негізде ұсынылатын субсидиялар жайлы сөз қозғалып тұр: түрлі деңгейдегі бюджеттерден ассигнациялау, кәсіпкерлікті қолдау қорларынан ақша құралдарын бөлу, заңды және жеке тұлғалардың, халықаралық ұйымдардың қайырымдылық жарналары. Сонымен қатар, тиімді шарттармен анықталған бюджеттік қарыздар да ұсынылуы мүмкін: пайызсыз несиелер немесе жылдық пайыздық мөлшерлемелері төмен несие ресурстары. Қоғамдық маңызы бар ИЖ қаржыландыру көздері белгілі болса, онда олардың коммерциялық тиімділігін бағалауды өткізбесе де болады. ИЖ тиімділігін бағалаудың екінші сатысы қаржыландырудың сызбанұсқасын таңдап алған соң жүзеге асады. Бұл сатыда қатысушылардың құрамы нақтыланып, жобадағы әрбір қатысушы үшін оның қаржылық жүзеге асырылуы мен тиімділігі анықталады (ИЖ жеке кәсіпорындардың, акционерлердің қатысу тиімділігі, аймақтық салалық тиімділігі).

ИЖ-ның тиімділігі жобаның басталуы мен аяқталуы арасындағы уақыт аралығы, бүкіл өмірлік кезеңі бойы бағаланады. Есептік кезеңдегі уақыт сандармен анықталатын кадамдарға бөлінеді $(0, 1, \dots)$. Ал уақыт жылдар немесе жылдардың үлесімен анықталып, $t_a = 0$ деп алынатын базалық кадамнан есептеледі.

Базалық кадам ретінде инвестициялық жобаның басын жиі пайдаланады. Егер, капиталдық салымдар бір уақытта салынып, кезеңдік инвестициялауды қарастырмаса, онда инвестициялық құрылыстың барлық мерзімін нөлдік кадам деп аламыз.



Ақша ағымы (cash flow) туралы түсінік

Кез келген қаржылық операция сияқты, инвестициялық жоба да ақша ағымдарының қозғалысын тудырады.

Ақша ағымы (ағылш. аударғанда «қолма қол ақша ағымы») – кәсіпорынның белгілі бір уақыт мерзіміндегі ақша қозғалысын білдіретін нәтиже.

Инвестициялық жобаның ақша ағымы дегеніміз – бұл барлық есептік кезеңде ақша құралдарының және олардың эквиваленттерінің, сондай-ақ, ИЖ-ны жүзеге асыру барысындағы ақша құралдарының қозғалысы.

Ақша ағымына нақты баға беру үшін кәсіпорынның қаржы ресурстары туралы және олардың уақыт мерзіміндегі қозғалысы туралы, яғни ақша ағымы бойынша ақпарат қажет.

Инвестициялық жобаны жүзеге асыру барысында пайда болатын, күтілетін ақша ағымдарын есептеу, инвестициялық жобаларды экономикалық талдаудың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Егер ақша ағымдары t уақытқа қатысты болса, онда оның мәні $\varphi(t)$ деп, егер m кадамына қатысты болса, онда ол $\varphi(m)$ деп белгіленеді. Егер бірнеше ақша ағымдары туралы сөз қозғалса, онда олар үшін арнайы белгілеулер енгізіледі. Әрбір кадамда ақша ағымының мәні келесілермен сипатталады: m кадамына қатысты ақша түсімдерінің өлшеміне тең кірістер; берілген кадамдағы шығындар мен төлемдер өлшеміндегі шығыстар; m кадамындағы ақша құралдарының кірістер мен шығыстар арасындағы айырмаға тең сальдо.

ИЖ-ның ақша ағымы $\varphi(t)$ әдетте, жеке қызметтердің ақша ағымдарынан тұрады:

– инвестициялық қызметтен (кірістер – ғылыми-зерттеу жұмыстарына, құрылыс-құрастырма жұмыстарына жұмсалған шығындардан, негізгі капиталға салынатын капитал салымдарынан, кәсіпорынды кеңейтуге, жөндеуге, техникалық қайта қаруландыруға, машиналар мен құрал-жабдықтарды сатып алуға жұмсалатын

біржолата шығындардан тұрады; шығыстар – активтердің сатылуы, айналым капиталын азайту есебінен пайда болаған кірістер);

– операциондық қызметтен (кірістер – сатудан түскен түсім, сатумен байланысты емес табыстар; шығыстар – өндірістік шығындар, салықтар);

– қаржылық қызметтен (меншік капиталы мен тартылған құралдарды салу, кәсіпорынның қарызы мен шығарған міндеттемелік құнды қағаздарының қайтарылуы бойынша шығындар).

Жалпы кәсіпорынның инвестициялық қызметі ақша құралдарының шығыстарымен сипатталады. Инвестициялық қызмет өтімділігінің негізгі көзі болып операциондық қызмет саналады. Бұл қызмет бойынша ақша құралдарының кірістері мен шығыстары ақшалай түрде, сондай-ақ алынған және берілген вексельдер және т.б., түрінде болуы мүмкін, және де осының барлығы ақша құралдарының жоба бойынша іс-әрекет етуінде көрініс табу керек.

Қаржылық қызмет бойынша ақша құралдарының кірістері қаржыландырудың сырқы көздері есебінен қамтамасыз етіледі: жарғылық капитал (жарғылық капиталдың арттыру), акциялардың қосымша эмиссиясын шығарудан түсетін түсімдер, мақсатты қаржыландырулар, корпоративті облигацияларды шығарудан түсетін құралдар, қарыз капиталы. Кірістер эмиссиялық құнды қағаздардың иелеріне дивидендтерді, пайыздарды төлеу, қарыз капиталы, қарыздар мен несиелер бойынша пайыздарды төлеу есебінен қамтамасыз етіледі.

Ақша ағымдарын қалыптастырғанда оларды айналым сферасы бойынша дұрыс топтастыра білген жөн – яғни, жобаға қатысты ішкі және сыртқы көздер деп, бұл жобаның қаржылық жүзеге асырылуын, өзін-өзі қаржыландыру бойынша баға беруге мүмкіндік береді. ИЖ тиімділігі бағалағанда ақша ағымдары түсінігімен қатар, жекеленген қызмет түрлеріндегі ағындардың сальдосы, соммаланған ағымның сальдосы, ақша ағымының жинақталған сальдосы деген түсініктер қолданылады.

Жекелеген қызмет түрлері бойынша *ақша ағымдарының сальдосы* нақты қызмет түрінің *t* қадамындағы ақша құралдарының кірістері (оң мәнді) мен шығыстары (теріс мәнді) алгебралық сома-

лау жолымен есептеледі. Сомалық сальдо әрбір *t* қадамына есептелген, екі немесе үш қызмет түрлері бойынша ақша құралдарының сомалық (ағыстар мен шығыстар) қорытындысын көрсетеді.

Кесте 2.2.1 - Шаруашылық субъектісінің ақша ағымдарын жіктеу

Жіктеу сипаты	Ақша ағымдарының түрлері
1. Қаржылық-шаруашылық қызметтің түрлері	1.1 Ағымдық (операциондық) қызмет бойынша
	1.2 Инвестициялық қызмет бойынша
	1.3 Қаржылық қызмет бойынша
2. Шаруашылық үдерісіне қызмет көрсетудің масштабы бойынша	2.1 Жалпы кәсіпорындар бойынша ақша ағымдарының жиынтығы
	2.2 Құрылымдық бөлімшенің (филиалдың) ақша ағымы
	2.3 Еншілес фирмалардың ақша ағымы
	2.4 Жеке шаруашылық операциялары бойынша ақша ағымдары
3. Ақша құралдарының бағытталуы	3.1 Кірістер
	3.2 Шығыстар
4. Жүзеге асыру формасы	4.1 Қолма-қол ақша ағымы
	4.2 Қолма-қолсыз ақша ағымы
5. Айналым сферасы	5.1 Сыртқы ақша ағымы
	5.2 Ішкі ақша ағымы
6. Мерзім ұзақтығы	6.1 Қысқа мерзімді ақша ағымы
	6.2 Ұзақ мерзімді ақша ағымы
7. Ақша құралдарының жеткілікті болуы бойынша	7.1 Артықшылықты
	7.2 Оңтайлы
	7.3 Тапшылықты
8. Валюта түрі	8.1 Ұлттық валютада
	8.2 Шетел валютасында
9. Болжалдық әдісі бойынша	9.1 Күтілетін (болжалданатын) ақша ағымы
	9.2 Кездейсоқ ақша ағымы
10. Қалыптасудың үздіксіздігі	10.1 Үздіксіз ақша ағымы
	10.2 Реттелмеген ақша ағымы
11. Қалыптасудың уақытша аралықтарының тұрақтылығы	11.1 Тең уақыт аралығындағы үздіксіз ақша ағымы
	11.2 Өр түрлі уақыт аралығындағы үздіксіз ақша ағымы
12. Уақыт бойынша бағалау	12.1 Ағымдағы ақша ағымы
	12.2 Болашақтағы ақша ағымы

Ақша ағымдары жинақталған сальдосы жинақталған кірістер, жинақталған шығыстар және жинақталған сальдо түрінде анықталуы мүмкін:

$$CF_t = [(R_t - R_0) - (C_t - C_0) - (D_t - D_0)] \times (1 - h) + (D_t - D_0), \quad (2.2.1)$$

мұндағы: CF_t – t мерзімі аралығында ақша ағымының сальдосы; R_t и R_0 – жобаны қабылдау немесе жобадан бас тарту жағдайында кәсіпорынға түсетін жалпы кіріс көлемі; C_t и C_0 – кірістер; D_t и D_0 – амортизациялық аударымдар; h – пайдаға салынатын салық мөлшерлемесі.

Ақша құралдарын болжаудың сенімділігі төмендегілерге тәуелді:

– ИЖ инвестициялық сатысын жүзеге асырудың барлық мерзімі ішіндегі капиталдық шығындар сомаларын есептеудің нақтылығына, сондай-ақ, айналым капиталын (инвестициялық қызмет бойынша) құруға жұмсалған алғашқы шығындарды есептеудің нақтылығына;

– сатуды болжаудың және өнімді өндіру мен сатуға қажетті шығындарды есептеудің нақтылығынан;

– ИЖ жүзеге асырудың (қаржылық қызмет бойынша) әрбір қадамына қажетті ақша құралдарының сомасын есептеудің нақтылығынан.

– ИЖ шығындары мен нәтижелерінің құнын бағалағанда, базистік, әлемдік, болжалдық және есептік құндар қолданылуы мүмкін.

Базистік (ағымдық) құн – бұл инфляцияны есепке алмай инвестициялық жоба бойынша белгіленген, нақты өнімнің (жұмыстың, қызметтің) бағасы болып табылады. Базистік құн барлық есептік кезең ішінде өзгеріссіз қалады. ИЖ тиімділігі техникo-экономикалық зерттеудің алдын ала сатысында базистік құнмен өлшенеді. ИЖ техникo-экономикалық негіздемесі кезеңінде базистік, сонымен қатар болжалдық құндар да қолданылады.

Әдістемелік ұсыныстарға сәйкес, *болжалдық құн* – бұл болашақтағы есептеу сатыларында күтілетін (инфляцияны ескеріп) бағалар. Болжалдық құн базистік құнды m қадамының соңындағы

мүмкін болатын бағалардың өзгеру индексіне көбейту жолымен анықтауға болады.

Егер шығындар мен нәтижелер болжалдық бағалармен көрсетілсе, онда олардың тиімділігінің ортақ көрсеткіштерін табу үшін есептік құн қолданылады. Бұл инфляцияның әр түрлі деңгейлерін ескеріп алынған нәтижелерді салыстыру үшін қажет. Есептік құн инфляцияның жалпы индексіне сәйкес болатын дефляциялық көбейткіш арқылы анықталады және белгілі бір уақыт мерзіміне келтіріледі.

Базистік, болжалдық және есептік бағалар ұлттық валютада, сондай-ақ шетел валютасында көрсетілуі мүмкін. Соңғы жағдайда, ИЖ тиімділігін есептеу әлемдік бағаға сәйкес жүргізілген деп саналады.

Экономикалық тиімділіктің көрсеткіштерін есептегенде ИЖ жүзеге асыру нәтижелерінің құрамына келесілер кіреді:

– соңғы өндірістік нәтижелер (сыртқы және ішкі нарықтарда барлық өндірістік өнімді сатудан түскен түсім);

– меншікті және интеллектуалды меншікті сатудан түскен түсім (жаңалықтарды, ноу-хау пайдалануға лицензиялық құқық);

– әлеуметтік және экологиялық нәтижелер;

– тікелей қаржылық нәтижелер (пайда, салықтар, амортизация). Бағалық құны жоқ әлеуметтік, саяси, экологиялық және басқадай нәтижелер, экономикалық тиімділіктің қосымша көрсеткіштері ретінде қарастырылып, ИЖ жүзеге асыру туралы шешім қабылдағанда ескеріледі.

Жоба бойынша ақша ағымдарын болжаудың негізгі мақсаты ақша құралдарының қажеттілігін анықтау және олардың көздері мен жұмсалыу бағыттарын белгілеу болып табылады.

Мысал. Кәсіпорын жалпы құны 1000 мың долл. көлемінде және мерзімі 10 жылдық жобаны қарастырып отыр делік. Жобаның жүзеге асырылу жағдайында жылдық кіріс 1600 мың долл. жылына, ал егер кәсіпорын жобаны жүзеге асырудан бас тартса – 1000 мың долл. құрайды.

Ақша ағымдарына эквивалентті операциялық шығыстар сәйкесінше жылына 600 мың және 400 мың долл құрайды; амортиза-

ция - 200 мың және 100 мың жылына. Кәсіпорын 34% мөлшерінде пайдаға салынатын салық төлейді.

$$CF_i = [(R_i - R_0) - (C_i - C_0) - (D_i - D_0)] \times (1 - h) + (D_i - D_0) \quad (2.2.1)$$

формуласы бойынша мынаны аламыз:

$$CF_i = [(1600 - 1000) - (600 - 400) - (200 - 100)] \times (1 - 0,34) + (200 - 100) = 298 \text{ мың. долл.}$$

Жобаны қабылдаған жағдайда, оның пайдаланудың барлық мерзімінде жылына 298 мың долл. көлемде қосымша ақша ағымы күтіледі.



Жобаларды қаржыландырудың тәсілдері мен түрлері

Қаржыландыру көздері ретінде ақша активтері ғана емес, жаңа бизнеспен шұғылдануға, қолда бар істі кеңейтуге бағытталған кез келген мүмкіндік бола алады. Қаржыландырудың мұндай түрлеріне коммерциялық несие мен лизинг жатады. Сондай-ақ, бұл қарыздарды ақша қаражаттарына айналдыруға және өзіндік капиталды үнемдеуге жағдай жасайтын, дебиторлық қарызды факторинг арқылы өтеу бола алады. Жеке бизнесті дамыту мен кеңейтудің стандартты емес тәсілдеріне франчайзингті жатқызуға болады, яғни франчайзер бизнесінің кеңеюі франчайзифирмасының есебінен жүзеге асады.

Ақша қаражаттарын тартудың дәстүрлі тәсілдеріне несие, өзін өзі қаржыландыру және кәсіпкердің өзіндік капиталы жатады. Өзіндік капиталды қарастырғанда оның қалыптасуының ерекшеліктері мен ұйымдық-құқықтық формаларына екіпін жасалады. Сондай-ақ, біздің жағдайда аса маңызды орын алатын, венчурлік капитал қарастырылады.

Бүкіл дүние жүзінде кәсіпкерлік қызметті қаржыландырудың аса маңызды көзі – кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мен халықаралық қаржылық ұйымдардың көмегі болып табылады. Мұндай халықаралық ұйымға мысал ретінде, біздің республикамызда аса


белсенді қызмет атқарып келе жатқан Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі келтіруге болады.

Кәсіпкерлік қызметті қаржыландырудың мүмкін көздері ретінде келесілер қарастырылады:

- жарғылық капитал;
- акциялардың эмиссиясы;
- коммерциялық (тауарлық) несие;
- франчайзинг;
- лизинг;
- факторинг;
- облигациялардың эмиссиясы,
- бантік қарыз;
- өзін өзі қаржыландыру (ішкі өсім);
- мемлекеттік қаржыландыру.

Қаржы көздері меншікті (ішкі) және шеттен тартылған, қарыздық (сыртқы) көздер болып бөлінеді.

Жарғылық капитал, кәсіпорынның жинақталған пайдасы мен қорлары, заңды және жеке тұлғалардың әр түрлі салымдары (мақсатты қаржыландыру, жәрдемақылар, қайырымдылық салымдар) өзіндік қаражаттардың ішкі көздері бола алады.



Сурет 2.3.1 Кәсіпкерлікті несиелеу көздері

Банктерден немесе басқа да заңды және жеке тұлғалардан несиені алу, сондай-ақ заңды және жеке тұлғаларға сатып алуға болатын, кәсіпорынның ерекше қарыз міндеттемелерін – облигацияларды шығару, қарыз ақша құралдарын тартудың негізгі тәсілі болып есептеледі.

Банктік несиені – бұл объектісі ақша құралдарын қарызға беру үрдісі болып табылатын, экономикадағы несиені қатынастарының кең дамыған түрі. Сәйкес операцияларды іске асыруды орталық банктің лицензиясы негізінде, арнайы қаржы-несиелік ұйымдарға рұқсат етіледі. Бұл несиенің түрі бойынша табыс банктік немесе қарыздық пайыз ретінде есептеледі, оның мөлшерлемесі берілген мерзімдегі орташа норманың есебімен екі жақты келісу арқылы немесе несиелеудің нақты шарттары арқылы анықталады.

Банктік несиелер келесі сипаттамалары бойынша бөлінеді:

1. Қарыз алушылардың түрлері бойынша.
2. Пайдалану мерзіміне қарай.
3. Қамтамасыз ету сипаты бойынша.
4. Пайдалану шарттары бойынша.
5. Өтеу тәсілі бойынша.
6. Пайыздық мөлшерлеменің сипаты бойынша.
7. Пайыздық мөлшерлемені төлеу тәсілі бойынша.
8. Несиенің валютасы бойынша.
9. Кредиторлар саны бойынша.
10. Қарызды іске асыру шарттары бойынша.
11. Қарызды беру объектілері бойынша.

Коммерциялық (тауарлық) несиені – бұл сатылған тауар үшін төлемді кейінге қалдыру түрінде, сатушылардың сатып алушыларға тауар формасында ұсынылатын несиенің түрі. Бұл несиені борышкердің негізгі қарыздың сомасы мен есептелген пайыздарды белгілі бір мерзімде өтеу міндеттемесімен беріледі.

Коммерциялық несиені қолдану өндірушінің жеткілікті резервтік капиталының болуын талап етеді.

Коммерциялық несиені ұсынудың негізгі бес тәсілін ажыратуға болады:

- вексельдік тәсіл;
- ашық шот;

- белгілі бір мерзімде өтеу шартымен берілетін жеңілдік;
- мезгілдік несиені;
- консигнация.

Лизинг. Қазіргі таңда көптеген қазақстандық кәсіпорындардың айналым құралдары жеткіліксіз жағдайда. Олар өздерінің негізгі қорларын жаңартуға, ғылыми-техникалық прогресстің жетістіктерін енгізуге мүмкіндіктері жоқ болған соң, несиені алуға мәжбүр. Бірақ кәсіпорынға өзінің негізгі құралдарын жаңарту қажеттілігі туындаған жағдайда, жабдықтарды лизингке алған тиімді. Бұл жағдайда кәсіпорын негізгі құралдарды сатып алуға алынатын несиені қарағанда, өзінің құралдарын лизингтің барлық мерзіміндегі жабдықтың құнының 10%-ға дейін үнемдейді. Әдетте ол мерзім бір жылдан бес жылға дейінгі уақытты құрайды.

Лизинг – бұл лизинг беруші лизинг затын лизинг алушыға белгілі бір төлемге, белгілі бір мерзімге және келісімшартта келісілген шарттармен уақытша иеленуге және кәсіпкерлік мақсаттар үшін пайдалануға беретін, уақытша бос немесе тартылған қаржы құралдарын инвестициялауға бағытталған кәсіпкерлік қызметтің бір түрі. Лизинг кәсіпорынның дамуын инвестициялау тәсілі болып табылады.

Лизингтік операциялардың екі түрі ажыратылады: толық өтелетін және жалға алынған техниканың толық өтелмейтін лизингі.

Толық өтелмейтін лизинг әдетте жедел лизинг деп аталады; бұл жағдайда лизинг берушінің лизингшілік жабдықты сатып алумен және пайдаланумен байланысты шығындары лизингтің барлық мерзімі ішінде толық өтелмейді. Жабдықтың қалыпты қызмет мерзіміне қарағанда, лизингшілік келісімшарттың мерзімі қысқа болғандықтан, лизинг беруші оны уақытша пайдалануға бірнеше рет жалға беруге мәжбүр болады және жабдыққа сұраныс болмаған жағдайда лизинг объектісінің қалдық құнын толтыру бойынша тәуекелділік деңгейі жоғарылайды. Осыған байланысты лизингтік төлемдердің мөлшері қаржылық лизингке қарағанда әлдеқайда жоғары болады. Жедел лизингтің тағы бір ерекшелігі – техникалық қызмет көрсету, жөндеу, сақтандыру міндеттері лизингтік компанияға жүктеледі. Жедел лизинг бойынша жабдықты сатып алатын лизингтік компания нақты пайдаланушыны білмей-

тіндіктен, оған жаңа немесе қолданыста болған лизингтік жабдықтарының конъюктурасын жете меңгерген жөн.

Лизингтік жабдықтың толық өтелімімен байланысты лизинг, қаржылық деп аталады. Уақытша пайдалануға берілетін жабдықтың мерзімі, жабдық құнының толық немесе көп бөлігінің пайдалану және амортизациясының мерзіміне жақындайды. Келісімшарттың мерзімі ішінде лизинг беруші өзінің лизингтік төлемдері есебінен мүліктің толық құнын өзіне қайтарып алады. Қаржылық лизингте, әдетте, техникалық қызмет, сақтандыру бойынша міндеттер лизинг алушыға жүктеледі.

Егер жал туралы келісімшартты бекіткенде, келесі шарттардың бірі ескерілмесе, лизинг жедел лизинг категориясына жатапайды: біріншіден, мерзім аяғында мүлік арендаторға өтеді; екіншіден, жал мерзімі активтің қызмет мерзімінің біршама бөлігін құрайды; үшіншіден, келісім тиімді шарттармен белгіленген, жалға алынатын мүлікті сатып алу бойынша опционды камтиды; төртіншіден, жалдың бастапқы уақытына келтірілген жал төлемдерінің сомасы мүліктің әділ нарықтық құнынан кем болмауы керек.

Лизингтік мәмілелердің тәсімдері (схемалары). Лизингтік мәмілелердің әр түрлі тәсімдері болады:

Тікелей лизинг. Жабдықты өндіруші өз бетімен лизинг мүлкін жалға береді. Лизингтік мәмілелердің мұндай түрлері кең тарамаған, себебі лизингтік операциялардың кеңейі салдарынан өндіруші дербес лизингтік компаниясын құруы мүмкін.

Қайтарылатын лизинг кең қолданысқа енген. Бұл жағдайда, меншік иесі, өндірістік қызмет үшін ақша құралдарының жеткіліксіздігінен, құрал-жабдықты лизингтік компанияға сатып, бір мезгілде бұл құрал жабдықты одан жалға алады. Мұндай үлгінің нәтижесінде, кәсіпорынның айналым құралдарын толтыруға мүмкіншілік туғызатын, ақша құралдары пайда болады. Келісімшарттың мерзімі аяқталғанда кәсіпорын құрал-жабдықты сатып алып, мүліктің құқығын қайтарып алуына ерікті. Лизингтің бұл түрі ең алдымен, қаржы ресурстарының тапшылығы жағдайындағы кәсіпорындардың қызығушылығын туғызады. Оларға лизинг мүлкін компанияға сатып, бір мезгілде онымен келісімшартқа отырып, сол мүліктің пайдаланылуын ары қарай жалғастырған әлдеқайда тиімді.

Бөлектік лизинг, немесе қосымша құралдарды тартумен байланысты, не болмаса, лизинг берушінің ішінара қаржыландыруымен байланысты лизинг. Бұл қымбат жобаларды іске асыру үшін көп арналы қаржыландырумен байланысты, лизингтің неғұрлым күрделенген түрі. Оның негізгі ерекшелігі – лизинг беруші құрал-жабдықты сатып алғанда, өз қаражаттары есебінен, толық соманы емес, оның бір бөлігін ғана төлейді. Қалған соманы ол бір немесе бірнеше несиелік берушілерден қарызға алады. Осыған қарамастан, лизингтік компания мүліктің толық құнына есептелген барлық салықтық жеңілдіктерді пайдалануды жалғастырады.

Лизингтің бұл түрінің тағы бір ерекшелігі, лизинг беруші отандық қаржы-несиелік қатынастардың сипатына сай емес шарттармен анықталған қарыз қаражатын ала алады. Қарыз алушы – яғни, лизинг беруші кредиторлардың алдында қарызды өтеуге жауапты емес, ол лизингтік төлемдер есебінен өтеледі. Сондықтан қарызды өтеу мерзіміне дейін лизинг беруші несиелік берушіге қатысты мүлік кепілдігін рәсімдейді және қарызды өтеу есебінен лизингтік төлемдердің бір бөлігін алу құқығын тапсырады.

Осылайша, мәміле бойынша негізгі тәуекелділік несиелік берушілерге – банктерге, сақтандыру компанияларына, инвестициялық қорлар мен басқа да қаржы мекемелеріне жүктеледі, ал қарызды қайтарудың кепілдігін тек лизингтік төлемдер мен лизингке жалға берілетін мүлік қамтамасыз етеді.

Револьверді лизинг немесе лизинг алушыға технологиясы бойынша түрлі құрал-жабдық қажет болған жағдайда, кейіннен құрал-жабдықты ауыстыру мақсатында қолданылатын лизингтің түрі. Бұл жағдайда лизингтік келісімнің шарттарына сәйкес, лизинг алушы белгілі бір мерзім өткен соң жал мүлкін лизингтің басқа объектісіне ауыстыру құқығын сатып алады.

Әдетте, лизинг тікелей емес, делдалдар арқылы жүзеге асырылады. Ол келесідей іске асады. Делдал немесе лизингтік компания арқылы лизинг алушыға лизингке құрал-жабдықты жалға беретін негізгі лизинг беруші бар делік. Делдалдың уақытша төлем қабілетсіздігі немесе дәріменсіздігі жағдайында лизингтік төлемдер негізгі лизинг берушіге түсіп отыруы келісімшартта қарастырылады. Мұндай мәмілелер сублизинг деп аталады.

Құрал-жабдықтың лизингтік мәмілесі лизингтік компания мен лизинг алушы арасында келісілген жабдықты қалдық құны бойынша сатып алу шартын ескереді. Оның бағасы жабдықтың алғашқы құнының 10-15%-ын құрауы мүмкін. Мұндай жабдықты алған кәсіпорын мүлікке салынатын салық бойынша төлемдерді үнемдейді.

Жедел және қаржылық лизинг операциялардың негізгі екі түрін қарастырады.

Нарықта еркін айналымға тыйым салынған мүліктен өзге, негізгі құралдарға жататын кез келген жылжымалы және жылжымайтын мүлік, лизинг объектісі бола алады.

Лизингтің артықшылықтары

Инвестициялаудың басқа тәсілдерімен салыстырғанда лизингтің артықшылығы, ғимарат пен жабдықты сатып алуға қажетті ақша құралдарының бір бөлігін иемдене отырып, кәсіпкердің өз ісін бастау мүмкіншілігі болып табылады. Кәсіпорындарға әрдайым бақылауды қажет ететін қаржы құралдары емес, өндірістік аппаратты жаңарту мен кеңейтуге қажетті тікелей өндірістік құралдар ұсынылады.

Қажетті ақша құралдарынсыз және несиелерді тартуды қолданбай-ақ, өндірісте жаңа прогрессивті құрал-жабдықтар мен технологияларды қолдана алатын шағын бизнес өкілдері лизингте едәуір қызығушылық танытады.

1. Кәсіпорынның мүлікке салынатын салықтық төлемдердің қысқаруы, себебі лизинг объектілерінің құны лизинг алушының активтері балансында лизинг келісімшарты аяқталып, мүлік лизинг алушының меншігіне өткен жағдайда ғана көрсетіледі. Бұған дейін олар лизинг берушінің балансында есептеледі.

2. Пайдаға қатысты салықтық төлемдердің төмендеуі. Біріншіден, лизингтік төлемдер өнімнің өзіндік құнына кіретін шығындарға жатады. Амортизациялық аударымдардың көлемі лизингтік төлемдерден аз болғандықтан, салық салудың қоры едәуір кемиді. Екіншіден, лизингтік тәсілдерді қолдану жағдайында табысқа салынатын салық бойынша жеңілдіктердің сомасынан асып түсетін негізгі құралдардың тозу шығындарын есептеудің қажеттілігі жоқ (жеңілдік кәсіпорынның техникалық қайта қарулануы мен

жаңаруына арналған капитал салымдары мен жеңілдікті ұсыну күніне есептелген амортизациялық аударымдар сомасының айырмасымен есептеледі).

3. Бухгалтерлік есептің қарапайымдылығы. Себебі негізгі құралдардың есебі, амортизациялық аударымдар, салықтардың бір бөлігін төлеу және қарыздарды өтеу лизингтік компанияға жүктеледі.

4. Қосымша қаржыландыру жолымен іске асатын, өндірістік қорларды жылдам әрі сапалы жаңарту.

5. Қарызды өтеудің икемді тәсілдерін қолдану.

Лизингтің қарқынды дамуына кедергі келтіретін негізгі жағдайлар келесідей:

– лизингтің компанияларды ұйымдастыру үшін бастапқы капиталдың жеткіліксіздігі. Лизинг кәсіпкерге, лизингтік компаниядан қажетті құрал-жабдықты сатып алу үшін, ақша құралдарының үштен бір бөлігін иемдене отырып, өз ісін бастауына мүмкіндік береді. Бірақ лизингтік компания құрал-жабдықты өндірушіден толық құнымен сатып алынатындықтан, ол несиені қажет етеді. Банктер лизингтік компанияларға несиені беруде қызығушылық танытады, бұл тұрғыдан қаржылық лизинг несие тәуекелділігінің төмендеуіне жағдай жасайды;

– қосылған құн салығын (бұдан әрі – ҚҚС) салу. Лизинг берушінің сатып алатын құрал-жабдығына ҚҚС белгіленген тәртіппен жүзеге асады. Оның көлемі, лизинг берушінің құрал-жабдықты сатып алуға бағытталған несиенің пайыздық төлемдері сияқты, лизингтік төлемдерге аударылады. Қолданылып жүрген тәжірибеге сәйкес, ҚҚС лизингтік төлемдерге қосымша есептеледі. Бұл дегеніміз, ҚҚС бір өнімге екі мәрте есептеледі;

– әлуетті лизинг берушілер мен лизинг алушылардың лизингтің мәнін, оның артықшылықтарын түсінбеу;

– лизингтік нарықтың барлық қатысушыларына қызмет көрсететін лизинг нарығының инфрақұрылымының, лизингтік компаниялардың дамыған жүйесінің, кеңес берушілік фирмалардың жоқтығы; лизингтік қызметтердің ұсыныстары туралы толық және қол жетімді ақпараттармен қамтамасыз ететін лизингтік қамсыздандырудың ақпараттық жүйесінің жоқтығы.

Қазақстандағы лизингтік операциялар негізгі төрт арна арқылы жүзеге асады:

1. Аймақтық көтерме-делдалдық фирмалар мен «Казконтракт» корпорациясының фирмаларының, агроөнеркәсіп кешенін қамтамасыз ететін облыстық және аудандық кәсіпорындардың техникалық құрал-жабдықтарды жалға беру бойынша қызмет ететін бөлімшелері;

2. Коммерциялық банктердің лизингтік операциялары;

3. Қайта құрылған арнайы лизингтік фирмалар;

4. Халықаралық-экспорттық, импорттық-лизингтің шетелдік фирмалармен біріккен түрлерінің дамуы және ҚР территориясында шетелдік лизингтік компаниялардың қызмет етуі.

Қазіргі таңда қазақстандық кәсіпорындар негізінен физикалық тозған және моральдік тозған негізгі қорларды, артта қалған технологияларды қолданады. Республикадағы негізгі құрал-жабдықтар түрлерінің өндірісі жоқтың қасы. Бір жағынан, кәсіпорындар басқа мемлекеттердің көлік-техникалық импортын қажет етсе, екінші жағынан – ақша құралдары мен несиені өз бетімен алуға қиындықтарға байланысты бұл техниканы жеткізуге мүмкіндіктері жоқ. Сондықтан негізгі құралдарды жаңартудың тиімді құралының бірі ретінде, капитал салымдарын қаржыландырудың арнайы түрі лизинг болып табылады.

Лизингтің Отаны – АҚШ болса, ол іле-шала Еуропа елдерінде де дами бастады. ТМД елдері бұған кенжелеп барып, яғни 1989 жылдан бастап қана қосылды. Бұл сала содан бері елімізде дамып келеді. Лизингтік бизнесті дамыту үшін кәсіпкерлерді кәсіпкерлік жүргізуге ынталандыратын салықтық жеңілдіктер беру керек. Қазір Қазақстан бойынша 50-ге тарта лизингтік компаниялар жұмыс істеп жатыр. Оларға салықтық жеңілдіктер жасалса, өз кезегінде олар да мемлекетке айтарлықтай салмақ түсірмейді.

Қазақстандағы лизингтік бизнесті ынталандырудың алғашқы шаралары 1995 жылдың 24 сәуірінде шыққан Президенттің «Бюджетке түсетін салықтық және басқа да міндетті төлемдер туралы» заңдық күші бар жарлығында іске асты. Онда «лизинг» (қаржылық жал) түсінігі енгізіліп, қаржылық лизингтің шарттары

қарастырылған, сондай-ақ негізгі құралдардың амортизациясының нормативтік мерзімдері қысқартылған.

Франчайзинг. Компанияның бизнесті жедел кеңейту жоспары белгілі бір тәуекелдермен, уақыттық және ресурстық шығындармен байланысты болуы мүмкін. Өз мақсаттарына жетуді көздеген кәсіпкерлер франшизаны ұсыну мүмкіндіктерін ескермейді. Ал бизнесті мұндай тәсілмен ұйымдастырған компания болса, басқалардан көмек ала атырып, олармен тәуекелділігін де, кеңейтуден түскен сыйақыларын да бөлісе алады. Франчайзинг, яғни франшизаны ұсыну – қаржыландырудың керемет тұжырымдамасы болып табылады. Сіз ұсынылған франшиза үшін төлем түрінде айналым капиталын алып қана қоймай, сондай-ақ жаңа кәсіпорындарды қаржыландыру үшін капиталды жинақтау қажеттілігінен арыласыз.

Бүгінгі таңда біздің экономикамыз үшін франчайзинг салыстырмалы жаңа құбылыс болып табылады, ал дамыған мемлекеттерде ол түрлі қызметтерде қоғамдық қажеттіліктерді қамтамасыз ету құралы ретінде жүздеген жылдар бойы тәжірибеде қолданып келеді.

Алғашқы табысты франчайзингтік жүйелердің бірін General Motors компаниясы пайдаланған болатын. 1898 жылы дүкендерді ашуға қажетті қолма-қол капиталы жоқ жас компания, бу қозғалтқыштарын сатуды диллерлер жүйесі арқылы іске асырды. Бұл жүйе осы күнге дейін автокөліктерді сатудың негізгі тәсілі болып отыр. Велосипедтер мен өндірістік тауарларды сататын дүкендер алғашқы франчайзерлердің бірі болып табылады.

Көптеген мемлекеттерде қонақүйлер мен мейрамханаларды құрудың франчайзингтік жүйесі ерекше тез дами бастады. Бұған АҚШ-ғы тауарлық белгі туралы заңның шығуы себепші болды. Өнімді, жұмыстар немесе қызметтерді өндіруші – кәсіпорын, өзінің бәсекелестері арасында қызмет көрсету сапасының жоғары абырой-беделімен немесе жеке-дара қасиеттерімен ерекшеленсе, белгілі бір шарттарда тауарлық белгіні сатып алатын. Тауарлық белгінің иесі басқа фирмаларға белгілі бір уақыт мерзіміне лицензияларды беріп, тауарлар мен қызметтердің сапасын бақылап отыруы мүмкін.

Жан-жақты бақылау мен құқықтық қорғаныспен қамтылған өзінің тауарлық белгісін басқа кәсіпорындарға пайдалану құқығын сату, белгі иесіне үлкен капиталдық және ағымдық шығындарсыз өзінің бизнесін кенейтуге мүмкіндік береді.

Кәсіпкердің франчайзингтің мәнін, оның әртүрлілігін, құрылымын, артықшылықтары мен оны қолдануда мүмкін болатын тәуекелдерді нақты әрі толық түсіне білуі, табыстылықтың маңызды құрамдас элементі болып табылады.

Франчайзинг тұтынушыға өнімді немесе қызметтерді жеткізудің тәсілі, не болмаса, материалдық және қаржылық құралдардың кооперациясы және әр түрлі кәсіпорындардың күш салуының негізінде бизнесті дамыту және нарықты жаулап алудың тәсілі деп анықталуы мүмкін. Франчайзинг сондай-ақ өндірушінің тауарлық маркамен қорғалған өзінің өнімдері мен қызметтерін тәуелсіз кәсіпкерлерге белгілі бір территорияда өрістетуге жеке құқық беретін мәміле ретінде де қарастырылуы мүмкін.

Франчайзингте кәсіпкерлік топтардың екі жағы да қатысады. Құқықты (франшизаны) ұсынушы франчайзер деп аталады. Әдетте ол – берілген өнімді өндіруде көп жылдық тәжірибесі бар, жүйені дамытқан, тауарлық белгіні өзі атаған және табыстылықпен сәттілікке әкелер жол туралы білімі мол адам. Франчайзи – тауарлық белгінің атынан бизнесті жүргізу құқығын сатып алатын тұлға.

Бүгінгі таңда франчайзингтің негізгі екі түрі кездеседі – өнімді-саудалық франчайзинг және бизнес-франчайзинг. Өнімді-саудалық түрін тауар өндірушілер өзінің өнімін нарыққа жылжыту мақсатында кең қолданады. Оған автокөліктер, бензин, автосаймандар, алкогольсіз сусындар және басқа да тұтыну тауарлары мысал бола алады. Франшизалардың көпшілігі өнімді-саудалық болса да, бизнес франшизалардың өсімі де байқалып отыр. Бизнес франшиза жағдайында компания тауарлық белгіні, технологиялық процесстерді, өнімдер мен бизнесті жүргізудің жүйесін қамтитын «пакетті» қалыптастырып болған соң, оны белгілі бір мерзімге қолдану құқығын (лицензиясын) тапсырады.

Бүкіл әлемде франчайзинг кең өріс алған; біраз уақыт өткен соң біздің республикамыздағы фирмалар да франчайзингтің көмегімен

дами бастайды. Қазірдің өзінде франчайзингтік қатынастардың негізгі түсініктері қазақстандық заңнамамен бекітілген.

ҚР Азаматтық кодексі бойынша франчайзинг түсінігі кешенді кәсіпкерлік лицензия деп анықталған.

Сондай-ақ франчайзингтік қатынастардың жүргізілу құқықтары анықталған: кешенді лицензия беруші кешенді лицензияны алушыға лицензиялық кешенді (фирмалық атауды мен қорғалатын коммерциялық ақпаратты пайдалану құқығы, тауарлық белгіні, патентті пайдалану құқығы және т.б.) тапсырады. Кешенді кәсіпкерлік лицензияның келісімшарты лицензиялық кешеннің пайдаланылуын, іскерлік абырой мен белгілі бір көлемде лицензия берушінің коммерциялық тәжірибесін қолдануын қарастырады.

Венчурлік капитал – бұл өсуді қамтамасыз ететін капиталдың көне түрлерінің бірі.

«Венчурлік капиталдың» мәнін түсіну үшін, «венчур» (venture) түсінігіне анықтама берейік. Бұл ағылшын сөзі «тәуекел» деген мағынаны береді. Егер компанияның өте қызықты, бірақ тексерілмеген ойы болып, келесі қадамы ақша құралдарын қажет етсе, бұл жағдай венчурлік капиталистер үшін қызығушылық танытады. Олар қолда бар ақшаларын фирманың акцияларын сатып алып, несиені ұсынып немесе қаржыландырудың басқа түрлерін қолданып бере алады.

Кәсіпкер мен венчурлік капиталистің арасындағы байланыс өте тығыз болғандықтан, олар ресми мәмілеге дейін бір-бірінің іскерлік және қаржылық мақсаттарын анықтап алуы өте маңызды. Өз тарапынан, венчурлік капиталист компаниямен жете танысып, ондағы басқару сапасы мен кәсіпкердің іскерлік тарихына ерекше назар аударады. Кәсіпкер де серіктесінің берілген бизнесті ұғынуына, олардың мақсаттарының үйлесімділігіне көзін жеткізу үшін зерттеп тануы керек.

«Ұлттық инновациялық қор» АҚ технологиялық инновациялық бизнеске қаржы салатын, қазақстандық және және шетелдік капиталы бар венчурлік инвестициялық институттарын құруға қатысатын тұңғыш қазақстандық Қор болып табылады.

«Ұлттық инновациялық қор» АҚ мемлекеттік-жекеменшік әріптестік ұстанымдарына негізделіп, жергілікті инвесторлармен

бірлесіп құрылған Қазақстанның отандық 4 венчурлік қорының әріптесі болып табылады: «Сентрас» венчурлік қоры, АИТИҚ» АҚ, «Delta Technology Fund» венчурлік қоры, АИТИҚ» АҚ, «Әрекет» Жоғары технологиялар Қоры» АҚ және «Logysom perspective innovations» АҚ.

Венчурлік қорлардың инвестициялық саясаты экспорттық әлеуеті бар келешегі үмітті салаларда жобалар іздестіру мен тартуға бағытталған. Мұндай әріптестіктің мақсаты – болашақта өсуі үшін және экономикалық тиімді әрі сұранысқа ие өнім өндіру мүмкіндігі бар инновациялық жобаларды олардың дамуының түрлі сатыларында жеке және тартылған ақша есебінен инвестиция салу арқылы дамыту.

Сондай-ақ, Қор Еуропа, АҚШ, Израиль, Оңтүстік-Шығыс Азияны қамтитын шетелдік бес жетекші венчурлік қорының әріптесі болып табылады. Олар: Wellington Partners III Technology Fund L.P., «CASEF, LLC» Орталық Азиялық шағын кәсіпорындарды қолдау қоры», Mayban Jaic Asian Fund, Венчурный фонд Vertex III Fund L.P.

Бірлескен венчурлік қорларды құрудағы стратегиялық мақсат алдыңғы қатарлы батыстық технологияларға, оларды кейіннен Қазақстанға трансферттеу үшін, қол жеткізуге бағытталған. Бірлескен венчурлік қорларды құру, сондай-ақ, әлемнің жетекші технологиялық компанияларымен байланыс орнату үшін жақсы мүмкіндік болып табылады.

Факторинг – банктік қызметтің болашағы мол түрі, тәуекелді әрі жоғары табысты бизнес, қаржылық маркетингтің тиімді құралы, қазіргі экономикалық процесстердің дамуына бейімделген банктік операциялардың біріктірілген түрлерінің бірі. «Факторинг» термині ағылшынның делдал, агент сөздерінен алынған.

Қарапайым түрде факторинг тауар сатушыны оның дебиторлық қарыздарына кешірім жасау жолымен қаржыландыру болып табылады. Егер сатушының тауары төлем уақыты өтіп кетіп сатылса және қарыздар адам тарапынан төлем күту мүмкіндігі жоқ (ағымдағы қарыздары алаңдатып немесе төлемеу тәуекелі бар) болса, онда факторингтік компания ақша қаражатын сатушының қарызгеріне, оның дебиторларына ақша талап ету құқығына жол

беру арқылы ұсына алады. Іс жүзінде де, сөзі жүзінде де факторингтің шырқау шыңы – аутсорсинг жағдайында сатушы-компанияның дебиторлық қарызын басқару болып саналады. Ал, мұндай қызметтің артықшылығы, ол – айналымдық қаражатты кепілсіз және қысқа мерзім – әрі кеткенде екі аптаның ішінде алу мүмкіндігі.

Факторинг операцияларына үш тарап қатысады:

– Факторингтік компания – өздерінің клиенттерінен шот-фактураны сатып алатын арнайы мекеме.

– Клиент (тауарларды жабдықтаушы, несие беруші) – факторинг компаниялармен келісім-шарт жасасушы өнеркәсіптік немесе сауда фирмасы.

– Кәсіпорын (қарыз алушы) – тауарларды сатып алушы фирма.

Факторинг мәмілесін жүзеге асырудан бұрын талдау жұмысы жүргізіледі. Кәсіпорыннан тапсырыс алғаннан соң факторинг компания немесе банктің фактор бөлімі 1-2 апта ішінде клиенттің экономикалық және қаржылық жағдайын зерттейді.

Факторинг операцияларының жүзеге асырылу негізінде факторинг туралы келісім-шарт жатады. Онда факторинг операцияларының мынадай жасалу шарттары көзделеді: төлем талабының мәліметтері факторинг операциясы бойынша сомадан төлейтін сома, өтеу сыйақысының мөлшері, факторинг келісім-шартын бұзу және тараптардың ойлары бойынша басқа да шарттар.

Факторингтің 2 түрі болады:

1. Аукымды (конвенционды);

2. Шектеулі (конфиденциалды).

Қазіргі жағдайда бұл – бухгалтерлік есеп жабдықтаулар және сатып алушылармен есеп айырысу, несиеді сақтандыру және т.б. қамтитын клиенттерге қаржылық қызмет көрсетушіліктің әмбебап жүйесін сипаттайды.

Соңғы жылдары шектеулі факторинг те біршама дамып келеді. Шектеулі факторинг бірнеше операциялардың орындалуымен байланысты: ақша алуға құқығын беру, қарызды төлеу және т.б.

Анығында, біздің республикамызда таза факторингтік компаниялар санаулы-ақ. Атап айтқанда, «Бірінші факторингтік ком-

пания» ЖШС, «Альтернативные финансы» және банкпен өзара байланысқан «Казкоммерцфакторинг» компаниялары, сондай-ақ, өздерінің өнімдік бағыттарында факторингті ұстап отырған бір-қатар лизингтік компаниялар бар. Осы жерде факторинг қызметін ұсына алатын қаржы институттарына еріксіз тоқталуға тура келеді. Мұндайлар үшеу: біріншісі, әмбебап банктер, екіншісі, тек қана факторинг емес, сонымен бірге лизингпен айналысатын компаниялар, үшіншісі, арнайы факторингтік компаниялар. Жоғарыда біз атап көрсетіп кеткендер осы үшінші топқа жатады.

Халықаралық факторинг. 1988 жылғы жеке құқықты бірыңғайлаудың Халықаралық институты қабылдаған, халықаралық факторинг туралы Конвенцияға сәйкес, төмендегі төрт белгінің кем дегенде екеуін қанағаттандырған жағдайда факторингтік операция деп танылады:

- 1) қарыз міндеттемелерін алдын ала өтеу түрінде несиелеудің болуы;
- 2) жеткізушінің бухгалтерлік есебін, ең бастысы сату есебін жүргізу;
- 3) оның міндеттемелерін тексеріп отыру;
- 4) жеткізушіні несиелік тәуекелдіктен сақтандыру.

Бірқатар мемлекеттерде факторингке аталған белгілердің бірін ғана, яғни шот-фактуралардың есебін жатқызады.

Конвенциялық (ашық) факторинг және құпия (жасырын) факторинг түрлеріне бөлінеді. Конвенциялық Факторингте жеткізуші сатушының атына жазылған шот-фактураларды оған хабарлайды. Бұл орайда іс жүзінде өндірістік атқарымдардан басқа барлық атқарымды (қаржылық, бухгалтерлік, зани және басқа қызмет көрсету) факторингтік бөлім орындайды. Жеткізуші контрагенттерінің құпия Факторингінде оның сатылуын факторингтік фирма хабарламайды, жеткізуші-кәсіпорын нарықпен дербес байланысын жоғалтпайды. Факторингтік бөлім операциялардың тек бір бөлігін ғана орындайды. Құпия Факторингінің құны конвенциялық Факторингінің және басқа банк несиесінің құнынан жоғары. Ірі факторингтік компаниялар Factors Chain International «Фэкторз чейн интернэшнл» (Амстердам) қауымдастығына біріккен. Ол халықаралық саудаға қолданылатын өзара факторингтік

ғұрыптар кодексіні әзірледі. Факторингтік қызмет көрсетудің құнына қызмет көрсету ақысы (комиссия), берілген несие, тәуекел сыйақысы кіреді.

Халықаралық Факторинг екі факторлы (өзара), тікелей импорттық, тікелей экспорттық болуы мүмкін. Екі факторлы жүйе екі факторингтік компанияның: экспортшы еліндегі мәмілеге қызмет көрсетуші және импортшы еліндегі мәмілеге қызмет көрсетуші компаниялардың өзара іс-қимылы көзделеді.

Тікелей импорттық факторинг – экспортшымен импортшы елінде факторингтік қызмет көрсету туралы шарт жасасу. Тікелей экспорттық Факторингте экспортшы өз елінде шарт жасасады. Бұл орайда факторингтік компания несие тәуекелін көтереді, ал төлемшінің несиені өтеуге қабілетін бағалау және оның тапсырмасымен талаптарды инкассалау міндетін импортшы елдің факторингтік компаниялары атқарады.

Өзін өзі қаржыландыру (ішкі өсім) – нарықтық экономика жағдайында кәсіпорынның табысты шаруашылық қызметінің міндетті шарты болып табылады. Бұл қағидат өнімді өндіру бойынша шығындардың толық өтелімі мен кәсіпорынның өндірістік-техникалық қорының кеңеюіне негізделген, бұл дегеніміз, әрбір кәсіпорын өзінің ағымдық және капиталдық шығындарын өзіндік көздер есебінен өтеуді білдіреді.

Бастаушы кәсіпкерлер үшін айрықшаланатын несиелеудің құралдары мен объектілері бізде кең қолданысқа енбеген. Бұл лизингтік, ипотекалық несиелеу және франчайзинг.

Ипотекалық несиелеу – айналым құралдары мен негізгі құралдарды қаржыландырудың қолайлы тәсілі, әсіресе ауылдық кәсіпкерлер үшін (мысалы, АҚШ-та бұл шаруалардың 2/3 несиелері). Біз табысты шаруашылық жүргізудің объектісі ретінде жерге деген сұраныстық болмауы, ипотекалық несиелеудің дамуын тоқтатып тұр деп санаймыз. Шын мәнінде, жерге деген қызығушылықтың аз болуы, отандық ауылшаруашылық өндірістің төмен өндіргіштігі мен рентабельсіз құрылымымен, шаруашылықты дұрыс жүргізе білмеуімен байланысты. Сондықтан ипотекалық несиенің мәні – жерді жеке пайдалану мен еркін нарық

жағдайында, жерді неғұрлым тиімді пайдаланатын кәсіпкерлердің меншігіне қайта бөлу мүмкіндігінде.

Қазақстанда мемлекеттің 100%-дық қатысуымен «Ипотекалық несиелеудің республикалық қоры» құрылған болатын. Оның жарғылық қорының көлемі 50 млн. теңгені құрады. Бүгінгі таңда ол негізінен ауылшаруашылық өндірушілерді несиелеу сұрақтарымен айналысады, жалпы оның қызметі салыстырмалы әлсіз дамыған.

Халықаралық инвестициялар. Біздің республикамызда кәсіпкерлік қызметті қолдайтын екі халықаралық банк белсенді саясат жүргізуде: Еуропалық Даму және Қаржыландыру Банкі (бұдан әрі – ЕДҚБ) және Азиялық Даму Банкі (бұдан әрі – АДБ). Олардың қатысуымен шағын және орта бизнестің даму бағдарламасы іске асуда.

Біз қарастырып кеткендей, ЕДҚБ әр түрлі жобаларды несиелеуге икемді келеді. Қазақстандағы бірігіп қаржыландыру Қазкоммерцбанк, Қазақстанның Халық Банкі, БанкЦентрКредит, Алматының сауда-қаржылық Банкі сияқты ірі отандық банктермен бірігіп жүргізіледі.

Шағын кәсіпкерліктің өндірістік орталықтары. Қазақстандағы «технопарк» ұғымы шағын кәсіпкерліктің өндірістік орталығы ұғымымен алмастырылған.

Шағын кәсіпкерліктің өндірістік орталығы деп, әлемдік стандарттарға сәйкес, жаңа өнімді өндіру мен жетілген технологияны пайдалану үшін шағын кәсіпорындарды орталықтың ішінде жағымды жағдайлармен қамтамасыз ететін, өндірістік объектілердің кешені мен қызмет көрсетулердің белгілі бір көлемін айтады. Ортылықтағы кәсіпорындарға жобаларды іріктеу, бизнес-жобаларды әзірлеу, қаржыландыру көздерін іздеу, шаруашылық қызметті талдау, аудит, іс жүргізуді ұйымдастыру, бухгалтерлік есеп және т.б. сияқты қызмет түрлері көрсетіледі.

Бүгінгі таңда Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығына қарасты инновациялық даму институтындағы жаңа қызмет көрсету түрі – технологиялық бизнес-инкубаторлар төңірегіндегі жұмыстар біртіндеп қарқын алып келеді. Мемлекет басшысының тікелей бастамасымен қолға алынып отырған бұл мақсатты жұмыстар ең алдымен осы салада еліміз аймақтарын

көтеруге бағытталған. Сол себепті ол облыстардағы технологиялық парктер базасында жүзеге асырылады.

Әдетте аймақтық технопарктерді дамыту деген ұғымның шеңберіне шағын инновациялық кәсіпорындарды қолдауға бағытталған техникалық бизнес-инкубаторлар да кіреді.



2.4 Жобалық қаржыландыру

Жобалық қаржыландыру – қаржыландыруды ұйымдастыру әдістемелері мен жай несиелендіру көзінен қарағанда жоғары тәуекелі бар, ірі жобаларды іске асыруды білдіреді.

Жобалық қаржыландырудың негізі болып, кредитор қаражатын салатын объектісі, кәсіпорынның тұтас өндірістік-шаруашылық қызметі емес, нақты инвестициялық жоба болып табылады.

Демек, салынған қаржылардың қайтару көзі болып, жобаның бастамашыларының қаржылық қызметінің ерекшеленген нәтижесі – инвестициялық жобаны іске асырудан түскен кіріс – табылады. Алайда, жобалық тәуекелдердің жоғары деңгейлі жағдайларында, кредитор қосымша қамтамасыздықтар мен кепілдіктер талап етуі мүмкін.

Жобалық қаржыландырудың артықшылықтары. Компания, өз қаражатын бөлмей, айналым құралдарын азайтпай, жаңа, ірі, стратегиялық – үлкен күрделі шығындарды талап ететін – жобаларды іске асыру үшін, қосымша қорларды тарта алады, және ол компанияға, жаңа жобаның іске асырылуына қарамай, ағымдағы жоспарланған қызмет етіп тұрған бизнесін жүргізе беруге мүмкіндік береді.

Әртүрлі дербес қаржылық схемаларды қолдану, тартылған инвестициялық қорлардың бағасын төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл мағынада жобалық қаржыландырудың мәні, жиынтық пайдалар мен жиынтық шығындарды бағалай отырып, компанияның әлауқатына (нарықтық бағасына) ең жоғары нәтижелі әсер беретін инвестициялық жобаны қаржыландыру тәсілі мен көзін таңдай білуінде жатыр.

Банктің қарапайым жұмыс реті төмендегідей болады:

Бірінші кезеңде банк жобаны негізгі белгілері бойынша бағалайды: нарықтық өмірге қабілеттілігі (жобаның нәтижесі бойынша жасап шығарылған өнімнің, қызметтің, «ноу-хау» және т.б. нарықпен қабылдануы), жобаның құны мен оны қаржыландыру графигінің нақтылығы, жоба бойынша болжамдалған эксплуатациялық шығындар мен кірістердің негізді болуы, жоба мен оны іске асырудағы тәуекелдердің экономикалық тиімділігі. Жобалық тәуекелдер деңгейі әртүрлі факторлардың тұтас комплексімен, нарықтағы макроэкономикалық жағдайлардан бастап Бастамашының нақты іскерлік қасиеттерін анықтауға дейін, анықталады.

Екінші кезеңде, егер сараптама оң нәтиже берсе, банк бизнес-жоспарды қаржыландырудың мүмкін болатын талаптарына сай етіп толықтырады, жобаны іске асырудың ұйымдастырушылық және қаржылық схемасын оңтайландырып жасайды, және оны Бастамашымен келіскеннен кейін, жоба Банктен қарастыру мен ресімдеудің белгілі процедурасын өтіп, қаржыландырылады.

Клиент үшін пайдалар:

– қызмет етіп тұрған бизнес негізінде инвестициялық, және де старттық жобаларды қаржыландыру;

– салалық шектеулер жоқ;

– қаржыландыру сомасы бойынша шектеу жоқ;

– кепіл қамтамасыздығы жетпесе де қаржыландыру мүмкіндігі;

– әртүрлі қаржыландыру құралдарының толық спектры (несиелер мен несиелік жүйелер, аккредитивтер мен кепілдемелер, овердрафттар, вексельдер, облигациялар және т.б.) мен қаржыландыру схемаларын қолдану;

– клиентке, жай заемшы ретінде емес, әріптес ретінде қарау.

Жобаны іске асыру жөніндегі ұсынысты банкке алғаш рет жолдау үшін, толық ауқымды бизнес-жоспар дайындау керек, және де құжаттардың толық пакетін жинау керек, ол үшін еркін үлгідегі 2-5 парақтық ақпарат (қағаз не электронды түрде) ұсыныс жасау керек:

– жобаның толық құны (бюджеті) – жобаны іске асыру үшін қажетті қаржы құралдары мен инвестициялық қорлар көлемі;

– өз орнын толтырудың жалпы есебі;

– нарық жөнінде ақпарат – нарық ауқымы, бағалары;

– жоба Бастамашысы туралы толық ақпарат – жұмыс істеу тәжірибесі, активтері, банктермен қарым-қатынас тарихы және т.б.;

– мекен-жайы, кері байланыс.

ЕДБ өз клиенттерінің жобаларын орташа мерзімге және ұзақ мерзімге қаржыландырудың балама көздерін іздеу идеясын қолдайды және табысты дамытады.

Клиенттердің инвестициялық бағдарламалары мен стратегиялық мақсаттарын іске асыру үшін ЕДБ тікелей немесе шетелдік қаржы институттарымен бірлесе ірі жобаларды қаржыландыру жолымен қаржыландыруды жеке құрылымдау қызметін ұсынады.

Қаржыландырудың негізгі шарттары болып табылатындар:

– Инвестициялық жоба болуы (жоба экономиканың түрлі салаларында пайдаланылуы мүмкін)

– Қаржыландыру сомасы – несиелеу лимиті жобаның экономикалық тиімділігіне және қарызгердің несие өтеу қабілеттілігіне байланысты анықталады.

– Несие беру мерзімі – 12 жылға дейін.

– Негізгі борыш сомасы бойынша жеңілдетілген кезең – 2 жылға дейін.

– Жобаны қарау мерзімі – 1 айға дейін.

Жобаларды қаржыландыру түрлері:

– Жобаларды шетелдік инвесторлармен бірлесіп қаржыландыру;

– Компанияның меншікті капиталын қаржыландыру.

Жобалық қаржыландыру бойынша мәміле кезінде тапсырыс беруші орындаушымен базалық шарт жасасады, ол бойынша орындаушы мүлікті түзу және беру, сондай-ақ түзілген мүлікті пайдалану процесінде қызметтер көрсету және (немесе) тауарлар шығару және (немесе) жұмыстарды орындау нәтижесінде ұзақ мерзімді негізде жүйелі түрде ақшалай түсімдер құқығын иеленеді.

Орындаушы өз міндеттемелерінің орындалуын базалық шарт бойынша талап ету құқықтарын кредиторларға немесе арнайы қаржы компаниясына беру жолымен қамтамасыз ете отырып және (немесе) өзге қамтылымды ұсына отырып, кредиторлармен қарыз шарттарын жасасады және (немесе) облигациялар шығарады немесе арнайы қаржы компаниясынан қаржыландыру алады.

Кредиторлар өздерінің арасындағы келісімнің негізінде орындаушымен және (немесе) арнайы қаржы компаниясымен өзара қарым-қатынасындағы өздерінің құқықтары мен міндеттерінің жүзеге асырылу тәртібі мен шарттарын айқындай, оның ішінде кредиторлар міндеттемелерін қанағаттандырудың кезектілігін көздей, сондай-ақ кредиторлардың өкілін айқындай алады.

Егер жобалық қаржыландыру мәмілесінде тараптардың бірі мемлекет болса, жобалық қаржыландыру тек қана жобалық қаржыландыру мәмілесін орындауды іске асыру үшін орындаушы құратын арнайы қаржы компаниясының қатысуымен жүзеге асырылуы тиіс.

Егер кредиторлардың кем дегенде біреуі бұл туралы талап етсе, жобалық қаржыландыру арнайы қаржы компаниясының қатысуымен жүзеге асырылуға тиіс.

Орындаушы кредиторларға немесе арнайы қаржы компаниясына өзіне тиесілі талап ету құқығын береді. Берілетін талап етулерге үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынбауға тиіс. Берілетін талап ету құқықтарын беру талаптары мен көлемі шартта айқындалады.

Жобалық қаржыландыру кезінде талап ету құқықтарын беру шарты Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 346-бабында белгіленген талаптар сақтала отырып, жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Талап ету құқықтарын беру шартының жазбаша нысанын сақтамау оның жарамсыздығына әкеп соқтырады.

Орындаушы болашақтағы талап етуін берген кезде осы құқықты өзге тұлғаларға беру мүмкіндігінсіз талап ету құқығын беру шартын жасасқан сәтте ол кредиторларға немесе арнайы қаржы компаниясына ауысады.

Орындаушы кредиторлардың немесе арнайы қаржы компаниясының алдында оларға берілген талап ету құқықтарының шы-

найылығы үшін жауап береді, бірақ, егер талап ету құқығын беру шартында өзгеше көзделмесе, тапсырыс берушінің және базалық шарт бойынша түзілген мүлікті пайдалануды жүзеге асыратын тұлғалардың осы талапты орындамағаны үшін жауап бермейді.

Егер базалық шартта өзгеше көзделмесе, базалық шарт бойынша түзілген мүлікті пайдалануға берген кезден бастап талап ету құқығы қойылуы мүмкін.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. Инвестициялық жоба тиімділігінің мәні неде?
2. Тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін атаңыз.
3. Инвестициялық жобалауда ақша ағымдарының рөлін айқындаңыз.
4. Шаруашылық субъектісінің ақша ағымдарының жіктелімі қандай?
5. Ақша ағымдарының сальдосы дегеніміз не?
6. Жобаларды қаржыландырудың негізгі түрлерін атаңыз.
7. Лизинг, факторинг, форфейтинг операцияларының мәні неде?
8. Венчурлық капиталдың артықшылықтары қандай?
9. Шетел инвестициялары мен халықаралық инвестициялардың ерекшеліктерін атаңыз.
10. Жобалық қаржыландырудың негізгі шарттары қандай?

3 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ



3.1 Жобаның тұжырымдамасын әзірлеу

Жобаның пайда болуының негізгі себептері келесідей:

- қанағаттандырылмаған сұраныс;
- ресурстардың шектен тыс болуы;
- кәсіпкерлердің бастамасы;
- саяси қысымға деген кертартпалық;
- несие берушілердің қызығушылығы.

Жобаның баламалы ойларын қалыптастырған соң, жобаның сарапшы маманы алдын ала талдау жүргізіп, тиімсіздерін шығарып тастау керек. Баламалы ойды қабылдамаудың себептері жалпылама сипатта болуы мүмкін. Мысалы:

- жобаның өніміне қажетті сұраныстың болмауы немесе баламалы өнім түрлерімен салыстырғанда оның нақты артықшылықтарының болмауы;
- жоба құнының тым қымбаттығы (тек экономикалық бағасы ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік немесе экологиялық бағасы);
- жобаның тапсырушысы (немесе мемлекеттің) тарапынан қажетті кепілдеменің болмауы;
- жоғары тәуекелділік;
- шикізат бағасының қымбаттығы.

Жобаның инвестициялық ойын қалыптастыру үдерісінде келесі сұрақтарға жауаптар алынуы керек:

- инвестициялау мақсаты мен объектісі, орналасқан орны (аймағы);
- жобаның өнімі – сипаттамасы мен шығарылу көлемі;
- өтімділік мерзімі;
- жобаның табыстылығы;
- инвестициялау объектісінің бағытталуы, қуаттылығы және негізгі сипаттамалары;

– қаржыландырудың мүмкін болатын көздері мен сызбанұсқасы.

Инвестициялық ой жоба нәтижесінің өзгешелігіне тікелей байланысты.

Жобаның мақсаттары мен міндеттері нақты анықталуы керек; тек осындай жағдайда ғана жобаның негізгі сипаттамаларын қалыптастыруға болады. Олардың қатарына келесілер жатады:

- баламалы техникалық шешімдердің болуы;
- жобаның өніміне сұраныс;
- жобаның ұзақтығы – соның қатарында инвестициялық кезеңінің ұзақтығы;
- жоба өнімінің бастапқы, ағымдағы және болжалды құнының деңгейін бағалау;
- жоба өнімін экспорттаудың болашағы;
- жобаның күрделілігі;
- рұқсат құжаттамалар;
- жобаны жүзеге асыру аймағындағы инвестициялық жағдай;
- жобаның шығындары мен нәтижелерінің арақатынасы.

Жобаның жүзеге асырылуын алдын ала талдау, жоғарыда аталған көрсеткіштер негізінде іске асады. Бұл мақсатты орындау үшін төменде келтірілген қарапайым сараптамалық жүйені қолданады.

Берілген әдістемені жүзеге асырудың бірінші қадамы – жобаның сәтті орындалуына белгілі бір дәрежеде әсер ететін факторларды анықтау. Инвестициялық жобаның тиімділігіне әсер ететін факторларға жоғарыда көрсетілген сипаттамалар тән болуы мүмкін.

Екінші қадам – факторларды маңыздылығының кемуі ретімен орналастырамыз. Ол үшін жобаның жүзеге асырылуына неғұрлым маңыздырақ әсер ететін фактор анықталады. Қалғандары реттілікпен 3.1.1 кестеге енгізіледі.

Үшінші қадам – аталған факторлардың әрқайсысының деңгейін (үлес салмағын) бағалау. Барлық факторлардың үлес салмағы 1-ге тең болуы керек. Басқа сөзбен айтқанда 2-кестедегі 3 бағамның сомасы 1-ге тең болуы керек.

Төртінші қадам – жобаларды немесе бір жобаның нұсқаларын бағалаудың әрбір факторы (критерийі) бойынша бағалау керек.

Жобаның әрбір факторы бойынша жоғарғы балл – 100; төменгісі – 0.

Бесінші қадам – әрбір фактордың (9-13 бағамдар) әсер етуінің сараптамалық бағасы әрбір фактордың салмағын осы фактордың бағасына көбейту жолымен алынады (3-ші бағанды 4-8 бағандарға көбейтіледі). Жоба нұсқаларының артықшылығының интегралды сараптамалық бағасы 9-13 бағандардың қосындысы ретінде анықталады.

Кесте 3.1.1 – Инвестициялық шешімдердің нұсқаларын сараптамалық бағалаудың үлгісі

№	Сипатта- ма, фактор	Салмақ көрсеткіші	Жоба (немесе жоба нұсқасының) нөмірі					Жобаның аралық бағасы				
			1	2	3	4	...	1	2	3	4	...
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
1												
2												
3												
4												
5												
Барлығы:	-	1,0	-	-	-	-	-					

Берілген әдістемені жобаны жүзеге асырудың неғұрлым тиімді нұсқаларын алдын ала таңдау үшін, сондай-ақ, жобаның жүзеге асырылуын алдын ала анықтау үшін қолдануға болады. Бірінші жағдайда, жоғары нәтижелер көрсеткен баламалар қарастырылса, екіншісінде – жобаның интегралды сараптамалық бағасы алдын ала анықталған «төмендегі шектеумен» салыстырылады. Егер сараптамалық жолмен алынған мән белгіленген шектен жоғары болса, жоба жүзеге асырымды болып есептеледі.

Егер жоба болашақта қарастырылуды талап етсе, онда оны әзірлеуге қажет болатын мәліметтердің құрамын анықтайды:

- толық маркетинг;
- барлау-геологиялық зерттеу;
- қоршаған ортаны және шикізат көздерін бағалау;

- аймақтағы, республикадағы, мемлекеттегі саяси жағдай;
- халықтың әлеуметтік-мәдени сипаттамасы.

Болашақ инвестициялық жобаның бизнес идеясы тұжырымдалғаннан кейін, кәсіпорын сол бизнес идеясын іске асыра ала ма деген сұрақ туады. Бұл сұраққа жауап беру үшін кәсіпорынның тиісті экономикалық саласының жағдайы мен сала шеңберіндегі кәсіпорынның салыстырмалы жағдайын талдау керек. Талдаудың осы түрі инвестициялық жобаны әзірлеу мен оны талдаудың алдын ала кезеңінің мазмұнын құрайды.

Батыстық жобаларды талдау тәжірибесінде әдетте төмендегі критерийлерді қолданады:

- саланың пісіп – жетілуі;
- кәсіпорынның бәсекеге жарамдылығы.

Саланың пісіп-жетілуін оны даму жағдайының төрт түрінің біреуіне жатқызу арқылы талдау қалыптасқан: эмбрионалды, өспелілік, пісіп жетілген немесе ескірген.

Екінші критерийге сәйкес, кәсіпорынның тиісті сала шеңберінде оның бәсекеге жарамдылығын орнату керек. Басқаша айтқанда, тауар мен қызмет көрсетудің максатты нарығында берілген кәсіпорынның басқа кәсіпорындармен салыстырмалы жағдайын анықтау. Әдетте кәсіпорынның негізгі алты жағдайын қолданады: басым, мықты, тұрақсыз, әлсіз, өмір сүре алмайтын.

Кәсіпорынның пісіп-жетілу критерийі мен бәсекелік қабілетін салыстыру арқылы кәсіпорынның өмір сүру циклының матрицасын құруға болады және ол матрица конструктивті сипатқа ие болады: кәсіпорынның жағдайын қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамуы бойынша қағидалық кеңестер береді. Жобаны талдаудың алдын ала кезеңінің соңғы нәтижесі көрсетілген критерийлер бойынша нақты бір кәсіпорынның жағдайын белгілеу болып табылады, яғни берілген кәсіпорынның матрицадағы нақты «торға» жататындығын білдіреді.

Талдаудың алдын ала кезеңі уақыт бойынша ұзақ болмауы керек және алдын ала кезеңінде жасалатын қорытындылар сапалық бағаларға негізделеді. Соған қарамастан, бұл кезең келесі екі себепке байланысты қажет:

– стратегиялық инвестормен ары қарай қатынас жасау барысында саланың пісіп-жетілуі мен кәсіпорынның бәсекелік жағдайы туралы мәселелер міндетті түрде қозғалады және бұған алдын ала дайындалу керек;

– егер кәсіпорынның басқарушылары талдауға назар аудармаса, онда стратегиялық инвестор бұл жұмысты өзі атқарып, он нәтижелерге келмеуі мүмкін.

Жобаның көптүрлігіне қарамастан, оларды талдау әдетте кейбір жалпы сызбаға сәйкес келеді, ол жобаның коммерциялық, техникалық, қаржылық, экономикалық және институционалдық орындалуын бағалайтын арнайы бөлімшелерден тұрады.



Жобаларды талдаудың негізгі аспектілері

Кез келген жобаның қаржылық, экономикалық, әлеуметтік және басқа да жетістіктерін жүйелі бағалауға мүмкіндік беретін әдісті *жобалық талдау* деп атайды. Жобалық талдау барысында, мүмкіндігінше, жобаның барлық пайдасы мен шығындары ақша түрінде көрсетіледі, сондықтан, сарапшының басты міндеті әділ инвестициялық саясат жүргізу үшін шығындар мен пайдалардың құрылымын жете, толық жүргізуіне келіп тіреледі.

Жобалық талдаудың мақсаты – жобаның нәтижелерін (құндылығын) анықтау болып табылады.

Жобалық талдаудың келесідей түрлерін ажыратуға болады:

- техникалық;
- қаржылық;
- коммерциялық;
- экологиялық;
- ұйымдастырушылық (институционалды);
- әлеуметтік;
- экономикалық.

Жобаны жүзеге асыру үшін шешім қабылдау үшін жобалық кезеңнің ішіндегі оның барлық аспектілерін қарастыру қажет.

Инвестициялық жобаны *техникалық талдау* кезінде келесілер зерттеледі:

- технико-технологиялық баламалар;
- орналасу нұсқаларын;
- жобаның көлемі (масштаб);
- жобаны жүзеге асырудың толық мерзімі және кезеңдері;
- шикізат көзінің, жұмыс күші мен басқа қажетті ресурстарға қол жетімділік пен жеткіліктілігі;
- жобаның өнімі үшін нарық сыйымдылығы;
- кездейсоқ факторларды есепке алғанда жобаға жұмсалатын шығындар;
- жобаның кестесі.

Бұл міндеттер инвестициялау алдындағы зерттеу кезеңінде, жобаның ТЭН және жұмыс құжаттарын әзірлеу кезінде өз шешімін табады.

Кезеңдеп жүргізілетін техникалық талдау үдерісінде жобаның сметасы мен бюджеті нақты белгіленеді. Сондай-ақ күтпеген шығындарға әкеліп соқтыратын физикалық және бағалық факторлар айқындалады.

Коммерциялық талдаудың негізгі міндеті – жоба ұсынған ақырғы өнім немесе қызметті тұтынушының көзқарасы тарапынан бағалау болып табылады.

Коммерциялық талдау шешетін негізгі міндеттер:

- маркетинг;
- ресурстардың көздері мен оларды алу шарттары;
- өндіру және өткізу шарттары.

Коммерциялық талдау нәтижесінде келесі сұрақтарға жауап аламыз:

- өнім қай жерде сатылады?
- барлық шығарылатын өнімді қабылдау үшін нарық сыйымдылығы жеткілікті ме?
- өнім бағасына әсер ету мүмкіндігі қаншалықты?
- жаңа бағаны қабылдаса, жоба қаржылық жағынан алғанда өмірге қабілетті болып қала ма?
- өндірілетін өнім жергілікті тұтынуға арналған ба, әлде экспортқа жіберіледі ме?

– өнімді нарыққа өткізу үшін қандай қаржылық іс-шаралар қажет және маркетингті қаржыландыру үшін жобада қандай ресурстарды қарастыру керек?

– әрекет етіп келе жатқан өнімді жеткізу әдістері өнімнің уақытылы жеткізілуін қамтамасыз ете ала ма?

– әділетті бағаларды орнату үшін сайыстық саудаласу әдісі тәжірибеде қолданылады ма?

Экологиялық талдау жобалық талдауда ерекше орын алады, себебі адам қызметі мен қоршаған орта арасындағы қарым-қатынас әлі толық зерттелмеген.

Инвестициялық жобаны экологиялық талдаудың міндеті – жобаның қоршаған ортаға әлуетті зиянын белгілеу, сондай-ақ, осы әсерді жеңілдету немесе оның алдын алу үшін шаралар жиынтығын анықтау болып табылады. Басқаша сөзбен айтқанда, жобаның мақсаттарына жету үшін экологиялық жүйенің «сыйымдылығын» кемітпейтін құралдарды табу қажет.

Сондықтан жобаның жоспарына сәйкесінше басқарушылық стандарттар және осы стандарттардың орындалуын қамтамасыз ететін шаралар енгізілуі керек.

Экологиялық жобалардың экономикалық тиімділігінің стандартты талдауын жүргізу көп жағдайда мүмкін емес, себебі экологиялық шығындар мен нәтижелерді есептеу қиынға соғады. Бұл жағдайда сапалық талдауды қолданады (әсер ету, мысалы, бір зиянды заттың адамның көру, иіс, дәм сезімдеріне әсері). Сапалық талдау сандық талдау іспеттес, «жобамен» және «жобасыз» жағдайлар арасындағы айырмашылықты көрсетуі керек.

Ұйымдастырушылық талдаудың мақсаты – жоба жүзеге асырылатын және пайдаланылатын шекара төңірегінде ұйымдастырушылық, құқықтық, саяси және әкімшілік жағдайды бағалау, сонымен қатар, төмендегілер бойынша қажетті ұсыныстар жасау:

- менеджмент;
- ұйымдастырушылық құрылым;
- жоспарлау;
- жұмысшыларды іріктеу және оқыту;
- қаржылық қызмет;
- қызметті үйлестіру;
- ортақ саясат.

Ұйымдастырушылық талдаудың негізгі міндеттері:

– жоба қатысушыларының, іс-әрекет етіп жатқан заңға қатысты, міндеттерін анықтау;

– материалды-техникалық қоры, мамандануы, құрылымдары, қаржылық жағдайы жағынан жоба қатысушыларының күшті және осал жақтарын бағалау;

– жобаға қатысты заңдардың, саясаттың, нұсқаулардың мүмкін болатын әсерін бағалау – әсіресе, қоршаған ортаны қорғау, еңбекақы, бағалар, мемлекеттік қолдау, сыртқы экономикалық қатынастар саласында;

– талдау үдерісінің барысында анықталған жоба қатысушыларының осал жақтарын жою бойынша, сондай-ақ жоба айналасының (заңдар, саясат, нұсқаулар) кері әсерін төмендету бойынша іс-шараларды әзірлеу;

– жобаның тиімділігіне әсер ететін, жоғарыда аталған ұйымдастырушылық факторларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу.

Әлеуметтік талдаудың мақсаты – жоба жоспарының нұсқауларының оның пайдаланушылары үшін жарамдылығын анықтау болып табылады. Әлеуметтік талдаудың нәтижелері жоба мен оның пайдаланушылары арасындағы қарым-қатынас стратегиясының мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет.

Әлеуметтік талдау негізгі 4 салаға назар аударады:

– жобада қамтылған халықтың әлеуметтік-мәдени және демографиялық сипаттамалары (сандық сипаттамалары және әлеуметтік құрылымы);

– жобаның әрекет ету аймағында халықтың ұйымдастырылуы, оның ішінде отбасы құрылымы, жұмыс күшінің болуы, ресурстарды басқаруға мүмкіндік;

– жобаның жергілікті мәдениетке қолайлығы;

– қажетті міндеттемелерді қамтамасыз ету стратегиясы.

Ресми әдістемелерді қолданудың қиындығы мен стандартты әдістердің жоқтығы салдарынан, әлеуметтік талдауды жасаудың күрделілігін ескерген жөн.

Әлеуметтік нәтижелер, көп жағдайда, жобаның экономикалық тиімділігін анықтағанда жалпы нәтижелердің құрамына енгізіледі.

Тиімділікті есептегенде көрсетілуге тиісті жобаның әлеуметтік нәтижелерінің негізгі түрлері:

- аймақтағы жұмыс орындарының сандық өзгеруі;
- жұмысшылардың мәдени-тұрмыстық жағдайларының жақсаруы;
- жұмысшылардың еңбек шарттарының өзгеруі;
- өндірістік қызметкерлер құрылымының өзгеруі;
- халықты жеке тауарлар түрлерімен камсыздандыру сенімділігінің өзгеруі;
- жұмысшылар мен халықтың денсаулық деңгейінің өзгеруі;
- халықтың бос уақытын үнемдеу.

Жобада қарастырылған жұмысшыларға еңбек ету және демалыс жағдайын жасау, оларды тамақпен, тұрғын үймен және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар – кез келген жобаны жүзеге асырудың міндетті шарты болып табылады.



Техника-экономикалық негіздеме және бизнес-жоспар

Техника-экономикалық негіздеме (ТЭН) – экономикалық тиімділікті міндетті түрде есептеу арқылы жобада қолданылатын нақты технологиялық, техникалық және ұйымдық шешімдерді таңдау себептерін сипаттау.

Бизнес – жоспар бизнесті тиімді жоспарлау және басқару үшін дайындалып, қызметінің тиімділігін анықтайтын кәсіпорынды басқарудың бірден-бір құралы болып табылады. Бизнес-жоспар – бұл инвестициялық жобаның мақсаттары мен міндеттері, оны жүзеге асыру тәсілдері мен кәсіпорынның техника-экономикалық немесе жобаның жүзеге асқаннан кейінгі көрсеткіштері көрсетілген жан-жақты құжат.

Бизнес-жоспар мен ТЭН құрылымдары бойынша ерекшеленеді. Бизнес-жоспардың нақты құрылымы болады. Ал ТЭН құрылымы белгілі бір инвестициялық жобаның ерекшелігіне байланысты анықталады. Мысалы, жаңадан құрылған кәсіпорынның

ТЭН-нің құрылымы осы кәсіпорын қызметінің барлық маңызды аспектілерін қамтуы керек. Егер инвестициялық жоба кәсіпорынның неізгі қорларының жаңаруын және жаңғыртуын көздесе, онда капиталдық шығындардың тиімділігі мен бағасына ерекше назар аударған жөн.

Бизнес-жоспар құжат ретінде кәсіпорынның өндірістік және әлеуметтік дамуының перспективаның жоспарын алмастыруға қабілетті. Сондықтан, бизнес-жоспар – бұл кәсіпорынның өндірістік-қаржылық қызметінің рентабельдігін арттырудағы статистикалық даму бағдарламасы.

Бизнес-жоспар қазақстандық кәсіпкерлікті стратегиялық жоспарлау құралы ретінде кірді, сондай-ақ инвесторлармен, кредиторлармен және мемлекеттік басқару органдармен келіссөздерді жүргізу үшін қажетті құжат болып табылады. Бизнес-жоспар мен стратегиялық жоспар арасында бірқатар айырмашылықтар бар.

Стратегиялық жоспарды жалпы кәсіпорын бойынша құрастырады және барлық мақсаттар мен міндеттерді қамтиды. Бизнес-жоспар негізінде жаңа бизнесті құру мен дамыту үшін нақты мақсаттар мен міндеттер шешімін табады.

Бизнес-жоспар қатаң горизонтальдық жоспар болса, стратегиялық жоспарда кең ауқымды болып келеді. Осыдан бизнес-жоспар бұл стратегиялық жоспардың нақты бір мәселесінің қарастырылуын көрсететінін көреміз.

Бизнес-жоспарға ұқсас құжат болып техника-экономикалық негіз болып табылады, өйткені мұның бағыты бизнес-жоспардағыдай, бірақ технико-экономикалық негіз шағын негіз болып келеді. Бизнес-жоспар – бұл кәсіпкерлік жобаның негізгі формасы болып табылады.

Бизнес-жоспардың негізгі мақсаты берілген бизнестің негізін салу және нақты кезеңде нәтижелерді бағалау. Осы тұрғыда бизнес-жоспар табысқа жету жолы болып табылады; Бизнес-жоспар бизнесті басқару және іс-әрекеттер бағытын анықтайтын құжат болып табылады. Бұл аспектіде бизнес-жоспар стратегиялық жоспардың және басқарудың орындалуы мен бақылаудың қажетті элементі.

Бизнес-жоспарды жоспарлау процесі және фирманың ішкі басқару құралы ретінде қарастыруға болады. Сондықтан да биз-

нес-жоспар ылғи да өзгеріп отыратын құжат, ол фирманың жаңа еңгізулерге бағыттайды.

Бизнес-жоспар өзін-өзі үйрету құралы. Бұл аспектіде бизнес-жоспар бұл үзіліссіз тану мен өзін-өзін тану процессі құралы. Осыдан бизнес-жоспар шығармашылық процесс деп бекітуге болады.

Нарықтық экономикада бизнес-жоспардың құрылымы, формасы, мәні бойынша әр түрлі типте қолдануы мүмкін. Бизнес-жоспар келесідей жіктеледі:

- Коммерциялық ой және инвесторлық жобаның толық бизнес-жоспары;
- Коммерциялық ой және инвесторлық жобаның толық бизнес-жоспары және тұжырымдамасы;
- Құрылымдық бөлімдердің бизнес-жоспары;
- Бизнес-жоспар несиеге сұраныс;
- Бизнес-жоспар – грантка сұраныс;
- Аумақтық даму бизнес-жоспары.

Берілген технология бойынша бизнес-жоспар әртүрлі қолдануына байланысты атқарылады.

Нарықтық экономика жағдайындағы бизнес-жоспардың қызметі – басқару құжаты ретінде оның экономикалық дамуында қабылданған стратегияларға, концепцияларға, мақсаттарға және міндеттерге сәйкес болуы. Қазіргі экономикалық теория мен тәжірибеде бизнес-жоспар төрт түрлі функция атқарады.

Бірінші функция, бизнестің концепциясы (тұжырымдамасы) мен стратегиясын дамыту мүмкіндігімен байланысты. Бұл функцияның міндеті кәсіпорынды құру кезеңінде жаңа іс-әрекет қажеттілігін дәлелдеуге саяды. Жаңа жобалар тек инвестициялық болып, ғылыми-техникалық жаңалықтармен анықталып қана қоймай, толығымен ойластырылып жасалған болуы керек, онда стратегияның экономикалық және қаржылық жағдайы барынша сипатталып, нақты шаралардың техникалық-экономикалық негіздемесі берілуі шарт.

Екінші функция жоспарлау. Ол фирманың (кәсіпорынның, кәсіпкердің) мақсаты мен міндетін дұрыс анықтауға, дамудың ағымдағы, орташа және ұзақ мерзімді бағыттарын белгілеуге, іс-әрекеттің жаңа бағыттарының даму мүмкіндіктерін бағалауға,

даму процесін бақылауға, қауіп-қатер дәрежесін төмендетуге және қажетті түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Үшінші функция өндіріс қуаттарын жасақтауға, ұлғайтуға және жаңартуға қажетті ақша қаражаттарын (ішкі және сыртқы инвестициялар) тартуға, жаңа технологияны енгізуге, шығарылатын өнімдердің түрін көбейтуге не өзгертуге және оның сапасын жақсартуға қызмет етеді. Бұл арқылы жобалардың жаңалануы және тәуекелділік дәрежесіне қарай капиталды жұмылдыру тәсілдері (несие қарыздар, үлестік қатынастар, т.б.) анықталады.

Төртінші функция фирманың жоспарын жүзеге асыратын, біріккен өндіріс жүргізіп, өз капиталын, ресурстары мен қолындағы технологиясын қоса алатын әріптес тартуға мүмкіндік береді. Кезкелген әріптес (инвестор) ең әуелі (көбіне жобаны жасаушылармен кездеспей тұрып) бизнес-жоспар негізінде компанияның даму бағытына сәйкес фирманың мүмкіндіктерін (қаржыны қайтарып алу, кепілдіктің шын болуы, сақтандыру және басқа жағдайлар) мұқият зерттеп алады. Бұл жағынан алғанда бизнес-жоспар талдау құжаты және жарнама құралы қызметін атқарады.

Сонымен, бизнес-жоспар фирманың тұрақты жұмыс құжаты болып табылады, ол фирманың стратегиялық бағытын (даму тұжырымдамасын) анықтап қана қоймай, кәсіпкерліктің барлық салаларындағы қызмет ету процесін де сипаттайды. Ол фирма ішінде қолданумен қатар, сыртқы байланысқа да қызмет етеді.

Бизнес-жоспар жобасын жасау кәсіпорынның болашақтағы даму стратегиясын анықтаудан басталады. Стратегияны қабылдауға сәйкес экономикалық концепция жасалады.

Концепция негізінен жаңа техниканы (жаңа өнім) шығаруды игеру және жаңа инвесторлар мен акционерлерді тарту, жаңа техникалар өндірісін игеру, сату көлемін арттыру, жаңа нарықтарды игеру және т.б. арқылы нарықта тұрақты жағдайды қамтамасыз ету негіздемесінен тұрады.

Қабылданған стратегия мен жасалған концепцияға сәйкес бизнес-жоспардың мақсаттары мен міндеттері анықталады.

Бизнес-жоспарда сапалы және пайдалы, сондай-ақ, бәсекеге қабілетті өнім өткізу нарығын жаулап алудың стратегиялық мақсаттары анықталады.

Мұндай мақсат бірқатар міндеттерді шешуде талап етеді:

- кәсіпорын дамудың экономикалық мақсатқа сай бағытын негіздеу;
- күтілетін қаржылық нәтижелерді негіздеу;
- инвестициялық бағдарламаны дайындау процесінде қаржыландыру көздерін анықтау;
- бизнес-жоспарды жүзеге асыру бойынша іс-шараларды әзірлеу және экономикалық негіздеу.

Стратегиялар мен концепцияларды, мақсаттар мен міндеттерді өңдеу нарықтағы кәсіпорынның экономикалық жағдайын талдаудан басталады және кәсіпорынның стратегиялық (болашақтағы) дамуының бағыттары мен іс-шараларын экономикалық негіздеумен аяқталады.



3.4 Бизнес-жоспардың құрылымы

Бизнес-жоспардың құрылымы біртекті емес, әр компания бизнес-жоспарды өздігінше құрайды. Әлемдік тәжірибеде осы жоспарды құрудың бірегей немесе қатаң шектелген нұсқасы жоқ.

Инвестициялық жобаларға арналған бизнес-жоспардың құрылымы келесі бөлімдерден тұрады:

1. Бизнес-жоспардың мазмұны;
2. Бизнес-жоспардың түйіндемесі;
3. Кәсіпорынның сипаттамасы;
4. Саланың сипаттамасы;
5. Өнімді өткізу бойынша жоба және жоспарлар;
6. Жобаны іске асыру жоспары;
7. Қаржы жоспары және болжамдары;
8. Тәуекелдер мен жобаға әсер ететін факторлар;
9. Әлеуметтік аспект;
10. Жобаның қоршаған ортаға тигізетін әсері;
11. Қосымшалар.

Бизнес-жоспардың әрбір бөліміне жеке-дара тоқталып кетейік.

I. Бизнес-жоспардың мазмұны

II. Жобаның түйіндемесі

Түйіндеме бизнес-жоспардың қысқаша шолуы және үш парақтан артық бетте берілген ең маңызды бөлімдердің бірі болып саналады.

Түйіндемеде келесі ақпарат болуға тиісті:

- кәсіпорынның, оның ерекше жақтарының сипаттамасы, бүнгі күнге кәсіпорын қандай даму жолынан өтті;
- басқарушы құрамды жіктеу жөнінде қысқаша мәліметтер, осы жобаға қатысты басқарушы құрамның қандай қабілеттері бар, басқарушы құрамның кәсіпорын капиталындағы қатысу үлесі қандай;
- нарықтағы және саладағы жағдайдың сипаттамасы;
- өнімнің немесе кәсіпорынның артықшылығы, компанияның ресурстары және оның ағымдағы қаржы жағдайы;
- жобаның ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді мақсаттары, қандай өсу қарқынын күтуге болады, қандай табыстар алу жорамалданады, қандай уақыт кезеңі ішінде;
- инвестицияны қажетсінуі, олар қалай пайдаланылады, болжалды қаржыландыру көздері мен олардың құрылымы, олар қалай қайтарылады (өтеледі), болжалды кепілзатпен қамтамасыз ету сипаттамасы мен құрылымы;
- жобаны іске асыру орны;
- жоба тиімділігінің шешуші экономикалық көрсеткіштері;
- жобаны іске асыру мерзімі мен кестесі (бірінші іске асыру жылы – әрбір ай бойынша);
- жобаны іске асыру кезінде қандай тәуекелдер және қандай табыстар пайда болуы мүмкін.

III. Кәсіпорынның сипаттамасы

A. Компанияның қысқаша қалыптасу тарихы:

- ұйымдастыру және қайта ұйымдастыру күні, қатысушылар құрамы, заңды мәртебесі;
- өткен уақыт бойынша дамуы жөнінде мәлімет және дамуына ықпалын тигізген оқиғалар;
- компанияның мақсаты;
- қызмет профилінің ауысымы;

– компанияның бірінші басшылар құрамының өзгеру серпінi.

В. Компания құрылымы:

– компанияның корпоративтік құрылымы (атауы, орналасқан жері, барлық түптұлға және еншілес фирмалардың, филиалдардың және бөлімшелердің заңды мәртебесі);

– компанияның менеджерлері мен иелері (егер жобаланса, менеджменттегі болжалды өзгерістерді көрсету);

– компанияның ұйымдық құрылымы (сызба түрінде бөлімшелердің қызметін көрсете отырып);

– жұмыскерлер саны мен кадрларды орналастыру.

С. Өнім және көрсетілетін қызмет түрлері:

– қызмет бағыттарының тізбесі;

– өнім және көрсетілетін қызмет түрлерінің тізбесі мен әрбір өнім түрі бойынша олардың жыл сайынғы көлемі;

– барлық өнім және көрсетілетін қызмет түрлерінің өзіндік құны (соның ішінде өнім түрлері бойынша);

– кәсіпорынның нарықтағы үлесі;

– өткізу және өндірістің маусымдылығы;

– өткізудегі тарихи және ағымдағы беталыстар.

D. Компанияның несиелер тарихы

Банк атауы, өнім	Валюта	Сома	Мөлшер леме, %	Берілген күні	Шарт бойынша өтеу күні	Нақты өтеу күні	Жоба мақсаты	Қамтамасыз ету (түрі, сома)	Ескерту

USD бағамы: _____

Барлық ірі несиелерге түсінік беру қажет.

E. Қолдағы бар және жаңа бизнестің ұштасуы (міндетті түрде жобаны іске асыру қолдағы бар бизнеске қалай әсер ететінін суреттеу қажет).

F. Компанияның қаржы жағдайына талдау жасау (соңғы үш жыл бойынша баланс баптарындағы ірі ауытқулар бойынша түсініктемеге қоса қаржы есеп-қисабына талдау беріледі).

IV. Саланың сипаттамасы

A. Саланың сипаттамасы:

– саланың экономикалық секторын анықтау (өндіру, үлестіру, қызмет көрсету және т.б.);

– өнеркәсіптің аталмыш саласы ұсынатын негізгі өнімдері мен көрсететін қызмет тізбесі;

– маусымдылық;

– салалық нарықтың географиялық орналасқан жері (жергілікті, аймақтық, ұлттық, халықаралық);

– кәсіпорын жұмыс істейтін және жұмыс істеуді жобалайтын нарық сараланымының сипаттамасы;

– іс жүзінде бар негізгі тапсырыскерлердің сипаттамасы;

– әлуетті тапсырыскерлердің сипаттамасы;

– ең перспективалық тапсырыскерлер (кему тәртібімен көрсету керек);

– сала бойынша жалпы сату көлемі және нарықтың өзгеру беталысы.

V. Өнімді өткізу бойынша жоба және жоспарлар

A. Өнім сипаттамасы:

– аталмыш өнім түрін таңдау негізі

– номенклатура, болжалды шығарылым көлемі;

– өнімнің өзіне тән қасиеттері;

– өнімнің даму сатысы (идеясы, жоба нұсқасы, жұмыс жобасы, тәжірибелі партия, әрекеттегі сериялы өндіріс).

B. Өнім нарығының сипаттамасы:

– сұраным анықтамасы мен нарық мүмкіншіліктері;

– нарықтың ағымдағы үлесі, жобаны іске асыруға тура немесе жанама байланысы бар болжалды өзгерістер;

– нарықтың негізгі даму беталысы және бағыттары (экспорттық әлуеті);

– нарыққа жаңа өндірушілердің (жеткізушілердің) енуі үшін шектеу бар ма, егер болса, қандай – квоталар, лицензиялар, кеден

шектеулері және т.б.

С. Шикізат, материалдар мен басқа да өндіріс факторларының нарығын зерттеу және талдау:

- өндірістің шикізаттық және басқа да факторларының сипаттамасы;
 - шикізатқа, материалдар мен басқа да өндіріс факторларына қол жететіндік (шикізат, материалдар және басқа да өндіріс факторлары үшін есеп айырысу тәртібі);
 - жабдықтау бағдарламасы (жобаның әр жылына);
 - жеткізілім бағдарламасы (әр жылға);
 - шикізатқа, материалға және басқа да өндіріс факторларына шығатын жыл сайынғы шығыстардың сметасы.
- Өнім тұтынушыларының сипаттамасы:
- негізгі тұтынушылар, тұтыну көлемі, баға деңгейі;
 - сұраным мен ұсынымдардың болжалды өзгертулері.

Салыстырмалы кесте:

Жыл	Болжалды сұраным	Болжалды ұсынымдар	Өндіріс көлемі	Баға	Тұтынушылар	Растау (өзара шарт)

D. Өнімді өткізу бағдарламасы:

- бағаны есептеу және негіздемесі, баға белгіленімі;
- өнімнің өзіндік құнының есебі;
- сату бағдарламасы (жобаны іске асырудағы әр жылға);
- сатудан болған болжалды табыс (әр жыл бойынша);
- сатып алу және үлестіру кезінде ұсталатын шығын;
- тұтынушылардың мақсатты тобы (негіздеу);
- сауда желісін сипаттау;
- үлестіру әдістемелері мен арналары, жарнама;
- өткізуге ынталандыру.

E. Кәсіпорынның бәсекеге жарамдығы:

- негізгі бәсекелестер (атауы мен қысқаша сипаттамасы), олардың негізгі жақсы жақтары мен кемшіліктері, нарықтың алатын үлесі;

- қолданылатын технологиялардың салыстырмалы талдауы;
- негізгі бәсекелестер бағаларының салыстырмалы талдауы;
- маркетинг және тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) үлестірудің салыстырмалы талдауы.

F. Жобаны орындаудың заңдық және нормативтік базасы:

- лицензия немесе рұқсат алу қажеттілігі;
- жобаны халықаралық ұйымдар, республикалық және жергілікті басқару органдар арқылы іске асыруды шектеу/қолдау.

VI. Жобаны іске асыру жоспары

A. Орналасқан жері (жобаны орналастыруға әсер еткен негізгі факторларды көрсету):

- шикізат жеткізушілері мен көздеріне қатысты орналасуы;
- өнім (көрсетілетін қызмет) тұтынушыларына қатысты орналасуы;

– құрылысқа арналған қолдағы бар және жоспарланған алаң ішіндегі телімдер мен алаңнан тыс тораптар және жол телімдерінің орнын көрсете отырып, қазіргі бар және жоспардағы өндірістік және көмекші ғимараттардың құрылыстардың, үй-жайлардың, сақтау орындары мен қоймалардың (пайдаланылуын нақтылаумен бірге) блоктарының/үлгілерінің орналастырылуын көрсетумен бірге алаңды сипаттау (геодезиялық жағдайлар, жоспарды іске асыруға жоспарланған алаң аумағының экспликациясымен оқиғаға орай жоспары);

– таңдалған алаңның кәсіпорынның өндірістік қуатына сәйкестігі (жобаны іске асыратын алаңдағы объектілерді қысқаша сипаттау, соның ішінде: ғимараттар, құрылымдар (төлқұжат деректері, жағдайы); құрылыстар (эстакадалар, жер асты сақтау орындары, скважиналар және т.б.);

– инфрақұрылым:

– электрмен жабдықтау – трансформаторлық қосалқы станциялардың, дербес көздердің және алаң ішіндегі тораптардың болуы, жағдайы мен қолдағы бар қуаты;

– жылумен жабдықтау – дербес көздер мен алаң ішіндегі тораптардың болуы, жағдайы және қолдағы бар қуаты;

– сумен жабдықтау – дербес көздер мен алаң ішіндегі тораптардың болуы, жағдайы және қолдағы бар қуаты;

– арна жүргізу – дербес жинақтаушылар мен алаң ішіндегі тораптардың болуы, жағдайы және қолдағы бар қуаты; ағындардың су қашыртқысы, тазалау әдістері, сарқынды су сапасы, қашыртқы шарттары, қолдағы бар немесе қазіргі тазалау құрылыстарын салу;

– газбен жабдықтау – үлестіргіш құрылғыларының және алаң ішіндегі тораптардың болуы, жағдайы және қолдағы бар қуаты;

– авто жолдары – алаң ішіндегі жолдардың болуы, жағдайы және ұзақтығы;

– темір жолдар – түйіқтың болуы, жағдайы және ұзақтығы;

– жүк және жолаушылар терминалдары;

– аббатандыру объектілері;

– басқа байланыстар;

– шикізатты өндіріс алаңына жеткізу (алу) тәсілі және оны сақтау.

В. Технологиялық процесті сипаттау:

– технологияны таңдау негіздемесі (әлемдік стандарттарға сәйкестігі, қолда бар аналогтарымен салыстыру, Қазақстандағы немесе шетелдегі басқа жобалар бойынша жаңалық және/немесе оларды байқаудан өткізу);

– таңдап алынған техниканың сипаттамасы (тәжірибеде қолданылатын өнім өндіру технологияларының нұсқаларын суреттеу, іске асырылатын жоба үшін осы технологияны таңдап алуға негіз болған техникалық шарттарын көрсете отырып, қолдағы бар өнім өндіру технология нұсқаларының негізгі жақсы жақтары мен кемшіліктеріне салыстырмалы талдау жасау);

– технологиялық және басқа жабдықтар мен техниканың болуы және оларға деген қажеттілік, оларды сатып алу шарттары (қолдағы бар техника мен жабдықтардың тізбесі, олардың қазіргі жағдайы, жаңа жабдықтың қолданылып жүрген жабдықтармен технологиялық үйлесімділігі; қажетті қосымша және/немесе жаңадан сатылып алынатын техника мен жабдықтың тізбесі, олардың техникалық спецификациясы, өтініш берушінің жабдық жеткізушісімен келіскен жабдықтарды орналастыру схема-жоспары, осыған ұқсас жабдықтың басқа жеткізушісімен салыстырмалы талдау (сапасы, бағасы, технологиясы), бағаның бәсекеге қабілеттілігі;

– өндірістік қуаттың негіздемесі;

– кәсіпорын қуатын игеру серпіні;

– технологиялық және басқа жабдықтар мен техникалардың болуы, оларды сатып алуды қажетсіну және оларды сатып алу шарттары (қолдағы бар техника мен жабдықтар тізбесі, олардың ағымдағы жағдайы, қажетті техника мен жабдықтар тізбесі, бәсекеге жарамды баға, пайдаланылып жүрген жабдықпен технологиялық сыйысымдылығы, жабдықты жеткізудің әр түрлі нұсқаларына салыстырмалы талдау жасау)

– жер телімдерін, ғимараттарды, құрылыстарды, байланысты қажетсіну.

С. Жобаны басқару және кадрларды орналастыру:

– жобаны басқару құрылымы;

– жобаның жетекшілеріне және негізгі менеджерлеріне қысқаша түйіндеме;

– фамилиясы, аты-жөні, білімі, институт, мамандығы, қашан бітірген, еңбек тәжірибесі, лауазымы, бұл лауазымда неше жыл жұмыс істейді;

– жұмыскерлер саны және кадрларды орналастыру;

– еңбек ресурстарын және оқып-үйренуді қажетсіну.

Д. Жобаны жүзеге асыру бойынша жұмыс кестесі:

– құрылыс кезеңдері (мысалы: жоба алдындағы зерттеулер, ТЭН жобалауға және әзірлеуге тапсырма, ТЭН, аудандық архитектурадан қорытынды, аудандық мемлекеттік сараптаманың қорытындысы, ТЭН Мемлекеттік архитектуралық-құрылыстық қадағалауға табыстау, салуға рұқсат алу, мердігермен бас шарт жасасу);

– салу мерзімі;

– жабдықты жеткізу мерзімі;

– құрастыру, іске қосу-жөндеу және пайдалануға жіберу мерзімдері;

– жобалық қуатқа шығу және бұдан былайғы өндіру серпіні;

– қажеті туса, технологиялық карта ұсынылады.

Е. Жоба бойынша шығындар құрылымы:

– жер телімі

– құрылыстық-құрастыру

- өндірістік жайлар
- жабдық
- жүк тасу
- сақтандыру
- құрастыру және іске қосу-жөндеу жұмыстары
- өндіруге шығатын шығындар, соның ішінде (шикізат нарықтарына талдау жүргізу, негізгі жеткізушілер және шикізатты жеткізу бағдарламасы, электр энергиясы, су және басқа да құрамдас бөліктері, (жарнама компаниясы, дистрибутивалық торап салу және т.б.)

Ғ. Жеткізушілерге қойылатын талаптар:

- тиісті жабдық нарығындағы сату тәжірибесі, Қазақстанда өкілдігінің болуы (дұрыс болады), сервис орталықтарының болуы, жеткізілетін жабдыққа белгіленетін кепілді мерзім бір жылдан кем емес, клиенттерінің тізімі (кәсіпорынның атауы, мекен-жайы, ҚР және ТМД аумақтарында орнатылған жабдықтардың тізбесі, референц-парақ).

– ішінде техникалық сипаттамасы, берілген нысан бойынша ең кемінде 3 жеткізушіден келетін барабар комплектациядағы осыған ұқсас жабдықтың құны берілген жабдықтың бәсекелік парағы, коммерциялық ұсынымдарымен бірге.

Г. Жеткізілетін жабдыққа қойылатын талаптар:

- жабдық жаңа (бұрын пайдаланылмаған) және қазіргі заман (сапалық тозбаған) болуға тиісті, яғни осыған ұқсас өндірістерді дамыту саласында дүние жүзілік техникалық жетістіктерге сәйкес келуге тиісті;

– өндірістің орнын ауыстыру – жабдықтың құнына айтарлықтай шығын келтірусіз демонтаж жасау және қайта монтаж жасау мүмкіндігіне рұқсат берілуге тиісті;

– сапасы – жабдық шығарылатын өнімнің қазақстандық немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келетін сапалылығын қамтамасыз етуге тиісті;

– сервистік қызмет көрсету – міндетті түрде кепілді және кепілден кейінгі қызмет көрсетілуге тиісті, шеф-монтаж болуға, қызметкерлер құрамы үйретілуге, оперативтік жөндеу мүмкіндігі болуға, кемістіктерін жоюға, кеңес берілуге тиісті және т.б.

VII. Қаржы жоспары және болжамдары

A. Қаржыландыру және төлемдер кестесі:

- аванстық төлемді салу мерзімі;
- сақтандыру және комиссиялық төлемдер мерзімдері;
- негізгі қарызды және ол бойынша проценттерін төлеу кестесі;

B. Өнім бірлігінің өзіндік құнын есептеу және шығын сметасы.

Жобаны іске асыру және шығын калькуляциясы кезеңіне дайын өнімді өндіру бағдарламасы:

- алғашқы көздер бойынша жобаның технологиялық карталары;
- нормативтік параметрлерге сәйкес өнім өндіру көлемін жоспарлау;
- өнім бірлігінің өзіндік құнын есептеу және шығын сметасы.

C. Сатудан болған табыс баптарын ажырату (шығарылатын өнімнің әр түрі бойынша өткізу көлемін әрбір ай бойынша көрсете отырып); болса, маусымдық ауытқуларды ескеру керек.

D. Пайдалар мен залалдар туралы есеп болжамы. Шығындардың ірі баптары бойынша түсініктеме беріледі, баға мен дайын өнімді өткізу көлеміне және шикізатты сатып алуға маусымдық ауытқулар

E. Ақша қаражаттарының қозғалыс болжамы.

F. Жобаны қаржы бағасының жай әдістерінің көмегі арқылы талдау:

- жоба өтелімділігінің жай мерзімі;
- жай табыс нормасы (жобаны іске асырудың әр жылы бойынша және тұтас жоба бойынша);
- пайдалылық, өтімділік және айналымдылық көрсеткіштерін талдау.

G. Дисконттау әдісінің көмегі арқылы талдау:

- жобаның ағымдағы таза құны (NPV);
- ішкі пайдалылық нормасы (IRR);
- жоба өтелімділігінің дисконтталған мерзімі.

H. Тұрлаусыздық жағдайларындағы талдау:

– сезімталдықты талдау (өндіру көлемі, өткізу бағасы төмендеген жағдайдағы, шығын сомасы көбейген жағдайдағы жобаның тұрақтылығын талдау);

– залалсыздықты талдау (жыл бойынша есеп айырысуда заттай және ақшалай мәндегі залалсыздық шегін анықтау).

I. Несиені өтеу үшін қосымша көздер (егер жоба табысты болмаған жағдайда).

J. Компанияға қажетті банк өнімдерінің тізбесі (өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту болашағы).

VIII. Тәуекелдер мен жобаға әсер ететін факторларды анықтау (ресурстар тәуекелдіктері, маркетингтік тәуекелдік, басқарушылық тәуекелдігі, операциялық-өндірістік тәуекелдік, салалық тәуекелдік, құқықтық тәуекелдік, елдік және аймақтық тәуекелдіктер, жобаны аяқтау тәуекелдігі және т.б.):

- тәуекелдіктің негізгі факторы;
- сипаттамалар және өзгертулер ауқымы;
- тәуекелдіктерді азайту және басқару бойынша болжамды іс-шаралар.

IX. Әлеуметтік аспект

– аймақтағы әлеуметтік-мәдени және демографиялық жағдайларды сипаттау;

– жобаның халықаралық жұмыспен қамтылуына, біліктілігін көтеруіне, біліміне және т.б. тигізетін ықпалы.

X. Қоршаған ортаға тигізетін ықпалы

A. Жобаның қоршаған орта жағдайына тигізетін ықпалы және зиянды нәтижені азайту бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспары:

– қоршаған ортаға қолайсыз ықпалдың барлық болжалды салдарларын анықтау және қысқаша мазмұндау;

– әрбір іс-шараның жағымсыз әсерін көрсете отырып, техникалық аспектілерін сипаттау;

– жоба аясында табиғатты қорғау бойынша іс-шараларды іске асыру кестесі;

– жобаның жалпы құнына қаржыландыру көздерінің жоба сметасы мен тізбесі, теріс ықпалды шектеу бойынша іс-шараларды іске асыруға байланысты бірінші жұмсалымдармен қатар, ағымдағы шығыстарды енгізу.

B. Жобаның халықаралық стандарттарға және қоршаған ортаға ықпалы бойынша нормативтерге сәйкестігі.

XI. Қосымшалар

Қосымшаларға бизнес-жоспарда мәліметтерді растай алатын немесе толық түсіндіре алатын құжаттар енгізіледі. Мұндай құжаттарға келесілер жатады:

- кәсіпорын немесе жоба жетекшісінің құзіреті мен жұмыс тәжірибесін растайтын өмірбаяны;
- маркетингтік зерттеулердің нәтижелері;
- аудиторлардың қортындылары;
- өнім үлгілерінің суреттері немесе видео роликі;
- өнімнің жан-жақты техникалық сипаттамасы;
- кәсіпорынның жобасы;
- өнім жеткізушілерімен және тұтынушыларымен өзара шарттар немесе кепілдік хат;
- жалгерлік, жалдау шарттары, лицензиялық келісімдер;
- экология және қауіпсіздік мәселелері бойынша мемлекеттік қадағалау қызметтерінің қортындылары;
- кәсіпорынның қызметі жөнінде газеттер мен журналдардан алынған мақалалар.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. Инвестициялық құжаттарды дайындау кезеңдерін атаңыз.
2. Жобаның туындауына әсер ететін факторларды талдаңыз.
3. Жобалық талдаудың мәні мен мазмұны неде?
4. Инвестициялық жобаның техникалық талдауы нені қамтиды?
5. Инвестициялық жобаның коммерциялық талдауы қандай міндеттерді қарастырады?
6. Институционалдық және әлеуметтік талдаудың негізгі мақсаттары қандай?
7. Техника-экономикалық негіздеме дегеніміз не?
8. Инвестициялық жобаларға арналған бизнес-жоспардың үлгі құрылымы қандай?

4. АҚША АҒЫМДАРЫНЫҢ МЕРЗІМІН БАҒАЛАУ



Ақша ағымдарының түрлері және оларды бағалау

Ақшалай ағымның бағалану көрінісі ең қолайлы және тиімді анализдік инвестициялық жобада жүреді. Көптеген ақшалай ағымдары 2 элементтен тұрады: қажетті инвестиция, ақша ағымдарының шыққан шығындармен байланысты.

Ақша ағымдары бюджетпен капитал құнының бағалануынан көрінеді. Ақша ағымдарындағы шығындардың құрамы әртүрлі және өнімдердің өзіндік құнына жатқызу әдісіне өндірістік көлеміне байланысты жіктеледі.

Қаржы менеджментінде ақша ағымдағы шығындарды басқару өндіріс әрекетінің нәтижесіне қатаң байланыстылықта қаралады.

Ақша ағымдағы шығындардың құрамын құрылымын және көлемін жоспарлауға шешім қабылдау үшін төмендегі мәліметтерді қолданады:

- өнімдердің нақтылы өзіндік құны және алған пайда туралы мәліметтер;
- күтілетін шығындар және табыс туралы ақпарат.

Егерде өндіріс көлемімен оны сатудың айырмашылығы жоспарланбаса, онда шығын көлемі туралы шешім қабылдауға өткен кезеңдегі мәліметтерді пайдалануға болады. Өндіріс бағдарламасы біршама өзгерсе онда шығындарға нақтылап талдау жасалынады. Олардың өндірілген көлемі оның бағасы еңбек ақысы және басқа факторлардың олардың тиімділігіне әсерін бағалайды.

Осы жағдайларға қарай қаржы менеджментінде кәсіпорынның барлық ақша ағымдағы шығындары төмендегіше бөлінеді:

- шартты-өзгермелі;
- шартты-тұрақты;
- аралас.

Шартты-өзгермелі шығындар өндірілген өнімдердің көлеміне байланысты және өндіріс көлемінің өзгеруіне тікелей пропорцио-

налды өзгереді. Өндіріс көлемінің өсуіне байланысты олар ұлғаяды және керісінше өндіріс көлемінің азаюына байланысты кемиді. Атап кететін жай өзгермелі шығынның өнімдердің бірлігіне қатынасы тұрақты шамада болады.

Шартты-өзгермелі шығындар өндірістік және өндірістік емес сипатта болады. Өндірістікке қатысты – өзгермелі шығындарға жататындар: шикізаттар және материалдарды сатып алу, технологиялық жанармай және энергия өндірістегі жұмысшылардың негізгі еңбекақысы және т.б.

Өндіріске жатпайтын шартты – өзгермелі шығындарға жататындар: транспорт шығыны, сағуға кеткен сауда комиссиялық жинау және басқадай шығындар, әлбетте олар сатылған өнімдерден түскен түсімнің көлеміне байланысты болады.

Тұрақты шығындардың үлесінің өсуі өндірістік тұтқаның әсер ету күшін оннан аса көбейтеді. Осыған байланысты келесі қорытынды туады:

- өндірістік тұтқаның әсер ету күші кәсіпорынның активтерінің құрылымына және айналымынан тыс активтердің үлесіне байланысты. Неғұрлым негізгі қордың құны көп болса соғұрлым тұрақты шығындардың үлесі көп болады;
- тұрақты шығындардың үлес салмағының жоғары болуы ақша ағымдағы шығындарды басқарылу шекарасын тарылтады;
- неғұрлым өндіріс тұтқасының әсер ету күші көп болса соғұрлым кәсіпкерлік тәуекел жоғары болады.

Ағымдағы шығындарды тиімді басқару рентабельділіктің шегін анықтаусыз мүмкін емес.

Нарықтық экономикада кәсіпкерлікпен айналысу процесінде шаруашылықпен айналысушы субъектілер өндірісті ұйымдарға және өнімдерді сатуға әртүрлі шығындар шығарады.

Кәсіпорынның барлық шығындарын олардың экономикалық мағынасына, жұмсалған мақсатына қарай үш топқа бөлінеді:

- ағымдағы шығындар;
- ағымдағы шығыстар;
- күрделі салымдар.

Ағымдағы шығындар өнімдерді өндірумен және оларды сағумен байланысты. Олар кәсіпорынның барлық шығындарының

ішінде үлесі ең көбі және ол шығындар негізінен өндіріс процесінде ішкі заттарды және материалдарды, негізгі өндірістік қорларды, жанар және жағар майларды, энергияны, еңбек ақы және т.б. пайдаланумен байланысты.

Жобаның таза ағымдық құндылығының көлемін анықтайтын негізгі факторларының бірі, сөзсіз, инвестицияның, өндірістің немесе сатудың «физикалық» көлемдерінде көрінетін қызмет ауқымы болып табылады. Бұдан осы сипатына орай айрықшаланатын жобаларды салыстыруға арналған бұл әдісті қолдануға шектеудің қойылуы шығады: NPV үлкен мәні капитал салымының едәуір тиімді вариантына әрдайым сәйкес келе бермейді.

NPV есептеуге қажетті ақпараттарды толық түсіну үшін әдеттегі ақша ағымдарын қарастырайық;

- Әдеттегі кіріс ақшалай ағымдары:
- қосымша сатылу көлемі және тауар бағасының көтерілуі;
 - жалпы шығындардың азаюы (тауар құнының түсуі);
 - инвестициялық жобаның соңғы жылының аяғындағы құрылғылар құнының қалдық мәні (себебі құрылғылар сатылуы немесе басқа жоба үшін қолданылуы мүмкін);
 - инвестициялық жобаның соңғы жылының аяғындағы айналым құралдарының босауы (дебиторлар шоттарының жабылуы, тауар – материалдық қорлар қалдықтарын сату басқа кәсіпорынның акциялары мен облигацияларын сату).

Әдеттегі шығарылатын ақша ағымдары:

- инвестициялық жобаның алғашқы жылдарындағы бастапқы инвестициялар;
- инвестициялық жобаның алғашқы жылдарындағы бастапқы айналымдық құралдарға деген қажеттіліктің артуы (жаңа клиенттер тарту үшін дебиторлар шоттарын көбейту, өндірісті бастау үшін шикізат пен бөлшек заттарды алу);
- құрылғыларды жөндеу және техникалық қамтамасыз ету;
- өндірістік емес қосымша шығындар (әлеуметтік, экологиялық және т.б.).

Кәсіпорынның бұдан бұрынғы қызметі мен ағымдағы жағдайына қаржылық талдау жасау әдетте кәсіпорынның пайдалылығы мен оның басқару тиімділігін, несие қабілеттілігін, өтемпаздығын

көрсететін негізгі қаржылық коэффициенттерінің интерпретациясы мен есептеулеріне келтіріледі. Әдетте бұл қиындық туғызбайды. Қаржылық бөлімде кәсіпорынның өткен жылдарындағы негізгі қаржылық есебін беру және негізгі көрсеткіштерді салыстыру аса қажет. Егер инвестициялық жоба батыстық стратегиялық инвесторды тарту үшін дайындалса, онда қаржылық есепті беруін инвесторды тартқан батыс мемлекеттің форматтарына келтіру керек.

Шығынсыздықты талдау негізгі өнімдерді шығару мен өткізудің өзіндік құн құрылымын талдау бойынша жүйелік жұмыстарды және барлық шығынның айналымы (өндіріс көлемі мен сату көлемінің өзгеруіне орай өзгереді) мен тұрақтыға өндіріс көлемі өзгеруіне байланысты өзгермейтін бөлінуін қамтиды. Шығынсыздықты талдаудың негізгі мақсаты – шығынсыздық нүктесін анықтау, яғни пайданың нөлдік мәніне сәйкес келетін тауар көлемін сату. Шығынсыздықты талдаудың маңыздылығы нақты немесе жоспарланған пайданы инвестициялық жоба процесінде шығынсыздық нүктесі мен кәсіпорынның пайданы алып келетін іскерлігі сенімінің кейінгі бағасымен салыстыруына негізделген.

Жобаның қаржы бөлімінің неғұрлым жауапкершілігі мол бөлігі оның инвестициялық бөлігі болып табылады, ол мыналарды қамтиды:


- жоба бойынша кәсіпорынның инвестициялық қажеттілігін анықтау;
- инвестициялық қажеттілігінің қайнар көздерін белгілеу (және ары қарайғы ізденіс);
- инвестициялық жобаны іске асыру үшін тартылған капиталдың құнын бағалау;
- жобаның іске асуы есебінен түсетін пайда мен ақша ағымдарын болжау;
- жоба көрсеткішінің тиімділігінің бағасы.

Жобаның іске асуы мерзімінде оның өтімділігін бағалау мәселесі әдістемелік тұрғыдан өте қиын. Жобаны іске асыру нәтижесінде пайда болатын ақша ағымының көлемі, «ақшаның құны уақыт өтуіне қарай» деген қағиданы есепке ала отырып, сомалық инвестиция шамасын жабуы керек.

Ақша ағымының уақыттық мәнділігін өлшейтін сипаттамасы ретінде инвестициялық жобаны іске асыру нәтижесінде алынған ақша ағымын инвестициялаудан түскен түсімнің нормасы көрінеді.

Сонымен, инвестициядан туындайтын жалпы ақшалай ағым жоғарыда көрсетілген қаржылық феноменді есепке ала отырып, оның (инвестицияның) шамасын жабатын болса, жоба қаржылық критерийлер тұрғысынан қабылданады.

Жобаның өтімділігін бағалау кезіндегі инфляцияны есепке алу мәселесі қарама – қайшылықты болып келеді. Әрине, уақытта өріс алған ақша ағымдарын ақшаның сатып алушылық қабілетінің өзгеруіне байланысты қайта санау керек. Сонымен қатар инвестициялық жобаның тиімділігі туралы соңғы қорытынды инфляциялық әсерді ескерусіз жасалуы мүмкін. Бұл ақша ағымы базасында инфляциялық жоба тиімділігінің негізгі көрсеткіші анықталады.



4.2

Пайыздарды есептеу тәсілдері

Коммерциялық, несиелік және басқадай қаржылық келісімдерде пайыздық есептеулер кеңінен қолданылады. Бұл кезде келісуші жақтар қаржылық немесе несиелік келісімдер бекіте отырып, сол немесе басқа уақытша кезең (есептеу кезеңі): күн, ай, тоқсан, жыл үшін пайыздық ставканың мөлшерін – табыстың салыстырмалы көлемін ескереді.

Келісім жағдайына байланысты пайыздар тұрақты база (жай пайыздар) немесе кезекті өзгермелі (пайыздар пайыздарға есептеледі-күрделі пайыздар) негізінде есептелуі мүмкін.

Жай пайыздарды арттырудың негізгі формуласы келесі түрде болады:

$$S = P \times (1 + i\% \times n), \quad (4.2.1)$$

мұндағы: S – пайызды есептегеннен кейінгі өскен сома; P – қарыздың алғашқы сомасы; $i\%$ – жай пайыз ставкасы; n – келісім мерзімі (несие немесе депозит мерзімі), жыл.

Мысал. Кәсіпорын 3 ай мерзімге 100 000 тг. мөлшерінде пайыз есептеумен келісім қызметінің соңына 16% жылдық есеппен depo-

зит ашады. Келісім мерзімінің соңы бойынша банктен тапсырыс беруші алатын ақша сомасын анықтау талап етіледі.

Шешімі: Берілгендерді (4.2.1) формуласына қойып келесі өрнекті аламыз:

$$S = 100\,000 \times (1 + 0,16 \times \frac{3}{12}) = 104\,000 \text{ тг.}$$

Есептелген жай пайыздар сомасы келесі формула бойынша анықталады (4.2.2).

$$I = P \times i \times n, \quad (4.2.2)$$

мұндағы: I – жай пайыз сомасы; P – пайыз есептелетін сома; $i\%$ – жылдық пайыз ставкасы; n – пайыз есептеу мерзімі.

$$I = \frac{i\%}{n}, \quad (4.2.3)$$

мұндағы: I – жылдық пайыз ставкасының қатысты шамасы; $i\%$ – жылдық пайыз ставкасы, %; n – параметрі бүтін сонымен бірге бөлшек сан болуы мүмкін.

$$n = \frac{t}{K}, \quad (4.2.4)$$

мұндағы: t – пайыз есептеу кезеңінің ұзақтығы; K – жылдағы күндер саны (360, 365, 366).

(4.2.4) формуласына сәйкес (4.2.1) формуласын мына түрде жазуға болады:

$$S = P \times (1 + i \times \frac{t}{K}), \quad (4.2.5)$$

Өсім коэффициенті келесі түрде есептеледі:

$$K = \frac{S}{P} = (1 + i \times n), \quad (4.2.6)$$

мұндағы: S – өсім сомасы; P – алғашқы сома; I – қатысты жылдық пайыздық ставка; n – жылдағы есептеу кезеңі.

Әр елдің банктік тәжірибесінде пайыздар есептеу кезінде жылдардағы есептелген күндер саны және күндер бойынша мерзімді анықтау әр түрлі.

Герман тәжірибесінде күнде санын есептеу жыл ұзақтығы 360 күн, ай ұзақтығы 30 күнге негізделген. Француз тәжірибесінде жыл ұзақтығы 360 күн, ал айдағы күндер саны нақты күнтізбелік ұзақтыққа тең етіп алынады (28,29,30,31 күнге сәйкес). Ағылшын тәжірибесінде жыл ұзақтығы 365 күн (толық жылда 366 күн), ал ай ұзақтығы күнтізбе бойынша нақты ұзақтыққа сәйкес келеді.

Мысалы, есептеу тәжірибесінің әр түрлілігі кезінде пайыздар есептеу үшін күндер санын анықтау керек, талап етуге дейінгі салым 12.01.99 жылдан 15.03.99 жылға дейінгі аралықта болса.

Шешімі:

1) Германия тәжірибесінде пайыздар есептеу үшін күндер саны мынаған тең: 20 (қаңтардағы салымды сақтау күндер саны) + 30 (ақпандағы) + 15 (наурыздағы) – 1 (салымды алу және қабылдау күні 1 күн болып есептелінеді) = 64 күн.

2) Француз тәжірибесінде, ағылшын тәжірибесіндегі күндер санын есептеу кезіндегі пайыздар есептеу үшін күндер санына тең: $20+28+15-1=62$ күн.

Мысал. Жедел салым сомасына пайыздар есептеу. 5.09.12 жылы банк салым иесімен 21 күнге 15 пайызбен жедел банктік салымға келісім бекітті (салымды қайтару мерзімі 26.09.12). Салым сомасы 15 000 тг.

Шешімі: Пайыздарды есептеу кезеңі 21 күн. 26.08.12 жылы банк салым иесіне салым сомасын (салым бойынша күн сайынғы капитализация есебімен) қайтарады:

$$S = 15000(1 + 0,15 \times \frac{21}{360}) = 15131,25 \text{ тг.}$$

Күрделі пайыздар жүйесі бойынша операцияларды дамыту моделдері.

Қаржылық операцияларда күрделі пайыздар жүйесі қолданылады. Егер есептелетін пайыз I (капиталдан кіріс) P бастапқы капиталмен қосылса және келесі этапта пайыз барлық құрылған сомадан (P+I) есептелінеді. Кей кезде бұл вариант капитализация

немесе реинвестірлеу, немесе пайызға пайыз деп аталады. Бұл жағдайда жинақталған капитал сомасы мынаны құрады:

$$S = P(1 + i)^n, \quad (4.2.7)$$

мұндағы: i – күрделі пайыздардың жылдық ставкасы; n – жылдар саны.

(4.2.4) формуласына сәйкес (4.2.8) теңдігі келесі түрде болады:

$$S = P(1 + i)^{t/K}, \quad (4.2.8)$$

мұндағы: t – күрделі пайыздар есептеу күндерінің саны; K – жылдардағы күндер саны.

Күрделі пайыздарды есептеу жылына бірнеше рет жүргізілуі мүмкін. Бұл кезде әрбір кезеңдегі есептелген пайыздар ставкасының мөлшері бойынша анықталатын жылдық пайыздар ставкасын номиналды жылдық пайыздық ставка деп атайды.

Мына жағдайда күрделі пайыздарды есептеу тең уақыт аралығы арқылы жүзеге асырылса j номиналды пайыздық ставкасы көрсетіледі және келесі формула қолданылады:

$$S = P \left(1 + \frac{j}{m}\right)^{mn}, \quad (4.2.9)$$

мұндағы: j – номиналды пайыздық ставка; m – жыл үшін есептеу интервалдарының саны; n – есептеу мерзімі, жыл.

Келісімнің барлық мерзімі үшін интервалдар саны (N) мынаған тең:

$$N = m \times n, \quad (4.2.10)$$

Егер, пайыз мөлшерлемесі өзгерген жағдайда, мына формула қолданылады:

$$S = P (1 + i)^{n_1} (1 + i)^{n_2} \dots (1 + i)^{n_k}, \quad (4.2.11)$$

Мысал. Банк жылдық 20% мөлшерлемесі несие береді. Екінші жылы банк 2% мөлшерлемесі шамасында, ал қалған жылдар бойы 3% шамасында маржа орнатады. Несие мерзімі 4 жыл, көлемі 5 млн.тг. 4 жылдан кейінгі қайтарылатын ақша сомасын есептеу қажет.

Шешімі: $S = 4 \times (1 + 0,2)^1 (1 + 0,22)^2 (1 + 0,23)^3 (1 + 0,23)^4 = 30,42$ млн.тг.



Дисконттау

Дисконтталған (келтірілген) құн субъектінің әдеттегі операциялары барысында күтілетін болашақ ақша ағымының ағымдағы құнын немесе пайдалы әлеуетін айқындау үшін қолданылады.

Ақша ағындарын дисконттау дегеніміз – олардың әртүрлі мерзімдегі мәндерін (есептеудің әртүрлі қадамдарына жататын) белгілі бір уақыт мерзіміндегі олардың құндылықтарына келтіруді айтамыз.

Осы активтер мен міндеттемелердің өтеу кезіндегі (алдын ала анықтауға болатын) атаулы құны олардың балансқа қабылдау сәтіндегі нақты құнынан ерекше болады. Пайда болатын айырма осы активтер мен міндеттемелердің құнына және тиісінше, өтеу кезіндегі емес, кезең бойы толық өтелгенше кіріске (шығысқа) енгізілуі тиіс. Осы рәсім тиімді пайыздық ставканы пайдалана отырып есептеу қағидатына толық сәйкес келеді.

Пайыздың тиімді ставкасына жоспарланған ақша ағындарын алғаш танылған мөлшерге тең мөлшерге әкелетін дисконттау ставкасы жатқызылады.

Ақша ағындарын дисконттаудың негізгі формуласы жекелеген төлемнің ағымдық құнын анықтау формуласы болып табылады:

$$P = S/(1+i)^n, \quad (4.3.1)$$

P – ағымдағы құн – қазіргі уақытта салынатын сома, яғни қолда бар немесе ағымдағы күнге инвестицияланған қаржы немесе болашақта алынатын қаржы қаражатының ағымдағы құны.

S – n жылдардан кейін инвестицияның болашақ құны – болашақта алынатын қаржы қаражаты немесе бүгінгі қаржы қаражатының болашақ шамасы.

i – дисконт ставкасы – ағымдағы және болашақ құнды есептеу үшін қолданылатын пайыздық ставка. Дисконттау ставкасы салымдардың тиімділігін бағалау үшін қолданылады. Экономикалық тұрғыдан қарастырғанда дисконттау ставкасы – бұл инвестор талап ететін салымдық капиталдың табыстылық нормасы.

n – уақыт кезеңі – қаржы құралдарының ағымдағы және болашақ құнын есептеу кезеңдерінің саны.

Дисконттаудың мәнін түсіну және ИЖ тиімділігін бағалағанда оның қандай қызмет атқаратын анықтау үшін тәжірибелі мысалдарға тоқтала кетейік.

Мысал. Инвестор 1000 тг. бос ақша қаражаттарын банкке депозитке 10% жылдық мөлшерлеменен салды дейік. 1 жылдан кейін инвестор келесі соманы алады:

$$1000 \times (100\% + 10\%) = 1100 \text{ тг.}$$

Алынған ақша сомасын тағы да 1 жылға депозитке салып, инвестор келесі соманы алады:

$$1100 \times (100\% + 10\%) = 1210 \text{ тг.}$$

Енді кері мысалдың шешімін табайық: 2 жылдан соң 1210 тг. алу үшін депозитке қандай соманы салу керек?

Бұл мысалды шешу үшін келесі теңдікті жазып алайық:

$$X \times (100\% + 10\%)^2 = 1210,$$

мұндағы: X – белгісіз сома.

$$X = \frac{1210}{(1 + 10\%)^2} = 1210 \times \frac{1}{(1 + 10\%)^2},$$

$$X = 1000 \text{ тг.}$$

Жоғарыда біз 1210 тг. көлеміндегі соманы дисконттадық. Біз болашақта күтілетін 1210 тг. соманың бүгінгі құнын анықтадық. Бұл есептеудің 2-ші қадамындағы 10% дисконттау мөлшерлемесіндегі дисконттау коэффициенті болып табылады.

Болашақтағы ақшаның құны қазіргі құнға келтірілетін дисконттау коэффициентінің формуласы келесідей:

$$\alpha = \frac{1}{(1+r)^t}, \quad (4.3.1)$$

мұндағы: α – дисконттау коэффициенті; r – дисконттау мөлшерлемесі, %; t – есептеу қадамы.

Ақшаның дисконтталған құнын сондай-ақ ағымдағы, келтірілген және нақты құн деп те атайды.

Дисконттау құнды қағаздардың бағасын есептегенде қолданылады.

Мысал. Номиналды құны 1000тг. өтелу мерзімі 2 жыл және пайыздық мөлшерлемесі 15% құрайтын вексельді банк қандай бағамен сатып алады? Егер вексельдің номиналды құны – бұл бағалы қағазда көрсетілген сома болса, онда вексельдің нақты құнын анықтау үшін, 1000 тг. дисконттау қажет.

Вексельдің нақты құны = $1000\text{тг.} \times 0,756 = 756\text{ тг.}$

Бұл дегеніміз, бүгінгі күні банк вексельді 756 тг-ден сатып алып, ал 2 жылдан соң вексель ұстаушыға 1000 тг-ден қайтарады.

Ендігі кезекте ИЖ тиімділігін бағалағанда дисконттауды пайдалану мүмкіндіктерін қарастырайық. Ақша ағындары 4.3.1 және 4.3.2 кестелерде көрсетілген екі жобаны жүзеге асыру қажет деп ұйғарайық.

Кесте 4.3.1- №1 Инвестициялық жоба бойынша ақша ағындары

№	Көрсеткіштің аталуы	Қадам			
		0	1	2	3
1	Капиталдық салымдар (ҚҚС есептемегенде), мың тг.	-16 000,00	0,00	0,00	0,00
2	ИЖ бойынша операциялық қызметтен түскен кіріс, мың тг.	0,00	+13 200,00	-13 800,00	+14 200,00
3	Операциялық қызмет бойынша шығыстар, барлық салықтарды қоса алғанда, мың тг.	0,00	-5600,00	-6500,00	-6500,00
4	ИЖ бойынша жиынтық сальдо, мың тг.	-16 000,00	+7600,00	+7300,00	+7700,00
5	ИЖ бойынша жинақталған жиынтық сальдо, мың тг.	-16 000,00	-8400,00	-1100,00	+6600,00

Төменде көрсетілген ИЖ түрлі инвестициялық салымдарды қажет етеді, ақша ағындары әртүрлі болғанымен, инвестор қарастырған мерзім ішіндегі ИЖ бойынша таза табыс екі нұсқада да бірдей, 6600,00 мың тг. құрайды. Екі ИЖ-ң қайсысын қабылдаған жөн?

Кесте 4.3.2 - №2 Инвестициялық жоба бойынша ақша ағындары

№	Көрсеткіштің аталуы	Қадам			
		0	1	2	3
1	Капиталдық салымдар (ҚҚС есептемегенде), мың тг.	-19 600,00	0,00	0,00	0,00
2	ИЖ бойынша операциялық қызметтен түскен кіріс, мың тг.	0,00	+14 800,00	-15 800,00	+15 800,00
3	Операциялық қызмет бойынша шығыстар, барлық салықтарды қоса алғанда, мың тг.	0,00	-5980,00	-7320,00	-6900,00
4	ИЖ бойынша жиынтық сальдо, мың тг.	-19 600,00	+8820,00	+8480,00	+8900,00
5	ИЖ бойынша жинақталған жиынтық сальдо, мың тг.	-19 600,00	-10 780,00	-2300,00	+6600,00

Әртүрлі ИЖ бойынша ақша ағымдарының мәндерін объективті түрде салыстыру үшін, оларды дисконттау арқылы баламалы түрге келтіру қажет. Ол үшін дисконттау мөлшерлемесін қойып, ИЖ бойынша ақша ағымдарының мәнін қайта есептеу керек.

Инвестор белгілеген дисконттау мөлшерлемесі 10% деп алайық. Қарастырылған ИЖ бойынша ақша ағымдарын дисконттап көрейік (4.3.3 және 4.3.4 кестелеріне назар аударыңыз).

Кесте 4.3.3 – №1 Инвестициялық жоба бойынша ақша ағындарын дисконттау

№	Көрсеткіштің аталуы	Қадам			
		0	1	2	3
1	Капиталдық салымдар (ҚҚС есептемегенде), мың тг.	-16 000,00	0,00	0,00	0,00
2	ИЖ бойынша операциялық қызметтен түскен кіріс, мың тг.	0,00	+13 200,00	-13 800,00	+14 200,00
3	Операциялық қызмет бойынша шығыстар, барлық салықтарды қоса алғанда, мың тг.	0,00	-5600,00	-6500,00	-6500,00
4	ИЖ бойынша жиынтық сальдо, мың тг.	-16 000,00	+7600,00	+7300,00	+7700,00
5	Дисконттау коэффициенті, мың тг.	1	0,909	0,826	0,751
6	ИЖ бойынша дисконтталған жиынтық сальдо, мың тг.	-16 000,00	+6908,40	+6029,80	+5782,70
7	ИЖ бойынша жинақталған жиынтық сальдо, мың тг.	-16 000,00	-9091,60	-3061,80	+2720,90

Кесте 4.3.4 - №2 Инвестициялық жоба бойынша ақша ағындарын дисконттау

№	Көрсеткіштің аталуы	Қадам			
		0	1	2	3
1	Капиталдық салымдар (ҚКС есептемегенде), мың тг.	-19 600,00	0,00	0,00	0,00
2	ИЖ бойынша операцияндық қызметтен түскен кіріс, мың тг.	0,00	+14 800,00	-15 800,00	+15 800,00
3	Операцияндық қызмет бойынша шығыстар, барлық салықтарды қоса алғанда, мың тг.	0,00	-5980,00	-7320,00	-6900,00
4	ИЖ бойынша жиынтық сальдо, мың тг.	-19 600,00	+8820,00	+8480,00	+8900,00
5	Дисконттау коэффициенті, мың тг.	1	0,909	0,826	0,751
6	ИЖ бойынша дисконтталған жиынтық сальдо, мың тг.	-19 600,00	+8017,38	+7004,48	+6683,90
7	ИЖ бойынша жинақталған жиынтық сальдо, мың тг.	-19 600,00	-11 582,60	-4578,14	+2105,76

4.3.3 және 4.3.4 кестелерде №1 ИЖ бойынша дисконтталған таза табыс №2 ИЖ қарағанда жоғары екендігі көрсетілген. Уақыт бірлігі ішінде табыстар мен шығындар бірдей бөліктерге бөлінген және инвестор үшін шығыстардың алшақ, ал табыстардың жақын болғаны тиімді. Егер де сізге 500 тг. көлеміндегі ақша құралдары бүгін және тек қана бүгін қажет болса, онда дәл қазіргі уақытта бұл соманың құндылығы болашақтағы құндылығына қарағанда әлдеқайда жоғары болмақ. Дисконттаудың көмегімен әртүрлі мерзімдердегі табыстар мен шығындардың барлығы уақыт бойынша бір мерзімге келтіріледі. Осының арқасында көптеген баламалы жобалардың ішінен бір жобаны таңдау мүмкіндігі туындайды.

Баламалы жобалар жоқ болған жағдайда тиімділікті қалай бағалауға болады? Бұл жағдайда баламалы ИЖ ретінде болашақта күтілетін кепілдендірілген табысы бар кез келген жобаны пайдалануға болады. Кепілдендірілген табысты алу әдетте банктік салымдармен немесе мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алумен байланысты. Бірақ инвесторға ұсынылған ИЖ-ны баламалы жобамен салыстырудың ешқандай қажеттілігі жоқ. Қарастырылатын

ИЖ ақша ағындарын дисконттау жеткілікті, бұл жерде дисконттау мөлшерлемесі ретінде «баламалы нұсқаның» табыстылығын есепке аламыз.



4.4 Төлемдер ағымы. Қаржылық рента

Барлық мүшелері оң, ал мезгілдік интервалы тұрақты болып келетін төлемдер ағымын *қаржылық рента* немесе *аннуитет* деп атайды.

Қаржылық рента келесі параметрлерге ие: рентаның мүшесі – әрбір жеке төлемнің шамасы, рентаның кезеңі – бір-біріне жақын төлемдердің мезгілдік интервалы, рентаның мерзімі қаржылық рентаның басынан оның соңғы кезеңінің аяғына дейін өлшенген уақыт, пайыздық қойылым – рентаны қалыптастыратын төлемдерді дисконттағандағы немесе өсіргендегі қолданылатын қойылым.

Рента кезеңінің ұзақтығына байланысты оны жылдық және p – жиілік деп бөледі, мұндағы p – жыл ішіндегі төлем саны.

Пайыз белгілеу саны бойынша жылына бір рет, m рет және үзіліссіз есептелетін ренталар деп бөледі. Пайыздарды есептеу мезеттері ренталық төлемдердің мезеттерімен сәйкес келуі мүмкін.

Мүшелердің төлем ықтималдығы бойынша сенімді және шартты ренталар деп ажыратылады. Сенімді ренталар сенімді төлемдерге жатады, мысалы, несиені төлеген кезде. Шартты рентаның төлемі кейбір кездейсоқ жағдайларға тәуелді болады. Сондықтан оның мүшелер саны белгісіз. Мысалы, зейнетақыны төлеу зейнеткердің өмір сүру ұзақтығына байланысты.

Мүшелердің саны бойынша рентаны шекті рента санымен немесе шектеулі және шектеусіз немесе мәңгілік деп ажыратады. Мәңгілік рента түрінде шектелмеген немесе бекітілмеген мерзімді облигациялық қарыз бойынша төленетін төлемдер алынады.

Келісім – шарттың басталуына немесе басқа бір мезетіне қатысты рентаның басындағы мезетіндегі өзгерісінің бар болуына байланысты ренталар тез орындалатын және кейінге қалдырылған немесе мерзімі шегерілген ренталарға бөлінеді. Тез орындалатын


ренталардың мерзімі сол уақытта басталса, кейінге қалдырылған рентаның мерзімі кешіктіріледі.

Ренталарды төлемдердің төлем мезеті бойынша бөледі. Егер төлемдер әр кезеңнің соңында жүзеге асырылса, онда мұндай ренталар қарапайым немесе постнумерандо ренталар деп аталады. Кейде төлемдер жылдың ортасында қарастырылады.

Рента мүшелерінің көлеміне байланысты тұрақты (мүшелеріне тең) және айнымалы ренталар деп бөлінеді. Егер төлемдердің өлшемдері қандай да бір математикалық заңдарға сәйкес өзгертін болса, онда есептеулердің едәуір жеңілдететін стандартты формулалармен қорытып шуғаруға болады.

Төлем ағымының өсірілген сомасы – бұл пайыз қосылған оның барлық элементтерінің сомасы.

Постнумерандо рентасының өсірілген сомасының қалыптасу процесін қарастырайық. Суретте келтірілген төлемдердің ағымы бар дейік.



Сурет 4.4.1. Келтірілген төлемдердің ағымы

Суретте көріп тұрғандай, бірінші жылдың аяғында $(1+i)^{n-1}$ өседі де, $R_1(1+i)^{n-1}$ сомасы келеді; екінші жылдың төлемі $(1+i)^{n-2}$ рет өседі де, $R_2(1+i)^{n-2}$ сомасы келеді және т.с.с. Рента мерзімінің

аяғына таман t жылда рента элементінің шамасының жалпы формуласы $R_t(1+i)^{n-t}$ мына түрде келтіріледі.

Рентаның сомасы тікелей мына формуламен анықталуы мүмкін:

$$S = \sum_{t=1}^n R (1+i)^{n-t} \tag{4.4.1}$$

Мұндағы n – рента мүшелерінің саны; R_t – t жыл элементінің шамасы; i – есептегенде қолданылатын күрделі пайыздық қойылым.

Қаржылық рентаның анықтамасы бойынша $R_1 = R_2 = R_3 = \dots = R_n$ болса, онда жеке элементінің шамасы R деп белгілеп, мынаны аламыз:

$$S = R \sum_{t=1}^n (1+i)^{n-t} \tag{4.4.2}$$

Айталық біз бір корды құрдық, ол үшін жыл сайын R көлемінде салым салып отырамыз. Бұл салымдарғы i көлемінде күрделі жылдық пайыздар қосылсын. t жылдан кейін n құралдарының сомасы S құрайды.

(4.4.2) формуласын рентаның едәуір кезеңіндегі есептеулерге қолдану өте күрделі, сондықтан есептеулерді оңтайландыру үшін басқа қадамдарды қарастырайық.

Жоғарыда айтылғандай, рента мерзімінің соңына таман бірінші төлем $R_1(1+i)^{n-1}$ түрінде, екіншісі $R_2(1+i)^{n-2}$ түрінде болады және т.с.с. Егер осы шамаларды кері хронологиясында орналастырса, мына тізбегін аламыз:

$$R, R(1+i), R(1+i)^2, \dots, R(1+i)^{n-1}$$

Бұл тізбек R бірінші мүшесімен және $(1+i)$ көбейткішімен геометриялық прогрессия болатыны көрініп тұр. Жалпы түрде элементінің n саны бар геометриялық прогрессияның сомасы мына формула бойынша анықталады:

$$S_n = b_1 \frac{q^n - 1}{q - 1} \tag{4.4.3}$$

Мұндағы b_1 – бірінші элементтің мәні; q – геометриялық прогрессияның бөлімі. Біздің жағдайымызда $b_1 = R, q = 1+i$, бұдан

112 ♦ Инвестициялық жобаларды талдау және бағалау

$$S = R \frac{(1+i)^n - 1}{(1+i) - 1} = R \frac{(1+i)^n - 1}{i} \quad (4.4.4)$$

Бұл формула рентаның өсірілген сомасын есептеуді едәуір түрде оңтайландырады.

Мысал. 4 жыл бойы әр жылдың аяғында есеп шотқа 50 мың тг. түседі және оған жылына бір рет күрделі 10 пайыз пайыздық қойылым қосылады. Белгіленген мерзімнің соңында есеп шоттағы соманы анықтау керек.

$$S = R \frac{(1+i)^n - 1}{i} = 50000 * \frac{(1+0,1)^4 - 1}{0,1} = 50000 * 4,641 = 232050 \text{ тг.}$$

Аннуитеттің негізгі түрлері:

1) *Мерзімді аннуитет.* Аннуитет ақша ағымының жекеленген түрі болып табылады. Оны анықтаудың 2 жолы белгілі. Біріншісі бойынша аннуитет элементтері бірдей уақыт интервалдары арқылы орын алатын бір бағыттығы ақша ағымы болып табылады. Екіншісі қосымша шектеуді енгізеді: ақша ағымының элементтері көлемі бойынша бірдей болады. Егер бірдей уақыттық интервалдардың мөлшері шектеулі болса, аннуитет мерзімді деп аталады.

Аннуитеттің 2 типі бөлініп көрсетіледі: постнумерандо және пренумерандо.

Постнумерандо мерзімді аннуитетінің мысалы болып кезекті кезең аяғында ретті аренда төлемдері келісіммен көзделген жағдайда жалға берілген жер учаскесін қолданғаны үшін ретті түсіп отыратын ренталық төлемдер бола алады.

Пренумерандо мерзімді аннуитет мағынасына, мысалы, ірі зат сатып алу үшін жеткілікті соманы жинақтау мақсатымен банк шотына кезенді ақша салымдарының схемасы жатады.

Бастапқы тарихи кезеңде жыл сайынғы ақша түсімдері қарастырылған (кезең 1 жылға тең), бұл «аннуитет» атауына негіз болды (латынша «жыл» – «анно»). Кейіннен кезең ретінде кез-келген уақыт аралығы қолданыла бастады, ал бұрынғы атау қала берді. Аннуитетті *қаржылық рента* немесе *жай рента* деп те атайды. Кез-келген ақша түсімі *рента мүшесі* деп аталады. Ал тізбекті

ақша түсімдерінің аралығындағы тұрақты уақыт интервалының мөлшері *аннуитет периоды* деп аталады.

2) *Мерзімсіз аннуитет.* Егер ақша түсімдері ұзақ уақыт бойы жалғастырылса аннуитет мерзімсіз деп аталады. Мерзімсіз аннуитетке мысал: кейбір мемлекеттердің шығаратын үкіметтік облигациялары, олар бойынша ретті купонды төлемдер жүргізіледі, алайда олардың белгіленген мерзімі болмайды. Батыс практикасында мерзімсіз аннуитетке 50 жылдан жоғары уақытқа белгіленген аннуитет жатады. Мерзімсіз аннуитет өмірлік рента деп те аталады.

Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалағанда аннуитет әдісі тәжірибеде көп қолданылмайды. Аннуитет коэффициентін, әдетте, тұтынушылық несиелерді қайтарғанда қарызды өтеуге арналған жыл сайынғы төлемдерді есептегенде қолданады. Есептеудің мұндай түрі сатып алушы – дебиторлар мен кредиторларға өте ыңғайлы болып табылады.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. Қаржылық ағымдарды бағалау тәсілдерін атаңыз.
2. Ағымдарды бағалау кезінде қандай көрсеткіштер қолданылады?
3. Жай пайыздар мен күрделі пайыздардың ерекшелігі неде?
4. Жай пайыздар мен күрделі пайыздарды есептегенде қандай факторларды ескерген жөн?
5. «Дисконттау» ұғымының мәні неде?
6. «Аннуитет» дегенді қалай түсінесіз?
7. Қаржылық рентаны есептеу әдістерін атаңыз?
8. Аннуитеттің қандай түрлерін білесіздер, олардың айырмашылығы неде?
9. Формуларды қолданып, қаржылық рентаны есептеу бойынша бірнеше мысал келтіріңіз.

5. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУДЫҢ ӘДІСТЕРІ



Инвестициялық жобаларды бағалаудың статикалық әдісі

ИЖ тиімділігін бағалаудың статикалық әдістері ең қарапайым болып табылады. ИЖ тиімділігінің көрсеткіштерін есептеуге үшін берілген әдістерді қолданғанда инвестициялар жайлы арнайы білімді игерудің қажеттілігі жоқ. Есептеулерді жүргізу үшін инвестициялық жоба бойынша шығындар мен нәтижелер туралы ақпараттың болғаны жеткілікті.

Статикалық әдістерге келесілер жатады:

- өтелімділік мерзімін есептеу;
- таза табысты есептеу және салыстыру;
- табыстылықты есептеу және салыстыру;
- келтірілген құнды есептеу және салыстыру;
- пайда көлемін есептеу және салыстыру.

1. Инвестициялық жобаның өтелімділік мерзімін есептеу әдісі (Payback Period – PP).

Инвестициялық жобалардың өтелімділік мерзімін анықтау әдісі инвестициялық жоба бойынша түсетін түсімдердің оны жүзеге асыруға арналған шығындарды өтейтін уақыт мерзімін есептеуге негізделген.

Инвестициялық жоба бойынша таза табыстың түсу сипатына қарай өтелімділік мерзімі де түрліше есептеледі. Егер таза табыс инвестициялық жобаны жүзеге асырудың қадамдары бойынша ИЖ пайдаланудың барлық мерзімі аралығында тең дәрежеде түсіп отырса, онда келесі формула қолданылады:

$$PP = \frac{I_0}{CF_t}, \quad (5.1.1)$$

мұндағы: PP – инвестициялық жобаның өтелімділік мерзімі, жылдар; I_0 – бастапқы инвестициялар, теңге; CF_t – инвестициялық жобаны жүзеге асырудан түсетін орташа жылдық құны.

Егер ИЖ-ң қадамдары бойынша түсім біркелкі түспеген жағдайда, келесі формуланы қолданамыз:

$$PP = \sum_{t=1}^n CF_t \geq I_0, \quad (5.1.2)$$

мұндағы: PP – инвестициялық жобаның өтелімділік мерзімі, жылдар; I_0 – бастапқы инвестициялар, теңге; CF_t – инвестициялық жобаны жүзеге асырудан түсетін орташа жылдық құны, n – ИЖ жүзеге асыру қадамы.

(5.1.2) формула бойынша өтелімділік мерзімін есептегенде инвестициялық шығындардың теріс мәндері мен жоба бойынша таза табыстың әрбір қадамындағы мәндерін теңсіздіктің шарттары орындалмағанша қосады, яғни сома нөлден жоғары болғанша.

Бұл әдістің өзіндік кемшіліктері бар. Біріншіден, жобаның экономикалық ақталған өтелімділік мерзімін анықтау – субъективті жол болып табылады. Оны таңдаған кезде инвесторлар тек тез арада пайда табу мүддесін ғана басшылыққа алып қоймай, сондай-ақ баламалы жобаларды пайдалануда авансталған капиталдың қайтарымдылық мерзімін ескереді. Екіншіден, өтелімділік мерзімі аз болатын ИЖ қарастырғанда, тиімсіз ИЖ жүзеге асырылуы мүмкін, себебі бұл әдіс болашақтағы табысты ескермейді. Инвестор өтелімділік мерзімі аз және болашақтағы табысы аз жобаларды таңдап, өтелімділік мерзімі көп және болашақтағы табысы көп жобаларды қабылдамайды. Бұл мәселені ИЖ бойынша таза табысты немесе сальдонның жинақталған сомасын есептеуге негізделген ИЖ-ң тиімділігін бағалаудың басқадай әдістері шешеді.

Қарастырылған кемшіліктерге қарамастан, инвестициялардың өтелімділігін есептеу ИЖ-ң тиімділігін бағалаудың кең тараған әрі сенімді әдістерінің бірі болып табылады.

Мысал. Инвестиция көлемі – 115000\$. Инвестициядан алынатын табыс көлемі алғашқы жылы – 32000\$, екінші жылы – 41000\$, үшінші жылы – 43750\$, төртінші жылы – 38250\$.

Инвестицияның өтелу мерзімін анықтау керек.

Шешуі: Бірінші және екінші жылдардың табысы: $32000\$ + 41000\$ = 73000\$$, яғни $< 115000\$$;

Бірінші, екінші және үшінші жылдардың табысы: $73000\$ + 43750\$ = 116750\$ > 115000$, яғни өтелу мерзімі 3 жылдан кем болмақ.

Егер ақша ағыны барлық мерзімде тең келетін болса, онда үшінші жылдың қалдығын есептеп шығаруға болады:

$$\text{Қалдық} = (1 - (116750 - 115000)/43750) = 0,96 \text{ жыл.}$$

Жауабы: өтелу мерзімі 3 жылға тең (нақты айтатын болсақ, 2,96 жыл).

2. ИЖ бойынша таза табысты есептеу және салыстыру әдісі (NV).

Инвестициялық жобаны жүзеге асырудың барлық пайдалы мерзімінің экономикалық әсерін сипаттайтын негізгі көрсеткіш – таза табыс (NV) болып табылады. Инвестициялық жоба бойынша таза табыс деп, ИЖ жүзеге асырудың барлық мерзімі ішіндегі ағындардың жиынтық сальдосын айтады.

Ол келесі формуламен анықталады:

$$NV = \sum_{t=1}^T NCF_t, \quad (5.1.3)$$

мұндағы: NCF_t – t аралығындағы таза ақша ағыны; T – инвестициялық жобаның есептік кезеңі, жылдар. Егер, $NV > 0$ болса, инвестициялық жоба тиімді деп есептеледі.

ИЖ бойынша таза табыстың интегралды көрсеткішін, сондай-ақ өтелімділік мерзімін есептеу үшін *кумулятивті әдісті* немесе *ақша ағындарының жиынтық сомалық сальдо әдісін (cash-flow)* қолданады. Инвестициялаудың әрбір қадамындағы барлық шығыстар мен кірістер есептеледі. Кірістердің сомасы шығыстардан асып түскенде өтелімділік мерзімі анықталады. ИЖ бойынша таза табыстың интегралды көрсеткіші ИЖ жүзеге асырудың барлық кезеңіндегі барлық кірістер мен шығыстардың сомасының ақырғы мәнімен анықталады.

3. Табыстылықтың көрсеткіштері (Simple rate of return – SRR).

Пайда мөлшерінің капиталға қатынасының көрсеткіші, жоғарыда қарастырылған әдіске қарағанда ИЖ тиімділігінің салыстырмалы сипатын көрсетеді. Пайда мөлшерінің капиталға қатынасын есептеу үшін, ИЖ-ны жүзеге асырудың бір қадамына сәйкес келетін таза табыстың орташа көрсеткіші мен ИЖ-ны жүзеге асыруға бағытталған алғашқы инвестициялық салымдардың көрсеткіші қолданылады:

$$SRR = \frac{NV}{TIC} \times 100\%, \quad (5.1.4)$$

мұндағы: SRR – салынған капиталға қатысты пайда мөлшерінің көрсеткіші, %; NV – ИЖ жүзеге асырудың m қадамындағы таза табыс, тг.; TIC – ИЖ жүзеге асырудың m қадамындағы толық инвестициялық шығындар, тг.

Пайда мөлшерінің капиталға қатынасының көрсеткіші инвестицияланатын капиталдың рентабельділігін сипаттайды, яғни 1 қадамда салынған салымдардың 1 теңгесінен алынатын таза табыстың көлемін көрсетеді.

Инвестициялық жобаның тиімділігін бағалағанда капиталға қатысты пайда мөлшерінің әдісін басқа әдістірмен үйлестіріп қолданған жөн. Берілген әдіс ИЖ-н іс-әрекеттегі кәсіпорынның тиімділігінің өзгеруіне және оның қызметінің табыстылығына қатысты әсерін бағалауға мүмкіндік береді.

Іс-әрекет етіп отырған кәсіпорынға байланысты ИЖ жүзеге асыру туралы басқарушылық шешімдерді қабылдағанда көптеген факторларды ескерген жөн: өнімнің рентабельділігі мен капиталға шаққандағы пайда мөлшерінің қол жеткізген деңгеймен салыстырғанда артуы, ИЖ бойынша капиталға шаққандағы пайда мөлшерінің баламалы өнімді шығаратын кәсіпорындардың жетістіктеріне сәйкес келуі.

Мысал. Жаңа құрал-жабдықты сатып алу үшін 1000 мың тг. көлемінде ақша қаражаттары қажет. Салықтарды төлегеннен соң 5 жыл бойы жыл сайын 250 мың тг. көлемінде табыс алу көзделіп отыр. Біздің ойымызша, құрал-жабдық толық тозбаса да, оның құны металл құнына теңеседі. Құрал жабдықты сатып алуға кеткен шығындар 50 мың тг. көлемінде өнімді сатудан алынған пайда есебінен және жылына 200 мың тг. амортизациялық аударымдар есебінен ақталады делік. Табыстылық көрсеткішін есептеңіз.

Шешуі: $PP = \frac{I_0}{CF_t}$, (5.1.1) – формуласымен өтелу мерзімін есептейік:

$$PP = 100/50 = 20 \text{ жыл.}$$

$$\text{Жай пайда мөлшері: } 50 / 1\,000 \times 100\% = 5\%$$

$$\text{Есептік пайда мөлшері: } (200 + 50) / 1\,000 = 25\% \text{ жылына.}$$

4. Келтірілген шығындар әдісі.

Кейбір жағдайда бір инвестициялық шешімді жүзеге асыру үшін инвестордың таңдауына бірнеше нұсқалар ұсынылуы мүмкін. Көбінесе бұл нұсқалар ретінде бір өнімді өндірудің әртүрлі технологиялық үдерістері көрініс табады. Инвестор А тауарын өндіру ойынша ИЖ жүзеге асыру туралы шешімді қабылдай отырып, басқадай тең шарттарда технологияны таңдау мәселесімен қақтығысады.

Инвестициялық шешімнің неғұрлы тиімді нұсқасын таңдағанда келтірілген шығындардың минимумын ескеріп жүзеге асыру қажет. Берілген әдіс 1 жылғы есептегендегі нақты өнімдер түрлерін өндіру бойынша ағымдағы шығындарды, сондай-ақ ИЖ жүзеге асыру үшін толық капиталдық шығындарды ескереді. Бұл әдістің бір ерекшелігі, капиталдық салымдарға жұмсалатын шығындар жобаны жүзеге асырудың жылдар санына тең бөліктерге бөлінеді, келтірілген шығындарды есептеудің формуласы келесідей:

$$C_i + K_i \times E_n + T_i \rightarrow \min, \quad (5.1.5)$$

мұндағы, C_i – ИЖ жүзеге асырудың i -нұсқасы бойынша 1 жылға есептегендегі нақты өнім түрін өндіруге жұмсалатын ағымдағы шығындар, тг.; K_i – ИЖ i -нұсқасын жүзеге асыруға жұмсалатын толық капиталдық шығындар, тг.; E_n – инвестор бекіткен капиталдық салымдардың тиімділігінің мөлшерлемесі, %, T – басқа да шығындар.

Егер инвестор жобаны жүзеге асыруға кеткен бір мезгілдік шығындарды 5 жылдан артық емес уақытта қайтарып алғысы келсе, онда капиталдық салымдардың тиімділігінің мөлшері 20% құрайды.

Сондай-ақ, берілген ИЖ бойынша негізгі құралдардың амортизациялық аударымдары C_i көрсеткішінің құрамына енбейтінін ескерген жөн, себебі амортизациялық көрсеткіш ретінде ($E_n \times K_i$) көбейтіндісі көрініс табады. Бір жылға есептегендегі келтірілген шығындардың сомасы неғұрлым төмен болған ИЖ-ң нұсқасы қабылданады. Берілген әдісті тозған қорларды алмастырғанда,

өнімді өндіру технологиясын жетілдіргенде, жұмыс орындарын ұйымдастырудың және басқарудың жаңа әдістерін енгізгенде қолданған жөн.

Мысал. Инвесторға А өнімін өндіру бойынша ИЖ жүзеге асырудың үш нұсқасы ұсынылған. Кез келген ИЖ-ң нұсқасын жүзеге асырудан алынатын табыс бірдей. А өнімін өндіру бойынша ағымдағы шығындар және жобаны жүзеге асырудың әрбір нұсқасы бойынша капиталдық салымдар 5.1.1 кестеде крсетілген. Инвестор белгілеген капиталдық салымдар тиімділігінің мөлшерлемесі $E_n = 20\%$.

ИЖ жүзеге асырудың әрбір нұсқасы бойынша келтірілген шығындардың сомасын есептейік:

1 нұсқа. 6740 мың тг. + 20%×12 000 мың тг.= 9140 мың тг.

2 нұсқа. 9500 мың тг. + 20%×8000 мың тг.= 11 100 мың тг.

3 нұсқа. 6500 мың тг. + 20%×15 000 мың тг.= 9500 мың тг.

Кесте 5.1.1- Келтірілген шығындар әдісі бойынша ИЖ тиімділігін есептеу үшін берілгендер

№	Шығындардың аталуы	1 Нұсқа	2 Нұсқа	3 Нұсқа
1	Капиталдық салымдар, тг.	12000	8000	15000
2	Шикізат пен материалдар, тг.	3696	4800	3500
3	Технологиялық қажеттіліктерге арналған электр энергиясы мен отын, тг.	1074	1950	1065
4	Өндірістік жұмысшылардың еңбекақысы, тг.	350	470	320
5	Әлеуметтік қажеттіліктерге арналған аударымдар, тг.	125	167	114
6	Негізгі құралдарды жөндеу және пайдалану	800	1020	600
7	Жалпы өндірістік шығындар, тг.	695	1093	901
8	А өнімін өндіруге кететін өндірістік шығындардың барлығы, тг. (2жол+3жол+...+7жол)	6740	9500	6500

Әрбір ИЖ-ң нұсқасы бойынша келтірілген шығындарды есепке алсақ, 1-нұсқаны қабылдаған жөн, себебі оның келтірілген шығындарының мөлшері басқа жобаларға қарағанда неғұрлым төмен.

5. Пайда мөлшерін есептеу және салыстыру

Екі немесе одан да көп жобаның ішінен біреуін таңдағанда, ИЖ жүзеге асыру туралы шешім қабылдаудың басты критерийі – пайданың максималды мәні болып табылады.

Пайданың орташа көлемі орташа кіріс пен орташа шығыстардың айырмасымен анықталады:

$$P_{\text{орт}} = \frac{\sum_{m=1}^T B_m}{T} - \frac{\sum_{m=1}^T C_m}{T}, \quad (5.1.6)$$

мұндағы: $P_{\text{орт}}$ – ИЖ жүзеге асырудың бір қадамындағы пайданың орташа көлемі, тг.; B_m – ИЖ жүзеге асырудың m – қадамындағы кіріс, тг.; C_m – ИЖ жүзеге асырудың m қадамындағы толық операциондық шығыстар, тг. – T – жылдар.

Пайданың максималды критерийін тек мерзімдері бірдей және салынған капиталдың өлшемдері бірдей жобаларға ғана қолдануға болады. Өзге жағдайда шешімдер қате болуы мүмкін.



5.2 Ақша түсімін дисконттауға негізделген инвестицияларды бағалау тәсілдері

Дисконттау есебімен инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау әдістері есептеу кезінде ақша ағындарының дисконтталған мәндерін пайдалануға негізделген. Қазіргі таңда бағалаудың келесі әдістері белгілі:

- таза ағымдық құн әдісі (таза дисконтталған табыс);
- дисконтталған өтелу мерзімі;
- табыстылықтың ішкі мөлшері;
- дисконтталған рентабельділік индексі.

Таза ағымдық құн әдісі (Net Present Value, NPV).

ИЖ тиімділігін бағалаудың кең тараған әдістерінің бірі – таза дисконтталған табыс (ТДТ) әдісі болып табылады. Барлық экономикалық әдебиеттерде бұл әдіс таза ағымдық құн ретінде, ал оның көрсеткіші латынның NPV – net present value деп белгіленген. Қазіргі таңда экономистер таза дисконтталған табыс (ТДТ) түсінігін кең қолданысқа енгізіп келеді.

Таза дисконтталған табыстың өлшемі инвестицияларды жүзеге асыру барысында ақша ағындарының табыстары мен шығыстарының айырмасы түрінде есептеледі.

Бұл әдісті қолдану келесі кезеңдерден өтуді қарастырады:

- инвестициялық жобаның ақша ағындарын есептеу;
- салымдардың баламалы табыстылығын және жобаның тәуекелін ескеретін дисконттаудың мөлшерлемесін таңдау;
- таза дисконтталған табысты анықтау.

Тұрақты дисконт нормасы мен бір реттік инвестициялар үшін NPV келесі формуламен анықталады:

$$NPV = -I_0 + \sum_{t=1}^T [c_t(1+i)]^{-t}, \quad (5.2.1)$$

мұндағы: I_0 – алғашқы инвестициялардың өлшемі; C_t – t уақыт мерзімінде инвестицияларды жүзеге асырудан алынатын ақша ағыны; t – есептеу қадамы (жыл, квартал, ай және, т.б.); i – дисконттау мөлшерлемесі.

Берілген әдіс бойынша есептеу жүргізгенде ақша құндылығының ауқыт мерзімінде өзгерісін ескерген жөн. Ақшаның болашақтағы құнын ағымдағы құнға келтіру үдерісін *дисконттау* (ағылш. *discount* – азайту) деп атаймыз.

Дисконттау бойынша жүргізілетін мөлшерлемені – дисконттау мөлшерлемесі деп, ал көбейткішті $F = 1/(1+i)^t$ – дисконттау факторы деп атайды.

Егер жоба бір реттік емес, яғни бірнеше жылдар бойы ақша ресурстарын инвестициялауды ұйғарса, онда NPV есептеу үшін келесі формуланы қолданамыз:

$$NPV = -I_0 + \sum_{t=1}^T [c_t(1+i)]^{-t}, \quad (5.2.2)$$

мұндағы: I_0 – алғашқы инвестициялардың өлшемі; C_t – t уақыт мерзімінде инвестицияларды жүзеге асырудан алынатын ақша ағыны; t – есептеу қадамы (жыл, квартал, ай және, т.б.); i – дисконттау мөлшерлемесі.

Берілген критерий негізінде инвестициялық шешімді қабылдау шарттары келесідей:

- егер $NPV > 0$, онда жобаны қабылдау тиімді;
- егер $NPV < 0$, онда жобаны қабылдау тиімсіз;
- егер $NPV = 0$, жоба пайдалы да, шығынды да емес.

Инвестициялардың дисконтталған өтелу мерзімі (DPP).

ИЖ тиімділігін бағалаудың тағы бір әдісі дисконтталған өтелу мерзімі болып табылады. Ол тікелей жоғарыда келтірілген әдістен туындайды.

Жиынтық дисконтталған табыстар бір мезгілдік дисконтталған салымдарды асып түсетін ИЖ жүзеге асыру қадамы – ИЖ дисконтталған өтелу мерзімі болып табылады:

$$DPP = \sum_{t=1}^T \frac{C_t}{(1+r)^t} \geq I_0, \quad (5.2.3)$$

Мұндағы: DPP – ИЖ-ң дисконтталған өтелу мерзімі, жылдар; t – ИЖ жүзеге асыру қадамы; C – ИЖ-ң t қадамы бойынша табыс; I_0 – ИЖ-ң t қадамы бойынша бір мезгілдік капитал салымдары; r – t қадамына сәйкес келетін дисконттау коэффициенті.

Капитал салымдарының рентабельділігінің ішкі нормасы (Internal Rate of Return, IRR)

Инвестициялық жобаның тиімділігін бағалаудың келесі әдісі жоба бойынша табыстылықтың ішкі нормасын есептеу болып табылады.

Рентабельділіктің ішкі нормасы (PIH) – дисконттаудың мөлшерлемесі, бұл жағдайда жобадан алынатын дисконтталған табыстың құны, инвестициялардың дисконтталған құнына тең болады және жобаның NPV (ТДТ) нөлге тең: $IRR=i$, мұндағы $NPV=f(i)=0$.

Бұл коэффициентті есептеудің мәні келесідей: IRR берілген жобаға қатысты шығындардың максималды мүмкін болатын салыстырмалы деңгейін көрсетеді. Мысалы, егер жоба толықтай коммерциялық банк есебінен қаржыландырылса, онда IRR мәні банктік пайыздық мөлшерлеменің мүмкін болатын ең жоғарғы деңгейін көрсетеді.

Тәжірибеде кез келген кәсіпорын өз қызметін әр түрлі қаржы көздері есебінен қаржыландырады. Авансталған қаржы ресурстарын пайдаланғаны үшін кәсіпорын пайыздар, дивидендтер, сый-ақылар төлейді, яғни өз экономикалық әлуетін қолдау үшін белгілі бір шығын шығарады. Осы табыстардың салыстырмалы деңгейін сипаттайтын көрсеткішті, *авансталған капитал құны (capital cost,*

CC) деп атауға болады. IRR мен CC көрсеткіштерінің байланысы төмендегідей:

- егер $IRR > CC$ болса, онда жобаны қабылдауға болады;
- егер $IRR < CC$ болса, онда жобаны қабылдауға болмайды;
- егер $IRR = CC$ болса, онда жоба пайдалы да, шығынды да емес.

IRR мәнін есептеу үшін дисконттау кестелерінің көмегімен $r < i_2$ дисконттау коэффициентінің екі мәні алынады, яғни (i_1, \dots, i_2) аралығында $NPV = f(i)$ функциясы өз мәнін «+»-нан «-»-ке немесе «-»-тен «+»-ға ауыстырып отырады. Содан кейін келесі формуланы қолданамыз:

$$IRR = r_1 + (r_2 - r_1) \times \frac{NPV_1}{NPV_1 - NPV_2}, \quad (5.2.4)$$

мұндағы: $r_1 - NPV_1 > 0$ болатын дисконттау коэффициентінің мәні; $r_2 - NPV_2 < 0$ болатын дисконттау коэффициентінің мәні.

Есептеудің нақтылығы (i_1, \dots, i_2) аралықтың ұзындығына кері пропорционал.

Әдістемелік ұсыныстарға сәйкес, рентабельділіктің ішкі нормасы келесі шарттарда бар деп есептеледі:

- IRR – оң мәнді сан;
- ол жалғыз оң мәнді сан болуы шарт.

Егер осы шарттардың бірі орындалмаған жағдайда, қарастырылатын жоба бойынша рентабельділіктің ішкі нормасы жоқ деп саналады. Егер NPV (ТДТ) > 0 болса, онда рентабельділіктің ішкі нормасы (IRR) болуы керек және ол оң мәнге ие болуы шарт.

Енді рентабельділіктің ішкі нормасының (IRR) экономикалық мәніне тоқтала кетейік. Ең алдымен IRR инвестор белгілеген r дисконт мөлшерімен салыстырған жөн. $IRR > 0$ болатын инвестициялық жобалардың NPV оң мәнге ие және оларды тиімді деп есептеуге болады; егер $IRR < 0$ болса, онда NPV мәні теріс және инвестордың тарапынан бұл жоба тиімсіз деп есептеледі.

Бұл мөлшерді сондай-ақ инвестициялық жобаны қарыз капиталы арқылы қаржыландыру үшін жоғары пайыздық мөлшерлеменен алынатын несие деп түсінуге болады. Бұл ретте, жобадан алынатын табыс толықтай несиені және ол бойынша пайыздарды өтеуге жұмсалғар еді. Бұл жағдайда инвесторлар ешқандай қо-

сымша табыс алмаса да, инвестициялық жоба бойынша шығынға да ұшырамас еді.

IRR есептеу өлшемі ақша ағындары қатарының ұзақтығына, яғни қадамдар санына байланысты. Инвестициялық жоба уақыт мерзімінде неғұрлым ұзақ созылған сайын, *IRR* мәні соғұрлым үлкен болады. Инвестициялық жобаның *NPV* нақты ақша ағындарының есептік қадамдарының санына да байланысты екенін ескерген жөн. Бұл дегеніміз, инвестициялық жобаның тиімділігін бағалауда, инвестор белгілеген жобаны жүзеге асыру мерзімінің мәні зор. Инвестициялық жобаның пайдалану мерзімі неғұрлым аз болған сайын, оның тиімділігінің көрсеткіштеріне инвестордың қойған талаптары соғұрлым жоғары болады. Жоғарыда айтылып кеткендей, инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалағанда өтелімділік мерзімінен жеке *NPV* мәндерін басшылыққа алуға болмайды. *IRR* әдісін инвестициялық жобаны жүзеге асыру туралы шешім қабылдағанда көмекші әдіс ретінде ғана пайдалануға болады.

Дисконтталған рентабельділік индексі (Profitability Index – PI)

Инвестициялық жобалардың тиімділігін дисконттау арқылы бағалаудың кең тараған әдістерінің бірі – капитал салымдарының дисконтталған табыстылық индексі есептеу әдісі болып табылады. Рентабельділік индексі (табыстылық, пайдалылық) – ақша ағындарының таза ағымдағы құнының ақша ағыстарының (бастапқы инвестицияларды қоса есептегенде) таза ағымдағы құнына қатынасымен анықталады:

$$\sum_k \frac{P_k}{(1+r)^k} / I_0 = PI, \quad (5.2.5)$$

немесе,

$$\frac{\sum_{t=1}^T [C_t \times (1+i)^{-t}]}{I_0} = PI, \quad (5.2.6)$$

мұндағы: I_0 – алғашқы инвестициялардың өлшемі; i – дисконттау мөлшерлемесі.

Рентабельділік индексі – инвестициялық жоба тиімділігінің салыстырмалы көрсеткіші, және шығын бірлігіне келетін табыс денгейін сипаттайды.

Берілген инвестициялық критерий бойынша шешім қабылдаудың шарттары:

- егер $PI > 0$, онда жобаны қабылдау тиімді;
- егер $PI < 0$, онда жобаны қабылдау тиімсіз;
- егер $PI = 0$, жоба пайдалы да, шығынды да емес.

Алғашқы инвестициялардың бірдей көлемін қарастыратын жобаларды бағалағанда *PI* критерийі *NPV* критерийіне сәйкес келеді.

Мысал. *NPV*, *PI*, дисконтталған *PP*, *IRR* көрсеткіштерін қолданып, төлемдердің ағыны бойынша инвестициялық жобаны бағалаңыз.

Бастапқы берілгендер:

Салыстыру мөлшерлемесі (дисконттау мөлшерлемесі) 12 %-ға тең.

Жыл	0	1	2	3	4	5	6
Жылдар бойынша ақша ағындары, мың.тг.	-900	100	200	100	300	400	600

1) 12 % дисконттау мөлшерлемесінде таза ағымдық құн мынаған тең:

$$NPV = \frac{-900}{(1+0,12)^0} + \frac{100}{(1+0,12)^1} + \frac{200}{(1+0,12)^2} + \frac{100}{(1+0,12)^3} + \frac{300}{(1+0,12)^4} + \frac{400}{(1+0,12)^5} + \frac{600}{(1+0,12)^6} = 141,48 \text{ мың тг.}$$

NPV, яғни жобаны қабылдауға болады.

1) Табыстылық индексі есептейік:

$$PI = \frac{\frac{100}{(1+0,12)^1} + \frac{200}{(1+0,12)^2} + \frac{100}{(1+0,12)^3} + \frac{300}{(1+0,12)^4} + \frac{400}{(1+0,12)^5} + \frac{600}{(1+0,12)^6}}{900} = 1,1572 \text{ (жыл).}$$

$PI > 0$, яғни жобаны қабылдауға болады.

2) Табыстылықтың ішкі нормасын есептеу үшін келесі формуланы қолданамыз:

$$IRR = r_1 + (r_2 - r_1) \times \frac{NPV_1}{NPV_1 - NPV_2}$$

IRR есептеу үшін берілгендер төмендегі кестеде көрсетілген, 16-17% дисконттау мөлшерлемесіндегі NPV берілгендерін қолданамыз.

Кесте 5.2.1 – IRR алғашқы берілгендері

Жыл	Ағын	1есептеу		2есептеу		3есептеу		4есептеу	
		r=12%	PV	r=20%	PV	r=16%	PV	r=17%	PV
0	-900	1	-900	1,00	-900	1,00	-900	1,00	-900
1	100	0,893	89,3	0,833	83,30	0,862	86,2	0,855	85,5
2	200	0,797	159,44	0,694	133,88	0,743	148,6	0,731	146,2
3	100	0,712	71,18	0,579	57,87	0,641	64,1	0,624	62,4
4	300	0,636	190,65	0,482	144,69	0,552	165,6	0,533	159,9
5	400	0,567	226,96	0,402	160,76	0,476	190,4	0,456	182,4
6	600	0,507	303,96	0,335	200,94	0,411	246,6	0,390	234
NPV			141,48		-113,5		+1,5		-29,6

$$IRR = 16 + \frac{1,5}{1,5 - (-29,6)} \times (17 - 16) = 16,048\%$$

Қорыта келе, жобаны қабылдауға болады, бірақ инвестор табыстылықтың төмендігіне назар аударуы тиіс.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. Инвестициялық жобалардың тиімділігі дегенді қалай түсінесіз?
2. Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалауда қандай көрсеткіштер қолданылады?
3. Жобаларды бағалаудың статикалық әдістеріне қандай әдістер жатады?
4. Жобаларды бағалаудың динамикалық әдістерін атаңыз.
5. Статикалық және динамикалық әдістердің айырмашылығы неде?
6. Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалауда қандай әдістерді қолданған дұрыс деп ойлайсыз?
7. Таза ағымдық күн әдісінің ерекшелігі неде?

6 ТӘУЕКЕЛ ЖАҒДАЙЫНДА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ



Инвестициялық тәуекелдер және олардың түрлері

Инвестициялық жоба, әдетте, тәуекелділік және белгісіздік жағдайында жүзеге асырылады. Белгісіздік – жобаны жүзеге асыру шарттары туралы, сондай-ақ жобаға байланысты шығындар мен нәтижелер туралы толық әрі нақты ақпараттың болмауымен анықталады. Жобаны жүзеге асыру барысында жағымсыз жағдайлар мен нәтижелердің пайда болу мүмкіндігімен шартталған ықтималдылық – тәуекел түсінігін сипаттайды. Тәуекелділік пен белгісіздік факторлары жобаның тиімділігін бағалағанда есепке алынады.

Жобаларды бағалағанда инвестициялық тәуекелдердің келесідей түрлерін ескерген жөн:

- экономикалық заңдардың және ағымдағы экономикалық жағдайдың, инвестициялау шарттары мен пайданы пайдаланудың тұрақсыздығымен байланысты тәуекел;
- сыртқы экономикалық тәуекел (саудаға шектеулер енгізу, шекараларды жабу және т.б. мүмкіндіктер);
- саяси жағдайдың тұрақсыздығы, мемлекетте немесе аймақта жағымсыз әлеуметтік-саяси өзгерістермен байланысты тәуекел;
- технико-экономикалық көрсеткіштердің қозғалысы, жаңа техника мен технологияның сипаттамалары туралы толық әрі нақты ақпараттың болмауы;
- нарық конъюктурасының, бағаның, валюта бағамының және т.б. өзгерісі;
- табиғи-климаттық жағдайдың өзгеруі, табиғи апаттың болу мүмкіндігі;

– қатысушы-кәсіпорындардың қаржылық жағдайы туралы толық әрі нақты ақпараттың болмауы (төлем қабілетсіздігі, дәрменсіздігі, міндеттемелердің орындалмауы).

Тиімді экономикалық шешімдер, әдетте, толық ақпараттың болу жағдайында қабылданады. Бірақ толық ақпаратпен қамтамасыз етілетін жағдайлар сирек кездеседі. Кәсіпкерлік қызметтегі шешімдердің басым бөлігін белгісіздік жағдайында қабылдауға тура келеді. Ақпараттың шектеулілігі немесе толық болмауы, келесі екі міндетті тудырады:

- тәуекел жағдайында шешім қабылдау;
- ықтималдылық жағдайында шешім қабылдау.

Адам қызметінің кез келген саласына тәуекелдер тән, олар қабылданатын шешімдердің оң нәтижесіне әсер ететін көптеген шарттар мен факторлармен тікелей байланысты. Осылайша, кез келген кәсіпорын өзінің қызмет барысында тәуекелге тап болады, яғни ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен қаржылық шығындарға ұшырайды. Сондықтан нақты жағдайларда кәсіпорынның тәуекелдерді басқару қабілеті оның сәтті қызмет етуінің бірден-бір кепілі. Сондықтан ең алдымен, тәуекел түсінігі мен тәуекелдердің негізгі түрлеріне тоқтала кетейік.

Тәуекел деп, жобаның барлық немесе жеке қатысушыларын жағымсыз нәтижелерге ұшырататын шарттардың пайда болу мүмкіндігін айтамыз.

Тәуекелдердің нәтижелері келесідей болуы мүмкін:

- оң (пайда, табыс);
- теріс (шығын, залал);
- нөлдік (шығынсыз нәтиже).

Тәуекелдерді классификациялаудың күрделілігі олардың көп-түрлілігімен байланысты. Төменде келтірілген 6.1.1-кестеден инвестициялық тәуекелдердің түрлерін қарастырайық.

1. Инвестициялық қызметтің қосымша объектілері бойынша:

– қаржылық инвестициялық тәуекел – қаржылық активтерге құралдарды салу кезінде, олардың болашақтағы құнын болжамдау мүмкінсіздігімен байланысты инвестициялық операциялардың тиімсіз болу мүмкіндігі.

Тәуекелдің бұл түрі жеке эмитенттердің қаржылық қиындықтарымен немесе дәрменсіздігімен, инвестициялық шарттардың өзгерісімен, инвесторларды алдау және т.б. жағдайларға байланысты;

– нақты инвестициялық тәуекелдер – инвестициялық жобаның өмірлік циклінің ерекшеліктерімен, географиялық орналасуымен және тапсырыс берушінің сипаттамасымен; қажетті шикізат пен материалдар және т.б.; болашақта бағалар мен өткізу көлемін болжаудың мүмкінсіздігімен шартталған, ИЖ-н тиімсіз болу мүмкіндігі.

2. Инвестициялық ресурстарға қатысты меншік формалары бойынша:

– мемлекеттің инвестициялауымен байланысты тәуекелдер – республикалық және жергілікті басқару органдарының ақша құралдарын салуымен байланысты инвестициялық шығынға ұшырау мүмкіндігі;

– жеке инвестициялаумен байланысты тәуекелдер – жеке тұлғалар мен мемлекеттік емес кәсіпорындардың ақша құралдарын салуымен байланысты инвестициялық шығынға ұшырау мүмкіндігі;

– шетелдік инвестициялаумен байланысты тәуекелдер – шетелдік азаматтардың, заңды тұлғалар мен мемлекеттердің ақша құралдарын салуымен байланысты инвестициялық шығынға ұшырау мүмкіндігі;

– біріккен инвестициялаумен байланысты тәуекелдер – отандық және шетелдік мемлекеттердің субъектілерінің ақша құралдарын салуымен байланысты инвестициялық шығынға ұшырау мүмкіндігі.

3. Инвестициялауға қатыстылық сипаты бойынша:

– тікелей инвестициялаумен байланысты тәуекелдер – тікелей инвестордың қатысуымен байланысты, ақша құралдарын тиімсіз орналастырғанда шығынға ұшырау мүмкіндігі. Оларға материалдық объектіге салынатын нақты инвестициялар жатады.

– жанама инвестициялаумен байланысты тәуекелдер – инвестициялық қор немесе қаржылық делдал арқылы инвестициялау кезінде табыстың болмауы немесе инвестициялардың қайта-

рылмауы салдарынан инвестициялық шығынға ұшырау мүмкіндігі. Инвестициялардың бұл түріне портфельдік инвестициялар жатады.

Кесте 6.1.1 – Инвестициялық тәуекелдердің түрлері

№	Классификациялық сипаты	Тәуекелдердің түрлері
1	Инвестициялық қызметтің қосымша объектілері бойынша	- қаржылық инвестициялық тәуекел; - нақты инвестициялық тәуекел.
2	Инвестициялық ресурстарға қатысты меншік формасы бойынша	- мемлекеттің инвестициялауымен байланысты тәуекелдер; - шетелдік инвестициялаумен байланысты тәуекелдер; - біріккен инвестициялаумен байланысты тәуекелдер.
3	Инвестициялауға қатыстылық сипаты бойынша	- тікелей инвестициялаумен байланысты тәуекелдер; - жанама инвестициялаумен байланысты тәуекелдер.
4	Ұйымдастырылу түрі бойынша	- инвестициялық бағдарламалар мен жобалар бойынша тәуекелдер; - инвестициялық портфель бойынша тәуекелдер.
5	Инвестициялау мерзімі бойынша	- қысқа мерзімді инвестициялық тәуекелдер; - ұзақ мерзімді инвестициялық тәуекелдер.
6	Аймақтық сипаты бойынша	- мемлекет ішіндегі инвестициялық тәуекелдер; - халықаралық инвестициялық тәуекелдер.
7	Іс-әрекеттің бағыттылығы бойынша	- бастапқы инвестициялық тәуекелдер; - мәжбүрлі инвестициялық тәуекелдер (кәсіпорынның болашақтағы тынысын қамтамасыз ететін инвестициялар); - ағымдағы шығындарды үнемдеуге бағытталған инвестициялық тәуекелдер; - нарықтағы орнын сақтап қалуға салынатын инвестициялық тәуекелдер; - өндірістің тиімділігін арттыруға арналған инвестициялық тәуекелдер; - өндірісті кеңейтуге бағытталған инвестициялық тәуекелдер; - жана өндірісті құруға бағытталған инвестициялық тәуекелдер; - реинвестициялық тәуекелдер.

6.1.1-кестенің жалғасы

8	Қаржыландыру көздері бойынша	- инвестицияларды қаржыландырудың (өзі-өзі қаржыландыру) ішкі (меншікті капитал) көздерімен байланысты тәуекелдер; - қаржыландырудың сыртқы көздерімен байланысты құрылымдық инвестициялық тәуекел; - инвестицияларды қаржыландырудың көздерін тартумен байланысты тәуекелдер; - меншікті, қарыз және тартылған құралдардың қатынасымен байланысты тәуекелдер.
9	Жобаға қатыстылығы бойынша	- сыртқы тәуекелдер; - ішкі жобалық тәуекелдер; - инвестициялық жобаның өмірлік кезеңінің тәуекелдері.
10	Салалық сипаты бойынша	- техника-технологиялық тәуекелдер; - әлеуметтік тәуекелдер; - саяси тәуекелдер; - экологиялық тәуекелдер; - жалпы экономикалық тәуекелдер; - заңдық-құқықтық тәуекелдер; - криминогенді инвестициялық тәуекел.
11	Ауқымы бойынша	- жалпы мемлекеттік тәуекел; - салалық тәуекел; - жеке ұйым деңгейіндегі тәуекел; - инвестордың жеке жағдайымен байланысты тәуекел.
12	Жоғалтулар түрі бойынша	- кірісті жоғалту тәуекелі; - табыстылықтың төмендеу тәуекелі; - тікелей инвестициялық жоғалтулар тәуекелі.
13	Болжау мүмкіндігі бойынша	- болжалатын; - болжалмайтын.
14	Уақыт мерзімі мен қайталану дәрежесі бойынша	- уақытша инвестициялық тәуекел; - тұрақты инвестициялық тәуекел; - бір реттік тәуекел; - шартты инвестициялық тәуекел.
15	Пайда болу көзі бойынша	- жүйелік (сыртқы) нарықтық тәуекел; - жүйелік емес (ішкі немесе арнайы) инвестициялық тәуекел.
16	Басқару дәрежесі бойынша	- басқарылатын; - басқарылмайтын.

6.1.1-кестенің соңы

17	Сақтандыру мүмкіндігі бойынша	-сақтандырылатын тәуекелдер; -сақтандырылмайтын тәуекелдер.
18	Диверсификациялау мүмкіндігі бойынша	-диверсификацияланатын тәуекелдер; -диверсификацияланбайтын тәуекелдер; -диверсификация тәуекелі; -инвестициялық портфельдің концентрациясының тәуекелі.
19	Қызмет түрі бойынша	-инвестициялық тәуекел; -операциондық тәуекел; -қаржылық тәуекел.

4. Ұйымдастырылу түрі бойынша:

– Инвестициялық бағдарламалар мен жобалар бойынша тәуекелдер - инвестициялық бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асырғанда олардың тиімсіз немесе тиімділігінің жеткіліксіз болу мүмкіндігі. Олар жобаның өмірлік кезеңімен, тапсырыс берушінің түрі, географиялық орналасуы және сипатымен, қажетті шикізат пен материалдардың т.б. ерекшеленеді.

ИЖ тәуекелдері қаржыландыру тәсілдеріне, өндірілетін өнімнің түрі мен ассортиментіне, бәсекелестік стратегиясына және т.б. байланысты көп түрге бөлінеді.

– Инвестициялық портфель бойынша тәуекелдер – қор және қаржы нарығында ақша құралдарын қаржылық активтерге орналастырғанда болашақтағы бағаны болжай алмаумен байланысты, инвестициялық портфельді қалыптастыру кезінде оның сапасының төмендеу мүмкіндігі.

Инвестициялық портфель бойынша тәуекелдерді келесі сипаттары бойынша классификациялауға болады:

1. Инвестициялау объектісі бойынша:

- нақты инвестициялар портфелінің тәуекелдері;
- қаржылық құралдар портфелінің тәуекелдері;
- банктік депозиттерге қаржылық салымдар портфелінің тәуекелдері және т.б.

2. Тандалған инвестициялық стратегиясына қарай:

– «капитал өсімі портфелінің» тәуекелдері (жоғары тәуекел деңгейінде капитал өсімінің жоғарғы қарқынын қамтамасыз ететін инвестициялау объектілерінің есебінен қалыптасады);

– «табыс өсімі портфелінің» тәуекелдері (салынған капиталға табыс өсімінің жоғары қарқынын қамтамасыз ететін инвестициялау объектілерінің есебінен қалыптасады);

– «консервативті портфельдің» тәуекелдері (аз тәуекелді инвестициялар есебінен қалыптасады).

3. Инвестициялық стратегияның мақсаттарына жету дәрежесі бойынша:

– балансталған портфель (жүйенің инвестициялық саясатына толық сәйкес келеді);

– балансталмаған портфель (жүйенің инвестициялық стратегиясына сәйкес келмейді).

5. Инвестициялау мерзімі бойынша:

– қысқа мерзімді инвестициялық тәуекелдер – бір жылдан аспайтын мерзімге ақша құралдарын орналастыру кезінде инвестициялық операциялардың тиімсіз болу мүмкіндігі (мысалы, қысқа мерзімді депозиттік салымдар, қысқа мерзімді жинақтаушы сертификаттарды сатып алу, айналым құралдарына қысқа мерзімді инвестициялар құю және т.б.);

– ұзақ мерзімді инвестициялық тәуекелдер – бір жылдан асатын уақыт мерзіміне капиталды орналастырғанда инвестициялық жоғалтулар мүмкіндігі.

6. Аймақтық сипаты бойынша:

– мемлекет ішіндегі инвестициялық тәуекелдер – құнды қағаздар құнының, инвестициялар валютасының бағамының төмендеуімен байланысты, белгілі бір мемлекет ішінде инвестициялау объектілеріне құралдарды тиімсіз орналастыру мүмкіндігі;

– халықаралық инвестициялық тәуекелдер – берілген мемлекеттің шекарасынан тыс инвестициялау объектілеріне ақша құралдарын тиімсіз орналастыру мүмкіндігі (оларға басқа мемлекеттердің әр түрлі қаржы құралдарын сатып алумен байланысты инвестициялар жатады – шетел компанияларының акциялары, басқа мемлекеттердің облигациялары және т.б.).

7. Іс-әрекеттің бағыттылығы бойынша:

– бастапқы немесе нетто-инвестициялардың тәуекелдері – бағдарламаны құру немесе кәсіпорынды сатып алумен байланысты инвестициялық салымдарды тиімсіз орналастыру мүм-

кіндігі (мемлекеттік тіркеу немесе кәсіпорынды құру кезіндегі ұйымдастырушылық шығындар; ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу; өнім үлгілерін әзірлеу, жасау және сынақтан өткізу; құрылыс жұмыстарын жүргізу; технологиялық жабдықтарды сатып алу, жасау; іс-шаралар (жарнама, дистрибуторлық желіні қалыптастыру және т.б.);

– мәжбүрлі инвестициялық тәуекелдер (кәсіпорынның болашақтағы тынысын қамтамасыз етуге бағытталған инвестициялар) – әлеуметтік маңызы бар міндеттерді орындаумен немесе мемлекеттік билік органдарының талабы бойынша: экологияны қорғау; қауіпсіздікті қамтамасыз ету; инфрақұрылымды құрумен байланысты жағдайларға инвестициялық салымдарды тиімсіз салу мүмкіндігі;

– ағымдағы шығындарды үнемдеуге бағытталған инвестициялық тәуекелдер – шығындарды қысқарту мақсатында мемлекеттің деңгейінде саланың, фирманың инвестициялық салымдарды тиімсіз орналастыру мүмкіндігі;

– нарықтағы орнын сақтап қалумен байланысты инвестициялық тәуекелдер – өндірістің тұрақты деңгейін қолдауға бағытталған инвестицияларды тиімсіз орналастыру мүмкіндігі;

– өндірістің тиімділігін арттыруға бағытталған инвестициялық тәуекелдер – өндірістік әлуетті арттыруға, өндіріс бағдарламасын өзгертуге, қалыптасқан нарық үшін тауарлар мен қызметтер өндірісінің көлемін кеңейтуге бағытталған фирманың инвестициялық салымдарын тиімсіз орналастыру мүмкіндігі;

– жаңа өндірісті құрумен байланысты инвестициялық тәуекелдер (инновациялық инвестициялар) – бәсекеге қабілетті өнімді шығаратын жаңа кәсіпорынды құруға, жөндеуге, сондай-ақ ғылыми-техникалық үдеріспен байланысты материалдық емес активтерге инвестицияларды тиімсіз орналастыру мүмкіндігі;

– реинвестициялаумен байланысты тәуекелдер – өндірістің жаңа құралдарын сатып алуға немесе жасауға бағытталған босатылған инвестициялық құралдарды тиімсіз орналастыру мүмкіндігі.

8. *Инвестициялық жобаларды қаржыландыру көздері бойынша:*

– ішкі қаржыландыру көздерімен байланысты инвестициялық тәуекелдер (өзін-өзі қаржыландыру) – кәсіпкер-инвестордың қаржылық ресурстарымен немесе ішкі шаруашылық қорларымен (пайда) байланысты тәуекелдер;

– құрылымдық инвестициялық тәуекел – қарыз құралдарының есебінен (банктік несие) қалыптасатын, инвестицияларды қаржыландырудың сыртқы көздерімен байланысты;

– тартылған қаржыландыру көздерімен байланысты инвестициялық тәуекелдер – өз акцияларын, облигацияларын, инвестициялық сертификаттарын, басқа да құнды қағаздарын эмиссиялау кезінде пайда болатын акционерлік капитал есебінен қалыптасады.

9. *Жобаға қатыстылығы бойынша:*

Сыртқы тәуекелдер:

– экономикалық заңнаманың және ағымдағы экономикалық жағдайдың, инвестициялау шарттары мен пайданы пайдалану шарттарының тұрақсыздығымен байланысты тәуекелдер;

– сыртқы экономикалық тәуекелдер (саудаға шектеу қою мүмкіндігі, шекараны жабу және т.б.);

– саяси жағдайдың тұрақсыздығы, мемлекеттегі немесе аймақтағы әлеуметтік-саяси өзгерістердің жағымсыздығымен байланысты тәуекел;

– нарық конъюктурасының, бағалардың, валюталық бағамның өзгерісі;

– климаттық жағдайдың өзгерісі, апаттар болу мүмкіндігі.

Ішкі жобалық тәуекелдер:

– өндірістік-технологиялық тәуекел (құрал-жабдықтың сынуы, істен шығуы және т.б.);

– өндірістің технико-экономикалық көрсеткіштерінің динамикасы, жаңа техника мен технологияның сипаты, шикізат пен дайын өнім сапасы туралы толық әрі нақты ақпараттың болмауы;

– ИЖ қатысушылары мен инвесторларының мақсаттары мен мүдделерінің анықталмауы;

– қатысушы фирмалар мен инвесторлардың іскерлік абыройы мен қаржылық жағдайы туралы толық әрі нақты ақпараттың болмауы;

– әр түрлі себептерге байланысты жұмыс жоспарының орындалмай қалу тәуекелі;

– құқықтық тәуекелдер – лицензиядағы қателіктер, патенттік құқықты сақтамау, келісім-шарттардың орындалмауы және т.б.

10. Салалық сипаты бойынша:

1. Техничко-технологиялық тәуекелдер – инвестициялық қызметтің технико-технологиялық құрамына әсер етумен байланысты тәуекелдер (құрал-жабдықтың сенімділігі, өндірістік үдеріс пен технологияның күрделілігі, инновациялық жаңартулардың қарқыны).

2. Әлеуметтік тәуекелдер-инвестициялық қызметтің әлеуметтік құрамына әсер етумен байланысты тәуекелдер (қоғамдағы әлеуметтік жағдай, ереуілдер, әлеуметтік бағдарламалардың орындалуы).

3. Саяси тәуекелдер – инвестициялық қызметтің саяси құрамына әсер етумен байланысты тәуекелдер (түрлі деңгейдегі сайлаулар, саяси жағдайдың өзгеруі, саяси қысым, инвестициялық қызметке әкімшілік шектеулер қою, мемлекетке сыртқы саяси қысым жасау, т.б.).

4. Экологиялық тәуекелдер – инвестициялық қызметтің экологиялық құрамдасына әсер етумен байланысты тәуекелдер (қоршаған ортаның ластануы, радиациялық жағдай, экологиялық апаттар, т.б.).

Экологиялық тәуекелдер келесі топтарға бөлінеді:

- техногендік;
- табиғи-климаттық;
- әлеуметтік-тұрмыстық.

5. Жалпы экономикалық тәуекел – мемлекеттегі, аймақтағы инвестициялық қызметтің жалпы экономикалық құрамдасына әсер етумен байланысты тәуекелдер (ЖІӨ өсімінің қарқынын жылдамдату, экономиканы антициклдық реттеу бойынша мемлекеттік іс-шаралардың тиімді жүзеге асырылуы, т.б.).

6. Заңды-құқықтық тәуекелдер – мемлекеттегі, аймақтағы инвестициялық қызметтің заңдық-құқықтық құрамдасына әсер етумен байланысты тәуекелдер (заңнамаға өзгерістер енгізу; заң-

дық кепілдемелер, арбитраждық тәуелсіздіктің болмауы, салықтық жүйенің құзыретсіздігі).

7. Криминогенді инвестициялық тәуекел – мемлекеттегі, аймақтағы инвестициялық қызметтің қылмыстық құрамдасына әсер етумен байланысты тәуекелдер (қылмыстық жағдайдың өршуі, рәкет, мемлекеттік шенеуліктердің жемқорлығы, «көлеңкелі» экономикалық болуы, ақшаның жылыстауы, заңсыз жолмен иелену, шетелге капиталдың ағылуы, қылмыстық бәсеке және т.б.).

11. Тәуекелдің масштабы бойынша:

1. Жалпы мемлекеттік тәуекел – мемлекеттегі әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдаймен байланысты және мемлекет жасаған инвестициялық климатпен анықталады.

2. Салалық тәуекел төмендегі үш құрамдас бөліктен тұратын индустриалды талдау кезінде бағаланады:

- саланың өмірлік кезеңін анықтау;
- макроэкономикалық жағдайларға қатысты саланың позициясын анықтау;
- саланы сапалық талдау және оның даму бағыттарын болжау.

3. Фирмалық тәуекел – экономика субъектісінің қаржылық жағдайын сараптамалық талдау кезінде бағаланады (өндіріс, сату, шығын мен пайда көлемі; өндіріс деңгейі, менеджменті; қаржылық көрсеткіштер негізінде есептелген қаржылық жағдайы).

4. Инвестордың жеке жағдайымен байланысты тәуекелдер негізгі екі позициядан бағаланады:

- инвесторға ұсынылатын құқықтар;
- берілген акцияның нарықтық жағдайы.

12. Жоғалтулардың түрі бойынша:

- кірісті жоғалту тәуекелі – белгілі бір іс-шараның орындалмауы нәтижесінде қаржылық залалдың болу мүмкіндігі;
- табыстың төмендеу тәуекелі – портфельдік инвестициялар бойынша пайыздар мен дивидендтердің төмендеу тәуекелі;
- тікелей инвестициялық жоғалтулар тәуекелі – инвестицияларды орналастыру объектісін дұрыс таңдамау мүмкіндігі қарастырады және келесілерді қамтиды:

- дәрменсіздік тәуекелі;
- биржалық тәуекел;
- селективті тәуекел;
- несиелік тәуекел.

13. Болжау мүмкіндігі бойынша:

1. Болжанатын инвестициялық тәуекелге инфляциялық, пайыздық, нарықтық, операциялық және т.б. тәуекелдер жатады.

2. Болжанбайтын инвестициялық тәуекелге келесілер жатады:

– макроэкономикалық тәуекелдер (салықтық тәуекел, сыртқы экономикалық жағдайдың өзгеруі, саудаға шектеу қою мүмкіндігі, саяси тұрақсыздық және т.б.);

– форс-мажорлық тәуекелдер (табиғи апаттар, экологиялық тәуекелдер);

– қылмыстық (әлеуметтік қауіпті) инвестициялық тәуекелдер (терроризм, вандализм, саботаж.);

– күтпеген оқиқықтардың пайда болуымен байланысты тәуекелдер (дәрменсіздік, құрал-жабдықтың сынуы, істен шығуы, өндірістік ақаулар).

14. Уақыт мерзімінде қайталану дәрежесі бойынша.

– уақытша инвестициялық тәуекелдер – олар қысқа мерзімді (несиелік тәуекел, инвестициялық тәуекел, төлем қабілетсіздігінің тәуекелі) және ұзақ мерзімді болып бөлінеді;

– перманентті инвестициялық тәуекел – инвестициялық қызметке қауіп төндіретін барлық тәуекелдері қамтиды және инвестициялық операцияны жүзеге асырудың барлық мерзімінде тұрақты болып тұрады;

– көп ретті инвестициялық тәуекел – спекулятивті тәуекел;

– бір ретті тәуекел – күтілетін нәтиженің және ақырғы нәтижеден ауытқуымен сипатталады;

– шартты инвестициялық тәуекел – белгілі бір шартпен немесе жағдаймен байланысты тәуекел.

15. Пайда болу көзі бойынша:

– жүйелік (сыртқы) нарықтық тәуекел – пайыздық мөлшерлемелердің, валюта бағамының, акциялар бағасының өзгеруі нәтижесінде активтер құнының жағымсыз өзгеру мүмкіндігі.

Жүйелік тәуекелге төмендегілер жатады:

- инфляциялық тәуекел;
- пайыздық тәуекел;
- валюталық тәуекел;
- салықтық тәуекел;
- инвестициялық тәуекел;
- тауарлық тәуекел.

Жүйелік нарықтық тәуекелдің пайда болуына сыртқы орта, экономика субъектісіне қатысты сыртқы факторлар әсер етеді, олар:

– халықаралық жағдайлар;

– республикалық деңгейде болатын жағдайлар (инфляция; қарыз пайызының мөлшерлемесі; нарықтық, қаржылық және инвестициялық конъюктура; мемлекеттегі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы; экономиканы мемлекеттік реттеу; экономика субъектілерінің арасындағы келісімшартты тәртіп; табиғи-климаттық жағдайлар; техника мен технология деңгейінің дамуы; заңға өзгерістер енгізу және т.б.);

– аймақтық деңгейде болатын жағдайлар (әлеуметтік-демографиялық жағдай; тұтыну нарығының жағдайы; сұраныстың төлемге қабілеттілігінің деңгейі; аймақтық әкімшіліктің іс-әрекеттері; кәсіпкерлік белсенділіктің деңгейі және т.б.);

– салалық деңгейде болатын жағдайлар (саладағы экономикалық жағдай; бәсекелестіктің деңгейі; шикізат бағасының өсуі; тұтынушылар талаптарының өзгеруі; нарықтағы орынды жоғалту; қоршаған ортамен байланысты талаптар мен мәселелер және т.б.).

Жүйелік емес тәуекел – экономика субъектісі мен инвестициялық қызмет объектісінің нақты қызметіне байланысты пайда болады. Инвестициялық қызметті тиімді басқару есебінен бұл тәуекелдің алдын алуға болады. Жүйелік емес тәуекелдің пайда болуына фирмашілік факторлар себепші, олар:

– ұйымдастырушылық жағдай (корпоративті құрылым, ұйымдастырушылық құрылым, фирма стратегиясы, басқарушылардың мамандану және қаржылық менеджменттің деңгейі, басқарушылардың тәуекелдік операцияларға қатынасы; қызметкерлердің құзыреті және т.б.);

– қаржылық-инвестициялық жағдай (қаржылық-инвестициялық ресурстар мен активтер құрылымының тиімділігі; еңбек нәтижелілігі үшін қызметкерлерге сыйақы беру; дебиторлық қарыздың құрылымы; фирманың валюталық операциялары; бағалы қағаздармен байланысты операциялар; экономика субъектісінің тұрақты экономикалық жағдайы және т.б.);

– экономикалық қызметпен байлағысты жағдайлар (қызмет түрі; өндіріс құралдарының орғаласуы; ғылыми-зерттеу жұмыстары; өндірілетін өнімнің сапасы; шаруашылық серіктестерінің бағасының дұрыстығы; жобаның көрсеткіштерін анықтаудың дәлдігі және т.б.);

– фирманың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты жағдайлар (қауіпсіздікті ұйымдастыру; ақпараттық жүйелер; инвестициялық нарықтың жеке сегментіндегі бәсекелестіктің деңгейі және т.б.).

16. *Басқару дәрежесі бойынша* тәуекелдер басқарылатын және басқарылмайтын деп бөлінеді.

17. *Сақтандыру мүмкіндігі бойынша тәуекелдер:*

- сақтандырылатын инвестициялық тәуекелдер;
- сақтандырылмайтын тәуекелдер болып бөлінеді.

18. *Диверсификациялану мүмкіндігі бойынша тәуекелдер:*


- диверсификацияланатын;
- диверсификацияланбайтын деп бөлінеді.

19. *Қызмет түрі бойынша:*

– инвестициялық тәуекел – күрделі салымдардың кірістілігінің өзгеруіне байланысты олардың құнсыздануы негізінде шығыстардың (шығындардың) пайда болу тәуекелі;

– операциондық тәуекел – қызметкерлер тарапынан ішкі процестерді жүзеге асыру барысында жіберілген кемшіліктер мен қателер, ақпараттық жүйе мен технологиялардың жұмыс істеуі, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарлары нәтижесінде пайда болған шығыстар (шығындар) тәуекелі;

– қаржылық тәуекел – құбылмалы пайыздық мөлшерлеме бойынша несиелер ұсынылғанда немесе қарыз алушының төлем қабілеттілігі төмендегенде пайда болған шығыстар тәуекелі.



Инвестициялық жобалардың тәуекелдігін бағалау әдістері

Инвестициялық қызметтің барлық түрі тәуекелмен тығыз байланысты. Жобаны жүзеге асырудың әр түрлі шарттарында жоба бойынша шығындар мен нәтижелер де түрліше болады. Сондықтан тәуекел мен ықтималдылық факторларын есептегенде олардың тиімділігін есепке алады. Айта кететін жайт, инвестициялық жобаның дамуы – бұл динамикалық үдеріс, сондықтан да шешімдерді қабылдаудың әрбір нүктесінде жобаны жүзеге асыру шарттары өзгеріске ұшырауы мүмкін.

Сыртқы орта факторларының әсері келесі нәтижелерге әкеліп соқтыруы мүмкін:

- жобада қарастырылған кейбір іс-әрекеттердің орындалмауы;
- жобада жоспарланған мерзімдердің өзгеруі;
- жоба бойынша болжанған нәтижелерден ауытқу.

Тиімділікті есептегенде тәуекел мен ықтималдылықты ескерген жөн, ал олардың көрсеткіштері *мүмкін болатын* деп аталады.

Егер, инвестициялық шешімнің бірнеше мүмкін болатын нәтижесі болса, онда ол тәуекелді болып табылады. Егер, жобаның барлық нұсқаларын жүзеге асырғанда ол тиімді әрі қаржылық жағынан жүзеге асырымды болса, онда инвестициялық жоба тұрақты болып саналады.

Тәуекел жағдайында инвестициялық жобаның тұрақтылығы мен тиімділігін бағалау үшін келесі әдістерді қолданған жөн:

- 1) инвестициялық жоба тұрақтылығының іріленген бағасы;
- 2) шығынсыздық нүктесін есептеу;
- 3) инвестициялық жоба параметрлерінің вариациясы;
- 4) инвестициялық жобаның ықтималдылығын талдау.

Инвестициялық жоба тұрақтылығының іріленген бағасы.

Бұл әдісті қолданғанда төмендегілерді ескерген жөн:

- 1) жобаның техникo-экономикалық параметрлерінің, бағалардың, салықтық мөлшерлемелердің, валютаның айырбас баға-

мының және жобаның экономикалық ортасының басқа да параметрлерінің болжамына ынсапты қарау;

2) жобалық ұйымның қателіктері, жобалық шешімдерді қайта қарастыру, жеткізілген өнім бойынша төлемдердің кешіктірілуі нәтижесінде пайда болған күтпеген инвестициялық және операциондық шығындарғы ақша қорларын болуын алдын ала ескеру;

3) тәуекелге байланысты түзету шамасының дисконт мөлшерін арттыру.

Инвестициялық жоба тұрақтылығының іріленген бағасы әдісін қолданғанда жобаны жүзеге асырудың торыққан сценарийі әзірленеді. Осы шарттарды орындағанда, егер жоба бойынша таза дисконтталған табыс мөлшері оң мәнге ие болса, онда жобаны жалпы тұрақты деп қарастырады.

Шығынсыздық нүктесін есептеу (*BEP* - ағыл. *break-even point* – шығынсыздық нүктесі). Шығынсыздықты талдау кезінде, ең алдымен, шығынсыздық нүктесін анықтау керек. Ал шығынсыздық нүктесі – өнімді сатудан түскен кіріс пен барлық шығындардың сомасына тең болатын сатылым көлеміне тең болады. Берілген көлемнің артуы пайда көлемінің артуын қамтамасыз етеді, ал оның кемуі шығынға әкеліп соқтырады. Шығынсыздық нүктесін нақты бірлік түрінде немесе өндірістік қуатты пайдалану коэффициенті түрінде көрсетуге болады. Шығынсыздық нүктесін анықтау - инвестициялық шығындардың тәуекелін бағалаудың негізгі шарты болып табылады.

Өнімнің шығынсыздығын талдаған кезде төмендегі алғышарттарды ескерген жөн:

- өндірістік шығындар дайын өнім санының немесе оны сатудың қызметін атқарады;
- дайын өнім мен сатылған өнімнің көлемі тең болуы шарт;
- айнымалы шығындар дайын өнім мен сатылған өнім көлеміне тура пропорционал;
- талданып отырған кезеңдегі өнім бірлігі үшін келісілген баға өзгеріссіз қалуы керек;
- өнімнің бір түрі ғана дайындалып, сатылуы керек.

Шығынсыздық нүктесін өнім бірлігінде, ақша түрінде немесе күтілетін пайданың көлемін ескере отырып анықтауға болады.

Ақша мәніндегі шығынсыздық нүктесі - бұл барлық шығындар толық өтелінуге тиісті табыстың ең төменгі өлшемі (бұл кезде пайда нөлге тең болуы керек):

$$BEP = \frac{TFC}{C} = \frac{TFC}{(P-VC)}, \quad (6.2.1)$$

Мұндағы:

BEP (англ. *break-even point*) – шығынсыздық нүктесі,

TFC (англ. *total fixed costs*) – тұрақты шығындардың өлшемі,

VC (англ. *unit variable cost*) – өнім бірлігіне айнымалы шығындардың өлшемі,

P (англ. *unit sale price*) – сатылған өнім бірлігінің бағасы,


C (англ. *unit contribution margin*) – айнымалы шығындардың үлесін есептемегендегі өнім бірлігінен алынатын пайда (өнім бағасы мен (*P*) өнім бірлігі үшін айнымалы шығындардың айырмасы (*VC*)).

Өнім бірлігіндегі шығынсыздық нүктесі – бұл барлық шығындар толық өтелінбейтін өнімнің ең төменгі көлемі, ол төмендегідей есептеледі:

$$BEP = \frac{TFC}{C} = \frac{TFC}{P-VC}, \quad (6.2.2)$$

Көптеген насие берушілер шығынсыздық нүктесін есептеуде оның графигінің міндетті түрде болуын талап етеді. Оны келесідей түрде көрсетуге болады:

Ақша бірлігі



Сурет 6.2.1. Шығынсыздық нүктесінің графигі

Мұндағы:

TFC – жалпы тұрақты шығындар;

TVC – жалпы айнымалы шығындар;

TC – жалпы шығындар;

Графиктегі «табыс» пен «жалпы шығындардың» қиылысқан жері – шығынсыздық нүктесі болып табылады. Шығынсыздық нүктесінен жоғары тұрған табыстың барлығы – пайданы, ал одан төменгісі – шығынды құрайды.

Инвестициялық жобаның параметрлерінің вариациясы.

Бұл әдіс бойынша жобаның қаржылық жүзеге асырылуы мен кейбір параметрлерінің өзгерісіне байланысты оның тиімділігін анықтау мақсатында нұсқамалық есептеулерді жүргізу қажет. Аталған параметрлерге төмендегілер жатады:

- жеке құрамдастары бойынша жалпы инвестициялық шығындар;
- өндіріс көлемі;
- өндіріс пен өткізуге кететін шығындар;
- несиелік ресурстар үшін пайыздар;
- жалпы инфляция индексін, баға индексін және шетел валютасындағы ішкі инфляция индексін болжау;
- сатылған өнім үшін төлемдердің кешіктірілуі;
- инвестициялық жобаны жүзеге асырудың ұзақтығы;
- инвестициялық жобаның тиімділігі мен тұрақтылығына әсер ететін т.б. параметрлер.

Егер берілген параметрлердің өзгерісі туралы ақпарат болмаса, онда төмендегі сценарийлер бойынша жобаның жүзеге асырылуы мен тиімділігінің нұсқамалық есептеулерін жүргізу қажет:

1. Инвестицияларды арттыру. Бұл жағдайда қазақстандық жұмысшылардың атқарған жұмысының құны мен құрал-жабдықтың құны – 20%-ға, ал шетелдік жұмыс пен құрал-жабдықтың құны – 10%-ға артады.

2. Өндірістің шығындарды жобалық деңгейден 20%-ға және өнімді өндіру мен өткізу бойынша тікелей материалдық шығындарды 30%-ға арттыру. Бұл жағдайда шикізат қорларының, материалдардың, аяқталмаған өндіріс пен айналым құралдарының

құрамындағы дайын өнімнің құндары сәйкесінше өзгеріске ұшырайды.

3. Кіріс көлемін оның жобалық мәнінен 80%-ға кеміту.

4. Алдын ала төлемсіз жеткізілетін өнім үшін төлемдердің кешіктірілу уақытын 100% арттыру.

5. Несиелік пайызды 40%-ға арттыру.

Инфляцияның жағымсыз дамуы кезінде жоғарыда көрсетілген сценарийлерді қарастырған жөн.

Егер барлық қарастырылған сценарийлер бойынша NPV оң мәнге ие болса және жобаның қаржылық жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін болса, онда параметрлердің мүмкін болатын өзгерісіне қатысты жоба тұрақты болып саналады. Шарттардың бірі орындалмаған жағдайда, неғұрлым нақты талдау жүргізу керек. Егер, осындай нақтылық талдаудан кейін де жоба тұрақсыз болса, онда жобадан бас тартқан жөн.

Инвестициялық жобаның ықтималдылығын талдау. Жобаның тиімділігі табиғи-климаттық шарттарға немесе негізгі құралдардың тозуына байланысты болса, ықтималдылықты талдау әдісі жиі қолданылады.

Тәуекелдердің ықтималдылығын талдау әдістері баламалы жобаларды жүзеге асырғанда олармен байланысты тәуекелдердің сандық сипаттамаларын білуге негізделген.

Тәуекелдерді сандық бағалау үшін қабылданатын шешімнің ықтималдылығын анықтау қажет. Ықтималдылықты анықтаудың екі негізгі әдісін атап айтуға болады:

1. Ықтималдылықты анықтаудың объективті әдісі – белгілі бір жағдайлардың пайда болу жиілігін есептеуге негізделген. Ал жиілік нақты мәліметтердің негізінде септеледі. Мысалы, инвестициялық жобаны жүзеге асыру барысында белгілі бір А жоғалтулар деңгейінің пайда болу жиілігін төмендегі формуламен есептеуге болады:

$$f(A) = n(A)/n \quad (6.2.3)$$

мұндағы:

f – белгілі бір жоғалтулар деңгейінің жиілігі;

$n(A)$ – осы жоғалтулар деңгейінің пайда болу жағдайларының саны;

n – жағдайлардың жалпы саны.

Толық ақпараттың болмаған жағдайында, тәуекелдердің ықтималдылығын бағалау үшін субъективті ықтималдылықтың көрсеткіштері қолданылады, яғни сараптамалық бағалау.

2. Субъективті ықтималдылық – баға берушінің жеке тәжірибесіне неізделген белгілі бір нәтижеге қатысты ұйғарым жасау болып табылады.

Тәуекелдердің ықтималдылығын бағалауда *балама, орта жағдайы және нәтиже* ұғымдары маңызды орын алады. Балама – белгілі бір мәселені шешуге бағытталған іс-әрекеттердің реттілігі. Мысалы: жаңа құрал-жабдықты сатып алу немесе сатып алмау қажеттілігі; өндіріске жаңа өнімді енгізудің қажеттілігі және т.б. Ортаның жағдайы – шешім қабылдайтын тұлғаның (біздің жағдайда, инвестор) белгілі бір жағдайға әсер ете алмауы (мысалы, нарықтың немесе климаттық жағдайдың жағымды немесе жағымсыз болуы).

Нәтижелер (мүмкін болатын жағдайлар) белгілі бір орта жағдайында баламаның жүзеге асырылуы кезінде пайда болады (мысалы, пайда шамасы, өнім көлемі және т.б.).



6.3 Инфляция жағдайында инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау әдістері

Инфляцияның «бағаның өсуі» ретіндегі жалпы ұғымы белгіленіп қойылғанына қарамастан, шын мәнінде «инфляция» ұғымының мазмұнын анықтауға жасалған әртүрлі қадамдар кездеседі. Оларды екі топқа біріктіруге болады – түсініктемелік және функционалдық.

Инфляцияның түпкілікті анықтамасын беруге ұмытылмастан, оған жақынырақ бастапқы ұғымдар ретінде төмендегілерді ұсынуға болады:

1. Нысаны бойынша – инфляция ұдайы өндіріс үдерісі мен ақшалай айналымның теңсіздігімен негізделген тауарлар мен қызметтердің бағасының өсуін және соған байланысты ұлттық ақша бірлігінің құнсыздануын білдіреді.

2. Мазмұны бойынша – инфляция үш өзара негізделген үдерістердің – атаулы сұраныс пен ұсыныстың макродеңгейде теңгеруі, қосылған құнды ұдайы өндірістің жекелеген субъектілерінің арасында қайта бөлу және олардың инфляциялық табысты алуы – бірлігін сипаттайды. Бұл қаржылық ресурстардың экономикадағы ұдайы өндірісі барысында инфляциямен үш функцияның – теңгермешілік, қайта бөлу және орнына толтырудың орындалуына ықпал етеді.

Жоғарыда келтірілгендер, инфляция, тауар бағасының өсуімен бірге пайда болғанымен, таза ақша феноменімен теңестіріле алмайды деген қорытынды жасауға болатынын көрсетеді. Бұл халық шаруашылығының әртүрлі салаларындағы ұдайы өндірістің диспропорциясымен туындайтын күрделі көп факторлы үдеріс. Әдетте инфляцияның негізінде бір емес, бірнеше өзара байланысты себептер жатады, әрі олар тек сұраныс (сұраныс инфляциясы) тарапынан ғана емес, ұсыныс (шығын инфляциясы) тарапынан да пайда болады.

Инфляция жағдайындағы шаруашылық қызметін дұрыс жоспарлау үшін инфляциялық үдерістердің күшін ескеру керек. Инфляцияның инвестициялық жобаның тиімділігіне әсерін анықтау үшін төмендегі көрсеткіштерді пайдаланамыз:

– *инфляцияның базистік жалпы индексі* $GJ(t_m, 0)$ немесе GJ_m – бастапқы уақыт мезетінен t -қадамының аяғына дейінгі инфляцияның жалпы индексі. Ол t -қадамының аяғында орташа баға деңгейінің бастапқы уақыт мезетіндегі орташа баға деңгейіне қатынасымен анықталады. Егер бастапқы нүкте ретінде нөлдік қадамның аяғы алынса, онда $GJ_0 = 1$;

– *инфляцияның шептік индексі* – J_m , ол t -қадамының аяғында орташа баға деңгейінің $t-1$ қадамының аяғында орташа баға деңгейіне қатынасымен анықталады. Егер бастапқы нүкте ретінде нөлдік қадамның басы алынса, онда $GJ_0 = J_0$;

– *жалпы инфляцияның қарқыны*, ол шептік индекспен тікелей байланысты – $j_m = J_m - 1$. Инфляция қарқынын әдетте пайызбен белгілейді, біздің жағдайда ол келесідей сипатқа ие болады:

$$j_m = (J_m - 1) \times 100\%, \quad (6.3.1)$$

— m -қадамының ортасында орташа баға деңгейінің бастапқы уақыт мезетіндегі орташа баға деңгейіне қатынасымен анықталады. Жеке тауарлар мен қызмет көрсетулерге бағаның өзгеруі баламалы көрсеткіштермен сипатталады. k -өніміне байланысты базистік және шептік индекстер GJ_m^k және J_m^k арқылы белгіленеді.

Егер жалпы инфляцияның қарқыны уақытқа байланысты болмаса, онда инфляция *бірқалыпты* деп аталады. Инфляция қарқыны мен индекстерінің шамасы жобада қолданылатын валюта түріне де байланысты болады.

Көп валюталы жобалар үшін *шетел валютасының ішкі инфляция индексі* пайдаланылады (GIm), ол төмендегі формуламен анықталады:

$$GJ_m = \frac{GJ_m}{GJ_m^x \times GJ_m^s}, \quad (6.3.2)$$

Мұндағы:

GJ_m^s – шетел валютасының сыртқы инфляциясының базистік индексі.

Шетел валютасының ішкі инфляцияның шептік индексі сәйкесінше формуламен анықталады:

$$J_m = \frac{J_m}{J_m^x \times J_m^s}, \quad (6.3.3)$$

Жобалардың тиімділігін бағалағанда көбінесе жалпы инфляцияның индекстері қолданылады:

$$GJ_m = GJ_0 \times J_1 \times \dots \times J_m, \quad (6.3.4)$$

$$J_m = \frac{GJ_m}{GJ_{m-1}}, \quad (6.3.5)$$

Егер, барлық тауарлар мен қызмет көрсетулердің өзгеру қарқыны мен жалпы инфляцияның өзгеру қарқыны сәйкес келсе, онда инфляция *біркелкі* деп аталады. Егер бұл шарт орындалмаса, инфляция *біркелкі емес* деп аталады. Инфляцияның біркелкі еместігін есептеу үшін әрбір k – өнімі үшін әрбір m – қадамында баға өсімінің біркелкі емес қарқынын анықтайтын коэффициентті (n_m^k) қолданамыз:

$$n_m^k = \frac{j_m^{kp}}{j_m}, \quad (6.3.6)$$

Біркелкі инфляция кезінде көрсетілген коэффициенттердің мәні 1-ге тең болады.

Жеке тауарлар бағасының өзгеру қарқынын болжау қиынға соғады, ал ұзақ мерзімге арналған біркелкі емес инфляцияның коэффициенттерін болжау әлдеқайда оңайырақ. Сондықтан инфляцияны есепке алып жобалардың тиімділігін бағалағанда көмекші кестені құрған жөн. Кестеде есептік кезеңнің әрбір қадамында инфляция индексі мен қарқынын және жобаға қатысатын жеке тауарлар мен қызметтер бағасының өсімінің индекстерін болжауға болады. Мұндай болжауды әзірлегенде жалпы инфляция қарқыны мен біркелкілік коэффициенттерін болжаудан бастау керек. Содан кейін инфляцияның сипаттамаларын жоғарыда көрсетілген формулалармен есептеуге болады.

Инфляция жағдайында инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалаудың дәстүрлі әдістемесінің мәні төмендегідей:

1. Инвестициялық жоба бойынша ағымдағы (базистік) бағамен көрсетілген ақша ағындары қалыптасады, олардың негізінде жоба бойынша таза табыстың көрсеткіші анықталады;
2. Инвестициялық жоба бойынша барлық тауарлар мен қызметтердің баға өсімінің индекстері болжамдалады;
3. Инвестициялық жобаны жүзеге асыру қадамдары бойынша жалпы инфляцияның индексі болжамдалады;
4. Ағымдағы (базистік) бағалар мен баға өсімінің индексінің көрсеткіштерінің негізінде жоба бойынша ақша ағыстарының болжамды құны анықталады;
5. Инвестициялық жобаның болжамды бағаларының көрсеткіштері негізінде инвестициялық жобаны жүзеге асыру қадамдары бойынша таза табыстың көрсеткіші есептеледі;
6. Инвестициялық жобаның әрбір қадамындағы таза табыс көрсеткішінің мәні мен инфляцияның жалпы базистік индексінің қатынасы, дефляцияланған құндағы таза табыстың мәнін береді;
7. Инвестициялық жобаның әрбір m -қадамындағы таза табыстың көрсеткіші негізінде жоба бойынша жалпы таза табыс есептеледі;

8. Жоба бойынша таза табыс көрсеткішінің мәні негізінде болжамдалатын инфляция жағдайында жобаның тұрақтылығы туралы қорытынды жасалады.



6.4 Тәуекел және белгісіздік жағдайында инвестициялық жобаларды бағалау әдістемелерін талдау

Инвестициялық жобалардың тиімділігін талдаған кезде, ақша ағындарының болашақтағы құны болжамды сипатта бағаланады. Болашақтағы нәтижелердің белгісіздігі экономикалық факторлармен қатар (нарық конъюктурасының, бағаның, валюта бағамының, инфляция деңгейінің және т.б.), экономикалық емес факторларға да (климаттық және табиғи жағдай, саяси қарым-қатынас және т.б.) тәуелді. Болжамданған нәтижелердің белгісіздігі тәуекелдің пайда болуына себепші болады. Сонымен қатар, жоғарыда қарастырылған тиімділік көрсеткіштерінің ортақ кемшілігі – енгізілетін өлшемдердің орташа мәндерін қолдану болып табылады.

Инвестицияларды басқарудың әлемдік тәжірибесінде, тәуекел мен белгісіздік жағдайында инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалаудың әртүрлі әдістері пайдаланылады, олардың қатарына жататындар:

- дисконттау мөлшерлемесін түзету әдісі (тәуекел үшін сыйақы);
- нақты эквиваленттер әдісі (шынайылық коэффициенттері);
- тиімділік көрсеткіштерінің сезімталдығын талдау (NPV, IRR және т.б.);
- сценарийлер әдісі;
- ойындар теориясының әдісі (MAXIMIN, MINIMAX критерийлері және т.б.);
- «шешімдер ағашын» құрастыру;
- Монте-Карло әдісі бойынша үлгілеу.

Бұл әдістердің сипаттамасы әртүрлі әдебиет көздерінде кеңінен қарастырылады. Біз осы әдістерді тәжірибеде қолданудың ерекшеліктері мен кемшіліктеріне тоқталамыз.

Дисконттау мөлшерлемесін түзету әдісі болашақтағы ақша ағындарын қазіргі уақытқа неғұрлым жоғары мөлшерлеменен келтіруді қарастырады. Алайда, мүмкін болатын тәуекел деңгейі (ақырғы экономикалық нәтижелердің мүмкін болатын ауытқуы) туралы ешқандай ақпарат бермейді.

Нақты эквиваленттер әдісі, алдыңғы әдіске қарағанда, дисконт шамасын емес, инвестициялық жобаның ақша ағындарының шамасын түзетуді қарастырады. Осы мақсатта әрбір жоспарланатын t мерзімі үшін α арнайы төмендетуші коэффициенттер есептеледі. Есептеу тәсілдерінің бірі – t кезеңіндегі тәуекелсіз салымдар (операциялар) бойынша таза ақша ағыстарының осы t кезеңіндегі жоспарланған таза ақша ағыстарына қатынасы болып табылады. Бұл әдіс, ақша ағындары тәуекелсіз салымдардың кірістері ретінде қарастыратындықтан, инвестициялық жобаның тиімділігін талдауды белгісіздік және тәуекел жағдайында жүргізуге мүмкіндік бермейді.

Тиімділік көрсеткіштерінің сезімталдығын талдау әдісі, инвестициялық жобаның басты айнымалыларының әсерін сандық негізде бағалауға мүмкіндік береді. Берілген әдістің негізгі кемшілігі – инвестициялық жобаның бір өлшемінің өзгерісі жағдайында, қалған өлшемдерінің өзгеріссіз қалуы. Ал бұндай жағдай, тәжірибеде сирек кездеседі.

Сценарийлер әдісі сезімталдықты талдау әдісінің негізгі кемшілігін жоюға мүмкіндік береді. Себебі, бұл әдістің көмегімен тәуекел факторларының өзгерісінің әсерін ескеруге болады. Сценарийлер әдісінің негізгі кемшіліктері бар: біріншіден, әрбір даму сценарийі үшін ақпаратты таңдау және сараптамалық өңдеу бойынша үлкен көлемді жұмысты орындау қажет; екіншіден, даму сценарийлерін таңдауда субъективтілік үлесінің басымдылығы.

MAXIMIN критерийі (Вальд критерийі) инвестордың тәуекелін минималдайды, алайда, бұл әдісті пайдаланғанда тиімділігі жоғары болып табылатын көптеген инвестициялық жобаларды қабылдаудан негізсіз бас тартамыз. Бұл әдіс инвестициялық жобаның тиімділігін жасанды түрде төмендетеді, сондықтан оны кепілдендірілген нәтижеге қол жеткізу қажеттілігі туралы сөз қозғалғанда пайдаланған мақсатты.

MINIMAX критерийі (Сэвидж критерийі), MAXIMIN критерийіне қарағанда, тек жоғалтуларды төмендетуге ғана емес, сондай-ақ, пайданы жоғалтуды төмендетуге бағытталған. Ол қосымша пайданы алу үшін, белгілі бір дәрежеде тәуекелге бел бууды қарастырады. Бұл критерий, инвестициялық жобаның шешімін қабылдағанда, сыртқы ортаның жағымсыз дамуымен байланысты тәуекелін ескермейді.

Гурвиц критерийі сызықтық комбинация көмегімен MAXIMIN және MINIMAX критерийлері арасында баланс орнатады. Бұл әдісті пайдаланғанда, көпшілік сценарийлердің ішінен, минималды және максималды тиімділікті көрсететін ИЖ таңдалып алынады. NPV көрсеткіші бойынша оңтайлы ИЖ таңдау келесі формула арқылы жүзеге асады:

$$ИЖ_{opt} = \{ИЖ_j | \max_j [(1 - \lambda) \min_i NPV_{ji} + \lambda \max_i NPV_{ji}]\}, \quad (6.3.1)$$

мұнда, $\lambda \in [0,1]$ – пессимизм-оптимизм коэффициенті, басқарушының тәуекелге қатысты бейімділігін білдіреді. Егер, бейімділік нақты анықталмаса, онда, $\lambda = 0,5$. $\lambda = 0$. (Вальд нүктесі) болғанда, гурвиц критерийі максимин критерийімен, ал $\lambda = 1$. болғанда, максимакс критерийімен сәйкес келеді. Жоғарыда қарастырылған ойындар теориясы әдістерінің ортақ кемшілігі – даму сценарийлерінің шектеулі саны қарастырылатындығында.

«Шешімдер ағашын» құрастыру әдісі сценарийлер әдісіне ұқсас келеді және сыртқы орта динамикасын көпнұсқалы болжауға негізделген. Бұл әдістің бір айырмашылығы мынада: ұйым, қажетті жағдайда, жобаның жүзеге асырылу қадамдарын өзгертуі мүмкін. Алайда, бұл әдістің бірқатар кемшіліктері бар: біріншіден, зерттелетін «шешімдер ағашының» көлемі үлкен болған жағдайда, әдістің техникалық күрделілігі; екіншіден, мүмкіндікті бағалауда субъективтіліктің жоғары деңгейі.

Монте-Карло әдісі бойынша үлгілеу – тәуекел жағдайында инвестициялық шешімдерді бағалаудың кең тараған әдістерінің бірі. Монте-Карло әдісі бойынша инвестициялық жобаның көптеген нұсқалары қарастырылатындықтан, ол мүмкіндіктерді не-

ғұрлым нақты бағалайды. Алайда, тәжірибеде қолданғанда, бұл әдістің кемшіліктерін келесі негізгі себептермен түсіндіруге болады:

- мүмкіндіктерді бөлу заңдарына қатысты, алынған нәтижелердің жоғары сезімталдығы;
- заманауи бағдарламалық құралдар мүмкіндіктерді бөлу заңдары мен ондаған айнымалылардың коррелициясын ескерген жағдайда да, олардың шынайылығын тәжірибелік зерттеп, бағалауға мүмкіндік бермейді;
- жоғарыда аталған екі себептің салдарынан, инвестициялық шешімдердің қате қабылдануы мүмкін.

Белгісіздік жағдайында шешім қабылдау үшін *нақсыз қосындылар теориясының әдістері* пайдаланылады. Бұл әдістің негізгі артықшылықтары келесідей:

- қабылданатын инвестициялық шешімдердің шынайылығы мен сапасын жоғарылатуға мүмкіндік беретін қол жетімді барлық ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді;
- инвестициялық жобаның мүмкін болатын даму сценарийлерінің толық спектрін қалыптастырады;
- инвестициялық жобаның оңтайлы қоржынын қалыптастыру міндетін шешуде бірақатар артықшылықтары бар.

Сараптамалық бағалау әдісі, инвестициялық тәуекелдің болу мүмкіндігін бағалау үшін қолданылады. Бұл жұмысты жүргізу үшін, мәселенің мән-жайын жақсы білетін, кем дегенде, үш сарапшының қатысуы керек. Атап айтқанда, ұйымның басқарушысы, экономикалық сұрақтармен айналысатын территория әкімшілігінің қызметкері, жоғары білікті маман және т.б. сарапшы бола алады. Жеке жұмыс жасайтын әрбір сарапшыға, жобаға әсер ететін жалпы тәуекелдердің тізімі беріледі. Сарапшылардың міндеті – берілген тәуекелдердің болу мүмкіндігін белгілі бір бағалау жүйесі бойынша бағалау болып табылады. Сарапшылар бағаларының қарама-қайшы еместігін талдау үшін, келесі ережелерді ескереміз:

1-ереже: $\max |A_i - B_i| \leq 50$; $i=1, \dots, n$ (мұндағы A_i және B_i – i -тәуекеліне қатысты екі сарапшының бағалары) – кез келген

фактор бойынша екі сарапшы берген бағалардың арасындағы максималды айырма 50-ден кем болуы керек. Салыстыру модуль бойынша жүргізіледі («қосу» немесе «алу» белгілері ескерілмейді). Бұл ереже жеке тәуекелдің болу мүмкіндігін бағалауда, айырмашылықтарды жоюға бағытталған.

2-ереже: $\sum |A_i - B_i| / n \leq 25$ – сарапшылардың орташа келісілген бағасын анықтауға бағытталған. Бұл ереже 1-ші ереже орындалғаннан кейін пайдаланылады. Айырмашылықтарды есептеу үшін, бағалар модуль бойынша қосылады, ал алынған нәтиже, жобаның барлық жай инвестициялық тәуекелдер санына бөлінеді. Егер, алынған өлшем 25-тен аспаса, онда сарапшылардың бағасы біріне-бірі қарама-қайшы емес даген қорытынды шығаруға болады.

Барлығы, 3 (үш сарапшы болғанда) пікірлерді жұптық салыстыру жасалу керек: 1-ші және 2-ші, 1-ші және 3-ші, 2-ші және 3-ші сарапшы үшін. Егер, сарапшылардың пікірлері арасында қарама-қайшылықтар болса (1 және 2 ережелердің орындалмауы), онда нақты позицияны белгілеу үшін, бұл сұрақ кеңесте талқыға салынады.

Бұл әдіс бойынша, жай тәуекелдердің басымдылық дәрежесі бойынша, үлес салмақтары анықталады.

Сараптамалық әдісті пайдалануда туындайтын негізгі мәселе, алынған нәтижелердің объективтілігі мен нақтылығымен байланысты. Бұл, сарапшыларды сапасыз іріктеу, топтық талқыға салу мүмкіндігі, белгілі бір пікірдің басымдылығы сияқты факторларға тікелей байланысты.

Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалаудың әртүрлі әдістерін қарастырып, біз мынадай қорытындыға келдік:

1. Инвестициялық есептеулер бойынша, тәжірибеде кең қолданысқа енген ақша ағындарын дисконттау әдісі, инвестициялық жоба нәтижелерінің мүмкіндік сипатын ескермейді. Бұл әдіс, әсіресе, белгісіздік пен жоғары тәуекел жағдайына бейімделмеген.

2. Отандық және шетелдік зерттеушілердің тәжірибесі көрсеткендей, нақты инвестицияларды басқару міндеттерін шешуде, мүмкіндік тәсілдерінің сенімсіз құрал екендігін мойындау қажет.

3. Жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді жою үшін, нақсыз қосындылар теориясының жетістіктерін келесі шарттарды ескеріп

пайдалану керек: біріншіден, инвестициялық үдерістің мүмкін болатын сценарийлерінің толық спектрін қалыптастыру керек; екіншіден, шешім қабылдау, жобаның тиімділігін екі критериймен емес, жиынтық бағалау арқылы жүргізілуі керек.



6.5 Жобалық тәуекелдерді басқару

Жобалық тәуекелдің дәрежесін төмендету үшін әр алуан тәсілдер қолданылады:

1. Диверсификация инвестицияланатын қаражатты өзара тікелей байланыссыз әр алуан салым объектілерінің арасында капиталдың немесе одан түсетін табыстың ықтимал жоғалу тәуекелін төмендету мақсатында бөлуді білдіреді. Диверсификация капиталды әр алуан қызметтер түрлерінің арасында бөлу барысында тәуекелдің бір бөлігінен қорғанып қалуға мүмкіндік береді.

Инвестициялық жобаны құрған кезде тәуекелді бөлудің келесідей түрлерін ұсынуға болады:

- қызмет түрлерін диверсификациялау;
- тұтынушыларды диверсификациялау;
- жабдықтаушыларды диверсификациялау;
- қатысушылар санын кеңейту.

Белгілі бір жобамен байланысты кез келген шешімді қабылдау үшін, ең алдымен, осы жобаның басқа жобалармен және іс-әрекет етіп жатқан кәсіпорындардың қызметінің түрлерімен өзара байланысын қарастырған жөн.

Жобалық тәуекелді оның қатысушылары арасында бөлісу – тәуекелді төмендетудің тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Тәуекелді бөлісу жобаның қаржылық жоспары мен келісімшарттық құжаттарды әзірлеген кезде ресімделеді. Тәуекелді бөлісу мәселесі, инвестициялық жобада мүдделері әр түрлі, кем дегенде, екі қатысушының болуымен байланысты.

Тәуекелді бөлісуді, сондай-ақ, жабдықтаушылар кеңістігінде де, тұтынушылар кеңістігінде де диверсификациялау көмегімен ұйымдастыруға болады. Жабдықтаушылар кеңістігіндегі дивер-

сификацияның мәні – шикізат пен материалдардың жеткізілуіне байланысты бірнеше келісімшартқа отыру, бұл кәсіпорынның үздіксіз жұмыс жасауын қамтамасыз етеді. Тұтынушылар кеңістігіндегі диверсификация – нарықтың әр түрлі сегменттеріне шығуды білдіреді, егер бір нарықтағы сұраныс төмендеген жағдайда, ол кәсіпорынның кірісі мен пайдасына елеулі әсерін тигізбейді.

2. Тәуекелдерден жалтару. Тәуекелдерден жалтару әдістерінің ішінен, ең алдымен, сақтандыруды атап айтуға болады. Сақтандырудың мәні мынаған келіп саяды: инвестор тәуекелден қашу үшін табысының бір бөлігінен бас тартуға даяр, яғни тәуекел дәрежесін нольге дейін төмендету үшін ақша төлеуге даяр.

Тәуекелдерді сақтандырудың екі түрін ажыратады:

- саяси тәуекелдерден сақтандыру;
- қаржылық және коммерциялық тәуекелдерден сақтандыру.

Сақтандырудың шетелдік тәжірибесінде жобалық тәуекелдерді толық сақтандыру қолданылады. Қазақстандық заңнамаға сәйкес, жобалық тәуекелдерді тек қана ішінара сақтандыруға мүмкіндік бар: мысалы, ғимараттарды, құрал-жабдықтарды, кейбір төтенше жағдайлардан сақтандыру және т.б.

3. Қаражатты резервілеу тәуекел жағдайлардың теріс салдарының төмендеу тәсілі ретінде жеке меншік айналымдық қаржы есебінде шығындарды қайтаруда оқашу қорларын кәсіпкер құрады.

Ереже ретінде, тәуекелдің төмендеуі бойынша таңдалады, қаражатты резервілеуде шығындар сақтандыру жарнасына қарағанда аз. Маңыздылығы бойынша қаржыны резервілеу сақтандыру қорын құруда орталықтандырылған формасын береді, сондықтан резервілеуді жиі сақтандыру деп атайды. Резервті қаржы қорлары белгісіз шығындар пайда болған жағдайда құрылады, дебиторлық және кредиторлық қарыздарды және басқаларды жабуға қажет. Резервілеудің маңызды сипаттарының бірі есепте және сақтандыру қорларының оңтайлы шамасын қалыптастыруда қорытындылануы тәуекелді төмендеу әдісі ретінде, ал бұл енді айналым қаржыларын басқарумен ұштасқан. Резерв шамасының оңтайлануы бойынша тапсырмасы қолар басқару теориясымен байланысты. Кез келген жағдайда резервілеуде шығынның пайда болудың қайнары кәсіп-

орынның меншікті кірісі болып табылады. Қорлар құруда бұл жинақталған кіріс, мұндай қорлар жоқ жағдайда және тәуекел жағдайлардың келуі бұл – алынбаған кіріс.

Төмендегі кестеде ресейлік сарапшылар ұсынған, жобаны зерттеумен байланысты күтпеген шығындардың шамалары көрсетілген:

Материалдық қорларды резервілеу – үздіксіз өндірісті қамтамасыз ететін шикізат пен материалдардың қорларын қалыптастыруды білдіреді.

Кесте 6.5.1- Күтпеген шығындардың мөлшері

№	Аталуы	Күтпеген шығындардың өзгерісі, %
1	Шығындар/отандық орындаушылардың жұмыс мерзімінің ұзақтығы	+20
2	Шығындар/шетелдік орындаушылардың жұмыс мерзімінің ұзақтығы	+20
3	Тікелей өндірістік шығындарды арттыру	+10
4	Өндірісті төмендету	-20
5	Несие үшін пайызды арттыру	+20

4. Тәуекелдерді шектеу – бұл тәуекелдерді оқшаулау мақсатында белгілі бір қызмет түрлерінің пайда болуын айтады. Мысалы, тәуекелділігі жоғары жаңа инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін жеке фирманы құру.

Тәуекелдерді басқару шараларын жүзеге асыру үшін, тәуекелдердің терең әрі сапалы сараптамасын жүргізу керектігін ескерген жөн.

5. Тәуекелдерді сақтандыру. Шетелдерде кеңінен тараған кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру практикасы біртіндеп біздің елге де келе бастады. Сақтандырудың осы түрінің экономикалық пайдасы алдағы уақытта қазақстандық кәсіпорындардың қалыпты жұмыс практикасына айналатынын шетел тәжірибесі көрсетіп отыр. Сақтандырудың бұл түрі шаруашылықты жүргізетін субъектілердің қаржылық жағдайына қолайсыз жағдайлардың ешқандай ықпал етпейтін талаптарды қамтамасыз етеді.

Кәсіпкерлік тәуекелді сақтандырудың бірнеше ерекшеліктері бар.

ҚР АҚ-нің 810-бабына сәйкес кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру шартымен тек сақтанушы өз кәсіпкерлік тәуекелін және өз пайдасын ғана сақтандыра алады.

Кәсіпорынды тәуекелден қауіпсіздендірудің бір тәсілі – сақтандыру бағдарламасын қалыптастыру. Ол үшін компания қызметін талдап, оған сипатты тәуекелдерді анықтап алу керек. Олар өз кезегінде компания шешуге дайын тәуекел және міндетті түрде сақтандырылатын тәуекелдерге бөлінеді.

Көп жағдайда сақтандыру бағдарламасы мыналарды сақтандырады:

- құрылыс-монтаждық, іске қосып реттейтін тәуекелдерді және кепілді міндеттемелерді;
- мүліктерді;
- құрылғыларды бүлінуден;
- азаматтық жауапкершіліктерді;
- жетекші қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын.

Өз кезегінде, кәсіпкерлік тәуекел сақтандырудың мынадай әдістерін қолдана отырып, тоқтатылуы немесе төмендеуі мүмкін:

Кәсіпорынды бос тұрып қалудан сақтандыру есебінен. Сақтандырудың бұл түрі әр түрлі сақтандыру жағдайларынан тууы ықтимал шығындарды: коммерциялық факторларды (өндірістің шикізат пен материалдарды толық және өз уақытында жеткізбеу салдарынан тоқтатылуы, нарық конъюнктурасының өзгеруі, неғұрлым жедел міндеттемелерді реттейтін қаржы көздерінің тапшылығы), саяси факторларды (соғыс, көтерілістер), табиғи факторларды (климаттық ыңғайсыз жағдайлар) жабады. Өндірістің тұрып қалу мерзімі сақтандыру ережелерімен белгіленетінін, мұндайда сақтандырушы тиісті залалды, яғни ала алмаған өндіріс пайдасын өтеуді өз жауапкершілігіне алатынын міндетті түрде атап өту керек. Бірақ сақтандыру жағдайларын, көбінесе ағымдағы шығыстарды (жұмысшылар мен қызметкерлердің жалақысы, салықтар мен алымдар, үй-жайды жалға алу төлемдері) жүзеге асырудың шарамсыздығы мен қажеттілігін топтастырудың белгілі өзгешеліктері бар.

Сақтандырудың басқа да жағдайларына жаңа технологияларды енгізу, қарсы агенттер тарапынан қаржылық міндеттемелерді

орындамау салдарынан шығынға ұшыраған табыс (алынбаған табыс сомасы) жатуы мүмкін.

Мұндай жағдайларда табыстың шығындалмауын сақтандыру ала алмаған табыстың өтемақысын, сондай-ақ сақтандырушы фирманың ағымдық шығыстарын және оның табысты төмендету шараларына байланысты қосымша шығындарын қарастырады.

Сақтандыруға жататын басқа да жағдайлар бар, атап айтсақ, кәсіпкерлік қызметтің жеке түрлерін сақтандыру (жеткізуші немесе қарсы агенттер жағынан міндеттемелерді орындамау), бүлінулерден сақтайтын құрылғылар мен машиналарды сақтандыру (сақтандыру құрылымды монтаждау немесе оны пайдалану кезінде жүзеге асады), кәсіпорын қызметінің өзгешеліктеріне байланысты сақтандыру (мысалы, мұнай орындары мен таулы полиметалл орындарын табу). Барлық аталған жағдайларға байланысты сақтандырудың мән-жайы кәсіпорынның келісім-шартта немесе басқа да келісімдерде көрсетілген белгілі бір іс-әрекеттерді орындамау салдарынан қандай да бір мүліктің бұзылуы немесе жарамсыз болуына әкеп соғатын залалдан тұрады.

Басқа да тәуекел топтарын қаржылық тәуекел – қаржы операцияларына тән тәуекел жиынтығы (валюталық тәуекел, пайыздық салымның өзгеру тәуекелі) қалыптастырады.

Кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру өз еркімен сақтандыру тобына кіреді, оның шарттары мен тәртібі сақтандыру ұйымы (сақтандырушы) мен сақтанушы арасындағы келісім, сақтандыру шартының жазбаша нысанында және сақтандыру ұйымдары дайындаған, сақтандыру ұйымдарының қызметін қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органдармен келісілген сақтандыру Ережелері негізінде белгіленеді.

Қазіргі уақытта осындай орган 04.07.2003 жылғы № 474-ІІ «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен 31.12.2003 жылғы № 1270 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін ары қарай жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес құрылған Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі болып табылады.

Сақтанушы сақтандырушымен шарт жасағаннан кейін, сақтанушы сақтандыру шартының талаптарымен, сақтанушымен қатар сақтандырушының да құқықтары мен міндеттемелерімен толық танысуы тиіс.

Шарт жасасу кезінде сақтандыру оқиғалары болып табылатын жағдайларға, олардың ерекшеліктері мен сақтандыру шектеулеріне көңіл бөлу керек. Сақтандыру ұйымы әртүрлі соғыс қимылдарының немесе әскери шаралар мен көтерілістер, бүліктер, халық толқулары мен ереуілдердің зардаптарына шарт бойынша жауап бермейді.

Сондай-ақ шартта сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті құжаттар тізімі, төлеу тәртібі мен талаптары, сақтандыру жағдайы туған кездегі сақтанушының іс-әрекеті көрсетілуі тиіс.

Сақтандыру компаниясының жауапкершілік аясы (ең жоғарғы төлем сомасының мөлшері) сарапшылық жолмен белгіленетін қызметті тоқтату мүмкіндігінің ең жоғарғы мерзімі үшін берілген бухгалтерлік есеп-қисап негізінде есептелген залал мен ала алмаған пайда сомасындай анықталады. Сонымен қатар сақтандыру компаниясымен франшиза қаралады.

Шарт жасасу кезінде ең жоғарғы төлем сомасынан күндік, тіпті пайыздық болып анықталатын белгіленген франшиза мөлшеріне ерекше көңіл бөлу керек.

Сақтандыру тарифі сақтандыру компаниясымен мыналарға байланысты бекітіледі:

- осы кәсіпорын қарайтын халық шаруашылығы саласына;
- тоқтаған өндірістің ең жоғарғы сақтандыру кезеңіне;
- франшизаның белгіленген мөлшеріне.

Келісім бойынша сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы сақтандыру шартының «ерекше талаптар» бөлімінде Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі мен қолданыстағы заңнама нормасына қайшы келмейтін басқа да талаптар көзделуі мүмкін.

Қазіргі практикада сақтандыру үрдісі компания активтері мен пассивтерін жалпы басқарумен өзара тығыз байланысты және кәсіпкерлік тәуекелді жою, ең болмаса, төмендетуге бағытталған барлық іс-әрекеттер жиынтығын қамтиды. Қазақстанда кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру автокөлікті, мүлікті, жауапкершілікті т.б.

сақтандыру түрлері сияқты көп таралмаған. Бірақ сақтандырудың осы түрі экономикалық жағынан тиімді және жуық арада кәсіпорын жұмысында қалыпты қаржылық практикаға енетінін шетел тәжірибесі көрсетіп отыр.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

1. Тәуекел ұғымының мәні мен мазмұнын негіздеңіз.
2. Тәуекел және белгісіздік категорияларының айырмашылығы неде?
3. Инвестициялық жобаларға қандай тәуекелдер әсер етуі мүмкін?
4. Инвестициялық тәуекелдердің түрлерін атаңыз.
5. Тәуекел және белгісіздік жағдайында инвестициялық жобаларды бағалау әдістерін атаңыз?
6. Аталған әдістердің қайсысын қолданған тиімді?
7. Тәжірибе жүзінде инвестициялық жобаларды тәуекел жағдайында бағалау үшін қандай әдістер қолданған тиімді?
8. Жобаларды басқарудың әдістерін атаңыз.
9. Инфляция жағдайында жобалардың тиімділігі қалай бағаланады?
10. Инвестициялық жобалардың тиімділігіне инфляцияның әсері қандай?

7 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ БАСҚАРУ



Жобаларды басқару әдістері

Жобаларды басқару (project management) – бұл жобаның қойылған нәтижесіне жету мақсатында адами және материалдық ресурстарды тиімді басқару және үйлестіру үрдістері.

1987 жылдан бастап жобалық қызмет стандартталған. Нақты осы жылы ең бірінші басқару жобалары құрылды (Guide to the Project Management Body of Knowledge, *PMBOK*® Guide). Осы стандарт бойынша әлемге белгілі АҚШ-та (Project Management Institute, PMI) жобалық басқару Институты ашылды. Берілген жоба Американың ұлттық стандарты болып табылады. PMBOK-та үнемі басқару жобасына өзгертулер енгізіліп тұрады. Қаңтар айының 2013 жылдан бері қалып стандартының бесінші түрі қызмет жасайды.

Жобалық басқару бойынша тағы әлемнің 12 мемлекеті өзінің ұлттық стандартын қабылдады. Әлемнің үлкен бөлігі PMBOK-ты қолданады. Швейцариядағы Жобалық Басқарудың Халықаралық Ассоциациясы көп мөлшерде сұранысты қажет етеді.

Жобаны басқарудың алтын ережесі.

1. Нақты бастама. Жобаны іске асыру кезінде міндетті түрде орындау ретін жүзеге асыру қажет.

2. Жобаға қызығушылық білдірушілермен жұмыс. Жобаға кімнің қызығушылығы артқандығын және жобаны қаржыландырушыны анықтау. Егер менеджер жобаға жұмылдырушыларға алдына қойылған мақсаттарын себеп-салдарын білмесе онда менеджердің жобасы құлдырауға ұшырайды.

3. Жобаны қолдану аймағы. Орындаушы өзінің жұмыс істейтін аумағында бизнес-мақсатпен қандай байланысы бар екенін анықтауы керек.

4. Жоспар. Жасалып жатқан жобаға байланысты толық жоспар яғни жақын арада жүзеге асырылатын толық немесе микро жоспар.

5. Қауіп-қатерді басқару. Кез-келген жобаны дайындау барысында оған анализ жасап оның құлдырауға ұшырамайтындығына көз жеткізу қажет. Егер жобаға ешқандай қиындықтар туындамаса, онда жобаға кететін 90 пайыз жұмыстың 10 пайызы таратылады, ал жұмыстың соңғы 10 пайызы, 90 пайыз жұмсалуды талап етеді.

6. Топтарды таңдап алу. Топтарды таңдау кезінде топтың белсенділігін анықтау керек. Топ мүшелерін таңдағанда жеке адамның мамандандырылғанына және топпен жұмыс істей алатындығына көз жеткізу керек.

7. Топты рухани қолдау. Жобада әр қашан мен деген ұғым жоқ тек қана біз деген ұғым бар. Ең бірінші жобаны қандай мақсатта құрылғандығын анықтап алып оған қандай адамдар қатысатынын біліп алу керек. Осыдан топтың әр мүшесінің ұжымдық жауап ершілігін анықтау керек және осы арқылы оладың жұмыстарына баға беру керек. Топқа керекті жұмыс аймағын құру керек және топтардың әр істеген жұмысы үшін алғыс айту керек.

8. Қарым-қатынас кезіндегі өзіне сенімділік және адалдық. Қарым – қатынас кезінде адалдық өте маңызды. Түсініспеушілік болдырмауға тырысу керек. Егер, осындай мәселе туындаса одан оңай құтылудың жолын іздеу керек.

9. Жобаға қатысты жұмыстың орындалу сапасын қолдану. Жобаны дайындау кезінде жұмыстың орындалу стандарттары мен кезендері сипатталуы керек. Осыдан тапсырыс берушінің құжат жүзінде бекітілуі өте маңызды.

10. Құжаттарды дайындау. Мәжіліс жүрген кездегі барлық құжаттарды жинау керек және бұл құжаттардың барлығын қағаз жүзінде сақтау керек.

11. Жобаны аяқтау жоспары. Жобаны аяқтау сатысы барлық қорытындылауларды өзіне қосады. Жобаны аяқтауды ертеден ойластыру қажет. Қорытындылау кезі адамдардың есінде қалуы керек. Сонында жобаға байланысты үш негізгі сұраққа жауап іздеу керек яғни олар: жұмыс кезінде не жақсы жасалды? Не жаман жасалды? және нені тағы жасау керек?

Жобаны жүйе ретінде қарастыратын болсақ, ол көптеген басқару объектілеріне бағытталған қосалқы жүйелерден тұрады:

– адам ресурстарын басқарудың қосалқы жүйесі – жобаның тиімді жүзеге асырылуы мен аяқталуы мақсатында ұйымдастырушылық жоспарлау, жобаның кадрлық қамсыздандырылуы, сондай-ақ, еңбек ресурстарын бақылау мен ынталандыру қызметін атқарады. Бұл шағын жүйе жобадағы адам ресурстарының қызметін басқару мен үйлестіруге бағытталған және басқарудың стильдерін, ынталандыру әдістерін, әкімшілік әдістерін, кадрлардың мамандану дәрежесін көтеру және қайта даярлауды қамтиды;

– техникалық (технологиялық) қосалқы жүйе келесі негізгі қызметтерді атқарады: технологиялық әлуетті пайдалануды оңтайландыру, технологиялық әлуетті өсіру, технологиялық әлуетті қорғау және т.б.;

– жобаның экономикалық қосалқы жүйесі – жоба бойынша шығындарды жоспарлау және бақылау қызметін атқарады: жобаның шығындарын алдын ала бағалау, сметаны жасау, қаржыландыру көздерін анықтау, ақша ағындарын жоспарлау, табыс пен пайданы болжау және т.б.;

– ұйымдастырушылық қосалқы жүйе – жобаның міндеттерін жүзеге асыру мақсатында функционалдық рөлдер мен қарым-қатынастарды бөлуді қарастыратын құрылым;

– жобаның маркетингтік қосалқы жүйесі – жобаны тиімді басқарудың негізін құрайды, оның міндеттері: жоба өнімінің нарығын анықтау, жобаның бәсекелік артықшылықтарын анықтау, жобаның стратегиясын қалыптастыру, жобаның нәтижесін болжау және т.б.;

– жобаны қаржыландырудың қосалқы жүйесі немесе қаржылық менеджмент – бұл шаруашылық жүргізуші субъектісінің стратегиялық және тактикалық мақсаттарына жету үшін қаржы ресурстарын басқару үрдісі болып табылады. Қаржылық менеджменттің негізгі бағыттарына қаржылық іс-әрекетті талдау және қаржылық бақылау (төлем қабілеттілігінің, өтімділігінің, табыстылығының және т.б. бағасы), талдаудың негізінде шешім қабылдау, қаржылық жоспарлау, жобаны қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету, қаржылық ресурстарды бөлу (инвестициялық саясат және активтерді басқару) жатады;

– сағып алулар мен тапсырыстарды басқарудың қосалқы жүйесі келесі міндеттерді атқарады: материалды-техникалық қамсыздандыруды жоспарлау, келісімшарттарды бекіту, есепті ұйымдастыру, тауарларды жеткізу және сақтау, есеп пен бақылауды қамтамасыз ету, келісімшарттарды жабу және т.б.;

– қоғаммен байланыс қосалқы жүйесінің негізгі міндеті – жобаның сәтті жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін, оңтайлы құрылымдалған байланыс есебінен әлеуметтік-мәдени кеңістіктің үндестігіне жетуге бағытталған.

Жобаларды басқару үрдісін 6 негізгі топқа топтауға болады:

– бастамашылық үрдісі – жобаны орындау туралы шешім қабылдау;

– жоспарлау үрдісі – жобаның мақсаттары мен сол мақсаттарға жетудің жолдарын анықтау;

– орындау үрдісі – жоспарды орындау үшін адамдар және басқа ресурстарды үйлестіру;

– талдау үрдісі – жобаның қойылған мақсаттарға сәйкес орындалуын анықтау;

– басқару үрдісі – жобаға қатысты қажетті түзетулерді анықтау, оларды бекіту және қолдану;

– аяқтау үрдісі – жобаның жоспарға сай орындалуын қорытындылау.

Жобаларды басқару әдістері - желілік жоспарлау мен басқару, күнтізбелік жоспарлау, логистика, стандартты және құрылымдық жоспарлау, ресурстық жоспарлау, ЭЕМ-да имитациялық үлгілеу және т.б. әдістерін қамтиды.

Жобаларды басқару әдістері төменде көрсетілген іс-әрекеттердің орындалуына мүмкіндік береді:

– жобаның мақсаттарын анықтау және оның негіздемесін жасау;

– жобаның құрылымын айқындау;

– қаржыландырудың көздері мен қажетті көлемін анықтау;

– жобаның орындаушыларын іріктеу;

– келісімшарттарды дайындау және бекіту;

– жобаның орындалу мерзімін анықтау;

– жобаның жүзеге асырылу графигін құру;

- қажетті ресурстарды есептеу;
- жобаның бюджеті мен сметасын есептеу;
- тәуекелдерді жоспарлау және ескеру;
- жобаның орындалуын бақылау және т.б.

Осындай әдістерді қолдану арқылы тағы да басқа жобаларды жүзеге асыруға және одан да жақсы жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Жобаны басқару негізінде жұмысшылардың біліктілігін арттыруға шешім қабылдаған компаниялар өндіріс орындарының жобалық деңгейін білуі керек.



Жобаларды басқарудың ұйымдастырушылық құрылымдары

Жобаның ұйымдастырушылық құрылымы жобаның сәтті орындалуына белгілі бір дәрежеде әсер етеді. Ұйымдастырушылық құрылым деп – ұйым элементтерінің жиынтығын және олардың өзара байланысын айтамыз. Құрылымдық қызметтер мен бөлімшелер арасындағы байланыстар тік (әкімшілік-қызметтік) немесе көлденен (технологиялық) болуы мүмкін.


Жобаларды басқарудың ұйымдастырушылық құрылымының ортақ қағидаттарына келесілер жатады:

- ұйымдастырушылық құрылымның жобаның қатысушылары арасындағы өзара қарым-қатынастық жүйесіне сәйкестігі;
- ұйымдастырушылық құрылымның жобаның мазмұнына сәйкестігі;
- ұйымдастырушылық құрылымның сыртқы ортаның талаптарына сәйкестігі.

Жобаларды басқарудың төмендегідей ұйымдастырушылық құрылымдарын атап айтуға болады:

1. Жобаларды басқарудың *функционалдық құрылымы* – ұйымның функционалды иерархиялық құрылымның болуын қарастырады. Жобаның менеджері жұмыстардың жалпы бағдарлануын жүзеге асырады.

Функционалды ұйымдастырушылық құрылымның мысалы 7.2.1 сызба-нұсқада көрсетілген.



Сурет 7.2.1. Басқарудың функционалды құрылымы

Функционалды ұйымдастырушылық құрылымның артықшылықтары мен кемшіліктері төмендегі кестеде (7.2.1) көрсетілген.

Функционалды ұйымдастырушылық құрылымның кемшіліктерін жою үшін, көлденең ықпалдастықты күшейтуге мүмкіндік беретін механизмдер қолданылады.

Кесте 7.2.1- Функционалды құрылымның ерекшеліктері

Артықшылықтары	Кемшіліктері
Іскерлік және кәсіби мамандануды ынталандырады	Функционалды оңашалануды ынталандырады
Функционалды салада ресурстарды тиімді пайдалануды арттырады	Функционалдық шиеленістердің санын арттырады, ортақ мақсаттарға жету тиімділігін төмендетеді
Функционалды салада үйлестіруді жақсартады	Жеке қатысушылар арасындағы байланыстың тиімділігін төмендетеді
Функционалды салада операцияларды орындау технологиялығының артуын ынталандырады	Белгіленген функционалды технологиялық кешенді мәселелердің шешілуіне мүмкіндік туғызбайды
Қызметкерлердің кәсіби деңгейінің жетілдірілуі және өсуі нақты белгіленген	Жобаны жүзеге асыру үшін қызметкерлерді тартқанда, олар мотивацияны төмендетеді

Функционалды құрылымның неғұрлым жиі қолданылатын көлденең ықпалдасудың механизмдері делдалдар мен командалар мысал бола алады.

1. Жобаларды басқарудың *дивизионалды құрылымы* – аймақтық, өнімдік немесе технологиялық сипаттамалары бойынша қалыптасқан функционалды құрылымның бір түрі.

Бұл құрылымдарға мыналарды жатқызуға болады:

- тұтынушыларға бағдарланған құрылымдар;
- аймақтық ұйымдастырушылық құрылымдар;
- әртүрлі нарықтар секторына бағдарланған құрылымдар

(өнімдік құрылым).

2. Өнімдік құрылым бірнеше автономды шаруашылық бірліктерінен тұрады. Мұндай құрылым, негізінен, нарықтағы өзіндік орында иеленуге және пайданы барынша арттыруға бағдарланған. Өнімдік бөлімшелері бар дивизионалды құрылымды құрған алғашқы компания General Motors болатын, ол 5 дербес бөлімшені қалыптастырды: «Chevrolet», «Pontiac», «Oldsmobile», «Buick» и «Cadillac».




Сурет 7.2.2. Өнімдік дивизионалды құрылым

Дивизионалды (өнімдік) құрылымның негізгі кемшілігі – өнімнің әр түрлері үшін, бірдей жұмыстарды қайталаудың нәтижесінде, шығындарға ұшырау болып табылады.


Тұтынушыға бағдарланған ұйымдастырушылық құрылым – белгілі бір тұтынушылар топтарына қызмет көрсету үшін қолданылады және олардың сұраныстарын есепке алады.

Мысалы, Ресейде ірі кітап басылымдарының арнайы мамандандырылған бөлімшелері бар. Олар үлкендер және ересектер үшін әдебиеттерді, сонымен қатар орта мектептер үшін оқулықтарды шығарады, алайда, әрбір бөлімше дербес фирма ретінде қызмет атқарады.



Сурет 7.2.3. Тұтынушыға бағдарланған дивизионалды құрылым

Басқа аймақтарда филиалдары бар ұйымдар басқарудың аймақтық дивизионалды құрылымын қолданады. Аймақтық құрылым жергілікті заңнамамен, ұйымдастырушылық мәдениеттің ерекшеліктерімен, тұтынушылардың сұраныстары мен қажеттіліктеріне байланысты мәселелердің шешілуін жеңілдетеді.



Сурет 7.2.4-Аймақтық дивизионалды құрылым

Кесте 7.2.2 – Дивизионалды құрылымның ерекшеліктері

Артықшылықтары	Кемшіліктері
Сыртқы орта жағдайларының өзгеруіне жедел жауап қайтару	Ресурстар және мамандар үшін ішкі бәсекелестік
Өндірістік құрылымдардағы стратегиялық және ағымдағы міндеттердің жанасуы	Басқару аппаратын асырау үшін шығындардың артуы
Жауапкершілік пен шешімдерді қабылдаудың жанасуы	Иерархияның өсуімен байланысты шешімдерді қабылдау үдерісі баяулайды
Аймақтық басқарушылардың өсімі үшін жағымды жағдайдың туындауы	
Бір дивизион көлемінде үйлестірудің жоғары деңгейі	

– *Жобалық құрылым* ұйымның барлық қызметі белгілі бір мақсатқа жетуге бағдарланғанда қолданылады. Мұндай құрылымда орталықтандырылған басқару принципі сақталады.



Сурет 7.2.5. Жобалық ұйымдастыру құрылымы

Кесте 7.2.3 – Жобалық құрылымның ерекшеліктері

Артықшылықтары	Кемшіліктері
Жобаның мақсатты бағыты болмағандықтан, жобаның басшысына кең өкілеттілікті қамтамасыз етеді	Ресурстарды пайдалану тиімділігі төмен

7.2.3-кестенің жалғасы

Жобаның қызметкерлері жобаның басшысына тікелей бағынады	Жобаның басшылығы әдетте кейіннен пайдаланылмайтын қосымша ресурстар қорын қалыптастырады
Қызметкерден басшыға және кері байланыс қысқарады	Функционалды салаларда технологиялық төмендейді
Жобалық басқарудың қызмет ету принципі үздіксіз сипатқа ие	Ұйымдастырушылық үрдісті жүзеге асырудың реттілігі бұзылады
Шешімдерді қабылдау бірігіп жүзеге асырылады	Жоба аяқталғаннан соң команда мүшелерінің мансаптық өмірі алаң туғызады
Жобаны басқарудың қарапайымдылығы және икемділігі	Бірнеше жобаларды бір уақытта орындағанда жоба мен оның командалары арасында жағымсыз бәсеке туындайды

4. *Матрицалық құрылым* – функционалды және жобалық құрылымдарды біріктіретін басқарудың аралық түрі. Ұйымның матрицалық құрылымының 3 түрін ажыратады:


– әлсіз матрица – жобаның менеджері жоба бойынша міндеттерді үйлестіреді, бірақ оның ресурстарға қатысты билігі шектеулі болады;

– балансталған матрица – жобаның менеджері барлық жұмыстарды үйлестіреді және функционалды бөлімшелердің басшыларымен бірге мақсаттарға жетудің жауапкершілігін бөліседі;

– қатаң матрица – жобаның менеджері жобаның міндеттерінің орындалуына толық жауапкершілікті артады.

Кесте 7.2.4 - Матрицалық құрылымның ерекшеліктері

Артықшылықтары	Кемшіліктері
Жоба және оның мақсаттары, клиенттердің сұраныстары сияқты басты назарды алады	Жобалық және функционалды құрылымдар арасында шиеленістердің болуы мүмкін
Қызметті оңтайландыру бойынша функционалды құрылымның барлық артықшылықтары сақталады	Бірнеше жобалардың қызметін үйлестіру қажеттігі туындайды, мысалы, шектеулі ресурстарды бөлу мәселесі бойынша
Жоба аяқталған соң қызметкерлердің мансабы жайлы алаңдаушылық төмендейді	Жобаның басшысы мен функционалды бөлімшелердің басшылары арасында өкілеттілікті бөлу мәселесі туындайды
Ұйымдастырушылық құрылымды икемді бағдарлауға болады: әлсіз матрицадан қатаң матрицаға дейін	Бірбастамашылық қағидаты бұзылады және ол көптеген шиеленістерді туындатады



Сурет 7.2.6. Матрицалық ұйымдастыру құрылымы

Матрицалық ұйымдастыру құрылымының өзіндік кемшіліктері мен артықшылықтары бар.

Кесте 7.2.5 – Жобалар бойынша ұйымдастырушылық құрылымдарды салыстыру

Ұйымдастырушылық құрылым Жобаның сипаттамасы	Функционалды	Матрицалық			Жобалық
		әлсіз	баланс-талған	қатаң	
Жоба басшысының өкілеттігі	Төмен	Шектелген	Әлсізден орташаға дейін	Әлсізден жоғарыға жейән	Жоғарыдан шектелмегенге дейін
Жобаны орындауға үшін қатысқан ұйымдастырушылық ресурстардың үлесі	0%	0% -дан 25%-ға дейін	15-тен 60%-ға дейін	50%-дан 95%-ға дейін	85%-тен 100%-ға дейін
Жоба басшысының ролі	Уақытша	Уақытша	Тұрақты	Тұрақты	Тұрақты

7.2.5-кестенің жалғасы

Жоба басшысының аталуы	Үйлестіруші/Жобаның көшбасшысы	Үйлестіруші/Жобаның көшбасшысы	Жоба менеджері/Жобаның басшысы	Жоба менеджері/Бағдарламаның басшысы	Жоба менеджері/Бағдарламаның басшысы
Жоба командасының мәртебесі	Уақытша	Уақытша	Уақытша	Тұрақты	Тұрақты

Жобаларды басқаруда тиімді ұйымдастырушылық құрылымды таңдау үшін келесі әдістерді пайдаланамыз:

- 1) баламалар әдісі;
- 2) сараптамалық әдіс;
- 3) мақсаттарды құрылымдау әдісі;
- 4) ұйымдастырушылық үлгілеу әдісі.

Баламалар әдісі баламалы ұйымдардың басқару құрылымының тәжірибесін қолдануға негізделген.

Сараптамалық әдіс бойынша мамандандырылған сарапшылар ұйымды зерттеп және талдап, басқару аппаратының ерекшеліктері мен негізгі мәселелерін анықтайды. Бұл әдістерге сауалнама жүргізу, алынған сараптамалық бағаларды статистикоматематикалық әдістермен саралау, басқарудың ұйымдық құрылымдарын қалыптастырудың ғылыми қағидаттарын қолдану жатады.

Мақсаттарды құрылымдау әдісі ұйымның мақсаттар жүйесінің эзірленуін қарастырады. Бұл әдісті пайдалану үшін келесі кезеңдер орындалады:

- мақсаттар жүйесін эзірлеу;
- ұйымдастырушылық құрылымның ұсынылатын нұсқаларын сараптамалық талдау;
- жауапкершілік пен құқықтарды тағайындау.

Ұйымдастырушылық үлгілеу әдістерінің негізге түрлері келесідей:

- иерархиялық басқару құрылымының математико-кибернетикалық үлгілері (мысалы, көпсатылы оңтайландыру үлгісі, жүйелі, индустриалды динамиканың үлгісі);

– ұйымдастырушылық жүйенің графо-аналитикалық үлгісі (функцияларды бөлудің жүйелік, матрицалық, кестелік, графикалық суреттелуін көрсетеді);

– ұйымдастырушылық құрылымның табиғи үлгісі – шешімдерді қабылдау мақсатында жасанды жағдайларды ойластыруға негізделген. Оларға зертханалық тәжірибелер, басқарушылық ойындар т.б. жатады;

– математико-статикалық үлгілер – ұйымдар туралы эмпирикалық мәліметтерді жинауға, талдауға және өңдеуге негізделген.

Ұйымдық құрылымдарды жоспарлағанда ұйымдық құрылымдарға қойылатын негізгі талаптарды ескерген жөн:


1. Оңтайлылық. Басқарудың барлық деңгейдегі сатылары арасында оңтайлы байланыс орнығуы керек;
2. Жеделдік. Шешім қабылдау мен сол шешімді пайдаланудың аралығында ешбір кері өзгерістер орын алмауы керек;
3. Сенімділік. Басқару аппаратының құрылымы басқару жүйесіндегі байланыстың үздіксіздігін қамтамасыз етіп, шынайы ақпараттың берілуін кепілдендірілуі керек;
4. Тиімділік. Басқару аппаратына минималды шығын жұмсау қажет;
5. Икемділік. Құрылым қоршаған ортаның өзгерісіне сәйкес өзгеруі керек;
6. Тұрақтылық. Басқару құрылымы сыртқы әсерлерге қарамастан, өзінің негізгі қасиеттерін сақтауы керек.



Жобаларды жоспарлау мен басқарудың желілік әдістері


Желілік диаграмма (желі, желілік графтар, PERT-диаграмма-сы) – жобаның жұмысы мен оған тәуелділер арасындағы байланысты көрсетеді. Жобаларды жоспарлау мен басқаруда «желі» ұғымы жобаның барлық жұмыстар кешенін білдіреді.

Желілік диаграммалар жұмыстар мен олардың арасындағы байланысты көптеген шындар мен байланыстырушы сызықтар түрінде көрсетеді. Мұндай граф «шың-жұмыс» желісі деп аталады (7.3.1-сурет).



Сурет 7.3.1. «Шың-жұмыс» желісінің үзіндісі

Тәжірибеде аз қолданылатын желілік диаграммалардың басқа түрлері бар, мысалы «шың-оқиға» немесе PERT-диаграммасы (7.3.2-сурет).



Сурет 7.3.2 – «Шың-оқиға» желісінен үзінді

Желілік диаграммалар блок-схема болып табылмайды, себебі ол жұмыстар арасындағы логикалық тәуелділікті сипаттайды және қайталанатын циклдарды болдырмайды.

Желілік жоспарлаудың әдістері – жобаның ұзақтығын минимумға дейін қысқартуға негізделген әдістер болып табылады. Олар *сыншыл жол* (метод критического пути МКП – Critical Path Method) және жоспарларды бағалау және қайта қарау әдістеріне (метод

оценки и пересмотра планов PERT – Program Evaluation and Review Technique) негізделген.

Желідегі ұзақтығы бойынша толық максималды жол – сыншыл деп аталады, бұл жолда орналасқан жұмыстар да сыншыл деп аталады. Жобаның орындалу ұзақтығы сыншыл жолда жатқан жұмыстардың ұзақтығын қысқартылуы есебінен қысқара алады. Және керісінше, жұмыстарды орындау кешіктірілсе, жобаның жалпы орындалу ұзақтығы кешіктіріледі.

Сыншыл жол әдісі жұмыстар кешенінің орындалуының мүмкін болатын күнтізбелік графигін есептеуге мүмкіндік береді.

Грант диаграммасы – көлденең сыықтық диаграмма, мұнда жобаның міндеттері уақытта созылған кескіндер сипатында болады.

Желілік үлгіні әзірлеу үдерісі мыналардан тұрады:

- жоба жұмыстарының тізімдемесін әзірлеу;
- жұмыстар параметрлерін бағалау;
- жұмыстар арасындағы байланысты анықтау.

Желілік үлгінің негізгі элементі – жұмыс болып табылады. Жұмыс деп нақты нәтижені алуға бағытталған қандай да бір қызметті, іс-әрекетті танимыз. Жұмыстар мен оларды байланыстыратын әрекеттер мен жағдайлардың тәуелділігін, байланысын анықтау нәтижеінде желілік үлгі пайда болады.



Жобаларды басқарудағы ақпараттық технологиялар

Ақпараттық технологиялар деп – жетілдірілген бағдарламалық құралдардың көмегімен ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және оны пайдаланушыға дейін жеткізу үдерістерінің жиынтығын айтады.

Жобаларды басқарудың ақпараттық жүйесі дегеніміз – жобаларды басқару үдерісін қолдау және тиімділігін арттыру мақсатында әдістемелік, техникалық, бағдарламалық және ақпараттық құралдардың ұйымдастырушылық-технологиялық кешені.


Дербес компьютерлер үшін жобаларды басқару жүйесі бірнеше кезеңдерден өтті. Дербес компьютерлердің қуатының ар-

туымен қатар жүйелердің қызметі жақсарып, олардың мүмкіншіліктері артты. Жүйелер арасындағы мәліметтерді алмастыру стандарттарының енгізілуімен, жүйелік және Web-технологиялардың кең таралуымен қатар, жобаларды басқару үдерісін қолдау жүйесін ары қарай дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер пайда болды. Жобалардың күрделене түсуі, жобаларды басқарудың ақпараттық технологияларының дамуына қойылатын қосымша талаптардың пайда болуына себепші болды.

Бүгінгі таңда, жобаларды басқару үшін ақпараттық технологиялардың қолданылуы 7.4.1 суретте көрсетілген.

Жобаларды басқару үшін бағдарламалық қамсыздандырумен жабдықталған жеке компьютерлік жүйелер келесі қызметтердің орындалуын қамтамасыз ету керек:

- көпжобалы ортада жұмыс істеу;
- жұмыстарды орындаудың күнтізбелік-желілік кестесін әзірлеу;
- үлестіруді оңтайландыру және шектелген ресурстарды есепке алу;
- мерзімдер, ресурстар және шығындар туралы нақты ақпаратты жинау және есепке алу;
- келісімшарттық міндеттемелерді жоспарлау және бақылау;
- жүзеге асырылатын және аяқталған жобалар бойынша ақпараттарды орталықтандырылған сақтау және т.б.



Сурет 7.4.1. Жобаларды басқаруды автоматтандыру

Жобаларды басқару үшін бағдарламалық қамсыздандырумен жабдықталған жеке компьютерлік жүйелер келесі қызметтердің орындалуын қамтамасыз ету керек:

- көпжобалы ортада жұмыс істеу;
- жұмыстарды орындаудың күнтізбелік-желілік кестесін әзірлеу;
- үлестіруді оңтайландыру және шектелген ресурстарды есепке алу;
- мерзімдер, ресурстар және шығындар туралы нақты ақпаратты жинау және есепке алу;
- келісімшарттық міндеттемелерді жоспарлау және бақылау;
- жүзеге асырылатын және аяқталған жобалар бойынша ақпараттарды орталықтандырылған сақтау және т.б.
- Үлестірілген бірлескен жүйелер келесідей негізгі құралдарды пайдаланады:
 - клиент-сервер құрылымы. Бұл құрылым жеке станциялар (клиент) мен жеке немесе бірнеше орталықтандырылған дербес компьютерлерге, әрбір компьютердің есептеуіш қуатын пайдалана отырып, жұмысты орындауды үлестіруге мүмкіндік береді. Клиент-сервер жүйелерінің басым бөлігі деректер қорын және деректер қорын басқару жүйелерін пайдаланады. Жобаны тиімді басқару үшін, жобаны жоспарлау және орындау кезінде алынған мәліметтердің жобаның барлық қатысушыларына әрдайым қолжетімділігін қамтамасыз ету керек;
 - телекоммуникациялық жүйелер (оптико-талшықты кабелдер арқылы сандық деректерді беру, жергілікті-есептеуіш жүйелер және т.б.);
 - топтық жұмысты қолдауды бағдарламалық қамсыздандыру, оның ішінде: электронды поштамен алмасу, құжат айналымы, қызметті топтық жоспарлау, «ми шабуылын» жүргізу;

Internet/Intranet технологиялары кәсіпорындар мен жобаларды жақындатады. Олар жоба туралы ақпараттарға көп шығын жұмсамай-ақ, қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Intranet *Internet* элементтеріне негізделген, бірақ, *Intranet* қолданушылары – белгілі бір корпорацияның немесе ұйымның жұмысшылары, шектеулі адамдар саны болып табылады.

Бейне конференциялар аудио-, видеоақпаратты жергілікті желілер және *Internet* арқылы жеткізуге мүмкіндік береді.

Шешімдерді қабылдау үдерісі дегеніміз – баламалы нұсқалар арасында оңтайлы шешімді қабылдау үдерісін білдіреді.


Шешімдерді қабылдауды қолдау жүйесі – жобаны жүзеге асыру бойынша шешімдерді дайындау үшін бағдарламалық құралдардың кешенін біріктіру болып табылады.

Ақпараттық желілердің негізгі қызметтері келесідей:

- мәліметтерді жинау, беру және сақтау;
- мәліметтерді өңдеу;
- ыңғайлы түрде ақпараттарды ұсыну;
- қабылданған шешімдерді орындалуына дейін жеткізу.

Жобаларды басқарудың ықпалдасқан ақпараттық жүйесі келесі қызметтерді атқарады:

- нақты жобаға қатысты әр түрлі бөлімшелер мен ұйымдардан алынған ақпараттарды біріктіреді;
 - жобаның мақсаттарына жету дәрежесіне қатысты басқарушылық ақпараттың сақталуын, жиналуын және талданылуын қамтамасыз етеді;
 - әрбір жоба бойынша құрылады және уақытша болып табылады;
 - жобаны қамсыздандыру барысында пайда болған шиеленістік талаптардың шешілу алгоритмін қамтамасыз етуі керек;
 - уақытша топтарға біріккен орындаушылар арасындағы іскерлік қарым-қатынастарды қолдауды қамтамасыз етуі керек;
 - жобаның кезеңіне байланысты өзгеретін динамикалық жүйе болып табылады;
 - ашық жүйе болып табылады.
- Ықпалдасқан ақпараттық жүйе төмендегідей құрылымдалады:
- жобалық циклдың кезеңдері бойынша;
 - қызметтері бойынша;
 - басқару деңгейлері бойынша.



Сурет 7.4.2. Жобаның әртүрлі кезеңдері бойынша бағдарламалық қамсыздандырудың түрлері

Жобаның жалпы өмірлік кезеңдері мен жобаның әртүрлі сатыларымен байланысты басқарушылық қызметтер 7.4.2 суретте көрсетілген. Әртүрлі басқарушылық қызметтерді қолдау үшін әртүрлі ақпараттық және бағдарламалық қамсыздандыруды пайдаланады.

Ықпалдасқан ақпараттық жүйенің негізгі элементтері мыналар:

- күнтізбелік-желілік жоспарлаудың және жоба бойынша жұмыстарды бақылаудың модулі;
- жобаның бухгалтериясын жүргізу модулі;
- қаржылық бақылау және жоспарлау модулі.

Ықпалдасқан ақпараттық жүйелердің негізгі құраушысы – мәліметтер қорын басқару жүйесі болып табылады.



Инвестициялық жобаларды басқаруды бағдарламалық қамсыздандыру

XX ғасырдың соңғы жылдарында программалық өнімдер нарығында инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалайтын бірқатар программалар пайда болды. Олардың барлығы ЮНИДО қалыптастырған әдістемелік қағидаларға негізделеді. Бұл қағидалар бірқатар елдердің көмегімен әрдайым жетілдіріледі. Программалардың барлығы белгілі мақсаттар мен шарттарға арналған. Сондықтан олар әмбебап түрде қолданылмайды.

Қазіргі таңда ТМД елдерінің арасында инновациялы инвестициялық жобаларды бағалайтын екі түрлі имитациялық жүйелер қолданыс тапты.

Бірінші түрдің программалық өнімдері бұрынғы қызметтің қаржылық нәтижелерін бағалауға және кәсіпорынның келешек мүмкіндіктерін болжауға арналады. Яғни бұл программалардың көмегімен кәсіпорынның шаруашылық қызметіне экономикалық диагностика жасалынып, қажетті рекомендациялар ұсынылады. Бұл топқа келесі программалық пакеттерді жатқызуға болады:

- «Альт» фирмасының «Альт-Финансы» пакеті;
- «Аналитик 4.0»;
- «Интеллект-Сервис» фирмасының «Финансовый анализ 1.0» программасы;
- «ОЛИМП: ФинЭксперт».

Программалардың екінші түрі инновациялы инвестициялық жобалардың салыстырмалы талдауын жасауға және жоспарын құ-

руға арналған. Олардың арқасында қаржыландырудың оптималды және тиімді нысаны таңдалынады. Бұл түрге келесі программаларды жатқызады:

- «COMFAR» (COmputer Model for Feasibility Analysis and Reporting);
- «PROPSPIN» (PROject Profile Screening and Preappraisal Information system);
- «Project Expert»;
- «Альт-Инвест»;
- «FOCCAL»;
- «Инвестор 4.1»;
- «ТЭО-ИНВЕСТ»;
- «Инвест-Проект».

Жоғарыда келтірілген барлық программалық өнімдердің негізінде ЮНИДО құрастырған әдістемелік қағидалар жатыр, және олардың барлығы келесі критерийлер бойынша салыстырылады: функционалдық мүмкіндіктер, программалық реализациялаудың сапасы, қолданушы интерфейсінің қолайлылығы және пакеттің «жабық» немесе «ашық» болуының деңгейі.

Функционалдық мүмкіндіктер келесілерді қамтиды:

- шынайы ақша ағынына негізделетін есептеудің қазіргі әдістемесін қолдану;
- есептеудің көкжиегіне және қадамына шектеулерді минимизациялау;
- өнімдер көлеміне шектеулерді минимизациялау;
- жобаны бағалауда қолданылатын қаржылық экономикалық көрсеткіштерінің көп болуы;
- жобаны жүзеге асыру сценарийлерінің әртүрлілігі;
- инфляцияны есептеудің тәсілдері мен мүмкіндіктері;
- белгісіздікті және тәуекелдерді есепке алудың тәсілдері мен мүмкіндіктері;
- ЭЕМ жадысында есептеудің жарамды нұсқауларының келешек салыстырулар мен таңдамалар үшін сақталынуы.
- Программалық реализациялаудың сапасы төмендегі шарттармен анықталады:

- ЭЕМ – н кең таралған түрлерінде пакеттің жүзеге асу мүмкіндігімен (қажетті операциялық ортаны қолдану шартымен);
- жұмыстағы сенімділікпен;
- шапшаң әрекеттілікпен (қажетті көлемде және қолайлы мерзімдерде түрлі есептеу үрдістерін жүргізу, оларды салыстыру және т.б. мүмкіндіктер);
- рұқсатсыз қолдану мен көшіруден пакеттің қорғалғандығымен.
- Қолданушы интерфейсі қолайлылығының сипаттамалары:
- ақпаратты енгізудің еңбексыйымдылығын қарапайымдау және минимизациялау;
- енгізу кезінде жіберілетін қателіктерден қорғану мүмкіндігі;
- нәтижелердің көрнекі түрде берілуі;
- графикалық ақпараттың жеткілікті болуы және т.б.

«Жабық» пакет деп, формулаларын және алгоритмдерін өзгерту мүмкіндігі жоқ пакеттерді айтады. Сонымен қатар белгілі бір программалық тілде жазылған және арнайы ортасыз жұмыс істейтін пакеттер «жабық» юолып табылады, ал сәйкес ортада құрастырылған электрондық кестелердің негізінде жұмыс жасайтын пакеттер «ашық» болады. Бұндай өнімдерде формулаларды модификациялауға мүмкіндік бар.

Программалық өнімнің «жабықтығы» оның артықшылығы да, кемшілігі де болып саналады. Бұл инвестор мен реципиент алдында тұратын мақсаттарға байланысты болып келеді.

Квалификациясы жоғары қолданушылар жүйенің «ашықтығын» қолдана отырып, жобаны жүзеге асырудың күрделі және әртүрлі сценарийлерін құрады. Алайда пакеттің осындай мүмкіндіктері кейбір жағдайларда қауіпті нәтижелерге ұшыратады. Себебі бұл жағдайда, яғни пакет «ашық» болғанда, қатаң бақылау жүргізілмейді. Сонымен қатар алгоритді бақылау мүмкіндігі болмаған жағдайда да бірқатар қателіктер туындай алады.

Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалауда қолданылатын кейбір программалық пакеттерге тоқталайық.

COMFAR 2.1

2.1 нұсқаулы COMFAR пакеті «жабық» программалардың қатарына жатқызылады. Программаның жұмысына араласу мүмкіндігі жоқ, соның арқасында нәтижелердің сенімділігі жоғары болады. Алайда бұл жүйеде енгізу мен шығарудың арасында автоматизацияланған бақылау өтпейді.

COMFAR және PROPSPIN жүйелері халықаралық сертификацияны өткен программалық өнімдер.

Коммерциялық тиімділік шынайы ақша ағынын имитациялаудың негізінде бағаланады. Есептеу екі валютамен жүргізілуі мүмкін – ұлттық және шетелдік. Тек тұрақты (уақыт бойынша) инфляция есепке алынуы мүмкін. Шығындар мен табыстар баптарына еқандай шектеулер салынбайды.

COMFAR жүйесінің маңызды артықшылығы – берілетін графикалық ақпараттың үлкен көлемі. Бұның арқасында бірқатар бастапқы деректерді (реализацияның көлемі, өндірістік және инвестициялық шығындар, несиелік мөлшерлемелер) өзгерткенде есептеудің нәтижелерін көрнекі түрде көрсетуге болады.

Коммерциялық тиімділікті бағалау бөлімінен басқа жүйенің құрамына экономикалық тиімділікті бағалау бөлімі де кіреді.

Жалпы алғанда, пакет үш блоктан тұрады (деректерді енгізу, есептеу, деректерді шығару). Осының арқасында бұрын саналынған нұсқаулардың шығарма деректеріне тікелей рұқсат қамтамасыз етіледі.

Жүйенің кемшіліктеріне төмендегілерді жатқызуға болады:

- программаның функционалды шарттарының өзгеруін бақылау мүмкіндігінің жоқтығы;

- салықтық блоктың қазақстандық заңдылыққа сәйкес келмеуі; COMFAR пакетімен тек табыстан алынатын салықтарды есептеуге болады. Ал барлық басқа салықтарды есептеу үшін арнайы тәсілдерді қолдануға тура келеді, бұндай қадам жүйенің жұмысын қиындатады және нәтижелердің сенімділік деңгейі кемиді;

- есептеудің жылдық қадамы (құрылыс кезеңінде есептеу қадамы жарты жылға қысқартылуы мүмкін) – қадамда азайту қажеттілігі туындаған кезде арнайы тәсілдерді қолдау қажеттілігі бар болады;

- бастапқы деректердің қатаң тізімі (олардың санына кейбір шектеулер енгізілген) – егер жоба бойынша бірнеше құрал-сайман қажет етілсе, онда онда осы құралдарды сипаттайтын деректерді агрегациялауға тура келеді. Бұның өзі амортизациялық есептеулердің нақты болмауына себепкер болады. Өйткені агрегацияланған құралдар бойынша саналған амортизация жүйеден тыс есептелінеді. Сонымен бірге капиталға айналмайтын шығындарды енгізуде де бірқатар қиындықтар туындайды;

- инфляцияны есепке алудың қиындығы – COMFAR пакетінде ұлттық және шетелдік валюта коэффициенттерінің ағымдағы өзгерісі тұрақты инфляция үшін де қарастырылмаған. Яғни инфляция деңгейіне қарамастан доллар курсының тұрақты мәні сақталады;

- инфляцияның түрлі деңгейінде есептелінген интегралдық көрсеткіштердің салыстыруға келмейтіндігі – есептемелі бағаларға келтіру мүмкіндігі жоқ;

- қазіргі уақытта кеңінен қолданылатын көптерезелі интерфейсін жоқтығы; енгізу кезінде кестеі толығымен көрінбейді, ал шығаруда жолдардың атаулары және нөмірлері қайталабайды, сонымен бірге бос блоктардың саны өте көп болып келеді.

Жоғарыда ұсынылған себептердің кесірінен COMFAR программасы инвестициялардың рентабелділігін сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің (табыстың ішкі нормасы, капиталсалымдарының өтелімділік мерзімі, капиталсалымдарының келтірілген құны) адекватты сәйкес бағалануын қамтамасыз ете алмайды. COMFAR ТМД елдерінде кең қолданыс тапқан жоқ.

PROPSPIN программалық пакеті

PROPSPIN пакеті MS DOS ортасына арналған 2.01 нұсқаулы «Lotus 1-2-3» электронды кестелер негізінде құрылған, осы себептен ол «жабық» өнімдерге жатқызылмайды. Бұл құрал инвестициялық жобаның қаржылық профилін құрастыруға, таңдалған параметрлерді өзгертудің нәтижелерін зерттеуге және жобаның түрлі болжамдарына негізделген екі немесе бірнеше сценарийді құруға арналған.

PROPSPIN пакетінің айрықша ерекшелігі – интеграциялылық, яғни тұтынушы экранда енгізілген деректерді де, қаржылық салдарларды да бір уақытта көре алады. PROPSPIN беретін есеп,

барлық ұсынылған шектеулерді есепке алып отыратын, жобаның қаржылық профилінің аяқталған нұсқасын қамтиды.

Алайда бұл құрал жобаның толық қаржылық анализін өткізуге мүмкіндік бермейді, тек оның түрлі нұсқауларын тезарада алып қарастыруға жағдай жасайды. Ал осы нұсқаулардың арқасында қажетті балама таңдалынады.

Пакеттің кемшілігі – инфляция факторының есепке алынбайтындығы, сонымен бірге нарықтық факторлардың шығарылатын өнімнің бағасына, көлеміне және пайдаланылатын ресурстарға әсерінің сипатталмайтындығы.

«Альт-Инвест» пакеті

Бұл программалық өнім «Альт» атты зерттеуші–консультациялық фирмасымен құрастырылған. «Альт-Инвест» пакеті «Microsoft Excel» ортасында құрылған бір-бірімен өзара байланысты электрондық кестелердің кешені болып табылады. Реализацияның бұндай тәсілі экспертке берілген бастапқы деректерден нәтижелердің қалай қалыптасатындығын түсінуге көмектеседі. Оның арқасында әдістеменің және есептеуіш нысандардың логикасы анық болады.

«Альт-Инвест» – бұл зерттелінетін кәсіпорындағы заңдылықтар мен байланыстарды айқындауға арналған «ойлар жүйесі». Барлық программалық өнімдер сияқты, «Альт-Инвест», негізінде, нақты кәсіпорындар мен жобалары бар эксперттердің консультациялық жұмысының нәтижесі. Жүйе жобалардың іске асу үрдісі кезінде бірнеше рет тексеруден өтті.

Пакет «парасатты жеткіліктілік» деп аталынатын қағида бойынша құрылған, яғни оның құрамына алынатын нәтижелердің мазмұнды интерпретациясын бере алатын көрсеткіштер ғана кіреді. Қолданушы керек кезінде өзіндік көрсеткіштерді және нысандарды енгізе алады.

«Альт-Инвест» өнімінің қолданылу аумағы – саласы, мерзімдері, инвестициялардың көлемі және қаржыландыру схемасы бойынша әртүрлі болып келетін инвестициялық жобалардың экономикалық тиімділігінің және қаржылық мүмкіндіктерінің анализі.

«Альт-Инвест» программалық пакеттің көмегімен ТЭН (техико-экономикалық негіздеу) мен бизнес-жоспардың қаржылық

бөлімдері құрастырылады. Сонымен қатар оның көмегімен инвестициялық жобаларды жүзеге асырудың баламалық нұсқаулары жасалынып, инвестициялардың қаржыландыру сызбалары (схемалары) және басқа да шарттары оңтайландырылады. Ол модернизациялаудың, техникалық қайта жабдықтаудың, өнімдердің жана түрлерін шығарудың, құрылыс сферасындағы инвестицияландырудың және жаңа технологияларды енгізудің жобаларын негіздеуде қолданылады.

«Альт-Инвест» пакеті орнатылған жерлердің бәрінде оның қолданушылары – жобалардың анализімен және инвестициялық шешімдерді қабылдауға қажетті ақпаратты дайындаумен айналысатын мамандар болып келеді.

Осы программада пайдаланылатын есептеу әдістемесі халықаралық ұйымдардың рекомендацияларына сәйкес етіп жасалынған. Оның арқасында қалыптастырған материалдар түрлі мекемелерде (мысалы, US AID, Eximbank және т.б.) табысты қолданылды. «Альт-Инвест» пакеті – қазіргі уақытта кеңінен пайдаланылатын программалық өнімдердің бірі болып табылады.

«Инвестор 4.1» пакеті

«Инвестор 4.1» жүйесі (ИНЭК фирмасының өнімі) MS DOS операциялық ортасында жүзеге асырылған «жабық» программалық пакет.

«Инвестор 4.1» пакеті инвестициялық жобаның бизнес-жоспарын дайындауға және шетелдік қаржы институттарының талаптарына сәйкес түрлі есептерді жүргізуге арналады.

Осы кешеннің негізіне ұсынылатын программалар сыныбының көбінде қолданылатын, дисконттау тәсілдерін пайдаланатын ақша ағымдарының имитациялық моделі салынған.

Кешеннің маңызды ерекшелігі кәсіпорынның шаруашылық қызметінің немесе инвестициялық жобаның өндірісітік жоспарының детальды экономикалық талдалынуы болып табылады. Кәсіпорынның экономикалық қызметінің анализі негізіне салынған көпфакторлы модель (Вирджина орталығы, АҚШ) өткен және келешек периодтардағы инвестициялаудың диагностикасын қатар жүргізуге мүмкіндік береді. Кешенде қолданылатын талдаудың модельдері (индексті, факторлы, графикалық және т.б.) құрылыс және

эксплуатация шығындарының қалыптасу нысанын толығымен елестетуге жағдай жасайды.

Талдау екі режимде (қолмен және автоматты түрде) жүргізіледі, бұл анализге қойылатын талаптарға байланысты болады. Автоматтандырылған анализ кезінде берілген алгоритм бойынша инвестициялық жобаның барлық аспектілері бойынша толық қаржылық-экономикалық зерттеу жүргізіледі, бұл зерттеу қаржыландырудың шарттарынан басталып, жобаның коммерциялық тұрақтылығының жалпы бағалануымен аяқталады. Талдау бизнес-жоспардың қаржылық бөлімін түгелдей де, жеке нақтыланған түрде де қамтып отырады. Ол графикалық түрде жүргізіледі және мәтіндік түсініктемелермен толықтырылады, соның көмегімен жобаның бастапқы күйін безендіруге болады. Анализдің негізінде құрастырушылар үшін жобаның бірнеше альтернативалы (баламалы) нұсқауын жасауға мүмкіндік бар болады, мысалы, қаржыландырудың түрлі қайнар көзімен немесе инвестициялық шығындардың түрлі құрылымымен және т.с.с.

Болжаулы стандартты нысандағы баланстың есептелуі және құрастырылуы арнайы алгоритм бойынша өткізіледі, бұл алгоритм инвестициялық жобаның жүзеге асуы кезіндегі қаржылық қызметтің дәлді жоспарлануына және қаржылық нәтижелердің қалыптасу ерекшеліктерінің есепке алынуына әсер етеді. Оның көмегімен тура және жанама тәсілдермен ақша ағымдары түзетіліп қалыптастырылады. Нәтижесінде фирманың қызметкерлері жасаған әдістеме бойынша 80-нен астам абсолютті және салыстырмалы көрсеткіштер есептелініп, автоматты түрде аналитикалық «нетто» балансы, GAAP (Generally Accepted Accounting Principles, FASB, USA) стандарттарына сәйкес келетін есептер мен баланстар құрастырылады. Олардың барлығы ағылшын және орыс тілінде ұсынылады. Қабылданған әдістемелерге сай келетін инвестициялық жобаның қаржылық бағалануының жалпыланған көрсеткіштері де қатар есептелінеді. Осылайша шетелдік инвесторлар жоба туралы барлық қаржылық ақпаратты халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және оларға ыңғайлы түрде ала алады.

«Инвестор 4.1» пакеті түрлі қаржылық институттарға арналған инвестициялық бағдарламаларды нысандайды. Бұл режим инвестициялық жобалар туралы барлық ақпараттарды магниттік

сақтағыштарда алуды көздейді. Ол үшін кешеннің құрамына арнаулы программа енгізілген. Программа көшіруден сақталынбаған, кешеннің «ашық» бөлігі болып есептелінеді және ол жұмыс орындарының санына ешқандай шектеу қоймайды. Оның көмегімен кешеннің аналитикалық блогында инвестициялық жобалар туралы түрлі ақпаратты қамтитын (соның ішінде ақпараттық меморандум, қаржылық ақпарат, экономикалық ақпарат және т.б.) өзіндік деректер банкісі қалыптасады.

«Инвестор» пакетінің ерекшелігі оның әмбебаптылығы болып табылады. Ол жұмыс істейтін немесе салынып жатқан кәсіпорындарға және құрылыстарға жұмсалатын инвестицияларды бағалауда қолданыс тапты. Сонымен бірге бұл программалық өнім экономиканың кез келген саласының спецификасын, яғни өзіндік ерекшеліктерін ескеріп отыруға мүмкіндік береді. «Инвестор» инвестициялық жобаны есептеуді және жоспарлауды жүзеге асыратын мамандарға да (экономистер, инженерлер), инвестициялық бағдарламаларды қалыптастыратындарға (коммерциялық банктардың басқарушылары, инвестициялық және лизингтік компаниялар және басқа да қаржы институттары) да арналады.

Өз кезегінде инвестициялық анализ төмендегілерді қамтиды:

- түрлі дисконттау мөлшерлеіндегі тиімділік көрсеткіштерін есептеу (NPV, IRR, PI, PB);
- сезімталдылық анализі;
- жоба нұсқауларының интеграциясы;
- жобаның автоматты экспресс-анализі.
- Экономикалық талдауға кіретіндер:
- қызмет ету көрсеткіштерінің анализі;
- индексті анализ;
- ресурстарды қолданудың тиімділігін анықтайтын талдау;
- қаржылық беріктілік қорын есептеу (шығынсыздық нүктесі);
- коммерциялық тәуекелді бағалау;
- операциялық және қаржылық қызметтің автоматты анализі.
- Қаржылық талдау қамтиды:
- 80 көрсеткіш бойынша бастапқы және болжаулы қаржылық құжаттардың анализі;

- инвестициялық жобаның жалпыланған қаржылық бағалау көрсеткіштерінің есебі;
- қаржылық көрсеткіштер бойынша жобалардың рейтингі;
- кәсіпорынның несиелік мүмкіндігінің сыныбын анықтау;
- коммерциялық бағалау алдындағы жобалардың экспертті бағалануы;
- инвестициялық жоба нұсқауларын салыстырмалы бағалау және ең рентабельдісін таңдау.

Кешенмен жұмыс істеудің нәтижесі кез келген отандық немесе шетелдік инвестордың талаптарын қанағаттандыратын инвестициялық жобаның бизнес-жоспары немесе инвестициялық бағдарламасы болып табылады.

Пайдаланушылардың барлық категориялары жобаның барлық кезеңдерінде шешімдерді қабылдау немесе инвестициялық бағдарламаны қалыптастыру үшін кешеннің деректер базасын қолдана алады.

«Инвестор» пакетінің, басқа программалық өнімдерден оны өзгеше ететін, басты ерекшеліктері:

- кез келген квалификациялы пайдаланушы үшін жұмыс істеудің жеңілділігі және түсініктілігі;
- спецификалық құрылым, пакеттің екі бөлімге бөлінуі – «Баламалы (альтернативті) жобалар» (реципиенттің есебі және анализі) және «Тәуелсіз жобалар» (инвестордың анализі);
- электронды бухгалтерлік жүйелермен сәйкес;
- инвесторға реципиенттің қаржылық қалпы туралы деректерді беру мүмкіндігі;
- болжаулы қаржылық құжаттарды қалыптастыру;
- аналогтары жоқ аналитикалық бөлім;
- экономикалық және қаржылық көрсеткіштерін, инвестициялық экспертаның нәтижелерін ескере отырып, инвестициялық жобалардың салыстырмалы анализін жасау мүмкіндігі;
- пайдаланушыға инвестициялық жоспарлау және талдау аспектілері бойынша жүйелік көмекті беру және соның негізінде пакетті оқыту үрдісінде қолданудың мүмкіндігі;
- компьютерлік қамтамасыздандыруға қойылатын талаптардың қарапайым болуы.

ГЛОССАРИЙ

Аваль – (фр. *aval* – тапсырма, чек, вексель т. б. тапсырмасы) – төлеу үшін ерекше кепілдікті жазба түрінде ресімделген жазбаша қаржы кепілгерлігі; банк несиесін беру нысаны. Аваль чектің (вексельдің) бүкіл сомасына немесе оның тек бір бөлігіне ғана төлемшіден кез келген жауапты адамның атынан (мысалы, чек немесе вексель иесінің, акцептанттың, индоссанттың атынан) жасалуы мүмкін.

Авансталған капитал құны - (*capital cost, CC*) – табыстардың салыстырмалы деңгейін сипаттайтын көрсеткіш.

Активтер – өндірістік және бейөндірістік мақсаттағы жылжымайтын және жылжитын мүлік түріндегі меншік, сондай-ақ шаруашылық мақсатта пайдаланылып жүрген жер, орман-тоғай, пайдалы қазбалар қоры, ақшалай құны бар, заңи және жеке тұлғалардың меншігі болып табылатын нәрселердің бәрі; елдің шетелден алынған (мысалы, тауар әкелімінің нәтижесінде алынған) ақшалай табысының оның шетелдегі шығысынан асып түсуі.

Акция – (нидер. *aktie*, нем. *aktie*, лат. *aktiy* – карамағына беру, рұқсат беру) – акционерлік қоғамды немесе кәсіпорынды дамытуға қаржы салғанын куәландыратын және оның иесіне акционерлік қоғам пайдасының бір бөлігін дивиденд түрінде алуына құқық беретін құнды қағаз.

Акция бағасы – нарықта акцияның ақшамен бағалануы.

Акциялардың баланстық құны – кәсіпорынның бухгалтерлік есеп пен есеп беру мәліметтеріне сәйкес бір әдеттегі акцияға келетін таза активтердің (меншікті капиталдың) құнын көрсетеді.

Ақша ағымы – кәсіпорынның белгілі бір уақыт мерзіміндегі ақша қозғалысын білдіретін нәтиже.

Ақша ағымдарын дисконттау әдісі – бұл ақша құнының уақыт бойында өзгеріп отыратынын есепке ала отырып, бағалау әдісі.

Ақшаның уақытша құндылығы – бұл ақша қаражатының объективті мінездемесі. Оның мәні келесіде – бүгін бар ақша және болашақта алынатын ақша бір құндылы еместігінде тұрады.

Амортизация – (латын. *amortisatio* – өтеу; франц. *amortir* – бәсеңдету, жұмсарту) – Тозымпұл / Өтемпұл – жалпы ұлттық өнімді өндіру

барысында тозған немесе пайдаланылған (тұтынылған) капиталдың көлемін бағалау; негізгі қорлардың тозуына қарай олардың құнын өндірілетін өнімге (орындалатын жұмысқа, көрсетілетін қызметке) бірте-бірте көшіру жолымен олардың құнын өтеу үдерісі. Тозымпұл аударымының сомасы тозымпұл нормаларына сәйкес өндіріс пен айналыс шығынына енгізіледі, негізгі қорлардың тозуы дәрежесін сипаттайды және олардың толық қалпына келтірілуі (ұдайы өндірілуі) үшін ақшалай өтемпұл қорын құрады.

Аннуитет – белгіленген мерзімді уақыттарда белгіленген мөлшерде төленетін төлемдер. Аннуитет мерзімді және мерзімсіз, жай және аванстық болуы мүмкін.

Аннуитеттің ағымдағы (дисконтталған) құны – аннуитетке қосылған әрбір жеке төлем мен түсімнің ағымдағы құндарының сомасы. Болашақ түсімдер мен төлемдердің ағымдағы құнын анықтау үшін, аннуитеттің ағымдағы құны қолданылады.

Аннуитеттің болашақ құны – аннуитетке қосылған әрбір жеке төлем немесе түсімнің әрбіреуінің болашақ құндарының сомасы.

Арбитражер – бір корпорацияның құнды қағаздарын әр түрлі қор нарықтарында сату-сатып алу, өзара алмасатын (конвертацияланатын) бағалы қағаздарды сату-сатып алу сияқты арбитражды операциялардан пайда алатын заңды (жеке) тұлға.

Бағалы қағаздар – бұл арнайы түрде рәсімделген қаржылық құжаттар, оларда көрсетілген құқты жүзеге асыру үшін сол бағалы қағаздарды ұсыну қажет. Олар қорлық (акциялар, облигациялар) және коммерциялық болады (вексельдер, чектер).

Базистік (ағымдық) құн – бұл инфляцияны еспке алмай инвестициялық жоба бойынша белгіленген, нақты өнімнің (жұмыстың, қызметтің) бағасы болып табылады.

Банктік жүйе – біртұтас қаржы-несиелік механизмнің шегінде қызмет ететін әртүрлі несиелік ұйымдардың, филиалдар мен шетелдік банктер өкілдіктерінің жиынтығы.

Банктік кепілдік – егер принципал бенефициарға алдын ала келісімделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда белгілі ақша сомасын төлеу туралы банк міндеттемесі ретінде ұсынылады.

Бизнес-жоспар – бұл инвестициялық жобаның мақсаттары мен міндеттері, оны жүзеге асыру тәсілдері мен кәсіпорынның техни-

ка-экономикалық немесе жобаның жүзеге асқаннан кейінгі көрсеткіштері көрсетілген жан-жақты құжат.

Болжалдық құн – бұл болашақтағы есептеу сатыларында күтілетін (инфляцияне ескеріп) бағалар. Болжалдық құн базистік құнды m қадамының соңындағы мүмкін болатын бағалардың өзгеру индексіне көбейту жолымен анықтауға болады.

Брутто-инвестициялар – нетто-инвестициялар мен реинвестициялардан құралатын инвестицияның түрі.

Вексель – несиегерге вексель беруші қарызгерден вексельде көрсетілген ақша сомасын белгіленген мерзімде төлеуді талап ету құқын беретін белгілі бір нысандағы жазбаша борыштық міндеттеме.

Диверсификация – өндірістің бірнеше салаларына катысты әр түрлі бағалы қағаздар мен компаниялардың арасында инвестицияларды бөлу.

Дивиденд – акционерлер арасында олардың акцияларының санына пропорционалды бөлінетін акционерлік қоғамның таза пайдасының бір бөлігі.

Дисконттау – (ағылш. discount – азайту) – ақшаның болашақтағы құнын ағымдағы құнға келтіру үдерісі.

Жалпы инвестициялар (өндіріске) – негізгі капитал мен қорларды сақтап қалу мен көбейтуге бағытталған инвестициялық өнім. Жалпы инвестициялар амортизация мен таза инвестициялардан құралады.

Жоба – (ағылш. – project) – бұл бірденені ойға алу немесе жоспарлау, ол ойдан (мәселе), оны іске асыру құралдарынан (мәселені шешу) және жүзеге асыру барысында алынатын нәтижелерден тұрады.

Жобаларды басқару – (project management) – бұл жобаның қойылған нәтижесіне жету мақсатында адами және материалдық ресурстарды тиімді басқару және үйлестіру үрдістері.

Жобаларды басқарудың ақпараттық жүйесі – жобаларды басқару үдерісін қолдау және тиімділігін арттыру мақсатында әдістемелік, техникалық, бағдарламалық және ақпараттық құралдардың ұйымдастырушылық-технологиялық кешені.

Заңдық-құқықтық тәуекелдер – мемлекеттегі, аймақтағы инвестициялық қызметтің заңдық-құқықтық құрамдасына әсер етумен

байланысты тәуекелдер (заңнамаға өзгерістер енгізу; заңдық кепілдемелер, арбитраждық тәуелсіздіктің болмауы, салықтық жүйенің құзыретсіздігі).

Инвесторлар – меншікті, қарыз немесе тартылған құралдар түріндегі инвестицияларды салуды іске асыратын және олардың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз ететін инвестициялық қызметтің субъектілерін айтады.

Инвестициялау – бұл құрылатын өндірістің экономикалық жағдайының неғұрлым көп бөлігінің капитал-ресурс қорын құру немесе толтыру.

Инвестициялық жоба – (ағылш. investment project), пайда алу мақсатында капитал салымдарының жоспарын айтады.

Инвестициялық жобалау – бұл техникo-экономикалық негіздемесі бар техникалық құжаттардың кешенді әзірлемесі (сызбалар, түсіндірме жазбалар, инвестициялық жобаның бизнес-жоспары және жобаны іске асыруға қажетті басқа да материалдар).

Инвестициялық жобаның тиімділігі – бұл жобаға қатысушылардың мақсаттары мен мүдделеріне инвестициялық жобаның сәйкестігін көрсететін категория.

Инвестициялық жобаның ақша ағыны дегеніміз – бұл барлық есептік кезеңде ақша құралдарының және олардың эквиваленттерінің, сондай-ақ ИЖ жүзеге асыру барысындағы төлемдердің келіп түсуі.

Инвестициялық жобаның өтелімділік мерзімін есептеу әдісі – (Payback Period – PP) -инвестициялық жоба бойынша түсетін түсімдердің оны жүзеге асыруға арналған шығындарды жабағын уақыт мерзімін есептеуге негізделген.

Инвестициялық қызмет – бұл экономикалық ресурстарды болашақта таза пайдаға жету және бұл пайданы бастапқы салынған капиталдан асырып түсіру мақсатымен ұзақ мерзімді салым.

Инвестициялық саясат – инвестициялық қызмет субъектісінің өндірістік және экономикалық әлуетін кеңейту және жанартудың неғұрлым тиімді жолдарын жүзеге асырудың тәсілдерін анықтайтын, ортақ стратегияның құрамдас бөлігі.

Инвестициялық стратегия – инвестициялық мақсаттарды, сондай-ақ, оларды жүзеге асырудың құралдары мен тәсілдерінен тұрады.

Инвестициялардың табыстылығы – (Return on Investment – ROI) – жобаның барлық өмірі кезінде, орташа жылдық пайдасының инвестициялардың орташа көлеміне қатынасымен анықталатын, инвестициялық жоба тиімділігінің көрсеткіші.

Инвестициялық тәуекел – күрделі салымдардың кірістілігінің өзгеруіне байланысты олардың құнсыздануы негізінде шығыстардың (шығындардың) пайда болу тәуекелі.

Инновация – жаңа практикалық әдісті тарату және қолдануды құрудың комплекстік үрдісі немесе ғылыми-техникалық шешімнің, адамдардың, ұсыныстапдың, жаңа идеялардың тәжірибеге енуі, іске асырылуы және де қолданылуы.

Инфляция – ұдайы өндіріс үдерісі мен ақшалай айналымның теңсіздігімен негізделген тауарлар мен қызметтердің бағасының өсуін және соған байланысты ұлттық ақша бірлігінің құнсыздануын білдіреді.

Капиталдық салымдар – негізгі капиталға (негізгі құралдар) салынатын инвестициялар, оның ішінде жаңа құрылысқа, іс-әрекет етіп жатқан кәсіпорындарды кеңейтуге, қайта жөндеуге және техникалық қайта қаруландыруға, машиналарды, құрал-жабдықтарды, саймандарды сатып алуға, жобалық-ізвестіру жұмыстарына арналған және т.б. шығындар.

Капиталды қалыптастыратын инвестициялар - бұл жобаны жүзеге асыруға қажетті капитал салымдарынан, айналым капиталынан, сондай-ақ өзге құралдардан тұратын инвестициялар.

Коммерциялық жобалар – жүзеге асыру барысында тікелей қатысушыларына пайда әкелетін жобалар.

Коммерциялық несиені – бұл сатылған тауар үшін төлемді кейінге қалдыру түрінде, сатушылардың сатып алушыларға тауар формасында ұсынылатын несиенің түрі.

Криминогенді инвестициялық тәуекел – мемлекеттегі, аймақтағы инвестициялық қызметтің қылмыстық құрамдасына әсер етумен байланысты тәуекелдер (қылмыстық жағдайдың өршуі, рәкет, мемлекеттік шенеуліктердің жемқорлығы, «көлеңкелі» экономикалық болуы, ақшаның жылыстауы, заңсыз жолмен иелену, шетелге капиталдың ағылуы, қылмыстық бәсеке және т.б.).

Қаржылық инвестициялар – бұл мемлекеттің, өзін-өзі басқару органдарының, корпоративтік компаниялардың шығарған акциялары, облигациялары және басқа да құнды қағаздарына салынатын ақша құралдары.

Қаржылық тәуекел – құбылмалы пайыздық мөлшерлеме бойынша несиелер ұсынылғанда немесе қарыз алушының төлем қабілеттілігі төмендегенде пайда болған шығыстар тәуекелі.

Лизинг – бұл лизинг беруші лизинг затын лизинг алушыға белгілі бір төлемге, белгілі бір мерзімге және келісімшартта келісілген шарттармен уақытша иеленуге және кәсіпкерлік мақсаттар үшін пайдалануға беретін, уақытша бос немесе тартылған қаржы құралдарын инвестициялауға бағытталған кәсіпкерлік қызметтің бір түрі.

Материалдық активтерге салынатын инвестициялар – ғылыми-техникалық әзірлеулерді дағдылануға салынған ақша құралдары (мүліктік құқық, өндірістік меншік құқығын аударуға лицензиялар, ноу-хау және т.б.).

Материалдық қорларды резервілеу – үздіксіз өндірісті қамтамасыз ететін шикізат пен материалдардың қорларын қалыптастыруды білдіреді.

Мегажобалар – түпкілікті өніммен байланысты көптеген жобалардан тұратын мақсатты инвестициялық бағдарламалар. Мұндай бағдарламалар халықаралық, мемлекеттік, аймақтық деңгейде болуы мүмкін.

Мемлекеттік инвестициялар – бюджеттік қаражат есебінен немесе мемлекеттік кепіл негізінде алынған несие қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік бағалы қағаздар – қарыздарды орналастыру және ақша ресурстарын мобилизациялау мақсатымен орталық үкімет шығарған облигациялар, қазыналық вексельдер және басқа да міндеттемелер.

Мультижоба – өндірістік, қаржылық, мерзімдік мүмкіндіктері мен тапсырыс берушінің талаптары шектеулі, фирманың өндірістік бағдарламасы шегінде көптеген тапсырыстар (жобалар) мен қызметтерді орындауды айтамыз.

Нақты инвестициялар – бұл негізгі капиталға және материалдық-өндірістік қорларды толтыруға салынатын ақша құралдары.

Операциондық тәуекел – қызметкерлер тарапынан ішкі процестерді жүзеге асыру барысында жіберілген кемшіліктер мен қателер, ақпараттық жүйе мен технологиялардың жұмыс істеуі, сондай-ақ

сыртқы оқиғалар салдарлары нәтижесінде пайда болған шығыстар (шығындар) тәуекелі.

Орташа жоба – іс-әрекет етіп жатқан өнім өндірісін қайта құру мен техникалық қайта қаруландыру бойынша жобалардан тұрады. Олар кезең-кезеңмен, жеке-дара өндірістер бойынша, алдын ала әзірленген барлық ресурстардың келуі туралы кестесінің қатан сәйкестігі арқылы жүзеге асады.

Портфельді инвестициялар – капиталды жобалар топтарына салуды, мысалы, түрлі кәсіпорындардың құнды қағаздарын сатып алуын айтады. Портфельді инвестициялар жағдайында инвестордың негізгі міндеті болып, қор нарығында құнды қағаздарды сату және сатып алу операциялары арқылы іске асатын, инвестициялық портфельді неғұрлым оңтайлы қалыптастыру мен басқару болып табылады.

Реинвестициялар – кәсіпорынның негізгі қорларының құрамын қолдау мақсатымен, өндірістің жаңа құралдарын сатып алу немесе дайындау бағытында қайтадан бос инвестициялық құралдарды байланыстыру.

Саяси тәуекелдер – инвестициялық қызметтің саяси құрамына әсер етумен байланысты тәуекелдер (түрлі деңгейдегі сайлаулар, саяси жағдайдың өзгеруі, саяси қысым, инвестициялық қызметке әкімшілік шектеулер қою, мемлекетке сыртқы саяси қысым жасау, т.б.).

Табыстың тәуекелсіз мөлшері – капитал мен табысты жоғалтудың ең аз тәуекелін сипаттайтын инвестициялар бойынша табыстылықтың мөлшері.

Табыстылықтың ішкі мөлшері (пайданың) (Internal Rate of Return – IRR) – инвестициялық жобаның табыстылық деңгейін сипаттайтын инвестициялар тиімділігінің көрсеткіші.

Таза табыс (NV) – инвестициялық жобаны жүзеге асырудың барлық пайдалы мерзімінің экономикалық әсерін сипаттайтын негізгі көрсеткіш.

Тәуекел – жобаның барлық немесе жеке қатысушыларын жағымсыз нәтижелерге ұшырататын шарттардың пайда болу мүмкіндігін айтамыз.

Техника-экономикалық негіздеме (ТЭН) – экономикалық тиімділікті міндетті түрде есептеу арқылы жобада қолданылатын

нақты технологиялық, техникалық және ұйымдық шешімдерді таңдау себептерін сипаттау.

Технико-технологиялық тәуекелдер – инвестициялық қызметтің технико-технологиялық құрамына әсер етумен байланысты тәуекелдер (құрал-жабдықтың сенімділігі, өндірістік үдеріс пен технологияның күрделілігі, инновациялық жаңартулардың қарқыны).

Факторинг – банктік қызметтің болашағы мол түрі, тәуекелді әрі жоғары табысты бизнес, қаржылық маркетингтің тиімді құралы, қазіргі экономикалық процесстердің дамуына бейімделген банктік операциялардың біріктірілген түрлерінің бірі. «Факторинг» термині ағылшынның делдал, агент сөздерінен алынған.

Франчайзинг – тұтынушыға өнімді немесе қызметтерді жеткізудің тәсілі, не болмаса, материалдық және қаржылық құралдардың кооперациясы және әр түрлі кәсіпорындардың күш салуының негізінде бизнесті дамыту және нарықты жаулап алудың тәсілі деп анықталуы мүмкін. Франчайзинг сондай-ақ өндірушінің тауарлық маркамен қорғалған өзінің өнімдері мен қызметтерін тәуелсіз кәсіпкерлерге белгілі бір территорияда өрістетуге жеке құқық беретін мәміле ретінде де қарастырылуы мүмкін.

Франчайзи – тауарлық белгінің атынан бизнесті жүргізу құқығын сатып алатын тұлға.

Шағын жобалар – өндірісті кеңейту және шығарылатын өнім асортиментінің ұлғаюының жоспары болып табылады.

Ірі жобалар – бұл әдетте, ішкі және сыртқы нарықтардағы сұраныстарды қанағаттандыру үшін қажетті, негіздемесінде өнім өндірудің озық өндірістік пікірі жататын, ірі кәсіпорындар объектілері болып табылады.

Экологиялық тәуекелдер – инвестициялық қызметтің экологиялық құрамдасына әсер етумен байланысты тәуекелдер (қоршаған ортаның ластануы, радиациялық жағдай, экологиялық апаттар, т.б.).

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. «Жұмылдыру» деген мағынаны білдіретін термин:

- A) инвестиция
- B) инновация
- C) инфляция
- D) индекс
- E) дефляция

2. Селиктивті инвестициялық тәуекел дегеніміз:

- A) инвестициялық салым түрін дұрыс таңдамау
- B) банктің несие, инвестициялық салым тәуекелі
- C) депозиттік тәуекел
- D) несиені қайтармау тәуекелі
- E) техника тәуекелі

3. Инвестициялық саясаттың маңызды бағыттары:

- A) басымды салаларда жеделдетілген өтелім нормасын белгілеу
- B) басымды салалар дамуының маңызды бағдарламасы
- C) қаржымен қанағаттандыру
- D) несие беру, қаржымен қанағаттандыру
- E) депозиттерді арттыру

4. Қаржылық инвестиция:

- A) қағазда жазылған келісім шарттарды қарастырады
- B) ұзақ мерзімді салым
- C) капиталға салынатын қаржы құралдары
- D) актив құнының көзі
- E) жинақ салымдары

5. Амортизациялық аударымсыз жалпы инвестициялар:

- A) таза инвестициялар
- B) тікелей инвестициялар
- C) портфельдік инвестициялар
- D) сақтық қор инвестициялары
- E) тікелей инвестициялар, портфельдік инвестициялар

6. Қаржылық инвестицияға жататындар:

- A) депозиттер, құнды қағаздар, банктік салымдар
- B) шикізат, бағалы қағаздар, құрал-жабдықтар

- C) жартылай фабрикат, дайын өнім, жинақ салымдары
- D) техникалар, шикізаттар, фабрикаттар
- E) дайын өнім, депозиттер, техникалар

7. Шетел инвестициясында жетекші орынды қай елдер алады?

- A) АҚШ, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Жапония
- B) Германия, Франция, Венгрия, Австралия
- C) Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай, Қазақстан
- D) Алжир, Австрия, Англия
- E) Жаңа Зеландия, Жапония, Корея

8. Нақты инвестиция әдетте қандай да бір материалдық көрнекті активтер түрінде инвестициялау кіреді деп қай экономист айтқан?

- A) У.Шарп
- B) К.Маркс
- C) Ермекбаев С.
- D) Найманбаев Д.
- E) А.Смит

9. Ақшаны, оның сақталуына немесе құнының артуына және табыстың оң шамасын қамтамасыз етуге үміт арта отырып орналастыруға болатын құрал:

- A) инвестиция
- B) инновация
- C) инфляция
- D) индекс
- E) дефляция

10. Инвестицияларды жіктеу негізіне түрлі белгілер салынған, сол белгіні көрсетіңіз:

- A) инвестицияның түрлері, ақша құралдарын салу объектілері
- B) инвестицияның түрлері, меншік түрлері
- C) ақша құралдарын салу объектілері, бағалы қағаздар түрлері
- D) инвестицияландыруға қатысу сипаты, несие түрлері
- E) меншік түрлері, инвестицияның түрлері

11. Құралдардың салыну объектілері бойынша инвестициялардың бөлінуі:

- A) материалдық емес активтер, нақты, қаржылық

- B) пассивті, активті
- C) нақты, нақты емес
- D) несиелік, материалдық емес активтер
- E) нақты емес, қаржылық, материалдық активтер

12. Инвестициялық процеске қатысу сипаты бойынша инвестицияның бөлінуі:

- A) тікелей және жанама
- B) нақты және таза
- C) материалдық және материалдық емес активтер
- D) қаржылық және портфельдік
- E) мемлекеттік және жергілікті

13. Кәсіпорынның негізгі және айналым капиталын қалыптастыратын материалды және материалды емес активтерге салынатын салым инвестиция түрі:

- A) нақты
- B) материалдық емес активтер
- C) қаржылық
- D) тікелей
- E) несиелік

14. Лицензияның, патенттің, тауар белгісінің құны жарнама және кадрларды дайындауға кеткен шығындар инвестицияның қай түрі болып табылады:

- A) материалдық емес активтер
- B) тікелей
- C) жанама
- D) нақты
- E) қаржылық

15. Тікелей инвестиция дегеніміз:

A) инвестицияландыру және ақша құралдарын салу объектісін таңдауда инвестордың тікелей қажет етілуі

B) лицензия, патенттің, тауар белгісінің құны жарнамаға және кадрларды дайындауға кеткен шығындар

C) кәсіпорынның негізгі айналыс капиталын қалыптастыратын материалды және материалды емес активтерге салынатын салым

D) ақша құралдарын өз қалауынша неғұрлым тиімді орналастыртын актив

E) депозиттік құнды қағаздар, банктік салымдар

16. Жанама инвестиция дегеніміз:

А) ақша құралдарын өз қалауынша, неғұрлым тиімді орналастыратын және аккумуляцияландырған түрлі қаржылық делдалдар арқылы жүзеге асыратын инвестиция

В) кәсіпорынның негізгі және айналыс капиталын материалды және материалды емес активтерге салынатын салым

С) лицензияның, патенттің, тауар белгісінің құны жарнамаға және кадрларды дайындауға кеткен шығындар

Д) депозиттік құнды қағаздар, банктік қағаздар

Е) инвестицияландыру және ақша құралдарын салу объектісін таңдауда инвестордың тікелей қажет етілуі

17. Инвестициялық жобада қанша сценарий ұсынылады?

А) 3

В) 2

С) 5

Д) 4

Е) 7

18. Кәсіпорынның шаруашылық қызметінде маңызды рөл атқаратын және өзіне тән заңдылықтарымен дамып отыратын және өзіндік логикаға ие объективті процесс:

А) кәсіпорынның инвестициялық қызметі

В) кәсіпорынның инвестициялық міндеті

С) кәсіпорынның инвестициялық маңызы

Д) кәсіпорынның инвестициялық климаты

Е) кәсіпорынның валюталық операциясы

19. Инвестициялық жоспарды таңдау неге байланысты:

А) кәсіпорынның өмір сүру циклдары, ішкі және сыртқы нарық стратегиялары, инвестициялық тартымдылық

В) инвестицияландыру және ақша қорларын ұйымдастыру, сыртқы нарық стратегиялары

С) маркетинг және менеджмент, кәсіпорынның өмір сүру кезеңдері

Д) қоғам және экономика, ішкі нарық стратегиялары

Е) нарықтық күйзелістер, даму стратегиялары

20. Кәсіпорынның инвестициялық стратегиясы басты қандай мерзімді мақсаттарға бағытталуы керек:

А) ұзақ

В) қысқа

С) шекті

Д) шексіз

Е) орта

21. Барлық мүдделі тұлғалар мен ұйымдарға іскерлік ақпараттарды жеткізуге арналған құжат:

А) инвестициялық бизнес-жоспар

В) инвестициялық акт

С) инвестициялық заң

Д) инвестиция кодексі

Е) инвестиция стратегиясы

22. Инвестициялық бизнес-жоспардың мазмұны қандай болу керек:

А) кешенді, жүйелі, түсінікті

В) ұзақ, орта, қысқа

С) шекті, қысқа, шынайы

Д) жалпы, шексіз, пайдалы

Е) тиімді, күрделі, нақты

23. Инвестициялық бизнес-жоспардың құрылымы:

А) заңдық жоспары, қаржылық жоспары, қаржыландыру жоспары

В) нақты жоспар, кешенді жоспар, экономикалық жоспар

С) тікелей жоспар, жанама жоспар

Д) менеджменттік жоспар, маркетингтік жоспар

Е) жалпы жоспар, әлеуметтік жоспар, бухгалтерлік жоспар

24. Инвестициялық бизнес-жоспарды кәсіпкерлік саласындағы жаңа іскерлік түрін негіздеуге емес, басқа да бірқатар жағдайлар кезінде де жасауға болады, сол жағдайды көрсетіңіз:

А) іскерлік жоспарын құрғанда, өндіріс көлемі өскенде

В) үй салғанда, ресурстарды иеленгенде

С) банк, фирма ашқанда, несие алғанда

Д) инвестиция тартқанда, шетелге кеткенде

Е) іс сапарда болғанда, кәсіпорын салғанда

25. Белгілі бір мақсатқа жетелейтін кәсіпорынның іскерлігін өзгерту қалай аталады:

А) инвестициялық жоба

- В) инвестициялық заң
- С) инвестициялық жоспар
- Д) инвестиция кодексі
- Е) инвестиция стратегиясы

26. Кәсіпорынның негізгі және айналыс капиталын қалыптастыратын материалды және материалды емес активтерге салынатын салым:

- А) нақты инвестициялар
- В) тікелей инвестициялар
- С) портфельдік инвестициялар
- Д) бағалы қағаздар
- Е) жанама инвестициялар

27. Банкротқа ұшыраудың негізгі себебі:

- А) маркетингтің жеткілікті болмауы
- В) маркетингтің жеткілікті болуы
- С) жарнаманың дұрыс жасалмауы
- Д) маркетингтің біліксіздігі
- Е) менеджменттің жеткіліктігі

28. Инвестициялық жобалаудың қаржылық бөлімінің жалпы нұсқасы қандай тізбекке негізделген:

А) кәсіпорын қызметінің соңғы бес жыл ішіндегі қаржылық жағдайына талдау жасау, инвестициялық жобаны дайындау, негізгі өнім өндірісінің залалсыздығына талдау жасау

В) кәсіпорын қызметінің соңғы бес жыл ішіндегі қаржылық жағдайына талдау жасау, инвестициялық жобаны іске асыру үшін тартылған капиталдың құнын белгілеу

- С) негізгі өнім өндірісінің залалсыздығына талдау жасау
- Д) инвестициялық қажеттіліктердің қайнар көздерін анықтау
- Е) инвестициялық жобаның тиімділік бағасын анықтау

29. Шығынсыздықты талдаудың негізгі мақсаты:

- А) шығынсыздық нүктесін анықтау
- В) жоба бойынша кәсіпорынның инвестициялық қызметтерін анықтау
- С) жоба көрсеткіштерінің тиімділігінің бағасын анықтау
- Д) инвестициялық қажеттіліктердің қайнар көздерін анықтау
- Е) инвестициялық жобаны іске асыру үшін тартылған капиталдың құнын белгілеу

30. Инвестицияның өтімділік мерзімін таңдау көрсеткіштерінің кемшіліктерін көрсетіңіз:

- А) көрсеткіштің статистикалығы
- В) өтімділіктің нормативті жағдайы объективті болуы керек
- С) жеке табыстылықты есепке алу
- Д) жылдар мен табылған табыстар бойынша тікелей байланыстар болады
- Е) маркетингтің толық қамтылмауы

31. Инвестициялық жобалау тәжірибесінде дисконтталған критерийлер:

- А) ағымдағы таза құндылық, табыстылық индексі, өтімділік мерзімі
- В) өнім көлемінің төмендеуі, пайданың шығынға қатынасы
- С) жобадағы қосымша құндылық
- Д) шығын индексі, табыстылық индексі
- Е) өтелу сапасы мен сатып алу қабілеттігі

32. Әдеттегі шығарылатын ақша ағымдары:

- А) инвестициялық жобаның алғашқы жылындағы бастапқы инвестициялар
- В) инвестициялық жобаның алғашқы жылындағы айналымдық құралдарға қажеттіліктердің қысқаруы
- С) құрылғылар мен техникалардың жеткіліксіздігі
- Д) өндірістік шығындар
- Е) қосымша өндірістік шығындар

33. Меншік түрлері бойынша инвестициялар мыналарға бөлінеді:

- А) жеке ақша құралдары мен мемлекеттік
- В) нақты және қаржылық
- С) тікелей, портфельдік
- Д) жанама, таза
- Е) жеке және жалпы

34. Тәуекел дәрежесі бойынша инвестициялардың бөлінуі:

- А) тәуекелсіз және тәуекелді
- В) тәуекелді және таза
- С) тәуекелсіз және нақты
- Д) тәуекелді және тікелей
- Е) тәуекелді және жанама

35. Тұрақты аралық уақыт арқылы салымшыға елеулі табыс әкелетін сақтандыру және зейнетақы қорларына жұмсалатын қаржыларды көрсететін инвестиция түрі:

- A) аннуитеттік
- B) қаржылық
- C) жанама
- D) тікелей
- E) тәуекелді

36. Аннуитеттік инвестиция дегеніміз:

A) тұрақты аралық уақыт арқылы салымшыға елеулі табыс әкелетін сақтандыру және зейнетақы қорларына жұмсалатын қаржыларды көрсететін инвестиция түрі

B) кәсіпорынның негізгі және айналыс капиталын қалыптастыратын материалды және материалды емес активтерге салына-тын салым

C) лицензияның, патенттің, тауар белгісінің құны жарнамаға және кадрларды дайындауға кеткен шығындар

- D) тек кадрларды дайындауға кеткен шығындар
- E) жарнамаға кеткен шығындар

37. Инвестиция сөзі қай сөзбен синонимдес?

- A) капитал
- B) қор
- C) валюта
- D) нарық
- E) инфляция

38. Инвестиция сөзі қай тілден енген?

- A) латын
- B) ағылшын
- C) қазақ
- D) неміс
- E) поляк

39. Инвестиция анықтамасын көрсетіңіз:

A) әртүрлі операцияның тізбектеп орындалуы бар белгілі бір процесс, күрделі қаржы, бағалы қағаздарды сатып алу

B) несінің акционерлік қоғам капиталына белгілі бір мөлшерде үлес қосқандығын күәландыратын бағалы қағаз

C) әртүрлі операцияның тізбектеп орындалуы бар белгілі бір процесс

D) кәсіпорындардың бір – бірімен жұмыстарына байланысты жасасатын шарт

E) басқа мемлекетпен тауар әкелуге немесе оған шығаруға мемлекет тарапынан берілетін арнаулы рұқсат қағаз

40. Әртүрлі деңгейдегі кәсіпорындар мен мемлекеттердің бюджет көздерінен қаржыландырылады, ол инвестицияның қай түрі?

- A) мемлекеттік
- B) қаржылық
- C) аннуитеттік
- D) тікелей
- E) жанама

41. Табиғи ресурстарын пайдалануға, жерді пайдалану құқығына, басқа да құқықтарға концессия алу инвестицияның қай түрі?

- A) инвесторлық қатысу түріне байланысты инвестиция түрі
- B) тәуекел дәрежесі бойынша инвестиция түрі
- C) құралдың салыну объектілері бойынша инвестиция түрі
- D) инвестициялық процеске қатысу түрі бойынша инвестиция

түрі

E) меншік түрлері бойынша инвестиция түрі

42. Жанама инвестиция инвестицияның қандай түріне жатады?

- A) инвестициялық процестерге қатысу сипаты бойынша
- B) тәуекел дәрежесі бойынша инвестиция түрі
- C) құралдың салыну объектілері бойынша инвестиция түрі
- D) инвестициялық процеске қатысу түрі бойынша инвестиция

түрі

E) меншік түрлері бойынша инвестиция түрі

43. Материалдық емес активтер инвестицияның қандай түріне жатады:

- A) құралдың салыну объектілері бойынша
- B) тәуекел дәрежесі бойынша
- C) инвестициялық процестерге қатысу сипаты бойынша

D) инвестициялық процеске қатысу түрі бойынша

E) меншік түрлері бойынша

44. Ұзақ мерзімді мақсаттар кешені және оларға жетудің анағұрлым тиімді жолдарын таңдау қалай аталады:

A) инвестициялық стратегия

B) инвестициялық жоба

C) инвестициялық заң

D) инвестициялық жоспар

E) инвестициялық көлем

45. Нақты инвестиция қалай бөлінеді:

A) бастапқы, экстенсивті, реинвестициялар

B) тікелей, жанама, портфельдік

C) жалпы, жеке, таза

D) интенсивті, экстенсивті

E) тиімді, тиімсіз

46. Кәсіпорынның, фирманың жобасының жарғылық қорын құру үшін салынатын инвестиция:

A) бастапқы

B) экстенсивті

C) реинвестиция

D) таза

E) жанама

47. Өндіріс көлемін ұлғайтуға бағытталған инвестиция:

A) экстенсивті

B) бастапқы

C) реинвестиция

D) жанама

E) таза

48. Негізгі өндірістің қайта өндірілуіне, өндіріс құрылымының өзгеруіне бағытталған инвестиция:

A) реинвестиция

B) экстенсивті

C) интенсивті

D) бастапқы

E) жанама

49. Кәсіпорынның бағалы қағаздарға салынатын инвестициясы:

A) портфельдік

B) бастапқы

C) таза

D) экстенсивті

E) реинвестиция

50. Экстенсивті инвестициялар:

A) өндіріс көлемін ұлғайтуға бағытталған инвестициялар

B) кәсіпорынның бағалы қағаздарға салынатын инвестициялары

C) негізгі өндірістің қайта өндірілуіне, өндіріс құрылымының өзгеруіне бағытталған инвестициялар

D) құралдарды алуға бағытталған инвестициялар

E) кәсіпорынның, фирманың жобасының жарғылық қорын құру үшін салынатын инвестициялар

51. Реинвестициялар дегеніміз:

A) негізгі өндірістің қайта өндірілуіне, өндіріс құрылымының өзгеруіне бағытталған инвестициялар

B) өндіріс көлемін ұлғайтуға бағытталған инвестициялар

C) кәсіпорынның бағалы қағаздарға салынатын инвестициялары

D) кәсіпорынның, фирманың жобасының жарғылық қорын құру үшін салынатын инвестициялар

E) құралдарды алуға бағытталған инвестициялар

52. Портфельдік инвестиция:

A) кәсіпорынның бағалы қағаздарға салынатын инвестициясы

B) негізгі өндірістің қайта өндірілуіне, өндіріс құрылымының өзгеруіне бағытталған инвестиция

C) өндіріс көлемін ұлғайтуға бағытталған инвестиция

D) құралдарды алуға бағытталған инвестиция

E) кәсіпорынның, фирманың жобасының жарғылық қорын құру үшін салынатын инвестиция

53. Жеке немесе тартылатын қаражат негізінде капитал салымдарын жүзеге асыратын жеке, заңды тұлғалар немесе басқа да шетелдік субъектілер:

A) инвесторлар

210 + Инвестициялық жобаларды талдау және бағалау

- B) менеджерлер
- C) қаржыгерлер
- D) маркетингшілер
- E) андеррайтер

54. Инвестор немесе олармен өкілеттелген заңды және жеке тұлғалар, яғни олар инвесторлар атынан инвестициялық жобаның жүзеге асырылуына құқықтары бар тұлға:

- A) тапсырыс беруші
- B) менеджер
- C) инвестор
- D) дилер
- E) брокер

55. Болашақта объектінің пайдаланылуын жеке және заңды тұлғалар немесе шетелдік және отандық ұйымдар болып табылатын тұлға:

- A) капитал салым объектілерін пайдаланушы
- B) тапсырыс беруші
- C) брокер
- D) дилер
- E) инвестор

56. Инвестициялау бағыты бойынша қалай жіктеледі:

- A) өндіріс тиімділігін кеңейтуге, жаңа өнім шығаруға, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған инвестиция
- B) өндіріс тиімділігін төмендетуге, жаңа өнім шығаруға бағытталған инвестиция
- C) өндірісті кішірейтуге бағытталған инвестиция
- D) ескі өнімдерді өңдеудегі инвестиция
- E) ақша айналымын реттеуге бағытталған инвестиция

57. Қатысушы саны мен жобаның қоршаған ортаға әсер ету дәрежесі бойынша инвестициялық жобалардың түрлері:

- A) орта, шағын, мега, әлемдік инвестициялық жобалар
- B) кіші, үлкен инвестициялық жобалар
- C) халықаралық, сыртқы инвестициялық жобалар
- D) аймақтық, ішкі инвестициялық жобалар
- E) мемлекеттік, халықаралық деңгейдегі инвестициялық жобалар

58. Қызметтеу аймағы бойынша инвестициялық жобаның түрін көрсетіңіз:

- A) әлеуметтік, экономикалық, қаржылық, техникалық
- B) технологиялық, аумақтық, бухгалтерлік
- C) ғылыми, банктік, нарықтық, әлемдік
- D) салалық, жобалық, халықаралық
- E) аралық, экономикалық, мемлекеттік

59. Ұзақтығы бойынша инвестициялық жоба

- A) қысқа, орта, ұзақ
- B) орта, қысқа, өте ұзақ
- C) өте қысқа, ұзақ, орта
- D) ұзақ, өте ұзақ
- E) ұзақ, орта, шағын

60. Күрделілігіне байланысты инвестициялық жоба түрі

- A) қарапайым, күрделі, өте күрделі
- B) технологиялық, халықаралық
- C) әлеуметтік, экономикалық
- D) орта, шағын, өте күрделі
- E) техникалық, халықаралық

61. Инвестициялық жоба қандай бағытта болуы мүмкін

- A) металлургия, әскери, жеңіл өнеркәсіптік кешен, тұрғын үй
- B) бағалы қағаз, ауылшаруашылығы
- C) егін шаруашылығы, мал шаруашылығы
- D) тұрғын үй, металлургия
- E) жеңіл өнеркәсіп және ауыр өнеркәсіп

62. Барлық лизингтік операциялар неше түрге бөлінеді:

- A) 2
- B) 5
- C) 3
- D) 4
- E) 7

63. Инвестициялық қызметке байланысты инфляциялық тәуекел:

- A) инвестицияның нақты құнының құнсыздану нәтижесінде инвестордың шығынға ұшырау тәуекелдігі
- B) пайыздық мөлшерлеменің ауытқуына, валюта бағамына,

акция бағасына, облигация құнының өзгеруіне байланысты актив құндарының теріс өзгерісінің нәтижесінде пайда болатын тәуекелділік

С) техникалық қателер салдарынан туындайтын шығындар ықтималдығы

Д) қаржылық құралдар қоржынын құру және басқару кезінде жіберілген қателер салдарынан туындайтын тәуекелдік

Е) инвестициялық салым түрін дұрыс таңдамағандықтан туындайтын тәуекелдік

64. Инвестициялық қызметке байланысты нарықтық тәуекелділік:

А) пайыздық мөлшерлеменің ауытқуына, валюта бағамына, акция бағасына, облигация құнының өзгеруіне байланысты актив құндарының теріс өзгерісінің нәтижесінде пайда болатын тәуекелділік

В) инвестицияның нақты құнының құнсыздану нәтижесінде инвестордың шығынға ұшырау тәуекелдігі

С) техникалық қателер салдарынан туындайтын шығындар ықтималдығы

Д) қаржылық құралдар қоржынын құру және басқару кезінде жіберілген қателер салдарынан туындайтын тәуекелдік

Е) инвестициялық салым түрін дұрыс таңдамағандықтан туындайтын тәуекелдік

65. Инвестиция операциялық тәуекелдігін қалай түсінесіз:

А) техникалық қателер салдарынан туындайтын шығындар ықтималдығы

В) пайыздық мөлшерлеменің ауытқуына, валюта бағамына, акция бағасына, облигация құнының өзгеруіне байланысты актив құндарының теріс өзгерісінің нәтижесінде пайда болатын тәуекелділік

С) инвестицияның нақты құнының құнсыздану нәтижесінде инвестордың шығынға ұшырау тәуекелдігі

Д) қаржылық құралдар қоржынын құру және басқару кезінде жіберілген қателер салдарынан туындайтын тәуекелдік

Е) инвестициялық салым түрін дұрыс таңдамағандықтан туындайтын тәуекелдік

66. Инвестициялық қызметке байланысты функционалдық тәуекелдік дегеніміз:

А) қаржылық құралдар қоржынын құру және басқару кезінде жіберілген қателер салдарынан туындайтын тәуекелдік

В) техникалық қателер салдарынан туындайтын шығындар ықтималдығы

С) пайыздық мөлшерлеменің ауытқуына, валюта бағамына, акция бағасына, облигация құнының өзгеруіне байланысты актив құндарының теріс өзгерісінің нәтижесінде пайда болатын тәуекелділік

Д) инвестицияның нақты құнының құнсыздану нәтижесінде инвестордың шығынға ұшырау тәуекелдігі

Е) инвестициялық салым түрін дұрыс таңдамағандықтан туындайтын тәуекелдік

67. Селиктивті инвестициялық тәуекел:

А) инвестициялық салым түрін дұрыс таңдамағандықтан туындайтын тәуекелдік

В) қаржылық құралдар қоржынын құру және басқару кезінде жіберілген қателер салдарынан туындайтын тәуекелдік

С) техникалық қателер салдарынан туындайтын шығындар ықтималдығы

Д) пайыздық мөлшерлеменің ауытқуына, валюта бағамына, акция бағасына, облигация құнының өзгеруіне байланысты актив құндарының теріс өзгерісінің нәтижесінде пайда болатын тәуекелділік

Е) инвестицияның нақты құнының құнсыздану нәтижесінде инвестордың шығынға ұшырау тәуекелдігі

68. Пайда алу аймағына байланысты тәуекелділік түрін көрсетіңіз:

А) техника-технологиялық, әлеуметтік, экономикалық

В) несиелік, валюталық, функционалды

С) нарықтық, инфляциялық, несиелік

Д) операциялық және функционалды

Е) қаржылық, техникалық

214 + Инвестициялық жобаларды талдау және бағалау

69. Инвестициялық қызметке байланысты несиелік тәуекелділік түрлері:

- A) банктің несиес-инвестициялық, депозиттік несиені қайтармау
- B) несиелік, валюталық, депозиттік
- C) нарықтық, валюталық
- D) инфляциялық, несиелік, нарықтық
- E) несиелік, құрылыстық

70. Жоба тиімділігінің көрсеткіші:

- A) таза кіріс, дисконтталған кіріс, кіріс индексі, тәуекел бағасы
- B) жалпы кіріс, жалпы шығын
- C) шығыс индексі, өнім бағасы, таза кіріс
- D) қосылған құн кірісі, өзіндік құн
- E) таза шығыс, жалпы шығыс, өзіндік шығындар

71. Инвестициялық потенциалды анықтау үшін қажетті факторлар:

- A) саяси, экономикалық, өндірістік, инновациялық
- B) техникалық, сапалық, әлеуметтік
- C) әлеуметтік, нарықтық, құрылыстық
- D) қоғамдық, саяси, ғылыми
- E) сандық, сапалық, статистикалық

72. Инвестициялық потенциалды анықтаудағы саяси факторлар:

- A) жергілікті басқару органдарының беделдігі, заңдық құрылымның нақтылығы
- B) аудан экономикасының құрылымы, ауданның экономикалық дамуының тенденциясы
- C) өнім өндірісінің көлемі, кәсіпорынның ішкі инвестициялық көлемі
- D) бюджет кірістерінің және салық жеңілдіктерінің көлемі
- E) ғылымның даму сатысы

73. Инвестициялық потенциалды анықтаудағы экономикалық фактор:

- A) аудан экономикасының құрылымы, ауданның экономикалық дамуының тенденциясы

B) жергілікті басқару органдарының беделдігі, заңдық құрылымның нақтылығы

- C) өнім өндірісінің көлемі, кәсіпорынның ішкі инвестициялық көлемі
- D) бюджет кірістерінің және салық жеңілдіктерінің көлемі
- E) ғылымның даму сатысы

74. Инвестициялық потенциалды анықтаудағы өндірістік фактор:

- A) өнім өндірісінің көлемі, кәсіпорынның ішкі инвестициялық көлемі
- B) жергілікті басқару органдарының беделдігі, заңдық құрылымның нақтылығы
- C) аудан экономикасының құрылымы, ауданның экономикалық дамуының тенденциясы
- D) бюджет кірістерінің және салық жеңілдіктерінің көлемі
- E) ғылымның даму сатысы

75. Инвестициялық потенциалды анықтаудағы қаржылық фактор:

- A) бюджет кірістерінің және салық жеңілдіктерінің көлемі
- B) өнім өндірісінің көлемі, кәсіпорынның ішкі инвестициялық көлемі
- C) жергілікті басқару органдарының беделдігі, заңдық құрылымның нақтылығы
- D) аудан экономикасының құрылымы, ауданның экономикалық дамуының тенденциясы
- E) ғылымның даму сатысы

76. Инвестициялық потенциалды анықтаудағы инновациялық фактор:

- A) ғылымның даму сатысы
- B) бюджет кірістерінің және салық жеңілдіктерінің көлемі
- C) өнім өндірісінің көлемі, кәсіпорынның ішкі инвестициялық көлемі
- D) жергілікті басқару органдарының беделдігі, заңдық құрылымның нақтылығы
- E) аудан экономикасының құрылымы, ауданның экономикалық дамуының тенденциясы

77. Инвестициялық қызметпен айналысатын өндірістік мекемелер процесі қандай қағидаға негізделеді:

- A) мамандандыру, параллельді, пропорционалды
- B) экономикалық, ғылыми, статистикалық
- C) горизонтальды, сызықтық, вертикальді
- D) косылмалы, алынбалы, жалданбалы
- E) мамандандыру, экономикалық, қаржылық

78. Инвестицияның бөлінуі:

- A) үлестік және борышқорлық
- B) жай және күрделі
- C) мемлекеттік және саяси
- D) ақпараттық және әлеуметтік
- E) логикалық және теориялық

79. Инвестиция көздері:

A) жаңадан жасалған құн, кредиттік ресурстар, амортизацияның қорлануы, таза табыстың жиналған бөлігі

B) ескі қалыптағы құн, депозиттік ресурстар, несиелік ресурстар

C) амортизацияның саясаты, шығыстар, банктік ресурстар

D) лизингтік және экономкалық ресурстар, өндірістік шығыстар

E) жалпы шығындар мен таза табыстар, бөлінбеген пайда

80. Қысқа мерзімді инвестицияны ұзақ мерзімді категорияға көшіру немен жүзеге асырылады:

- A) ағымдағы сату құнының төменгі бағасымен
- B) кредиттік ресурстармен
- C) жаңадан жасалған құнмен
- D) ескі құнмен
- E) таза табыспен

81. Эмитент активтердің бір бөлігін иемденуге құқық беретін бағалы қағаздар:

- A) инвестициялық бағалы қағаз
- B) ордерлік бағалы қағаз
- C) атаулы бағалы қағаз
- D) борыштық бағалы қағаз
- E) саудалық бағалы қағаз

82. Тәуекелді серіктестіктер өз инвестицияларын жүзеге асыруда қолданылатын әдіс:

- A) үлестік қатысу және құндық әдіс
- B) үлестік қатысу әдісі
- C) құндық әдіс
- D) бақылау әдісі
- E) қадағалау әдісі

83. Ұзақ мерзімді инвестицияның тиімділігін анықтау үшін қолданылатын әдіс:

A) инвестициялық табыстың орташа нормасы, өтеушілік, табыстың ішкі нормасы, таза ағымдағы құны

B) инвестициялық табыстың шекті нормасы

C) өтелмеушілік, табыстың сыртқы нормасы, өзіндік құн

D) табыстың сыртқы және ішкі нормалары

E) ағымдағы жалпы шығыстар инвестициялық табыстың қысқа нормасы, таза ағымдағы құны

84. Ұзақ мерзімді инвестиция тиімділігін анықтау мақсатында ақша ағымдарын дисконттаудың әдісі:

A) таза ағымдағы құны

B) табыстың ішкі нормасы

C) табыстың орташа нормасы

D) өтеушілік

E) ағымдағы пайда

85. Банкте заңды тұлғаның, басқа банктердің және бағалы қағаздардың салған қаражаттарының жиынтығы:

A) инвестициялық портфель

B) инвестициялық жеңілдік

C) инвестициялық жоба

D) инвестициялық тартымдылық

E) инвестициялық жоспар

86. Банктің инвестициялық портфельді басқарудың принципін анықтаңыз:

A) баспалдақтылық

B) дәйектілік

C) қарапайымдылық

D) нақтылық

E) жанамалық

87. Инвестициялық банктің негізгі қызметтері:

- A) ұзақ мерзімді ссудалық капиталды мобилизациялау және оны қарыз алушыларға акцияларды орналастыру
- B) коммерциялық банктердің резервтерін сақтау
- C) коммерциялық банктерге қысқа мерзімді қажеттіліктеріне байланысты қысқа мерзімді қарыздар беру
- D) жалпы ұлттық ауқымды қолма-қолсыз есеп айырысуларды жүзеге асыру
- E) банктің қызметіне қадағалау және бақылау жүргізу

88. Өздерінің делдалдық қызметі үшін үш типті инвестициялық банктердің төлемдері:

- A) комиссиянды, депозитті, трансферттік
- B) лизингтік, факторингтік, франчайзинг
- C) амортизациялық, несиелік, өндірістік
- D) факторингтік, лизингтік, форфейтингтік
- E) форфейтингтік, трансферттік, факторингтік

89. Инвестициялық қызмет дегеніміз не?

- A) инвестицияны жүзеге асыру процесімен байланысты кәсіпкерлік қызмет
- B) тауарларды өндіруді жедел дамыту, экономиканың белді секторларында қызмет атқару
- C) макроэкономикалық процестерді реттеу, салықтық жүйені қалыптастыру
- D) банктің қызметіне қадағалау және бақылау жүргізу
- E) жалпы ұлттық ауқымды қолма-қолсыз есеп айырысуларды жүзеге асыру

90. Коммерциялық банктердің инвестициялық қызметінің мақсаты:

- A) қаражаттардың сақталуын, диверсификация, табыс пен өтімділікті қамтамасыздандыру
- B) ұзақ мерзімді ссудалық капиталды мобилизациялау және оны қарыз алушыларға акцияларды орналастыру арқылы қарыздық міндеттемелердің басқа түрлерін беру
- C) коммерциялық банктерге қысқа мерзімді қажеттіліктеріне байланысты қысқа мерзімді қарыздар беру

- D) жалпы ұлттық ауқымды қолма-қолсыз есеп айырысуларды жүзеге асыру
- E) банктің қызметіне қадағалау және бақылау жүргізу

91. Екінші типті инвестициялық банктер қандай несиелеумен айналысады:

- A) ұзақ мерзімді несиелеумен
- B) қысқа мерзімді несиелеумен
- C) орта мерзімді несиелеумен
- D) бағалы қағаздарды сатумен
- E) бағалы қағаздарды орналастырумен

92. Инвестициядағы «Кэш-Флоу» сөзінің мағынасы:

- A) бар ақша ағымы
- B) маркетинг
- C) менеджмент
- D) қаражатты орналастыру
- E) қаражат тару

93. Инвестициялық жобаның көрсеткіштері неше топтан тұрады:

- A) 2
- B) 3
- C) 4
- D) 5
- E) 6

94. Инвестицияның болашақ құны:

- A) бүгін инвестицияланатын ақшаның уақыт өткен соң пайыздық мөлшерлемесіне қарай айналатын сомасы
- B) инвестициялық объектінің бизнес жоспары, даму стратегиялары
- C) инвестицияланатын объектінің шығындары, пайдалары
- D) болашақта инвестициялаудан түскен пайда
- E) барлық шыққан шығындар, барлық түскен табыстар

95. Инвестицияны салу көздері:

- A) пайлар, акциялар, құнды қағаздар, банктік салымдар
- B) банктік алымдар

- С) жер рентасы, технология сферасы
- Д) ғарыш сферасы, металлургия сферасы
- Е) әлемдік сауда, бағалы қағаздар

96. Көбіне инвестицияландыру бағалы қағаздар арқылы іске асатын мемлекеттер:

- А) АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Жапония
- В) Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан
- С) Франция, Бельгия, Германия, Италия
- Д) Испания, Ресей, Австралия
- Е) Ресей, Украина, Беларусь

97. Инвестиция термині қай тілден аударылған?

- А) Латын
- В) Грек
- С) Ағылшын
- Д) Қытай
- Е) Рим

98. Инвестицияға анықтама берген экономист:

- А) У.Шарп
- В) А.Смит
- С) И.Кант
- Д) Макконел
- Е) Дж.М.Кейнс

99. «Инвестиция туралы заң» алғаш рет қабылданды:

- А) 08.01.2003ж
- В) 12.12.1993ж
- С) 07.02.1995ж
- Д) 16.09.1996ж
- Е) 20.05.2005ж

100. Қазақстанда инвестициялық қордың қанша түрі бар:

- А) 2
- В) 3
- С) 4
- Д) 5
- Е) 6

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қалдияров Д.А., Беделбаева А.Е. Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау: Оқу құралы. – Талдықорған, 2012. – 178б.
2. Бочаров В.В. Инвестиции: Оқулық / В.В. Бочаров. – СПб.: Питер, 2009. – 384 б.
3. Коссов В.В., В.Н. Лившиц, А.Г. Шахназаров. Методические рекомендации по оценке эффективности инвестиционных проектов. – 2-басылым. – М.: Экономика, 2000. – 421б.
4. Кучарина Е.А. Инвестиционный анализ. – СПб.: Питер, 2006. – 160 б.
5. Мазур И.И., В.Д. Шапиро Н.Г. Ольдерогге. Управление проектами: – Оқу құралы. – 2-басылым. – М.: Омега-Л, 2004. – 664 б.
6. Фрэнк Дж. Фабоцци, Т.Даниэль Коггин, Брюс Коллинз, Рассел Коглера Джон Рич мл. Управление инвестициями. «Инфра-М», М.: 2000 – 957 б.
7. Управление инвестиционной деятельностью: Оқулық. МО РФ. – М.: КНОРУС, 2005. – 384 б.
8. Оценка эффективности инвестиционных проектов: теория и практика: Оқу құралы / П.Л.Виленский, В.Н.Лившиц, С.А.Смоляк. – 2-ші басылым – М.: ДЕЛО, 2002. – 887б.
9. Пересада А.А. Инвестирование: Навч. - метод. пособие для самост. вивч. дисц. / А. А. Пересада, А.А. Смирнова, С.В. Оникиенко, О.А. Ляхова. – К.: КНЭУ, 2001. – 251б.
10. Деева, А.И. Инвестиции: оқу құралы / А.И. Деева. – М.: «Экзамен», 2009. – 436 б.
11. Ивашковский С.Н. Экономика: микро и макроанализ: учеб.-практ. пособие / С.Н. Ивашковский. – М.: Дело, 2009. – 360 с
12. Игонина Л.Л. Инвестиции: Оқу құралы / Л.Л. Игонина; Под ред. В.А. Слепова. – М.: Юристъ, 2012. – 480 б.
13. Инвестиции: Оқу құралы / Под ред. В.В. Ковалева. – М.: Проспект, 2008. – 360 б.
14. Инвестиции: Оқу құралы / Под ред. М.В. Чиненова. – М.: КноРус, 2011. – 368 б.

15. Меркулов, Я.С. Инвестиции: Оқу құралы / Я.С. Меркулов. – М.: ИНФРА-М, 2010. – 420 б.
16. Хазанович Э.С. Инвестиции: Оқу құралы / Э.С. Хазанович. – М.: КноРус, 2011. – 320 б.
17. Кадерова Н.Н., Макенова А.А., Әбуова Ж.М. Инвестицияларды қаржыландыру және несиелеу: оқулық. – Алматы: ТОО «Print-S», 2011.
18. Голов, Р.С. Инвестиционное проектирование: Оқулық / Р.С. Голов, К.В. Балдин, И.И. Передеряев; Рукосуев А.В. – 3-ші басылым. – М.: Дашков и К», 2013 г.– 368 б.
19. Омарова, А.К. Инвестицияны қаржыландыру және несиелеу.– Алматы: Таугуль-ПРИНТ, 2009. – 236 б.
20. Некрасова, И. В. Инвестиции : Оқу құралы / И.В. Некрасова, В.А. Алешин, А.И. Зотова. – Ростов н/Д: Феникс, 2009. – 310 б.
21. Леонтьев, В.Е. Инвестиции : Оқу құралы / В.Е. Леонтьев, В.В. Бочаров, Н.П. Радковская. – М.: Магистр, 2011. – 416 б.
22. Қалдияров Д.А. The analysis of methods of on assessment of efficiency of investment projects in the conditions of risk and uncertainty. 2nd International Scientific Conference European Applied Sciences: modern approaches in scientific researches Hosted by the ORT Publishing and The Center For Social and Political Studies “Premier” Conference papers Volume 4. February 18-19,2013.-P.85-89
23. Қалдияров Д.А. Источники финансирования инвестиционных проектов: достоинства и недостатки. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, – 2014. Том 1. София. «Бял ГРАД-БГ» – ООД-104 стр. – Б.42-46
24. Қалдияров Д.А. Проблемы использования метода проектного финансирования в Республике Казахстан. Science and world. International scientific journal, № 3 (7), 2014. Founder and publisher: Publishing House «Scientific survey» The journal is founded in 2013 (September). Volgograd, 2014.-P.63-69
25. Қалдияров Д.А. Тәуекел және анықталмағандық жағдайында оптималды инвестициялық шешімдерді қабылдаудың модельдері мен әдістері. Транзитная экономика. – 2012. – № 4(92).- Б.21-28

26. Қалдияров Д.А., Беделбаева А.Е. Тәуекел және белгісіздік жағдайында инвестициялық жобаларды бағалаудың ерекшеліктері. «Қазақ университеті» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 7-8 желтоқсан, Алматы, 2012.
27. Янковский К. П. Инвестиции: Оқулық / К. П. Янковский. – СПб.: Питер, 2012. – 368 б.
28. Әлжанова Н.Ш. Инвестициялық жобалау. – Алматы: Қазақ университеті, 2006.
29. Подшиваленко Г.П., Лахметкина Н.И., Макарова М.В. Инвестиции: оқу құралы – М.: КНОРУС, 2006.
30. Асилова А.С. Инвестицияны қаржыландыру және несиелеу: оқулық. – Алматы: Экономика, 2011.
31. Қалдияров Д.А., Беделбаева А.Е. Инвестициялық жобалау үдерісінде өндірістік сала кәсіпорындарының тәуекелдерін талдау және бағалау. ҚазҰУ Хабаршысы. №6(94), Алматы, 2012.-Б.41-47
32. Қалдияров Д.А., Беделбаева А.Е. The analysis of methods of an assessment of efficiency of investment projects in the conditions of risk and uncertainty. ХҒПК материалдары «European Applied Sciences:modern approaches in scientific researches», Штутгарт, Германия. 4 Бөлім, 18-19 ақпан 2013 жыл.
33. Беделбаева А.Е. Improvement of the system of financing of innovative enterprises of the Republic of Kazakhstan on the example of developed countries. Сборник исследований.Theoretical and practical issues of ensuring the economic interests of the modern innovative society. Сан-Франциско, Калифорния, США, 2013ж.
34. Беделбаева А.Е. Проблемы механизма управления региональными инвестиционными проектами. ХҒПК материалдары «Актуальные научные достижения» 27.06.2013-05.07.2013. Прага, Чехия. – Б. 76-79
35. Қалдияров Д.А., Беделбаева А.Е. Перспективы развития контроллинга в системе бизнес-планирования. Халықаралық журнал «Science and Life» №1 (5), қаңтар, 2014ж.
36. Беделбаева А.Е. Совершенствование метода экспертных оценок в условиях риска и неопределенности. «Ізденіс» Халықаралық ғылыми журнал.№2/2014. -Б.122-127.

**ҚАЛДИЯРОВ Д.А.
БЕДЕЛБАЕВА А.Е.**

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Оқу құралы

Компьютерде беттеген *Тілеуқанова А.Т.*
Мұқаба дизайнері *Мышбаев Қ.Т.*

Басуға 03.05.2016 ж. қол қойылды. Пішіні 60×84¹/₁₆.
Баспа табағы 14,0. Шартты баспа табағы 13,1.
Есептік баспа табағы 10,7. Офсеттік басылым.
Таралымы 400 дана. Тапсырыс №. 3/40-16.

«Экономика» баспасы» ЖШС
050063, Алматы қаласы, Сайын көшесі, 81-үй

ISBN 978-601-225-888-2

